

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

(1900—1945 жж.)

1-бөлім

8-9

Жалпы білім беретін мектептің
8–9-сыныптарына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы “Мектеп” 2019

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 63.3(5Қаз)я72
Қ18

Авторлары :

Қ.С.Өскембаев, З.Ғ.Сақтағанова, Л.И.Зуева, Ғ.Мұхтарұлы

Шартты белгі:



– жана және тақырыпқа қатысты халықаралық қолданыстағы ұғымдар

Қазақстан тарихы (1900–1945 жж.). Жалпы білім беретін мектептің Қ18 8–9-сыныптарына арналған оқулық. 1-бөлім / Қ.С.Өскембаев, З.Ғ.Сақтағанова, Л.И.Зуева, Ғ.Мұхтарұлы. – Алматы: Мектеп, 2019. — 240 б., сур.

ISBN 978–601–07–1281–2

К $\frac{4306020600-098}{404(05)-19}$ 4(1)–19

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 63.3(5Қаз)я72

ISBN 978–601–07–1281–2

© Өскембаев Қ.С., Сақтағанова З.Ғ.,
Зуева Л.И., Мұхтарұлы Ғ., 2019
© «Мектеп» баспасы, көркем
бейнделісі, 2019
Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүлкілік құқықтары
«Мектеп» баспасына тиесілі

Алғы сөз

Қымбатты оқушылар! Қолдарындағы оқулықтың мақсаты – 1900–1945 жылдар аралығындағы оқиғалар мен үдерістерді шынайы суреттеп, жүйелі білім қалыптастыру. Отан тарихында бұл кезең «Қазіргі заман тарихы» деп аталады.

Оқулықта Қазақстан қоғамында орын алған бетбұрысты, өзекті оқиғалар мен тарихи кезеңдерге баға беріліп, олардың себеп-салдары ашып көрсетілді. Біз тарихи деректер материалдарына сүйеніп, тарихи кезеңнің біртұтас келбетін қаз-қалпында беруді жөн көрдік.

Оқу материалдары бағдарламаға сәйкестендіріліп берілді, оқу мазмұны Қазақстан тарихын дүниежүзі тарихының құрамдас бөлігі ретінде бірегей түсінік қалыптастыруды мақсат тұтады. Бұл кезеңде Қазақстан 1917 жылға дейін Ресей патшалығы, кейін КСРО құрамында болғандықтан, көптеген тақырып Ресейдің тарихымен тығыз байланыста қарастырылды.

Оқулық бөлімдерінің өзегін құрайтын тәуелсіз мемлекет құру идеясы, әсіресе қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстарына қатысты тақырыптарда айқын көрінеді. Қазақстанның XX ғасырда қалай көпұлтты мемлекетке айналғаны, шаруашылығының ерекшеліктері, мәдениет мәселелері кітап мазмұнында айтарлықтай орын алады.

XX ғасырдың басынан 1945 жылға дейінгі тарихты «тұлғалар тарихы» ретінде мазмұндауға ұмтылды. Өйткені тарихты, өз елінің болашағына сенетін ұлтжанды, білімді әрі зиялы азаматтар жасайды. Оқулықтан Қазақ ұлттық мемлекетінің және мәдениетінің дамуына үлес қосқан қоғам және мәдениет қайраткерлерінің есімдері мен олардың тағылымды істері туралы материалдарды көптеп кездестіруге болады.

Оқулық хронологиялық принцип бойынша құрылған. Кейбір параграфтар тақырыптың ортақ мәселелерін жан-жақты қарастыру мақсатымен біріктіріліп берілді. Әрбір параграфта «Ойлан!», «Оқып білі!» т.б. айдарлары бар. Олар әрбір сабақта қарастыратын мәселелерге назар аудартады. Оқулық материалымен толық танысып

болған соң, ойларыңды жинақтап, сұрақтарға жауап беруге даяр боласыңдар. Сабақтың мазмұнында білімді кеңейтіп, тереңдетуге арналған деректі материалдар ерекшеленіп берілді. Жаңа ұғымдарды параграф соңындағы сөздіктен табасыңдар.

Тақырыпты жете меңгеру үшін мәтіннің соңында сұрақтар мен шығармашылық тапсырмалар енгізілген. Пікірталас, эссе жазу, шағын жоба – реферат қорғау, ақпараттық технологияларды қолданып, таныстырылым дайындау және т.б. тапсырмалар сендерді бәсекеге қабілетті тұлға етіп тәрбиеленуге, білімдеріңді жетілдіруге ықпал етеді.

Жас достар! Осы оқулықта ұсынылған материалдар сендердің азаматтық ұстанымдарыңды қалыптастырып, Отанымызға деген сүйіспеншілік сезімдеріңді арттырады, оның өткен тарих беттерін мақтан тұтып, жарқын болашаққа жету жолында тарихты білу қажеттігін ұғындырады.

Авторлар

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

§1–2. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер

Бүгін сабақта:

- XX ғасыр басындағы Қазақстандағы саяси қозғалыстар мен партиялардың қалыптасуымен;
- жаңа идеялардың таралуымен, саяси оқиғалардың өлкедегі өзгерістерге ықпалымен танысамыз.

Қазақстандағы панисламизм және пантүркізм. Қазақстанның көпұлтты мемлекет ретінде тарихи дамуының негізгі ерекшелігі оның жергілікті халқының түркітілдес халықтардан құралуында еді. XX ғасырдың басында *панисламизм* және *пантүркізм* ұлт-азаттық қозғалыстардың идеясына айналып, тегі мен тағдыры бір түркі халықтарын жақындата түсті.

Түркі-мұсылман әлемінің өкілдері қазір де Қазақстан халқының басым бөлігін құрайды. Қазіргі кезеңдегі түркі және мұсылман халықтары өздерінің ұлттық идеологиясының негізінде этномәдени және діни ұқсастықтарын сақтауға тырысады, түркі халықтарының даму жолдарын біріктіру амалдарын қарастырады.

Тірек сөздер:

- саяси қозғалыс
- интеллигенция
- панисламизм
- пантүркізм
- саяси партия
- ереуіл
- шеру
- митинг
- қоныстану қоры

Анықта! Картадан қазіргі кезде түркітілдес халықтар тұратын мемлекеттерді көрсетіндер.

Осылайша *пантүркізм* идеясының мәні – түркі халықтарын біріктіру, ал *панисламизм* идеясының мәні мұсылмандарды біріктіру болды. Пантүркізмнен шыққан «жәдидшілдік» екі идеяның – ағартушылық пен діннің бірігуін білдіреді.

Жәдидшілдіктің негізін қалаған **Исмаил Гаспринский** (1851–1914) 1883 жылы Ресейдегі мұсылмандар «*тіл, идея, әрекет жағында да бірігу керек*» деп атап көрсетті.

XIX ғасырда ресейлік мұсылмандар, әсіресе ханафи мазхабын ұстанатын қырым татарлары, башқұрттар, қазақтар және т.б. ара-

сында «жәдидизм» деген атау алған қоғамдық-саяси және зияткерлік қозғалыстар өріс алды.

Реформашыл-мұсылмандар тобы прогресс үшін қызмет етуді мақсат тұтты. Жәдидшілдер молдалар мен дінге сенетін барлық адамға қазіргі өркеннеттің артықшылықтарын тәрбие беру мен ағарту арқылы көрсетуге талпынды.

Кең мағынасында *жәдидизм* ағартушылықты, түркі тілдері мен әдебиеттің дамуын, зайырлы пәндерді меңгеруді, ғылымның жетістіктерін қолдануды, әйелдер теңдігін білдіреді.

Жәдидшілдік қозғалысы мектептер мен медреселерде «усул-и жәдид» аталатын оқытудың дыбыстық жаңа әдісін қолданудан бастады. Жәдидшілдер діни фанатизмді сынады, ескі діни мектептерден ұлттық зайырлы мектептерге көшуді талап етті, ғылым мен мәдениеттің дамуын қолдады, газет-журналдарды ана тілінде шығаруға ұсыныс жасады. Бұл қоғамдағы демократиялық күштерді біріктіруге ықпал етті.

1905 жылы Бүкілресейлік мұсылман одағы (Иттифак муслимин) құрылып, оған қазақ дінбасылары да мүшелікке кірді.

1917 жылы Ақпан революциясынан кейін осы идеялар негізінде бірқатар саяси партиялар пайда болды. Мысалы, «Ислам кеңесі » («Шура-ислам»), «Діни қауым кеңесі » («Шура-улема») және т.б.



Екінші Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысушы депутаттар

XX ғасырдың басында әлемдегі күшті империялардың түркі халықтарының бірігуінен немесе ислам дініндегілердің бір ұранның астына жиналуынан алаңдағаны сонша, бұл идеяларды заңсыз деп таныды. Сол үшін де түрікшілдікті «пантүркізм», исламшылдықты «панисламизм» деп атады.

1905 жылғы ресейлік революциядан кейін өрлей бастаған жалпы-ресейлік мұсылмандық қозғалыстар, біріншіден, Мемлекеттік Дума деңгейінде түркі және басқа мұсылман халықтарының ең өзекті саяси және әлеуметтік мәселелерін көтеріп, оларға отаршыл биліктің назарын аударды. Екіншіден, мұсылман елдерінің ұлт-азаттық қозғалысына қолдау жасап отырды.

Қазақстандағы ұлттық либералды-демократиялық қозғалыс. XIX–XX ғасырларда қалыптасқан ұлт зиялылары Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстың дамуында маңызды рөл атқарды. Қоғамдық-саяси қызметтері бойынша ұлт зиялылары қоғамның түрлі топтарын біріктірді. Олардың қатарында шенеуніктер, дәрігерлер, мұғалімдер, заңгерлер және т.б. мамандар болды. Қазақ зиялыларының басым бөлігі либералды-демократиялық бағыт ұстанды. 1905 жылы орыс революциясынан кейін олардың кейбірі кадеттер партиясының (конституциялық демократтар немесе «Халық еркіндігі» партиясы) құрамына өтті. 1917 жылы «Алаш» партиясын құруға қатысты. Олардың қатарында, негізінен, казактардың ақсүйек тобынан



XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары. Ортанғы қатардағы сол жақта екінші отырған – М.Дулатов, үшінші отырған – А.Байтұрсынұлы

(Ә.Бөкейхан, Б.Қаратаев, Ж.Ақбаев т.б.) және қарапайым халық арасынан шыққандар да болды (А.Байтұрсынұлы т.б.).

Ұлттық либералды-демократиялық қозғалыс өкілдерінің қазақ халқының мүддесін қорғау жолындағы күресінің өзіндік ерекшелігінің бірі түрлі петициялар (өтініш-талаптар) жолдау болды.

Ауқымды әрі мазмұнды петициялардың бірі 1905 жылдың шілдесінде Қарқаралы қаласына жақын жердегі Қоянды (Ботов) жәрменкесінде өткізілген митингінде қабылданған **Қарқаралы петициясы** болды. Петицияда жергілікті халықтың құқығы мен абыройын аякасты етуге жол бермеу, патша әкімдерінің жүгенсіздігіне тыйым салу, халықтың ана тілінде білім алуын ұйымдастыру, қоныстандыру саясатын тоқтату, тартып алынған жерлерді қазақтарға қайтару, қазақтардың діни істерін басқаруды Орынбор муфтиятына беру немесе жеке діни басқару органын құру сияқты талаптар қойылды.

Орында! Қосымша әдебиеттерді пайдаланып, Қарқаралы петициясымен танысыңдар. Петициядағы қазақ халқына қатысты негізгі талаптар мен ұсыныстарды жазып алыңдар.

Қазақ ұлт зиялылары ұлттық саяси баспасөз органдарын құруға белсенді атсалысты. 1905 жылдан бастап ұлт зиялылары халықтың мұқтаждығын талқылау, қазақ қоғамының мүддесін мұсылман съездерінде қорғау үшін бүкілқазақтық съездер шақыруға әрекеттер жасады.

Ұлт зиялыларының бір тобы социалистік идеяларды ұстанып, социал-демократтар немесе эсерлермен (социал-революционерлермен) ынтымақтастықта болды. Олардың арасында С.Сейфуллин, С.Мендешев, К.Тоғысов және т.б. ерекше көзге түсті.




С.Сейфуллин

Ресейдегі революциялық оқиғалар және Қазақстанның өнеркәсіп орталықтарындағы жұмысшылар толқулары. Революция қарсаңында (1905–1907 жж.) өлкеде жергілікті билік өкілдері мен капиталистердің озбырлығына қарсы жұмысшылар мен шаруалардың және де басқа да топ өкілдерінің ұйымдаспаған бас көтерулері болды. Жалпыресейлік қантар-ақпан ереуілдеріне Орал, Перовск, Түркістан, Шалқар және т.б. қалалардағы теміржол шеберханалары мен деполарының жұмысшылары белсене қатысты. 1905 жылдың күзіне дейін Омбы, Ташкент, Верный қалаларында шерулер мен митингілер өткізілді.

Революцияның ауқымынан сескенген патша **1905 жылдың 17 қазанында манифест жариялап**, демократиялық бостандықтарды беруге уәде берді және Мемлекеттік Думаны шақыруға рұқсат етті.

Патша манифесті жариялағаннан кейін Қазақстанның Перовск, Орал, Қарқаралы, Павлодар және т.б. қалаларында бұқара халықтың қатысуымен митингілер өтті. Дала өлкесіндегі ереуілдерді ұйымдастырушылар ұлт-азаттық қозғалыс көшбасшылары А. Байтұрсынұлы, Ж.Ақбаев және т.б. болды. 1905 жылдың 15 қарашасында Қарқаралыда митинг болып, ұйымдастырушылар кейбір шенеуніктерді жұмыстан қуды немесе басқа жерге ауыстыруға ықпал жасады. Осы Қарқаралы митингісіне қатысушылар кейін қудаланды, ал оны ұйымдастырушы Ж.Ақбаев Якутияға жер аударылды.

1905 жылдың желтоқсан айында Успен мыс кенішінде ереуіл болды. Кеніш жұмысшылары *Капиталға қарсы орыс-қырғыз одағын* құрды. Жұмысшылар *жалақыны көбейтуді, тұрмыс жағдайын жақсартуды, дәрігерлік қызметті тегін көрсетуді, жыл сайын ақылы еңбек демалысын беруді, орыс-қазақ училищесін* ашуды талап етті. Кеніш иелері олардың талаптарын ішінара қанағаттандыруға мәжбүр болды. Жалақы мөлшері едәуір көбейтілді, 8 сағат жұмыс күні енгізілді, кейбір азық-түлік өнімдерінің бағасы арзандатылды. Жұмысшыларға су өтпейтін арнайы киім-кешек, аяқкиім берілді. Мұның өзі қазақ және орыс жұмысшыларының алғашқы бірлесіп жасаған іс-қимылының нәтижесі еді.



Ж.Ақбаев

Ойлан! Жұмысшылар неліктен бірігіп іс-қимылдар жасай бастады? Патша өкіметі неге жұмысшылар талаптарын орындауға мәжбүр болды?

1905 жылғы желтоқсанда Мәскеуде қарулы көтеріліс басылғаннан кейін, *реакция* революцияны тұншықтыра бастады. Бұл оқиға Қазақстанда да қайталанды. 1905–1906 жылдары патша жарлығы бойынша Ақмола және Семей облыстарында әскери жағдай енгізілді. Сібір, Солтүстік Қазақстан аумағында жазалау шаралары басталды. Жаппай тұтқындаулар, жұмыстан босатулар мен жер аударулар жүргізіліп, ең бірінші белсенділік танытқан мүшелер зардап шекті.

1906 жылы шілде айында Семей қаласында жаппай ереуіл орын алды. Шілденің 3-інде Ертіс аймағында басталған ереуілдің басты талаптары экономикалық мазмұнда: жұмыс күнін 10 сағатпен шектеу, балалар үшін 8 сағат, ауырған күнге ақы төлету, жалақыны

көтеру, жұмыс мерзімінен тыс күштеп қосымша еңбек еткізуге тыйым салу, сонымен қатар әйелдердің құқығын қорғау болды.

1906 жылдың көктемінде теміржол желілерінде теміржолшылардың ірі толқулары өтті. Қазалы және Орынбор-Ташкент теміржолы стансылары деполарының жұмысшылары 8 сағаттық жұмыс күнін енгізуді талап етті.

Білгенің абзал! Бүгінгі күні Қазақстанда жұмысшылар құқықтарын қорғайтын кәсіподақтар қызмет жасайды.

1912 жылдың көктем және жаз айларында жұмысшы қозғалысының өрістеуінің жаңа кезеңі басталды. Орал-Каспий мұнай қоғамының Доссор мен Ембі кәсіпшіліктеріндегі жұмысшы ереуілдері табысқа жетті. Әкімшілік жұмысшылардың жалақысын көтеруге мәжбүр болды.

Қазақстандағы аграрлық қозғалыстар. Патшалық Ресейдің жүргізген реформалары қазақ халқының жаппай жерсіз қалуына, кедейшілікке және әлеуметтік шиеленістердің артуына әкелді. Қарсылықтың ұйымдаспаған көріністері қожайындарды, өкімет өкілдерін соққыға жығудан, салықтар төлеуден бас тартудан, малды айдап әкетуден, егістіктерді өртеу іс-әрекеттерінен көрінді. Қарсылықтар Семей, Ақмола, Орал, Торғай облыстарында және Жетісуда ерекше орын алды. Патша әкімшілігі әдейі ұлтаралық жанжал туындатып, қоныс аударған шаруаларды қазақтарға қарсы қойып отырды. Қоныс аударушылардың деревняларындағы ауқатты топтар мен қазақ ауылдарындағы еңбекшілердің арасында жер телімдері үшін күрес күшейе түсті.



Қоныс аударып келушілер тобы

Сонымен қатар қазақ шаруалары жергілікті бай-шонжарлардан да зардап шекті. Байлар ауыл немесе ауылдық қауымға берілген жерді қарапайым шаруаларға жоғары бағамен жалға берді. Қазақ шаруалары өз жерлерінен күштеп көшіруге қарсы шығып, патша шенеуніктері, болыс билеушілері, ауыл старшындарының талаптарын орындамай, соғыс шығыны ретінде жиналатын салықтарды төлеуден бас тартты. Ауызша және жазбаша білдірген наразылық талаптар өз нәтижесін бермегендіктен, кейбір жерлерде шаруалар қарсылық әрекеттерге көшті. Мысалы, Черняев уезі Ноғай-Нұра болысының қазақтары болыс билеушісі мен старшынға шабуыл жасап, алым-салық құжаттарын жойып жіберді. Бұқаралық аграрлық қозғалыстар қоныс аударушылардың арасында да көрініс тапты. Соғыс жылдарында қоныс аударушы шаруалар қымбатшылыққа, салықтар мен міндеткерліктердің өсуіне қарсылықтарын білдірді.

Ойлан! Патша өкіметі неліктен халықтың тұрмысын жақсартуға ынталы болған жоқ?

1915 жылы наурыз айында Жетісу облысы Верный, Лепсі және Пржевальск уездеріндегі тұрғындар патша үкіметінің ауылшаруашылығы өнімдеріне арзандатып қойған бағалар саясатына қарсы шықты.

Жалпы алғанда, бірінші буржуазиялық-демократиялық революция мен дүниежүзілік соғыс жағдайында өрістей түскен Қазақстандағы аграрлық қозғалыс әлі де әлсіз болып, жекелеген шаруа қозғалыстарының шеңберінен шыға алмады.

Орында! Аймақтағы жұмысшы және аграрлық қозғалыстардың ерекшеліктерін атап көрсетіндер.

Сонымен, ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамында түрлі саяси ағымдар, көзқарастар өрістеді. Түркішілдік, исламшылдық, ұлттық-демократиялық, социал-демократиялық қозғалыстар қалыптасып, дамыды. Бұл ағымдардың саяси өзегін ұлт зиялылары, оның ішінде ұлттық интеллигенция өкілдері құрады. Ұлт зиялылары өкілдерінің қоғамдық-саяси қызметінің негізгі түрлері: саяси баспасөзді дамыту, петициялық қозғалыстарды жетілдіру, бүкілқазақ съездерін шақыру, мұсылман съездеріне қатысу, думалық қызметтерге араласу, ең бастысы барлық жерде қазақ халқының мүддесін қорғау болды.



И.Гаспринский

Қосымша мәлімет. И.Гаспринский – Ресей империясының зиялы азаматы, саясаткер, ағартушы, қаламгер, газет редакторы. Ресейдегі бүкіл мұсылмандардың және дүниежүзілік түркітілдес халықтардың арасында қадірлі тұлға ретінде тарихта қалды. Түркітілдес халықтардың бірлігі мен дамуына, демократиялық өзгерістеріне, халықтың сауатын ашуға зор үлес қосқан. Халықтың қамын ойлаған азамат жәдидшілдік қозғалысының қайраткері ретінде танымал болған.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. XX ғасырдың басында Қазақстанда қандай қозғалыстар қалыптаса бастады?
2. *Пантүркізм* және *панисламизм* деген не?
3. XX ғасыр басында қазақ қоғамында қай саяси бағыт ең ықпалды болғандығын талдаңдар.
4. Қазақстандағы жұмысшы және аграрлық қозғалыстардың негізгі себептерін талдап, қорытындылап, оларға сипаттама беріңдер.
5. Жұмысшы және аграрлық қозғалыстар қай кезеңде жанданды? Оның себебі неде?
6. Қазақстандағы жұмысшы қозғалыстары қандай сипатта болды? Ол қандай түрлерде көрініс берді?
7. XX ғасырдың басында жұмысшылар мен шаруалар қандай күрес түрлерін қолданды?

Кестемен жұмыс.

Кестені дәптерлеріне толтырыңдар.

Қоғамдық-саяси қозғалыстар атауы	Идеясы/идеологиясы
1. Жәдидшілдік	
2. Пантүркізм	
3. Либералды-демократиялық бағыт	
4. Панисламизм	
5. Социал-демократиялық қозғалыс	



Консолидация – бірігу, қосылу.

Петиция – мемлекеттік билік органдарына немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жазбаша түрде берілетін жеке немесе ұжымдық талап-тілектер.

Партия – мемлекетті басқаруға қатысуды немесе алдына билікке ие болу міндетін қойған саяси ұйым.

Партия бағдарламасы – саяси партияның мақсаты мен міндеттері белгіленген құжат.

Социал-демократиялық қозғалыс – буржуазиялық реформалау әдісімен әлеуметтік әділ қоғамға көшу қозғалысы.

Фракция – ұйым ішіндегі ұқсас саяси көзқарастарымен біріккен саяси қайраткерлер тобы.

§3. XX ғасырдың басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы

Бүгін сабақта:

- ауылшаруашылығы мен өнеркәсіптің дамуын, шетел капиталының келуін, оның өнеркәсіптің дамуына, халықтың әлеуметтік өміріне тигізген ықпалын білеміз.

Ауылшаруашылығы мен өнеркәсіп. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақтар, негізінен, ауылдық жерлерде тұрып, олардың 80%-дан астамы көшпелі және жартылай көшпелі малшаруашылығымен айналысты. Егін шаруашылығы Оңтүстік, Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның аудандарында, өзен алаңдарында және Батыс, Солтүстік, Солтүстік-Шығыс Қазақстанның қоныс аударушылар кең орналасқан аудандарында дамыды.

XIX ғасырдың ортасынан бастап қазақ өлкесінде өнеркәсіп саласында алға жылжу байқалды. Қазақстанда тау-кен өндірісі,

Тірек сөздер:

- малшаруашылығы
- шетел капиталы
- акционерлік қоғам
- өнеркәсіп
- жәрмеңке
- теміржол
- сауда



XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы көшпелі қазақтар



Тұз өндірісіндегі қазақ жұмысшылары

сонымен қатар өңдеуші өнеркәсіп дами түсті. XIX ғасырдың соңына қарай өңдеуші өнеркәсіп тау-кен өндірісін екінші орынға шығарды. Сонымен бірге көлік өнеркәсібі де дамыды. Тау-кен өнеркәсібі түсті металдар мен көмірдің бай кен орындары бар Алтай мен Орталық Қазақстанда өркендеді.

XX ғасырда шетел капиталының енуі өнеркәсіптік дамудағы басты ерекшелік болып табылды (Франция, Англия, Германия, Австро-Венгрия, АҚШ және т.б.). Шетел капиталының енуінің негізгі себептері : біріншіден, пайдалы қазбалардың бай кен орындары; екіншіден, арзан жұмыс қолының жеткілікті болуы; үшіншіден, бәсекелестіктің болмауы; төртіншіден, қазба орындарын аяусыз пайдалана отырып, онай пайда көзіне кенелу мүмкіндігінің болуы.

Ойлан! Патша өкіметі шетел капиталының келуіне неліктен мүдделі болды? Қазіргі кезде Қазақстанға инвестиция салған алғашқы бес мемлекетті атаңдар.

XX ғасырдың басында мыс, алтын, көмір және т.б. пайдалы қазбаларды өндіретін тау-кен өнеркәсібінің кәсіпорындары шетелдік акционерлік қоғамдарға берілді. Осылайша, 1904 жылы Лондонда құрылған *Спасск мыс* кендерінің ағылшын-француз **акционерлік қоғамы** Спасск-Успен мыс кені мен зауытын, Саран-Қарағанды таскөмір кенін және басқа да кеніштерді түгелдей сатып алып

пайдаланды. Өлкедегі тау-кен өндірісінде ерекше дамыған сала алтын өндіру болды. Бір ғана Өскемен уезінде 125 алтын кеніші жұмыс істеді. Алтайда өндірілген алтын Ресейде өндірілген алтынның 15%-ын құрады.

Өнеркәсіп орындарындағы жұмысшылардың жағдайы өте ауыр болды. Сол кезеңдегі жұмысшы Т.Күзембаевтың естелігінен : *«Елді жайлаған аштық мені бала кезімнен жердің астына түсіп еңбек етуге мәжбүр етті. Біз терезе орнына киізбен бітелген кішкене теріктері бар жеркенеде тұрдық. Қайда барсаң да, бір үзім нан сұрап жылаған балалардың даусы естіледі. Ал забойда мойындарына қайыс белбеу байлап, ауыр шапамен көмір тасыған, құр сұлдері қалған балаларды көресің. Оларды шеткерірек қадағалушы бақылап тұратын. Ол жазықты болып қалғандарын қамшымен сабайтын»*. Түсіп Күзембаев 1910 жылдан Қарағанды қаласындағы ағылшын өнеркәсіп несі Герберт шахтасында жұмыс істеді. Ол сол кезеңдегі Қарағандыны былай деп еске алады: *«Қалада тек үш тас үй болды. Оның бірінде – урядник, екіншісінде – маркшейдер, үшіншісінде Джим Герберттің өзі тұрды. Кеншілердің тіпті бұл үйлердің маңайынан өтуіне болмайтын. Біз, жеркелерде, дала тышқандары сияқты өмір сүрдік. Мектеп, аурухана, еңбек демалысы дегенді білмедік. Біздің тек кен басында өлуге ғана құқығымыз болды»*.



XX ғ. басындағы Петропавлдағы сауда дүкені

Батыс Қазақстан мен Орал-Ембі аудандарында мұнай шығарылды. 1912–1914 жылдары ағылшын капиталистеріне қарасты Батыс-Орал мұнай қоғамы, Орал-Ембі қоғамы, Солтүстік Каспий мұнай компаниясы мұнай өндірумен айналысты. Орал-Ембі аймағында 8 акционерлік қоғамның басшылығымен жүргізген мұнай шығару өнеркәсібі де біршама дамыды. Олардың негізгі капиталы 36 млн сомға жетті.

Ойлан! Неге әлемде ХХ ғасырда шикізатқа деген сұраныс өсті?

Осылайша ХХ ғасырдың басында Қазақстандағы тау-кен өнеркәсібі шетелдік капитал негізінде жұмыс істеді. Одан шыққан өнімнің барлығы өлкеден тыс жерлерге әкетіліп, пайдасы шетелге кетіп жатты.

Өлкеде теріден былғары жасайтын, май шығғыратын, сабын қайнататын, май шайқайтын және т.б. кәсіпорындар салына бастады.

Қазақстанды Ресейдің шикізат көзіне айналдырып, экономикалық жағынан игеруі алыс жатқан аймақтарға теміржолдар салудан басталды. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында ірі теміржолдар салынуына байланысты теміржол желілері Қазақстан аумағында тартыла бастады. Революцияға дейін Солтүстік Қазақстан арқылы Транссібір теміржол желісі, Орынбор-Ташкент теміржолы өтті. Сонымен қатар ғасыр басында Троицк, Алтай және Жетісу теміржолдарын салу жұмыстары басталды. Олардың ішіндегі ірілері: ортаазиялық Красноводск-Ташкент, Орынбор-Ташкент теміржолдары және Түркістан-Сібір магистралінің учаскелері еді.

Семей облысында теміржолдардың болмауына байланысты су жолдары пайдаланылды. Жүктерді Ертіс өзенімен Батыс-Сібір кеме шаруашылығы мен сауда серіктестігі компаниясы және т.б. тасымалдады. Өлкеде көлік қатынасы да кеңінен пайдаланылды. Жүктер Семей–Верный –Ташкент, Орынбор–Гурьев, Петропавловск–Көкшетау–Ақмола және т.б жолдар бойынша тасылды.

Өлкеде сауда ісі бұрынғыдай отарлық сипатта болды. Қазақстаннан сыртқа тауар ретінде өнеркәсіптік шикізат, малшаруашылық өнімдері, астық шығарылса, өлкеге фабрика-зауыт өнімдері, ұсақ-түйек бұйымдар мен азық-түлік түрлері әкелінді.

Анықта! ХХ ғасыр басындағы Қазақстандағы теміржолдар мен көлік желісін картадан қараңдар.

Жәрменке саудасы маңызды орын алды. 1900 жылы қазақ өлкесінде 106 жәрменке болды. Олардың ішіндегі неғұрлым атақты-



Қоянды-Ботов жәрменкесі

лары Қарқаралы уезіндегі *Қоянды-Ботов*, Верный уезіндегі *Қарқара*, *Жаркент* жәрменкелері еді.

Ойлан! Жәрменкелердің пайда болуына не себеп болды?

Сонымен, ХХ ғасырдың басында Қазақстанның экономикалық өмірінде төмендегідей түбегейлі өзгерістер жүзеге асты:

- капитализмнің ену үдерісі басталды;
- Қазақстан жалпыресейлік нарыққа қосыла бастады;
- тауар-ақша қатынастары дамыды;
- өнеркәсіптің өндіруші салалары дамып, оларға шетел капиталы енді;
- теміржолдар салынып, осы көлік түрі дами бастады.

Анықта! ХХ ғасыр басындағы Қазақстандағы жәрменкелердің орнын картадан анықтаңдар.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы ауылшаруашылығының жағдайына баға беріңдер.
2. ХХ ғасырдың басында Қазақстанда қандай өнеркәсіп салалары дамыды?
3. Қазақстан өнеркәсібіне шетел капиталының енуінің негізгі себептерін атаңдар.

Картамен жұмыс.

Қазақстан аумағындағы генерал-губернаторлықтарды және оның орталықтарын анықтаңдар.

Кестемен жұмыс.

Оқулық мәтінін және қосымша әдебиеттерді қолдана отырып, білімдеріңді жүйелеп, кестені дәптерлеріңе толтырыңдар.

Өнеркәсіп саласының атауы	Не өндірді?	Өнеркәсіп өндірісінің атауы	Кімнің пелігінде болды?



Өнеркәсіп – экономиканың басты саласы, кәсіпорындар бірлестігі (еңбек құралдарын, шикізаттарды т.б. өндіреді).

Ауылшаруашылығы – халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге және өнеркәсіп саласының бірқатарына шикізат даярлауға бағытталған экономиканың басты саласы.

Экономика – қоғамның шаруашылық қызметі, өндіру, бөлу, алмасу және тұтыну жүйесінде қалыптасатын қарым-қатынас жүйесі.

Верст – I шақырымға тең.

§4. Столыпиннің аграрлық реформасы және шаруалардың Қазақстанға жаппай қоныс аударуы

Бүгін сабақта:

- патша өкіметінің қоныстандыру саясатының кезеңдерін қарастырамыз;
- қоныстанушылардың құқықтық мәртебесімен, Столыпиннің аграрлық реформасының қазақтардың шаруашылығына тигізген әсерімен танысамыз;
- Қазақстандағы жер мәселесінің шиеленісуі мен оның салдарын бағалаймыз.

Тірек сөздер:

- отарлау саясаты
- казак әскері
- қоныс аударушы
- десятина
- аграрлық реформа

II. Столыпин және Ресейдің Қазақстандағы қоныс аудару саясаты. Ресейдің Қазақстандағы қоныс аудару саясатының жандануы казак жерлерін әскери-шаруашылық тұрғыда игеру үшін XVIII–XIX ғасырларда өлкеге казак әскерлерінің келіп қоныстануынан басталған болатын.

XIX ғ асырдың соңында патшалық Ресей қазақтың кең даласын мемлекет меншігі деп жариялады. Құнарлы жерлерді «пайдаланылмайтын бос жер» деген желеумен тартып алып, қоныс аударушыларға бөліп беру саясатын жүргізді. Әлеуметтік-саяси жағынан алғанда, бұл кезең патшалық Ресей империясының қазақ даласындағы отарлау саясатының



Көкшетау уезіне келген Сібір казактары

күшеюімен ерекшеленді. Казактарды қазақ жеріне орналастыру Қазақстанға қоныс аударудың *алғашқы кезеңін* бастап берді. Бұл кезең тарихта *әскери-казактық отарлау* деп аталады.

Білгенің абзал! XVIII–XIX ғғ. патшаның әскери тірегі ретінде Ресейдегі 11 казак жасағының төртеуі Қазақстанда орналасты. Олар Орал, Орынбор, Сібір, Жетісу казактары еді.

XIX ғасырдың екінші жартысынан басталған ресейлік шаруалардың көші-қон еркіндігін күшейту үшін 1904 жылғы 6 шілдедегі «Село тұрғындары мен егінші мещандар туралы уақытша ережелердің» маңызы зор болды. Жаңа ережелерге сәйкес шаруалардың бұрынғы қоныстанған орындарынан үкімет органдарының рұқсатынсыз еркін кетуіне рұқсат етілді. Қоныс аудару қозғалысы осы *екінші кезеңде* де ұйымдасқан түрде емес, бұрынғысынша неғұрлым стихиялы түрде жүрді.

Ойлан! Неліктен қазақ жеріне алғашқы болып казак әскерлері қоныстана бастады? Неге Қазақстанға қоныс аудару патша өкіметі үшін маңызды істердің бірі болды?

1905–1907 жылдардағы революция кезеңінде Ресейдің еуропалық бөлігінде аграрлық толқулар күшейе түсті. Бұл патшалық Ресей үкіметін аграрлық реформа жүргізуге итермеледі. Реформа Ресейдің Қазақстандағы қоныс аудару саясатының *үшінші кезеңіне* жол аш-



Келімсектердің уақытша баспаналары

ты. Ол шаруалардың қазақ жерлеріне жаппай қоныс аударуымен басталды. Алғашқыларына карағанда бұл кезең мемлекеттің қоныс аударуды реттеуімен, шаруаларға материалдық, қаржылай көмек көрсетілуімен ерекшеленді. Сонымен қатар қоныс аударушылар үшін салықтық жеңілдіктер жасалды.

1906 жылы Ресейдің Министрлер кеңесінің төрағасы болып тағайындалған П.Столыпиннің бастамасы бойынша аграрлық реформаны жүзеге асыру басталды. Ол *Столыпиндік аграрлық реформа* деп аталды.

Столыпиннің аграрлық реформасының негізгі мақсаты селоларда орта дәулетті кулактар тобын қалыптастыру арқылы Ресейдегі аграрлық мәселені шешу болатын.

Білгенің абзал! Қазақстан Республикасының «Жер туралы» Заңы 2001 жылы қабылданды. Заң бойынша жер пайдалану құқығының субъектілері болып азаматтар мен заңды тұлғалар танылды.

Реформа бойынша шаруаларға қауым құрамынан шығып, жеке хутор құруға рұқсат етілді.

Столыпиндік аграрлық реформа нәтижесінде Ресейден келген шаруаларды қоныстандыру үшін қазақтардың жерлерін тартып алу жаппай орын алды. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін Қоныс аудару қорына Қазақстанның көшпелі халқынан *45 млн десятина*

жер тартып алынды. Бұл өңірдегі егістікке жарамды жердің 20%-ын құрады.

Орында! Қоныс аудару кезеңдерінің қазақ халқының жағдайына әсері туралы қысқаша эссе жазыңдар.

1871–1917 жылдары (46 жыл) өлкеге 1,6 млн адам көшіп келді. Олардың көпшілігі 1907–1916 жылдары келген болатын. ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері А.Байтұрсынұлы осы кезең жайлы : *«Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды»*, – деп ашына айтты.

Ізден! Зерттеу жұмысын жасаңдар. Столыпин аграрлық реформасына дейінгі және одан кейінгі қазақ ауылының жағдайы туралы эссе жазыңдар.

Осылайша ХХ ғасырдың алғашқы жылдарында қазақтарды ғасырлар бойы қоныстанған жерлерінен, жайылымдарынан ығыстыру саясаты жаңа қарқынмен жүргізіле бастады. Жерін тартып алып, қысым көрсету және дәстүрлі көшу жолдарынан айыру көшпелі халық пен қоныс аударушылар арасында жанжалдар туғызды. Қазақ халқының жерсіз қалуы, кедейленуі және соның салдарынан әлеуметтік шиеленістің өсуі реформаның жағымсыз қыры болды.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазақстандағы Ресейдің қоныс аудару саясатының негізгі кезеңдерін атаңдар.
2. Столыпиннің аграрлық реформасының Қазақстан халқына тигізген ықпалы қандай?
3. Қазақстанға қоныс аудару неліктен халық арасында шиеленіс туғызды?
4. Қазақ халқының жағдайын жақсартуға неліктен патша өкіметі реформа жүргізбеді?

Кестемен жұмыс.

Дәптерлеріңе кестені сызып, бос ұяшықтарды тиісінше толтырып жазыңдар.

1871–1917 жж.	
	Ресейдегі аграрлық мәселені шешу
1904 жылғы 6 шілде	
	Қазақтарды өздері мекендеген жерлерінен ығыстырудың қарқын алуы

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС

§ 5–6. Қазақ ұлттық зиялылар қауымы және оның XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси үдерістерге әсері

Бүгін сабақта:

- қазақ зиялыларының қалыптасуы және қоғамдағы қызметі жайлы білеміз;
- олардың көтерген мәселелері, атқарған жұмыстары және қазақ халқының мүддесін қорғаудағы еңбектерімен танысамыз.

Тірек сөздер:

- зиялылар
- Мемлекеттік Дума
- депутат
- ұлттық мүдде
- қозғалыс
- мәлімдеме

Қазақ ұлт зиялыларының қалыптасуы. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуында болған өзгерістер қазақ халқының рухани өміріне терең әсер етті.

Патша өкіметінің кертартпа саясаты халыққа білім беру саласынан мейлінше айқын аңғарылады. Отаршыл билік қазақ халқының мүдделері мен құқықтарын елемей, оның рухани дамуын тежеді. Мәдени көзқарас тұрғысынан дәуір жаңалықтарын, яғни еуропалық өркениет пен жаңа құндылықтарды, ең алдымен, әлеуметтік үстем тап өкілдерінің шағын тобы ғана меңгерді. Ұлттық зиялылардың қалыптасу жолы бірдей болған жоқ. Бұл күрделі және ұзаққа созылған үдеріс болды.

1910 жылы жарық көрген «Қырғыздар» («Қазіргі мемлекеттердегі ұлттық қозғалыстың түрлері» кітабында) атты әйгілі макаласында Ә.Бөкейхан 1905 жылдан бастап қарқын алған ұлт-азаттық қозғалыстың екі саяси бағыты қалыптасып жатқандығын айтқан. Оның бірі – батысшылдар, яғни қоғам дамуына батыс жетістіктерін үлгі тұтушылар, ал екіншісі – қазақтарды бүкіл мұсылмандармен біріктіруге ұмтылған ұлттық-дінн, түрікшіл бағыт.

Қазақ зиялыларының ең басты еңбегі. Олар бүкілресейлік даму кезеңінің басталуын дер кезінде аңғарды. Қазақ қоғамын ілгері жылжытудың амалдарын іздестірумен айналысып, ол үшін бірінші орыс революциясы берген әлеуметтік және саяси бостандықтарды пайдаланды. XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларын ойландырған мәселелер: ұлттың бірлігі мен жердің тұтастығын сақтау, халқын

өркеннетті елдердің қатарына қосу, ол үшін елін оқу, өнер-білім, іскерлік жолына салу, ең бастысы дербес мемлекетін құру еді.

Ұлт зиялылары тобы қазақ халқы ұлт ретінде өмір сүру мүмкіндігін сақтап қалу үшін *аймақтардағы наразылық бас көтерулерден бастап, Мемлекеттік Дума ісіне араласуы, Ресей халықтарының азаттық қозғалыстарына қатысуы тиіс* деп санады. Осыған байланысты қазақтар өлке өміріндегі өзгерістерге, отаршылдық әкімшілік ойлағандай сырттай бақылаушы ғана болып қалмай, оған белсене араласты. Олар болыс сайлау, партияға топтасу, дауыс жинау, кандидаттыққа ұсыну, лауазымды қызмет атқару, Думаға сайлану т.б. қоғамдық-саяси істерге қатысты. Жергілікті мемлекеттік билік отарлау әкімшілігінің басқаруымен жүргізіліп, сайлаулар шалағайлықпен жүзеге асса да, кең-байтақ қазақ даласындағы саяси үдерістерге халқымыз қызу атсалысты.

Ойлан! Неліктен қазақ даласында екі саяси бағыт қалыптаса бастады? Отаршылдар неге бодан халықтардың дамуын тежеуге мүдделі?

Саяси істерге қатысу қазақ өлкесінде өзгеше мәнге ие болды. Қандай да бір әділетсіздік сол кезеңдегі көзі ашық, ұлттық сана-сезімі оянған қазақтың зиялы азаматтарына серпіліс берді.

Қырғыз (казак) облыстары депутаттарының Мемлекеттік Дума жұмысына қатысуы. 1905 жылғы тамызда ІІ Николай патша Ресейдегі революциялық күштердің қысымымен империяның заң шығарушы және өкілетті органы ретінде Мемлекеттік Дума құру туралы манифестке қол қойды. Бірақ манифест бойынша Ресей империясының бірқатар халықтарының, оның ішінде Орталық Азия халықтарының сайлауға және сайлануға құқығы жоқ болып шықты. Жергілікті билік органдарына сайлау науқанының алғашқы күнінен бастап-ақ қазақтарды сайлауға қатыстырмауға айрықша нұсқау берілді. Мұның өзі қазақтардың арасында наразылық пен ашу-ыза тудырды. Жергілікті халық өздерінің өкілдерін Ресейдің Мемлекеттік Думасына қатыстыруды талап етті. Өлкенің бүкіл аймағын түгел қамтып өткен қуатты наразылық толқыны патша өкіметін халықтың талабына құлақ асуға мәжбүр етті. Сөйтіп, қазақтар сайлауға қатысуға мүмкіндік алды.

Бұл қызық! Ресей империясын Романовтар әулеті үш жүз жыл биледі. Соңғы Ресей патшасы ІІ Николай болды.


Ресейдегі **І Мемлекеттік Думаға** Қазақстаннан 9 депутат, оның ішінде қазақ халқынан 5 депутат қатысатын болды. Семей облысынан *Ә.Бөкейхан* (экономист), Торғай облысынан *А.Бірімжанов*

(сот тергеушісі), Орал облысынан *А.Қалменов* (титулды кенесші), Астрахань губерниясы Бөкей Ордасынан *Б.Құлманов* (титулды кеңесші) және Ақмола облысынан *Ш.Қосшығұлұлы* (молда) іріктелді. Орыс ұлтынан 4 депутат сайланды. Сонымен бірге Қазақстаннан тыс аумақтарда тұратын қазақтардан: Уфа губерниясынан *С.Жантөрин*, Астрахань губерниясынан *Дәуіт Ноян-Тұндыт*, Жетісу облысынан *М.Тайынұлы* болды. Олардың барлығы сауатты, халықтың сыйқұрметі мен сеніміне ие болған зиялы азаматтар еді.

Орында! Депутат болуға лайық адамға сипаттама беріңдер.

I Мемлекеттік Думаға сайланған А.Қалменов пен заңгер А.Бірімжанов ерекше белсенділік көрсетті. Петербургке 1906 жылы шілденің ортасында ғана келген А.Бірімжанов аграрлық мәселе бойынша мұсылман фракциясы атынан ескертпелер мен ұсыныстар айтып, сөз сөйледі.

Осы қызметі үшін А.Бірімжанов 3 айға тұтқынға алынды. Кейін Санкт-Петербург Сот палатасының шешімімен Семей абақтысына жіберіліп, содан соң Самараға жер аударылды.



I Мемлекеттік Думаның ашылуы (27.07.1906 ж.)



Мемлекеттік Думаның кеңес залы

1806 жылы 8 шілдеде I Дума таратылып, халық бұқарасының үміті ақталмады. II Николай патша жаңа сайлау жөніндегі жарлыққа қол қойды.

II Мемлекеттік Дума сайлауы 1905 жылғы 6 тамыздағы және 11 желтоқсандағы сайлау заңдары негізінде өткізілді. Қазақстан мен Сібірдегі төмен жалақы алатын теміржол жұмысшылары бұл заң бойынша сайлау құқықтарынан айырылды.

II Мемлекеттік Дума, негізінен, кадеттер мен социал-демократтардан тұрды. II Мемлекеттік Думада Қазақстаннан 14 депутат, оның ішінде, қазақ халқынан 7 депутат сайланды. Олар: *Ш.Қосиығұлұлы*, *А.Бірімжанов*, *Б.Құлманов* (қайта сайланған бұрынғы I Мемлекеттік Дума депутаттары), Семей облысынан *Х.Нұрекенов* (би), Орал облысынан *Б.Қаратаев* (зангер), Сырдария облысынан *Т.Аллабергенев* (би), Жетісу облысынан *М.Тынышбаев* (катынас жолдары инженері) болды.

Ойлан! Неліктен патша өкіметі Мемлекеттік Думаға қазақ халқының депутаттарын сайлауға шектеу қойды?

Қазақ халқы сайлаған II Мемлекеттік Дума депутаттары кадеттерге қосылды және мұсылман фракциясына кірді. Олар Ресейдің басқа ұлтшылдарымен бірлесіп, шет аймақтарға шаруаларды қоныстандырудың тоқтатылуын талап етіп, қоныстандыру саясатының ауыр зардаптарын көрсетіп берді. Мысалы, Б.Қаратаев

II Мемлекеттік Думада шаруаларды Ресейден Қазақстанға қоныстандыру саясатының қазақтар үшін өте жағымсыз, ауыртпалықты болып отырғаны туралы баяндама жасады.

Б.Қаратаев 1907 жылы 16 мамырдағы арнайы баяндамасында Қазақ даласында қоныстанушыларға «ығысып бере қоятын», «басы артық» жердің өте аз екендігін ескертті. Сонымен қатар ол: «Қоныстандыру қазіргі кезде қырғыз-қайсақ халқын көшіріп жіберумен қат-қабат жүргізіліп отыр», – дей келе, «...қырғыздарды жерінен емес, олардың тұрғын үйінен қуып шығаруда», – деп мәлімдеді. Б.Қаратаев патша өкіметі саясатының нәтижесінде қазақтар өз атакөнісінен айырылып, өз жерінде босқындарға айналып отырғанын баса айтты.

Қазақ депутаттары өз халқының құқығын қорғап жоғары билік орындарына бірқатар үндеулер де жазды. Мәселен, Мемлекеттік Думаның депутаттары Б.Қаратаев, А.Бірімжанов, Т.Нүрекенов, Ш.Қосшығұлұлы 1907 жылғы наурыздағы мәлімдемесінде: *«Көшпелілердің бірден-бір күнкөріс көзі – малшаруашылығы, ал олардың Азияның шетсіз-шексіз кең даласында бір жерден екінші жерге үздіксіз көшіп-қонып жүруі әлдебір жанға жайлы, қызығы мол бос серуен құру емес, табиғаттың қиындықтарын жеңе отырып, өмір сүру болып табылады»*, – деп жазды.

Мемлекеттік Думада ұлты орыс Т.Сидельников, Н.Бородин сияқты депутаттар қазақ халқының мүддесін қорғады. Олар тіпті қазақ халқының құқығын қорғау жөніндегі ұжымдық үндеу де жолдады.



Өлихан
Бокейхан



Мұхамеджан
Тынышбаев



Ахмет
Бірімжанов



Темірғали
Нүрекенов



Тілеулі
Аллабергіні



Шаймерден
Қосшығұлұлы



Бақытжан
Қаратаев



Бақтыгерей
Құлман



Молда
Тайынұлы



Сәлімгерей
Жанторин



Алпысбай
Қалменов



Дәуіт Ноин
Тұндыт

I-II Мемлекеттік Думаға сайланған қазақ зиялылары

Іздені! Қазақ халқының қандай құқықтары мен бостандықтары шектелгендігі туралы зерттеу жұмысын жазыңдар.

Алайда бұл Думаның да қызметі ұзаққа созылмады. II Мемлекеттік Думаны патша 1907 жылғы 3 маусымда қуып таратты. II Мемлекеттік Думаны таратуға қарсы Ақтөбе, Петропавл, Қостанай сияқты қалаларда наразылық митингілері өтті.

I және II Мемлекеттік Думаларда ұлт зиялылары конституциялық демократтар партиясына (кадеттер) қолдау көрсеткен мұсылман фракциясының құрамында болды. Жаңа сайлау заңы бойынша Ресейде бұратана халық сайлау құқығынан айырылып, III және IV Мемлекеттік Думаға қазақ депутаттары қатыспады.

Қосымша мәлімет.

...Жалпы революцияға дейінгі Ресейде Мемлекеттік Дума төрт рет шақырылды. III Мемлекеттік Дума 1907 жылдың 1 қарашасынан 1912 жылдың 9 маусымына дейін, IV Дума 1912 жылдың 15 қазанынан 1917 жылдың ақпанына дейін жұмыс істеді. Өмірінің соңғы күнінде Ресей патшасы II Николай Мемлекеттік Думаның Уақытша комитетін құрған болатын, кейін ол патшаның биліктен бас тартуы жөніндегі манифесті дайындады. Дума 1917 жылдың 6 қазанына дейін жұмыс істеді. Қазақтың белгілі саяси қайраткерлерінің бірі Мұстафа Шоқай Думаға депутат болмаса да, III және IV Мемлекеттік Думалардағы мұсылман фракциясының құрамына кіріп, ондағы мұсылман депутаттардың назарын қазақтардың бастан кешіріп отырған ауыр халіне аударды.

Қазақстан. Ұлттық Энциклопедия. Алматы, 1998. 1-том

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазақ ұлт зиялыларының қызметі туралы айтып беріңдер.
2. I және II Мемлекеттік Думалар қай партиялар өкілдерінен тұрды?
3. Қазақ депутаттары Дума мәжілістерінде қандай мәселелерді көтерді?
4. Демократиялық қозғалыстағы қазақ зиялыларының рөлі қандай? Өз пікірлеріңді дәлелдендер.
5. Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы қазақ зиялыларының қызметіне баға беріңдер.

Кестемен жұмыс.

Кестені дәптерлеріне сызып, бос ұяшықтарды толтырып жазыңдар.

I Мемлекеттік Думаға сайланған депутаттар тізімі		II Мемлекеттік Думаға сайланған депутаттар тізімі	
Семей облысынан			Ш.Қосшы-гүлұлы
	А.Бірімжан	Торғай облысынан	
Орал облысынан			Т.Нұрекенов
	Ш.Қосшы-гүлұлы	Жетісу облысынан	
Жетісу облысынан			Б.Қаратаев

§ 7. Ұлттық саяси баспасөздің дамуы («Қазақ» газеті, «Айқап» журналы)

Бүгін сабақта:

- XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси баспасөздің дамуын қарастырамыз;
- баспасөздің қоғамдық-саяси өмірдегі орны мен ықпалын талдаймыз.

Тірек сөздер:

- газет-журналдар
- мақала
- қоғамдық-саяси өмір
- мәдени-ағартушылық қызмет
- ақпараттық-танымдық
- таралым

Саяси баспасөздің дамуы. Қазақ тіліндегі тұңғыш бұқаралық басылымдарды орталық билік органдары құрды. XIX ғасырдың 60-жылдарында Қазақстанда патша өкіметі жүргізген әкімшілік реформалардан кейін, Ресейдің өлкеде жүргізіп отырған саясатын түсіндіретін басылымға қажеттік туындады. «Түркістан уәлаятының газеті» алғашқы газеттердің бірі болды. 1870 жылы Ташкентте осы газеттің алғашқы нөмірі жарық көрді. Газет қазақ және өзбек тілдерінде шығарылды.

1888 жылы өлкедегі екінші «Дала уәлаятының газеті» жарыққа шықты. Оны Омбы қаласында Дала генерал-губернаторлығы ақпараттық-анықтамалық сипатта шығарды. Олардың беттерінде қазақ халқының тарихы, этнографиясы, әдебиеті бойынша материалдар басылып тұрды. Осы газеттерде қазақ халқының көшбасшылары А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Шоқай және т.б. мақалалары жарық көрді. Қазақ халқының мүддесін Омбы қаласынан шығып тұрған «Омбылық» («Омич»), «Сібір хабаршысы», «Алтай өмірі» сияқты газеттер де қорғады. Қазақ ұлт зиялыларының көрнекті өкілдері осы газеттермен тығыз ынтымақтастық жасап тұрды.

1905 жылғы 17 қазандағы патша манифесті бойынша сөз және баспасөз бостандығы жарияланды. Бұл Қазақстанда демократиялық сипаттағы газет-журналдардың қазақ тілінде шығуына мүмкіндік берді. 1907 жылы Санкт-Петербургте қазақтың «Серке» атты алғашқы қоғамдық-саяси газеті жарық көрді. Бірақ кейін бұл басылым мемлекеттің реакциялық бағыт алуына байланысты жабылып қалды.

«Айқап» журналы 1911 жылдың қаңтарынан 1915 жылдың тамыз айына дейін Троицкі қаласында шығып тұрды. Журналдың редакторы



«Түркістан уалаяты газетінің» кітап болып жинақталған нұсқасы



«Айқап» журналы

белгілі ақын, жазушы Мұхамеджан Сералин (1872–1929) болды. Журнал демократиялық бағытты ұстанды. «Айқап» журналын шығаруға атсалысып, оқу-ағарту, мәдениет, ел тарихы жайында мақалалар жазғандар қатарында Спандияр Көбеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жанша Сейдалин, Сәбит Дөнентаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы т.б. болды. Журналдың «Айқап» деп аталу себебін М.Сералин: «... Біздің қазақтың неше жерден «қап» деп қаты қалған істері көп. «Қап» дегізген қатияда өткен істеріміз көп болған соң журналымыз да өкінішімізге лайық «Айқап» болды», – деп түсіндірді.

«Айқап» қазақ халқының түйінді мәселесіне айналған жер мәселесін көтерді. Сонымен бірге төте оқудың жаңа әдістерін меңгеру, бағдарлама, оқу құралдарын жасау, қазақ қыздарын оқуға тарту, мектеп жанынан кітапханалар ашу жайында көптеген мақалалар жарияланды.

Білгенің абзал! 1920–1925 жж. Орынбор қаласы Қазақ АКСР астанасы болды. 1925 жылы РКФСР-дың құрамына берілді.

1913–1918 жылдары жалпыұлттық «Қазақ» газеті шығып тұрды. Ол либералдық-демократиялық бағытты ұстанды. Газет *Орынбор қаласында* даярланып, оның негізін салушылар А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов болды. Олар «Қазақ» газетінің төңірегіне Шәкәрім Құдайбердіұлы, Халел Ғаббасов, Хайретдин Болғанбаев, Ғұмар Қараш, Райымжан Мәрсеков, Мұхтар Саматов сияқты қоғам қайраткерлері мен ақындарды топтастырды.

Аграрлық мәселелерді көтере отырып, газет жерге мемлекеттік меншікті жою және оны қазақ еліне қайтару, сонымен қатар жер сатуды тоқтату тәрізді талаптар қойды. «Қазақ» газеті көшпелі және жартылай көшпелі малшаруашылығы, егіншілік, кооперациялық қозғалыс және т.б. қатысты мәселелерді қозғады.


Ойлан! Алаш қайраткері А.Байтұрсынұлының «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген сөзін қалай түсінесіңдер?

Газет өлкенің қоғамдық-саяси өмірінің эволюциялық либералдық-демократиялық жолмен дамуын қолдады. Газет бетінде басылған мақалалардың көпшілігі қазақ халқының тілі, әдебиеті, тарихы және этнографиясы мәселелеріне арналды. Сонымен қатар газет беттерінде әйел теңдігі, еркіндігі, халыққа білім беру мәселелері де көтерілді. Ресей империясындағы халықтардың өзара қарым-қатынасы да жарық көріп тұрды.

Газет қазақтар арасында ерекше танымал басылым болды. Ол қолдан-қолға беріліп, ауылдан-ауылға тарайды. «Қазақ» газеті 1918 жылға дейін шықты. Кейін, Қазақ өлкесінде кеңестік билік орнағаннан соң, большевиктер газетті жауып тастады. Өйткені «Қазақ» газеті большевиктердің идеяларына сәйкес келмеді.

Ойлан! «Қазақ» газеті неліктен қазақтар арасында өте танымал болды? Қазақ жерінде шыққан газет-журналдардың сол кездегі саяси-қоғамдық өмірге әсері қандай болды?

1914 жылдан 1918 жылға дейін Омбыда «Бірлік» деп аталатын мәдени-ағарту ұйымы жұмыс жасады. Оған Алаш қозғалысының мүшесі, ақын, жазушы, ағартушы, драматург Қошке Кемелгерұлы қатысты. Ол сол тұстағы «Балапан» журналының бас редакторы болды.



«Қазақ» газеті

Сондай-ақ Қазақ даласында «Алаш», «Абай», «Сарыарқа», «Қазақстан» т.б. сияқты бірқатар газеттер жарық көрген.

Отарлау саясатының күшеюі, патша үкіметінің аграрлық саясаты, өлкенің әлеуметтік-экономикалық өміріне капиталистік қатынастардың енуі қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің өсуіне алып келді.

Білгенің абзал! Бүгінгі күнде Қазақстанда «Балапан» телеарнасы жұмыс жасайды. Телеарна 2010 жылы 27 қыркүйекте құрылды.

Қазақ қоғамындағы ұлттық қозғалыс біртекті болған жоқ, онда түрлі идеялық-саяси ағымдар қалыптасты. Петербург, Мәскеу, Қазан, Томск, Орынбор университеттері мен училищелерінің түлектері – ұлт зиялыларының тобы ұлттық қозғалыстың өзегіне айналды. Түрлі идеялық-саяси ағымдардың көзқарасын «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті халыққа жеткізіп отырды. Жалпы өлкедегі әлеуметтік және қоғамдық-саяси өмірдің дамуы туралы түрлі көзқарастар қалыптасқандығына қарамастан, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті қазақ халқының жалпыұлттық идеясы мен мүддесін көрсете білді.



Қостанай облысындағы
М.Сералин ескерткіші

Қосымша мәлімет. Мұхамеджан Сералин (1872–1929) – жазушы, ақын, публицист, журналист. Қостанай облысы Қарабалық ауданының Өрнек ауылында дүниеге келген. Троицкідегі медреседе оқып, Қостанайдағы 2 кластық орыс-татар мектебін бітірген. 1911–1915 жылдары Троицкіде «Айқап» журналын шығарды.

М.Сералиннің журналистік қызметі екі кезеңге бөлінеді. 1-кезеңінде төңкеріске дейін «Айқап» журналында 40-қа жуық мақаласы жарық көрген. 2-кезең 1918–1928 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезеңде «Ұшқын», «Еңбекші қазақ», «Ауыл» газеттерінде саясат, шаруашылық, мәдениет мәселелері жайында мақалалары жарияланды. 1900 жылы алғашқы жарияланған «Топжарған» поэмасы қазақ әдебиетіндегі тарихи шығармалар қатарына жатады. Поэмада ХІХ ғасырдың 30–40-жылдарындағы қазақ өмірі, Кенесары, Наурызбай бастаған қозғалыс бейнеленген. 1909 жылы жарық көрген «Гүлқашима»

поэмасы әйел теңсіздігі мәселесіне арналған. М.Сералин Ы.Алтынсариннің ағартушылық-демократиялық идеяларын қолдады. Ол Фердоусидің «Шаһнама», «Рүстем–Зораб» поэмаларының үзінділерін, В.Жуковскийдің өлеңдерін, сондай-ақ А.Сорокиннің «Жусан» повесін қазақ тіліне аударған.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Тұңғыш қазақ газеттері мен журналдары қашан пайда болды?
2. Қазақстандағы алғашқы газеттерді шығару бастамасын кім көтерді? Ол газеттер қандай мақсатта басылды?
3. Алғашқы баспа органдары құрылғаннан кейін Қазақстанда қандай мүмкіндіктер пайда болды?
4. «Қазақ» газетінде кімдердің мақалалары жарық көрді?
5. Қазақстандағы газет-журналдардың жабылу себептері мен салдарын түсіндіріңдер.

§8–9. Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс

Бүгін сабақта:

- Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Қазақстанның жағдайымен;
- 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің бүкілхалықтық сипат алу барысымен, оның тарихи маңызымен;
- ұлт зиялыларының көтеріліске деген көзқарастарымен танысамыз.

Бірінші дүниежүзілік соғыс және Қазақстан. Бірінші дүниежүзілік соғыстың (1914–1918 жж.) алғашқы күндерінен-ақ Қазақстанның барлық облыстарында патша үкіметі «төтенше әскери жағдай» жариялады. Жнылыстарға, ереуілдерге, жұмыстан бас тартуға тыйым салынып, газет-журналдарға әскери цензура орнатылды. Польшейлік

бақылау күшейді. Соғыс уақытында полицейлерге жұмысшыларды қамауға алып, жұмыс орнын өз еркімен тастап кеткендерді күштеп қайтаруға рұқсат берді. Қатаң тәртіптерге қарамастан, өлкеде халық наразылығы күшейді. Қазақ шаруалары өз жерлерінен күштеп көшіруге қарсы шығып, патша шенеуніктері, болыс билеушілері мен ауыл старшындарының талаптарын орындамаудан, соғыс шығыны ретінде жиналатын салықтарды төлеуден бас тартты. Қалалар мен ауылдарда қымбатшылық пен соғысқа қарсы қала кедейлері мен қоныстанушы шаруалар толқулар ұйымдастырды. 1915–1916 жылдары шаруа, жұмысшы және солдат бас көтерулері орын алды.

Тірек сөздер:

- Дүниежүзілік соғыс
- төтенше әскери жағдай
- цензура
- тыл жұмыстары
- бұратана
- жалпыхалықтық көтеріліс
- әскери-далалық сот

Білгенің абзал! XX ғасырдың басында Еуропа мемлекеттері арасындағы қарама-қайшылық өзінің шырқау шегіне жетті. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан адамдар саны 73 млн-ға жуықтаған.

Шетел кәсіпкерлері меншігіндегі кәсіпорындардағы жұмысшылардың жағдайы аса ауыр болды. Кеніштер мен шахталардағы жұмыс күні 12–14 сағатқа созылып, жұмысшыларға орташа есеппен күніне 20–60 тиыннан жалақы төленді. 1916 жылдың маусымында Екібастұз көмір кені, Спасск мыс кеніші мен Орынбор-Ташкент теміржолының жұмысшылары ереуілге шықты. 1916 жылдың жазында жұмысшылар наразылығы Риддер, Ембі мұнай аймағында, Жезказған, Успен, Қоңырат және басқа да кәсіпорындарда өтті. Әскери бөлімшелерде соғысқа қарсы үгіт-насихат артып, сарбаздар арасында өз еркімен әскери бөлімшені тастап кеткендер саны көбейді. 1916 жылы Верный, Ақмола мен Семей облыстарында солдаттар наразылық шерулерін ұйымдастырды.

Соғыс Қазақстанның мүшкіл жағдайын одан әрі асқындырды. Ресей империясы әскерді қамтамасыз ету үшін жылына бірнеше рет мал, азық-түлік, киіз үй жинап отырды.

Патшалық Ресейдегі революциялық жағдайдың асқынуын Орталық Азияны қамтыған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістер дәлелдейді.

1916 жылғы 25 маусымдағы бұратана халықты тыл жұмыстарына алу туралы жарлық. Қазақ халқының 1916 жылғы көтерілісіне *19–43 жас аралығындағы еңбекке жарамды ер адамдарды тыл жұмыстарына алу туралы 25 маусымдағы патша жарлығы* түрткі болды. Бұл өңірден барлығы *500 мың бұратана* алу көзделді. Патша

жарлығы халық арасына таралысымен-ақ, ел арасында толқулар басталды. Қозғалыс ауқымынан сескенген патша өкіметі 1916 жылдың 20 шілдесінен бастап тыл жұмыстарына алудың мерзімін егін жинау науқаны аяқталғанша, 1916 жылдың 30 шілдесінен 15 қыркүйегіне дейін тоқтата тұратынын жариялады.

Білгенің абзал! Верный – Алматы қаласының 1921 жылға дейінгі атауы. 1854 жылы орта ғасырлардан қалған қоныстың орнына салынған бекініс.

Әртүрлі партиялар мен топтар төңірегіндегі зиялы қауым өкілдерінің 1916 жылғы көтеріліске қатысты көзқарастары біржақты болған жоқ. Тыл жұмыстарынан босатылған тұлғалардың бір бөлігі, яғни жергілікті әкімшілік шенеуніктер патша жарлығын қолдап, оларды өмірде басты жүзеге асырушылар болды. Ал радикалды топ өкілдері (Т.Бокин, Ж.Ниязбеков, А.Жүнісов) Жарлыққа қарсы шығып, халықты қарулы көтеріліске шақырды.

Сондай-ақ «Айқап» журналының төңірегіндегі және «Үш жүз» партиясының өкілдері қазақтарды әскерге алуға қарсы шығып, халықты отарлық әкімшілікке қарсылыққа шақырса, «Қазақ» газеті редакциясының өкілдері біржақты пікірді ұстанды. М.Дулатов 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлықты «қанқұйлы» деп мәлімдесе де, Ә.Бөкейхан мен А.Байтұрсынұлы кез келген қарсылық зор адам шығынына әкелетінін айтып, 11 тамызда қазақ халқына үндеу жариялады. Олар тылға жұмысшыларды жіберу арқылы жазалаушылардан олардың отбасын, шаруашылығын толық күйретуден құтқаруға болатынын, Патша өкіметі міндетті түрде Даладағы көтерілістерді басу үшін әскери отрядтарды қолданатынын мәлім етті. Үндеуде жазалау отрядтарының ең бірінші кезектегі құрбандары балалар мен әйелдер болатынын, елдің экономикалық өмірі күйрейтінін, әскери соттардың атуға дейін үкім шығарып, жергілікті тұрғындарды аяусыз жазалайтынын ескертіп, сабыр сақтауға шақырды. Үндеуге қол қойғандар халықтың күйінішін жақсы түсінетінін айта келіп, соңында көтерілісшілерді патша жарлығына мойынсұнуға шақырады.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың себептері. Көтерілістің негізгі себептері:

- 1) отарлау саясатының күшеюі;
- 2) жерлердің тартып алынуы (1916 жылға қарай патша өкіметі қазақтарды құнарлы 45 млн десятина жерінен айырды);
- 3) алым-салықтардың артуы (арзандатылған бағамен мал алынып, патша әскері үшін күштеп киіз үй, киіз жиналды, соғыс салығы енгізілді);

4) қоғамдағы үстем тап өкілдерінің еңбекшілерді қанауы;

5) ұлтаралық араздықтардың күшеюі (жердің кең көлемде тартып алынуы қазақтар мен орыстар арасындағы этностық жанжалдарды арттырды);

6) соғыстан бұқара халық жағдайы күрт төмендеуі (соғыс өнеркәсіптің күйреуін тездетіп, ауылшаруашылығы құлдырап, көлік қатынасының дағдарысына әкелді);

7) орыстандыру саясатының белсенді жүруі.

Қозғалыстың негізгі кезендері, таралған аудандары, әлеуметтік негізі. Көтерілістің *қозғаушы күшін, әлеуметтік негізін* қазақ көшпелілері, жергілікті жұмысшылар, батырақтар мен қолөнершілер құрады. Сонымен қатар көтеріліске байлар, болыс билеушілері, билер мен демократ-зиялылар да қатысты. Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске Жетісу облысында ұйғырлар, өзбектер, қырғыздар мен дүнгендер бірге шықса, өзге аудандарда бірыңғай қазақтар қатысты.

Ойлан! Неліктен көтеріліс бүкілхалықтық сипатқа ие болды?

Көтерілістің бірінші кезеңі – 1916 жылдың жаз айларындағы көтерілістің басталуы. Екінші кезең – 1916 жылдың күзі мен қысындағы көтерілістің шарықтау шегі. Үшінші кезең – 1917 жылдың көктеміндегі көтерілістің бәсеңдеуі мен Ақпан төңкерісі.

Көптеген ауданда қазаққа танымал қайраткерлер көтерілістің жетекшілеріне айналды. Жетісуда Т.Бокин және болыс билеушісі Б.Әшекеев, Торғайда Ә.Жангелдин, Бөкей ордасында С.Мендешев т.б. басшылық жасады.

Орында! Қосымша әдебиеттерді пайдаланып, ұлт зиялыларының көтеріліске деген көзқарастары қандай болғанын анықтаңдар. Көтерілісшілерді жазалауда патша өкіметі қандай әдістерді қолданды?

Көтеріліс бүкіл Қазақстанды қамтыды. Олардың ірі ошақтарының бірі Жетісу облысы болды.

Жетісуда көтеріліс 1916 жылдың шілде-тамыз айларында белсенді өтті. Көтеріліске шыққан халық телеграф желілерін қиратып, тыл жұмысына алынатындардың тізімін («отба сылық тізімді»), қарыздар жайлы қолхаттарды жойды. Жер-жерде көтерілісшілер жасақтарын құрды. 1916 жылдың 17 шілдесінде жазалау шараларымен көтерілісті басуға ұмтылған патша өкіметі Жетісу мен Түркістан өлкесінде әскери жағдай енгізді. 12 тамызда Жетісу облысының әскери губернаторы М.А.Фольбаум барлық жазалау

әскері жанынан көтерілісшілерге үкім шығаратын әскери-далалық сот құруға рұқсат берді. Ал жазалаушы әскер көптеген адамдарға сотсыз үкім шығарып, қырғынға ұшыратты.

Жетісуға қарулы әскердің (роталардың) Шығыстағы соғыстан арнайы жіберілуі патша өкіметінің көтерілісті басуға ерекше мән бергендігін көрсетеді. 1916 жылдың қазанында Жетісудағы көтеріліс басылды. Көтеріліс басшыларының бірі Бекболат Әшекеев Боралдай асуында, көпшілік алдында өлім жазасына кесілді. Жазалаушы әскердің қуғындауымен Жетісудан 300 мыңдай адам Қытайға өтіп кетті.

Дегенмен көтеріліс жалпыхалықтық қозғалысқа ұласып, үлкен аумақты қамтыды. Қазақстанның оңтүстігі мен Қырғызстаннан басқа аймақтың барлығы империя мен оның әскеріне қарсы шайқасты. Кейде орыс келімсектері мен қазақтар арасындағы қақтығыстардың орын алуы патша өкіметінің арандату саясатының нәтижесінде болды. Ресейдегі демократияны жақтаушылар көтерілісшілер жағына шықты.

Білгенің абзал! Рота – әскери бөлімше. Рота бірнеше взводтан құралады және ол батальон құрамына кіреді.

Халық тек қаруланған жасақ шығарып қана қоймай, сонымен бірге билік органдарын құрып, құқықтық тәртіпті қалыптастырды. Салық жүйесін жасады. Бостандық туы астына біріккен халық әділдік пен казак халқының жарқын болашағы үшін күресті.

1916 жылғы көтерілістің келесі ірі орталығы Торғай облысы болды. Қазан әскери округінің генералы Сандецкийдің мәліметі бойынша 1916 жылдың 26 қарашасында Торғайда көтеріліске шыққандардың саны 50 мыңға жеткен. Генералдың есебі бойынша өлкедегі толқуды басу үшін 1 немесе 2 жыл керек еді.



А.Иманов

Патша әкімшілігі жойған дәстүрлі басқару институттарын, яғни хандық билікті қалпына келтіру бұқара халықтың сана-сезімінің өскендігін көрсетті. Көтеріліс басшыларының даланың игі-жақсыларынан сайлануы осының дәлелі еді. Мысалы, Торғай уезінде көтеріліске шыққан қыпшақтардың ханы болып *Әбдіғантар Жан-босымұлы* сайланды. Ол Орта жүздің беделді бии Нияздың немересі еді.

Амангелді Иманов сардарбек болып сайланды. А.Иманов – дарынды қолбасшы, Кенесары Қасымұлы көтерілісіне қатысқан және ханның серігі

болған Иман батырдың немересі. Көтеріліс басшылары соғысудың өзіндік тәсілдерін ұйымдастырып отырды. Олар әскери сап құрып, шабуыл кезінде жауға бастырмалата соққы берді. Тынығу кезінде тосқауыл қойып, 25 шақырымнан астам жерге шолғыншылар жіберілді. Амангелді арнайы мергендер тобын құрып, оны атақты Кейкі батыр (Нұрмағамбет Көкембаев) басқарды. Сондай-ақ тыл жұмыстары мен барлау жүргізуді ұйымдастырды. Амангелді әскерінің саны 1916 жылдың қыркүйегінде 20 мың адамға жетті.

Орында! Қосымша әдебиеттерді пайдаланып, Кейкі батыр туралы эссе жазыңдар.

22 қазанда Амангелді 15 мың әскерімен Торғай қаласын қоршады. Қаланы қоршау бірнеше күнге созылғанымен, оны басып алудың сәті түспеді. Себебі бұл жерге жазалаушы отряд келіп жеткен болатын.

Бұл қызық! Қазақ сурет өнерінің классигі Әбілхан Қастеев Амангелді Имановтың портретін жасауда тарихи деректерден тыс Амангелді ауылынан, Торғай даласынан Амангелді сарбаздарын, олардың туған-туыстарын іздеп табады. Портретті олардың айтулары бойынша материалдар жинаған соң ғана салған. Нәтижесінде қазақ тарихындағы қайталанбас шығарма – Амангелді Имановтың шынайы портреті пайда болды. Портреттің батырға ұқсас болғаны соншалық, оны көрген бір жақын туысы сол мезетте көзіне жас алған.



Амангелді сарбаздарымен. Суретші Ә.Қастеев

Патша өкіметінің жазалаушы әскери бөлімдерінің күшеюіне байланысты Әбдіғаппар ханның жасақтары партизандық күрес әдісіне көшті. Әбдіғаппар ханның орталығы мен негізгі күштері Торғай даласындағы Батпаққара сайында орналасты. Осы жерде жазалаушы әскерге қарсы шабуылдар 1916 жылдың қарашасынан 1917 жылдың ақпанына дейін жалғасты. Торғай көтерілісін басып-жаншуға қанша әрекеттенгенмен, патша жазалаушы отрядтарының әскери операциялары нәтижесіз аяқталды. Көтеріліс 1917 жылға дейін созылып, Ақпан төңкерісіне ұласты. Бұл көтеріліс қазақ халқының азаттық қозғалысының, жалпы ұлт-азаттық күресінің құрамдас бөлігі болды.

Орында! Картадан көтерілістердің негізгі орталықтарын анықтаңдар.

Ақпан төңкерісінен кейін дала губернаторларын орнынан алып, жазалаушы әскерді кері шақырып алғанша, Амангелді жазалаушы әскерге қарсы үздіксіз күрес жүргізді.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың жеңіліске ұшырауы және оның тарихи маңызы. Ұлт-азаттық көтерілісті басқаннан кейін, патша өкіметі күштеп тыл жұмыстарына алу науқанын жүргізді. Көтерілістен кейін жүргізілген жазалау шаралары Орта Азия мен Қазақстан халқын қанды қырғынға ұшыратты.



Ә.Жанбосынұлы

Әбдіғаппар Жанбосынұлы (1870–1919) – 1916–1917 жылғы Торғай даласындағы ұлт-азаттық көтерілістің басшысы, Тілеулі батырдың ұрпағы. Өз ауылында мектеп ашып, суармалы егін шаруашылығымен айналысқан, халық арасында беделді болған. 1916 жылы көтерілістің өршуі барысында қыпшақ көтерілісшілерінің ханы болып сайланған. 1916 жылы 21 қарашада 13 болыстың қатысуымен болған құрылтайда ол Торғай уезінің ханы, ал Амангелді Иманов сардарбегі болып сайланды. Әбдіғаппар әскери ережеге сәйкестендірілген дала демократиясы негізінде басқарды. 20 халық биінен тұратын кеңес әскери, әкімшілік, шаруашылық мәселелерді бірігіп шешіп отырды. Оның басшылығындағы әскери отряд Ресей империясының жазалаушы отрядтарына тойтарыс беріп отырды.

Қазақстанның басқа да аймақтарынан да көтерілісшілер келіп қосылған. Торғай өлкесі Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының ең ірі орталығына айналды. 1918 жылы наурызда Кеңестердің I Торғай съезінің жұмысына қатысқанымен, кейін кеңес өкіметімен байланыс жасаудан бас тартты. Зәуре қопасында Қызыл әскерлер қолынан қаза тапты. Оның туыстары ханның жақындары ретінде кеңестік билік орнаған соң қуғын-сүргінге ұшырады.

Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1-т. Алматы, 1998

Көтерілістің жеңілуінің себептері : бытыранқылығы, ұйымдас-тырудың төмен болуы, көтерілістердің бір орталыққа бағынбауы мен патша әскері күшінің басымдығы болды.

1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстар тарихында ерекше орын алады. Көтеріліс отаршылдыққа, империа-лизмге қарсы сипат алып, Қазақстанның барлық жерін қамтыды. Қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің жандануына себепші болды.

Қосымша мәлімет!

Сейітқали Меңдешев (1882–1938) Бөкей ордасында дүниеге келген. 1903 жылы Қазан мұғалімдер семинариясын бітірген соң, 1916 жылға дейін мектеп мұғалімі (Орда қ.) болып жұмыс істеген. 1916 жылы көтеріліске қатысып, тұтқындалған және 4 ай Астрахань түрмесіне қамалған. Қазақстандағы кеңес үкіметін белсенді орнатушылардың бірі ретінде танылған. 1938 жылы қуғын-сүргінге ұшырап, ату жазасына кесілген. 1957 жылы ақталды.

Қазақстанның халық комиссарлары. 1920–1946 жж. Алматы: Қазақ гуманитарлық заң университетінің баспасы, 2004.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Бірінші дүниежүзілік соғыс қай жылы басталды және оның сипаты қандай болды?
2. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың себептерін талдап түсіндіріңдер, қозғаушы күштерін анықтаңдар.
3. Тарихта бұл қозғалыс неліктен ұлт-азаттық қозғалыс деп аталады және оған қандай оқиға түрткі болды?
4. Ұлт-азаттық қозғалыстың екі ірі орталығы: Жетісу мен Торғай өлкесіндегі көтерілісшілердің қимылдарына сипаттама беріңдер.
5. Ұлт-азаттық қозғалыстың көсемдерінен кімдерді білесіңдер?
6. 1916 жылғы қозғалыстың маңызы және сипаты туралы қорытынды жасап, дәптерлеріне жазыңдар.

Кестемен жұмыс.

Қазақ даласындағы жалпыхалықтық көтеріліс туралы не білесіңдер?

Жылдары, болған жері, бастаушысы, себептері	Түрткісі, ерекшелігі	Жеңілу себептері, маңызы

1917 ЖЫЛҒЫ АҚПАН БУРЖУАЗИЯЛЫҚ - ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ӘСЕРІ

§ 10–11. Қазақстан 1917 жылғы революция кезеңінде

Бүгін сабақта:

- Ресейдегі монархиялық биліктің жойылуы;
- Уақытша үкімет пен Жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің құрылуы;
- қазақ даласындағы қоғамдық-саяси өмірдегі өзгерістер жайлы білеміз және талдаймыз.

Тірек сөздер:

- мәжіліс
- Уақытша үкімет
- Кеңестер
- үндеу
- билік

Ақпан революциясы. Ақпан революциясы Бірінші дүниежүзілік соғысқа байланысты туындаған әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың салдарынан болды. Ресей империясы терең күйзелісті бастан кешірді: *біріншіден*, экономикалық, *екіншіден*, саяси дағдарысқа ұшырады. Соғыстың салдарынан елдің шаруашылығы қирады, өндіріс орындары тоқтады, теміржол қатынасы бұзылды, ауылшаруашылығы күйреді. Бұл жұмысшылар мен шаруалардың үкіметке деген наразылығын туғызды.

Халық бұқарасы жоғары мемлекеттік билікке сенуден қалды. Мемлекеттік Дума алғаш рет патша өкіметінің биліктен кетуін талап етті. Әлеуметтік-экономикалық дағдарыс саяси дағдарысқа ұласты. Патша өкіметі дағдарыстан шығудың жолын таба алмағандықтан, оның қоғамдағы беделі төмендеді.

Халық бұқарасы жоғары мемлекеттік билікке сенуден қалды. Мемлекеттік Дума алғаш рет патша өкіметінің биліктен кетуін талап етті. Әлеуметтік-экономикалық дағдарыс саяси дағдарысқа ұласты. Патша өкіметі дағдарыстан шығудың жолын таба алмағандықтан, оның қоғамдағы беделі төмендеді.

Білгенің абзал! *Революция* – түбірлі өзгеріс, бір жағдайдан екіншісіне секіргелі түрде өту. *Әлеуметтік революция* – жаңа мен ескі арасындағы күрестің ең өткір түрі. Онда саяси үдерістер күшейіп, билік түрі өзгереді, басшылыққа жеңіске жеткен революциялық күштер келеді, қоғамның жаңа әлеуметтік-экономикалық негізі қаланады.

1917 жылдың 23 ақпанында Петроградтың бірнеше кәсіпорындарының жұмысшылары ереуілге шықты. «Соғыс жойылсын!» , «Самодержавие жойылсын!» деген ұранмен басталған жұмысшылар митингілері мен шерулері полициямен қарулы қақтығысқа ұласты.

27 ақпанда Петроград гарнизонының қарулы көтерілісі басталды. Солдаттар шеруге шыққандарға оқ атудан бас тартып, жұмысшылар қатарына қосылуға шешім қабылдады. Нәтижесінде

жұмысшылардың жаппай көтерілістері солдаттар тарапынан қолдауға не болды. Көтеріліске шыққан солдаттар мен жұмысшылар қаланың маңызды орындарын, үкіметтік ғимараттарды басып алып, министрлерді тұтқындады. Таврия сарайының мәжіліс залында жұмысшы депутаттардың мәжілісі ашылып, онда Петроград жұмысшы депутаттарының кеңесі құрылды. 1 наурыз күні Петроград жұмысшы депутаттарының кеңесі атауы Петроград жұмысшы және солдат депутаттарының кеңесі деп өзгертілді.

1917 жылдың 2 наурызында II Николай патша тақтан бас тартып, билікті кіші інісі ұлы князь Михаил Александровичтің қолына берді. Михаилдың қолында күш, билік болмағандықтан, 3 наурыз күні билікті князь Г.Е.Львов басқаратын Уақытша үкіметке берді.

Білгенің абзал! *Үкімет* – мемлекеттің жоғарғы атқарушы органы.

Елде қос өкімет орнады. Ресми билік Уақытша үкіметтің қолында саналғанмен, іс жүзінде Петроград жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің қолында болды. Уақытша үкімет буржуазия мен помещиктердің, ал Кеңестер жұмысшылар мен солдаттардың мүддесін қорғады.

Ойлан! Патша билігі неліктен дағдарысқа ұшырады? Қос биліктің саяси ұстанымдары қандай болды?



Петроградтағы 1917 ж. ақпандағы шеру

Сонымен, буржуазиялық Уақытша үкіметтің қолында билік болғанымен, оның күшті әлеуметтік тірегі болмады. Керісінше, Кеңестердің мықты әлеуметтік тірегі болғанымен, нақты билікке қолы жетпеді. Уақытша үкімет пен Петроград Кеңесі алғашқы кезеңде бір-бірін толықтырып, бірлесе әрекет етті.

Революция саяси күштер мен үкіметтің алдына төмендегідей міндеттер қойды:

- соғысты жалғастыру;
- жаңа саяси жүйе құру;
- шиеленіскен ұлттық мәселелерді шешу;
- аграрлық мәселелерді шешу;
- әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыру.

Одан әрі Ресейдегі саяси билік мәселесін Құрылтай жиналысы шешу керек еді. Құрылтай жиналысына сайлау өткізуге дайындық Ақпан революциясынан кейін бірден басталып кетті. Құпия дауыс беру арқылы жалпы, тең, тікелей сайлау туралы демократиялық заң қабылданды. Бірақ сайлауға дайындық 1917 жылғы 12 қарашадағы сайлау күніне дейін созылып кетті. Қызыл мата мен қызыл жалау Ақпан революциясының нышанына айналды. Бұрынғы билікті «патшалық билік» немесе «ескі режім» деп атады. Революциядан кейін бір-бірін «жолдас» деп атау қалыптасты.

Қазақ зиялыларының көшбасшысы Ә.Бөкейхан Ақпан революциясы жеңісі кезінде Минскіде еді. Ол жерге Батыс майданның



Сібір атқыштар полкінің офицерлері мен жеке құрамы Ақпан революциясының жеңісі туралы хабарламаны тыңдап тұр. Қазалы стансысы, 1917 ж., наурыз

тыл жұмыстарына алынған қазақ жігіттерінің жағдайын білу және оларға көмек көрсету үшін барған болатын.

Ойлан! Ұлттық зиялы қауым өкілдерінің революцияға көзқарастары қандай болды? Уақытша үкімет енгізген өзгерістер қазақ халқының жағдайына қалай әсер етті?

Уақытша үкімет және жаңа билік құрылымын қайта құру. 1917 жылы ақпан айында патша тақтан құлатылған соң, Ресей мен оның шеткері аймақтарындағы саяси күштердің орналасуы түбегейлі өзгерді. 1917 жылдың 2-3 наурызында Қазақстанға Уақытша үкімет пен Жұмысшы, шаруа және солдат депутаттары кенесінің құрылғандығы туралы хабар келіп жетті. Қазақстанда революцияны қолдаған шерулер мен митингілер өтті.

Барлық жерде Петроградта билікті өз қолына алған Уақытша үкіметтің жергілікті басқару құрылымдары құрыла бастады. Уақытша үкімет ұлттық зиялы қауым өкілдерін облыс басшылығына қойды. Уақытша үкіметтің ұйғарымымен Ә.Бөкейхан Торғай облысының, Б.Ниязов Орал облысының, М.Тынышбаев Жетісу облысының, М.Шоқай Түркістанның комиссарлары болып тағайындалды.

Астыртын жұмыс істеген барлық партиялар ашық жұмыс жасауға көшті және сонымен бірге цензура жойылды. Сөз, ар-ождан бостандығы берілді, еркін қоныс аударуға және жиналыстар мен митингілер өткізуге рұқсат етілді.

Жекелеген калаларда (Орал, Верный, Ақмола, Семей, Әулиеата) тұңғыш қырғыз (қазақ) және мұсылман комитеттері пайда болды. Бұл комитеттер Уақытша үкімет жүйесінде халықтың жалпыұлттық мүддесін қорғайтын демократиялық бағыттағы қоғамдық ұйым болды.

Облыстар мен уездерде казак комитеттері – Орынбор, Сібір, Орал және Жетісу казак әскерлерінің билік органдары құрылды. Олар Уақытша үкіметке қолдау көрсетті.

Қазақ өлкесіне байланысты Уақытша үкіметтің негізгі іс-шаралары :

– 1917 жылғы 6 наурызда 1916 жылғы көтеріліске қатысушыларға кешірім жариялады;

– 1916 жылғы көтеріліс кезінде зардап шеккен Жетісу облысы тұрғындарына көмек көрсету туралы шешім қабылдады;

– 1917 жылғы 20 наурызда Ресей азаматтарының дін ұстану еркіндігі мен ұлттардың құқықтарын шектейтін заңдардың күшін жою туралы жарғыны жариялады;



Мемлекеттік Думаның Уақытша атқару комитеті

– 1916 жылғы 25 маусым жарлығы бойынша әскерге алынғандарды қайтару туралы мәселе қаралды.

Уақытша үкімет Қазақстандағы жағдайды реттеу үшін бірнеше шара қабылдады. Алайда жер, ұлттық-аумақтық құрылым мәселелері бойынша Уақытша үкіметтің саясаты бұрынғы самодержавие кезіндегідей қала берді.

Уақытша үкімет Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысуын жалғастырды, аграрлық мәселелерді шешу Құрылтай жиналысын шақырғанға дейін созылды. Қоныс аудару басқармалары сақталып қалды. Қазақстандағы негізгі түйінді, шиеленісті мәселелердің шешілмей қалуы өлкеде революциялық күрделі ахуалдың сақталып қалуына әкелді.

Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары кеңесінің құрылуы. Ресейде, сонымен қатар Қазақстанда екінші билік Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының кеңесі болды. Қазақстандағы Кеңестердің құрылуы 1917 жылдың мамырында аяқталды. Өлкеде шамамен 25 Кеңес құрылды. Олардың көпшілігінде эсерлер басым, ал социал-демократтар аз болды. Атқару комитеттері мен Кеңестер патша әкімшілігі жүйесін өзгерту бойынша бірлескен жұмыстар жүргізді, саяси тұтқындарға кешірім жасады, әлеуметтік, қалаларды азық-түлікпен қамтамасыз ету, салық жинау мәселелерін шешті. 1916 жылғы көтеріліс кезінде Қытайға қашқан босқындарды қайтару шаралары қабылданды. Қазақстан Кеңестері алғаш құрылған кезеңнен бастап құрамы жағынан көпұлтты болды.

Ойлан! Ақпан революциясы нәтижесінде өлкенің саяси өмірінде қандай өзгерістер болды? Комитеттердің, кеңестердің жұмысына қандай баға беруге болады?

Қос өкімет 1917 жылдың 27 ақпанынан 4 шілдеге дейін өмір сүрді. 1917 жылдың 4 шілдесіндегі Петроградтағы бейбіт шерудің күшпен таратылуына байланысты елдегі билік толықтай Уақытша үкіметтің қолына көшті. Осындай жаңа саяси жағдайда большевиктердің күрес тәсілі өзгеріп, РСДЖ(б)П-ның VI съезінде (26 шілде мен 3 тамыз аралығында өтті) қарулы көтеріліс ұйымдастыруға шешім қабылданды. Сөйтіп, Қос өкімет өмір сүруін тоқтатып, сонымен бірге большевиктердің Кеңес үкіметін бейбіт жолмен орнату мүмкіндігі де аяқталды.

Ойлан! Қалай ойлайсыңдар, Уақытша үкімет органдарының Қазақ ұлттық комитеттерімен өзара қарым-қатынасы неліктен шиеленіскен сипатта болды? Уақытша үкіметтің саясаты неге халықтың көңілінен шықпады?

Облыстық және жалпықазақ съездері . 1917 жылдың көктемінде қазақ комитеттерінің ұйымдастыруымен бүкіл Қазақстан бойынша облыстық және уездік қазақ съездері өткізілді. Съездерде Қазақстанның болашақ тағдыры талқыланып, жалпыхалықтық талқылауға салатын мәселелер анықталды. Олар «Қазақ» газеті арқылы қазақ халқына арнайы үндеулер жолдады.



Жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің өкілдері

Бірінші болып 1917 жылы көктемде Орынборда I Торғай облыстық съезі шақырылды. Съезге Торғай, Ақмола, Семей, Сырдария облыстарынан, сонымен қатар Татарстан, Башқұртстан, Өзбекстанның мұсылман ұйымдарынан делегаттар қатысты. Съезд төрағасы А.Байтұрсынұлы болды. Съезге қатысушылар Ресейде демократиялық парламенттік республика құру, Құрылтай жиналысын шақыру, қазақтардың жерлерін тартып алуды тоқтату, қоныстандыру қорына алынған жерлерді қайтару, әйелдер мен ерлердің құқықтарын теңестіру, мектептік білімді дамыту, ұл балалар мен қыз балаларды бірге оқыту, дінді мемлекеттен бөлу, жергілікті билік органдарын құру, уездік комиссарлар институтын жою туралы мәселелерге қатысты пікірлерін білдірді.

1917 жылы 12–13 сәуірде Верный қаласында Жетісу қазақтарының съезі болып өтті. Съезд азық-түлікпен қамтамасыз ету, жергілікті басқару, сот ісі, салық салу, білім мен ағарту ісіне қатысты мәселелерді қарастырды. Аграрлық мәселе қызу талқыланды, съезд «облысқа сырттан әкеліп қоныстандыруға жол бермеу қажет» деп тапты. Сонымен қатар съезде қазақтардың орыстармен өзара қарым-



Ақпан төңкерісін қолдаушылар шеруі

катынасын реттеу және Қытайдағы босқындарды қайтару мәселелері ерекше қаралды.

Ақмола облысы қазақтарының съезінде А.Тұрлыбаев, Е.Ітбаев, М.Дулатов басшылығымен 150 делегат халықтық білім беру, қаржы, дін, әйел теңдігі, земстволардың қызметі туралы мәселелерге назар аударды. Семейде съезд өткізу және оған дайындық жұмыстары мәселелерін Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков, Х.Ғаббасов, Р.Мәрсековтер өз қолдарына алды. Семей облыстық съезінде Қазақстанның болашақ автономиясын құру ұсынылды. Съезд «Ресейдің бірінші Құрылтай жиналысында Ресейді қоныстанған халықтардың бостандығы, туыскандығы және теңдігі бекітіліп, оларға өздерінің саяси өмірін ұлттық, тұрмыстық, мәдени, экономикалық, тарихи-географиялық ерекшеліктеріне сәйкес құруға мүмкіндік беру керек» деп есептеді.

Қазақ қоғамындағы әйел тағдыры туралы мәселені көтерген Н.С.Құлжанованың баяндамасы қалада да, облыста да қызу талқыланды. Орал, Орынбор, Ақтөбе, Ташкент қалаларында делегаттар аграрлық бағдарламаны әзірлеу және ұлттық мәселе жөнінде талқылады.

Съездер Уақытша үкіметті қолдайтындықтарын жарияласа да, өз шешімдерінде қазақ халқының негізгі саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени талаптарын көрсете білді.

Жер-жерде өтіп жатқан Бүкілқазақ съездері өлкедегі ұлттық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және басқа да маңызды мәселелерді шешу үшін шақырылды. Бұл съездерді шақыру жөнінде ұлттық зиялы қауым өкілдері *1905 жылдан бастама көтерген еді*. Саяси күрес жолына енді ғана түсе бастаған қазақ зиялыларының сол кезеңдегі саяси-әлеуметтік бағдары, ұстанған мұраттары төмендегідей болған: қазақ жерін бүтіндей қазақ елінің меншігі етіп жариялайтын заң қабылдау, ішкі Ресейден көшіп келушілер легіне тежеу қою, қазақ жұмысшыларына еркіндік, теңдік беру, олардың мүддесін қорғайтын заңдар шығару, қазақ балалары үшін мектеп, медресе, университеттер ашу және т.б.

Білгенің абзал! Қазақ съезі алғаш рет 1905 жылы желтоқсанда Орал қаласында өтті. Оған бес облыстың делегаттары қатысты.

Ақпан революциясы жеңіске жеткен соң, бүкілқазақ съездерін шақырудың жаңа кезеңі басталды. Олар 1917 жылы шілде және желтоқсан айларында өтіп, өлкенің одан әрі дамуына жаңа жол ашты.

Қосымша мәлімет.

Ә.Бөкейхан және т.б. қазақ зиялыларының «Жаңарған Ресейдің ерікті азаматтары – қазақтарға!» атты үндеуінен үзінді

Ресей халықтары үшін бостандық, теңдік және туыстық күні туды. Жаңа қоғам, жаңа үкіметті қолдау үшін қазақтар бірігуі тиіс. Жаңа тәртіпті нығайту үшін басқа халықтармен туыстық байланыстарды күшейту қажет.

Құрылтай жиналысы сайлауына дайындалып, оған лайықты кандидаттарды белгілеу қажет. «Бірлік пен әділдік жолында күресіңдер!» «Қазақы айтыстар мен отбасының ұрыс-керісін тастауға шақырамыз». Бірлік пен әділдік халықтың ұраны болуы керек.

Жер мәселесін тез арада талқылаңыздар. Біздің ұранымыз – жаңа үкіметті қолдау және демократиялық республика орнату. Жерді малшаруашылығы мен егіншілік арқылы табыс алатындарға беру керек! Құдайдан басқадан қорықпаңыздар!

Әділ әрекет жасап, жаңа үкіметті қолдаңыздар. Азық-түлік ісі жөніндегі өкілетті уәкілге және майдандағы біздің жұмысшыларға көмек көрсетіңіздер. Халықтың пікірін хабарлаңыздар...

*Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, М.Есболов, Н.Төрешұлов,
Т.Жаманмұрынов және т.б.
(Барлығы 15 адам)*

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясының негізгі қорытындыларын атаңдар.
2. Қос өкімет дегеніміз не? Оның мәні неде? Қос өкіметтің жойылуының басты себептерін ашып көрсетіңдер.
3. Ақпан революциясынан кейін Қазақстанда қандай билік органдары құрылды? Олардың саяси белсенділігі жайлы талдау жасаңдар.
4. Революцияның буржуазиялық-демократиялық сипаты неден көрінді?
5. Қазақстанда облыстық және бүкілқазақ съездері қандай мақсатта шақырылды?

Кестемен жұмыс.

Кестені дәптерлеріне толтырыңдар.

Уақыты	Болған жері	Оқиға
1917 жылдың 23 ақпанында		
1917 жылы 2–8 сәуірде		
1917 жылы 12–13 сәуірде		
1917 жылдың 27 ақпаны мен 4 шілде аралығы		

«АЛАШ» ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ

§ 12. «Алаш» партиясының құрылуы

Бүгін сабақта:

- Қазақ зиялыларының 1917 жылғы шілде айындағы ұлттық партия құруымен;
- партия бағдарламасы жобасының дайындалуымен танысамыз.

Ресейлік кадет партиясының ұлттық бөлімшелерін құруға әрекеттенуі. «Қазақ» газеті және ұлттық-демократиялық қозғалыстар. Қазақстандағы ұлттық-демократиялық қозғалыс 1905 жылдан басталады. Сол кезеңдегі маңызды оқиғалар қатарына кадеттер партиясындағы казак бөлімшесінің құрылуы, «Қазақ» газетін шығару, петициялық қозғалыстар, Мемлекеттік Думада казак халқының мүддесін қорғау, митингілер мен съездер шақыру сияқты оқиғаларды жатқызуға болады.

1905 жылдың желтоқсанында Оралда бес облыстың казак өкілдері өз съезін өткізіп, *Ресей конституциялық-демократиялық (кадет) партиясының бөлімшесін құруға әрекет жасады*. Кадеттер партиясының бағдарламасын негізге ала отырып, А.Байтұрсынұлы және т.б. оны өлкеде құруды көздеді. Съезде Қазақстанның барлық жерін казак халқының меншігі деп тану, мектеп, медресе және университет ашу, сырт өңірлерден шаруаларды әкеліп қоныстандыруды тоқтату туралы мәселелерді қарастырып, қарарлар қабылдады. Орталық Комитет пен оның бағдарламасы жөніндегі хабар «Пікір» газетінде жарияланды. Алайда Ресейдегі кадеттердің орталық комитеті Дала өлкесінде ұлттық бөлімше құруды қолдамады. Сондықтан саяси партияны ұйымдастыру мәселесі кейінге қалдырылды.

I Бүкілказак съезі (1917 ж., шілде) және «Алаш» партиясының құрылуы. Ақпан төңкерісінен кейін 1905 жылдан бастап өмір сүрген Алаш қозғалысы қайта жанданды. Осындай қиын-қыстау сәтте казак ұлттық-демократиялық қозғалысының көсемдері жағдайдың және саяси күштердің тез өзгеруін есепке ала отырып, жалпыказак съезін өткізуді жылдамдату туралы шешім қабылдады. Кадеттер басқарып отырған Уақытша үкімет Қазақстанда патшалық самодержавиенің

Тірек сөздер:

- либерал-демократиялық
- автономия
- бағдарлама
- көшбасшы
- сайлау

саясатын жалғастырды. Үкімет ұлттық мәселені шеше алмады және аграрлық мәселені шешуге асықпады. Өз жолын өзі анықтау немесе басқа да езілген ұлттардың тағдыры сияқты мәселелерге келгенде, Уақытша үкімет оны шешуді ойластырған да жоқ. Қазақстан мен Түркістанның автономия алуына Ресейдегі «екінші үкімет» – Петроград Кеңесі де қарсы шықты.

Білгенің абзал! Самодержавие – революцияға дейінгі Ресейде патшаның шексіз жоғарғы билігі және сонымен бірге осы билік түріне негізделген басқару жүйесі.

Осындай себептерден ұлттық-демократиялық қазақ зиялыларының көсемі Ә.Бөкейхан «Қазақ» газетінде өзінің кадеттер партиясынан шығатынын және қазақтың жалпыұлттық партиясын құрығысы келетінін мәлімдеді. Осы мәселеде ол үш жайтты атап көрсетті: *«Кадеттер партиясы жерді жекеменшікке беру керек деп отыр. Біздің жағдайымызда жерді жекеменшікке берсек, біраздан кейін қазақтар жерсіз қалып, қайыршылыққа ұшырайды. Кадеттер партиясы ұлттық автономияға қарсы шығып отыр. Біз, Алаш туын жоғары көтеріп, ұлттық автономия құруға ұмтыламыз... Кадеттер партиясы дінді мемлекеттен бөлуге қарсы, ал біз діннің мемлекеттен бөлінуін қолдаймыз. Сол себепті кадеттер партиясынан шығып, «Алаш» партиясын ұйымдастыру қажет деген шешімге келдік».*

1917 жылы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясының жеңісінен кейін елдегі либерал-демократиялық көзқарастағы ұлт зиялыларының өкілдері ұлттық партия құру мәселесі бойынша өз жоспарларын жүзеге асыруға кірісті. Олар қазақ халқын тапқа бөлмей бүкіл ұлттың мүддесін көздеді.

Білгенің абзал! Автономия – бір мемлекет шеңберінде өзін-өзі басқаруға құқық берілген саяси-ұлттық құрылым.

1917 жылы шілдеде Орынборда бірінші Бүкілқазақ съезі болып өтті. Съезге Семей, Торғай, Ақмола, Орал, Сырдария, Жетісу облыстарынан, Бөкей Ордасынан және Ферғана, Бұхара, Хиуадағы қазақтар қауымдастығынан делегаттар қатысты. Съезде «Алаш» ұлттық партиясы құрылып, оның атқару комитеті сайланды және оның бағдарламалық мақсаты анықталды.

Партияның баспасөз органы болып «Қазақ» газеті бекітілді. Съездің күн тәртібінде 14 мәселе қаралды. Олар: мемлекеттік басқару жүйесі; қазақ облыстарының автономиялығы; жер мәселесі; халық милициясын ұйымдастыру; земство; халық ағарту ісі; сот



Алаш кайраткерлері:
А. Байтұрсынұлы, Ө. Бөкейхан, М. Дулатов

ісі; дін мәселесі; әйелдер мәселесі; қазақ облыстарында Құрылтай жиналысына делегаттар сайлау; бүкілресейлік мұсылман съезі; қазақ саяси партиясын құру туралы және т.б. Осылардың ішінде өзінің мазмұны мен саяси мәні жағынан аса маңыздылары ұлттық автономия мен жер мәселесі болды.

«Алаш» бағдарламасының жобасы. 1917 жылы қазақ зиялы қауымының өкілдері өз ұлттық мүдделері мен Ресейдің либералдық интеллигенциясы мүдделерінің арасында үлкен айырмашылық бар екендігін толық түсіне білді. Қазақстанның тәуелсіздігі үшін алаштықтар заңды саяси әдістермен күресті. Мемлекеттік құрылысты демократияландыру мәселесі бойынша алаштықтардың көзқарасы жүйелілігімен ерекшеленді. Өз бағдарламаларында олар басқарудың президенттік формасын (президенттік республиканы), сайлаудың демократиялық сипатын, тұлғаның жекебасына қолсұғылмаушылықты, сөз, баспасөз және одақтар бостандығын қолдады. Ең басты талаптары қазақ халқының жерлерін біріктіру, отарлау кезінде бұзылған аумақтық тұтастықты қайта қалпына келтіру болды. Бүкілқазақ съезі «Алаш» қазақ ұлттық саяси партиясын шын мәнінде заңдастырды. Атқару комитеті негізінде партияның басқарушы органы сайланды. 1917 жылдың 21 қарашасында «Қазақ» газетінде «Алаш» партиясының бағдарламасы жарияланды. Партияның бағдарламасын А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, Е. Ғұмаров және т.б. жасады. *Партия бағдарламасы 10 тараудан тұрды.*

Орында! Алаш партиясы бағдарламасындағы мәселелердің қазіргі тәуелсіз Қазақстанда орындалған-орындалмағаны туралы өз ойларыңды жазыңдар.

Бағдарламаның басты мақсаты: қазақ автономиясының басқа автономиялармен тең жағдайда Ресей Федерациясының құрамына кіруін қамтамасыз ету болды. Сондай-ақ теңдік, тұлғаның жекебасына қолсұқпаушылық, сөз, баспасөз, одақ бостандығы, ана

тілінде тегін, қолжетімді білім беру, жерді жекеменшікке беруге жол бермеу, оны теңдей етіп пайдалануға бөліп беру және т.б. мәселелерді көтерді.

Ойлан! Бағдарламада көрсетілген мәселелердің маңыздылығы неде? Қазақ зиялыларының социалистік көзқарасты қабылдамау себептері неде?

Алаш азаматтарының басым көпшілігі социалистік идеологияны, таптық принципке негізделген большевиктер күресінің бағдарламасын қабылдай қоймады. Олар қазақ қоғамы тұтасымен социалистік революцияға дайын емес деп есептеді. «Алаш» партиясының басшылары мен мүшелері «Қазақ халқын отарлық езгіден азат ету» бағдарламасының төңірегіне топтасты.

XX ғасыр басындағы қазақ ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси қызметінде «ұлтшылдықтың», «буржуазияшылдықтың» ешқандай да белгісі болған емес. «Алаш» қазақ халқының нағыз ұлттық, либералды-демократиялық партиясы болды.

Қосымша мәлімет.

«Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы.

Бағдарламаның бірінші бөлімі «Мемлекет қалпы» деп аталады. Партия бағдарламасында Ресей демократиялық, федеративті республика болуы тиіс деп атап көрсетілді және *демократия* мен *федерация* ұғымдарына түсінік берілді. «Демократия – мемлекетті халықтың билеуі, яғни халық билігі. Ал федерация мағынасы – құрдас мемлекеттерге бірлесу... , әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді». Мұндағы негізгі айтылмақ идея – өзін-өзі басқаратын теңқұқылы мемлекеттер одағы болады.

Партия бағдарламасының бірінші бөлімінде демократияның жарқын көрінісі сайлау туралы да айтылады. Жоба авторлары демократиялық сайлау жүйесін ұсынды. «Депутаттар тегіс, тең, төте һәм құпия сайлаумен болады. Яғни, азаматтардың саяси құқығы шыққан тегі, діні, сенімі, қызметі, мүлкі және жыныс айырмашылығына қарамай, барлығының сайлау құқығын жүзеге асыру арқылы бекітіледі.

Бағдарлама жобасының «**Жергілікті бостандық**» деп аталатын екінші бөлімінде қазақтар мекендейтін облыстарда тұратын барлық ұлттар үшін автономия құру туралы мәселе бірінші кезекке қойылады. Онда былай айтылады: «Қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып, Ресей Республикасының федерациялық бір организмі болуы, реті келсе, Қазақ автономиясы достас халықтармен әзірге бірлесуі, реті келмесе бірден-ақ өз алдына жеке болуы, қайткенде де осы күнгі земстволықты қабыл алуы керек».

Бағдарлама жобасының үшінші бөлімі («**Негізгі құқық**») нағыз таза демократиялық және адамгершілік принциптерге негізделіп жасалған. «Ресей Республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей барлық адам теңқұқылы болады. Жиылыс жасауға, қауым жасауға, жария сөйлеуге, газет шығаруға, кітап бастыруға еркіндік беріледі». Азаматтарының табиғи және саяси құқықтарының сақталуын қамтамасыз ететін мұндай ең демократияшыл, ізгілікті идеялар сол кезде Ресейдің бірде-бір заңында жарияланған емес.

«Дін ісі» деп аталатын төртінші бөлімінде дінді мемлекеттен бөліп қарау керектігі айтылды. Қазақтарда діни басқару органы – муфтият құру керектігі, сонымен қатар барлық діндердің тең екендігі атап көрсетілді.

Бағдарламаның «Билік һәм сот» деп аталатын бөлімінде сот билігі, оның ішінде билер соты туралы айтылады. Билік пен соттың әр халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрып ерекшеліктеріне қарай жүргізілуіне басты назар аударған бағдарлама авторлары халыққа таныс емес құқықтық нормаларды енгізуге қарсылық білдіреді. Олардың айтуынша, құқықтық нормалар мен билік халықтың тұрмыс-тіршілігі мен даму деңгейіне сәйкес болуы керек, яғни соттар істі әрбір халықтың тұрмыс жағдайларына қарай қарауға тиіс.

Алтыншы «Ел қорғау» деген бөлімде қазақ әскерлік міндетін атты милиция түрінде атқару керек делінді.

«Салықтар» деген жетінші бөлімде салық әл-ауқат, табысқа қарай байға байша, кедейге кедейше әділ жолмен таратылу қажеттілігі қарастырылды.

«Жұмысшылар» деп аталатын сегізінші бөлімде «Алаш» партиясының жұмысшылар турасында социал-демократтардың меньшевик табының бағдарламасын жақтайтындығы айтылды.

«Ғылым-білім үйрету» деп аталатын тоғызыншы бөлімде білім беру мәселесі қарастырылды. Білім беру тегін, қолжетімді болып, оқыту ана тілінде жүргізілу керек делінді. Сонымен қатар бұл бөлімде орта оқу орындары мен университеттер ашу керектігі және олардың қызметіне биліктің араласпауы қажеттігі айтылды.

Бағдарлама жобасындағы «Жер мәселесі» деп аталатын оныншы бөлімде бұрынғы жылдары қазақтардан жердің жаппай тартып алынғаны ескеріліп, жерді ең алдымен тұрғылықты халыққа қайтарып беруді әділ шешу міндеті қойылды. Жерді сатуға үзілді-кесілді тыйым салынған. Жердің бүкіл байлығы, кені, қазынасы, өзендер мен көлдері және ағаштары мемлекет меншігінде болуы тиіс екендігі айрықша атап көрсетілген.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Алаш» партиясы бағдарламасының негізіне қандай бағдарламалық мақсаттар қойылды?
2. «Алаш» партиясы көшбасшыларының қоғамдық-саяси қызметін сипаттап беріңдер.
3. 1917 жылы шілде айында өткен I Бүкілқазақ съезінің маңызды неде?
4. «Алаш» партиясы бағдарламасының авторларына қысқаша сипаттама беріңдер.
5. I Бүкілқазақ съезінде көтерілген мәселелердің себептерін талдаңдар.
6. «Алаш» партиясы бағдарламасының он бөлімінің әрқайсысына баға беріп, өз пікірлеріңді білдіріңдер.

Кестемен жұмыс.

«Алаш» партиясының бағдарламасындағы тарау атаулары мен оның сипаттарын толықтырып, дәптерлеріне жазыңдар. «Қосымша мәлімет» айдарында берілген материалдарды пайдаланыңдар.

Партия бағдарламасы

Бағдарлама атаулары	Сипаттамасы
«Мемлекет қалпы»	
	Қазақтар мекендейтін облыстарда тұратын барлық ұлттар үшін автономия құру туралы мәселе бірінші кезекке қойылады.
«Негізгі құқық»	
	Қазақтарда діни басқару органы – муфтият құру керектігі, сонымен қатар барлық діндердің тең екендігі атап көрсетілді.
«Билік һәм сот»	
«Ел қорғау»	
	Салықтың әл-ауқат, табысқа қарай байға байша, кедейге кедейше әділ жолмен салынуы туралы қарастырылды.
	Социал-демократтардың меньшевик табының бағдарламасын жақтайтындығы айтылды.
«Ғылым – білім үйрету»	
«Жер мәселесінде»	



Президенттік республика – мемлекет басшысы президент болып келетін басқару формасы бар мемлекет. Президенттік жүйеде президентті және парламентті халық сайлайды, заңды билік пен атқарушы билік арақатынасы өзгереді, ел президенті мемлекеттің де, үкіметтің де басшылығын өз қолына алады.

Баспасөз органы – газет немесе журнал.

Федерация (лат. *federatio* – одақ, бірлестік) – белгілі бір саяси тәуелсіздігі бар бірнеше мемлекеттік құрылымдардың бірігіп одақтық жана бір мемлекетті құруы. Федерация мен оған кіретін субъектілердің міндеттері арасындағы айырмашылықтар жалпы мемлекеттік конституциямен реттеледі. Әр субъектінің өзінің жоғарғы билеу (заң шығарушы, атқарушы, сот) органдары болады.

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛДЕРІ

§13–14. Қазақ халқының саяси көшбасшылары
(Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов,
Б.Қаратаев, М.Тынышбаев, М.Шоқай)

Бүгін сабақта:

- қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерінің өмірі мен қызметі туралы білеміз;
- олардың отаршылдық езгідегі қазақ халқының ұлттық мүдделері үшін күресімен танысамыз.

Қазақ халқының саяси көшбасшылары. XX ғасырдың басында ұлттық-отаршылдық езгінің күшеюі, өлкеге капиталистік қатынастардың енуі, патша өкіметінің қоныстандыру саясаты қазақ халқының ұлттық сана-сезімін өсірді. Қазақ халқының отарлық езгіге қарсы белсенді әрекеттері күшейе түсті. Қазақ зиялылары қазақ мемлекеттілігін қалпына келтірудің амалдарын қарастырып, өз халқының отаршылдық езгіден азаттық алу жолындағы күресін басқаруға ұмтылды. XX ғасырдың басындағы Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Б.Қаратаев, М.Тынышбаев, М.Шоқай және т.б. танымал тұлғалар ұлтты басқа халықтармен терезесі тең даму жолына бастай білді. Ұлт зиялылары қазақ қоғамының оянуына жәрдемдесіп, халықтың құқықтық, эстетикалық санасы мен өнегелі ой-өрісіне зор ықпал етті. Алаштың болашақ көрнекті жетекшілері сол кезде Петербург, Мәскеу, Варшава, Қазан, Омбы, Орынбор мен Том және т.б. жоғары оқу орындары мен училищелерін бітіріп шыққан адамдар еді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында (1999 ж.) Алаш қайраткерлері туралы «Мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтар» деп әділ бағасын берді.

Тірек сөздер:

- ұлттық сана
- ағартушылық
- қайраткер

Білгенің абзал! Қайраткер – ұзақ жылдар бойы жүрек қалауымен қоғамның белгілі бір саласында игілікті, ерікті қызмет еткен азамат.

Әлихан Бөкейхан (1866–1937) Семей облысы, Қарқаралы уезі, №7 Тоқырауын болысында туған. Оның арғы атасы Шығыс ханның ұрпағы – әйгілі Барақ сұлтан. Ержеткен ортасы – Абайдың



Ә.Бөкейхан

шығармалары, Мәди мен Нарманбет секілді әнші-сазгерлердің азаттықты көксеген тамаша туындылары кең таралған, Қоянды жәрменкесінде бүкіл Дала қазағының басын қосқан айтулы Қарқаралы өлкесі. Үш сыныптық қалалық орыс-казак мектебін, Қарқаралы қалалық үш жылдық училищесін, 1890 жылы Омбының техникалық училищесін, 1890–1894 жылдары Санкт-Петербург орман техникалық институтының экономика факультетін оқып бітірген. I Мемлекеттік Думаға депутаттыққа сайланып, онда кадет партиясының мүшелерімен тығыз қарым-қатынаста болды.

XX ғасырдың басында казак даласында екі ағымның болғаны белгілі. Біріншісі – Бұкар мен Түркістан өлкесіне кең таралған дәстүрлі исламшыл ағым (панисламизм). Екіншісі – Батыс өркендетін үлгі тұтқан жаңашыл жалпыұлттық-демократиялық қозғалыс. Осы екінші ағымның басында Әлихан бастаған орыс мектептерінен тәлім-тәрбие алған озық ойлы казак зиялылары тұрды. Бұл топ саяси ұстамдылық танытып, Ресей империясына қарсы ашық күреске шығудың әлі ерте екенін анық түсінді. Сондықтан олар алдымен халықтың сана-сезімін оятатын жағдай жасау керек деп білді.

1896 жылы Сібір ғалымдарының ұсынысымен Ә.Бөкейхан Императорлық Орыс географиялық қоғамы Батыс-Сібір бөлімінің толық мүшесіне сайланып, көп ұзамай кезекті ғылыми экспедиция құрамына шақырылады.

1903 жылы Петербургте «Ресей. Біздің өлкенің толық географиялық сипаттамасы» деген жалпы атаумен 18 томдық жинақ шығады. Ә.Бөкейхан аталған жинақтың «Қырғыз (казак) өлкесінің аумағы бойынша тұрғындарды орналастыру, оның этнографиялық құрамы, тұрмыс-салты мен мәдениеті» бөлімінің авторы болды. Онда ауыз әдебиеті материалдарын, әсіресе «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын талдай отырып, казак халқының мәдениетіне жалпы сипаттама береді. Абайды казак поэзиясын жаңа биікке көтерген ақын ретінде бағалағанын айта кету керек.

1904 жылы Ә.Бөкейхан орыс шаруаларының казак жерлерінде қайта қоныстануы туралы материал жинақтап жүрген Ф.А.Щербина экспедициясының құрамына кіреді. 1911–1914 жылдары Ә.Бөкейхан «Жаңа энциклопедиялық сөздік» («Қазіргі мемлекеттердегі ұлттық қозғалыстардың түрлері» атты жинақ) пен «Қазақтар» мақаласын шығаруға қатысады.

Ол «Қырғыздар», «Қырғыз хандары, сұлтандары жазысқан хаттардан», «Орта қырғыз ордасының ханы Бөкей мен оның ұрпақ-

тарының хаттарынан», «Үлкен қырғыз ордасының сұлтаны Сүйік Абылайхановтың қағаздарынан», «Сұлтан Кенесары Қасымұлы тарихы туралы материалдар», «Қарқаралы уезі қырғыздарының (казактардың) рулық сызбасы», «Абай (Ибраһим) Құнанбаев», «Қырғыздардың ас беруі туралы» және т.б. көптеген тарихи және этнографиялық еңбектер жазды. Ә.Бөкейхан «қазақ» этнонимінің шығу тегін жан-жақты зерттеп, өз нұсқаларын ұсынды.

Студент кезінде-ақ сенімсіздердің кара тізіміне ілігіп, алдымен Семей түрмесіне қамалды. Кейін Самар қаласына жер аударылып, онда тек ғылыми-шығармашылық қызметпен айналысуға мәжбүр болды. **1913 жылы «Қазақ»** газетін ұйымдастыруда және оның жалпыұлттық деңгейге көтерілуіне зор еңбек сіңірді.

Алашорда үкіметінің төрағасы болып қызмет атқарды. Кенес билігі тұсында ол туған елі үшін белсенді қызметтен бас тартқан емес.

Өкінішке орай, Сталин басқарған жоғары билік революцияға дейінгі қазақ зиялыларына, оның ішінде Ә.Бөкейханға сенімсіздік танытты, қоғамдық қызметін теріс бағалап, шектеп отырды.

1937 жылы шілдеде тұтқындалып, 27 қыркүйекте ешқандай негізсіз ату жазасына кесілді. Соңғы тергеуде Алаш партиясы мен кеңестік билікке қарсы әрекеттеріне байланысты барлық жауапкершілікті өз мойнына алған Ә.Бөкейхан ақтық сөзінде: *«Кеңестік билікті сүйген емеспін, бірақ мойындауға мәжбүрмін»*, – деп мәлімдеді. 1989 жылы 14 мамырда КСРО Жоғарғы Сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ деп толық ақталды.

Ахмет Байтұрсынұлы (1873–1937) Торғай облысындағы Торғай уезінің Сарытүбек деген жерінде дүниеге келген. Ауыл мектебінде оқып, сауатын ашады. Кейіннен Торғайдағы екі сыныптық орыс-казак училищесінде білім алған. 1895 жылы Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітіреді. Есімі бүкіл түркітілдес халықтардың тарихында мәңгі өшпестей болып, алтын әріптермен жазылған. Ол – ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы-демократ, заң білгірі, казак халқының адал перзенті.



А.Байтұрсынұлы

Білгенің абзал! 1997 жылы Торғай мен Қостанай облыстары бірігіп, жаңа әкімшілік бірлік Қостанай облысын құрды.

Атасы Шошак атакты Үмбетей батырдың ұрпағы болған. Әкесі мен туыстарының Ресей үкіметі тарапынан жапа шегуі Ахметке азаттық жолындағы күреске түсуіне ой салды.

Ол 1895 жылдан 1909 жылға дейін Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушылық қызмет атқарды. Қарқаралыға алғаш келгенде уездік мектептің мұғалімдігінен бастап, аз жыл ішінде қалалық училищенің жетекші ұстазына айналған А.Байтұрсынұлы бүкіл қыр еліне әлеуметтік қозғалыстың беделді басшысы ретінде танылып қалған болатын.

Ахмет Байтұрсынұлының мына бір сөзі ұлтымызға ұран болуы әбден лайық: *«Біз кейін қалған халық алға басып, жұрт қатарына кіруіміз керек. Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек, күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек».*

1937 жылы 8 қазанда тағы да қамауға алынып, екі айдан соң 8 желтоқсанда атылды. Абақтыда отырған кезінде А.Байтұрсынұлы тергеушілердің сауалына: *«Менің идеалым – қазақ халқының тұрмыс жағдайын, мәдениетін мүмкін болғанша көтеру, ал мұның өзі оның игілікті дамуының алғышарты болғандықтан, мен осы мұратты қандай билік қамтамасыз ете алса, соған риза болмақпын »*, – деп жауап қайтарған еді.

Орында! XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қазақ ұлт зиялыларының бірі туралы эссе жазыңдар.

Міржақып Дулатов (1885–1935) – Алаш қозғалысының қайраткері, жазушы, ақын, драматург, журналист.

Ол Торғай облысы Торғай уезі Қызылбел мекенінде дүниеге келген. Алғашқы білімді ауыл мектебінде алып, кейін Торғайдағы екі сыныптық мектепте оқыған. 1904 жылы Омбыға барып, саяси қызметке белсене араласа бастайды. Ол 1905 жылы 17 қазанда Ресей үкіметіне қазақ халқы атынан жолданған Қарқаралы петициясын дайындаушылардың бірі болды. Осы кезден бастап полицияның саяси сенімсіз адамдарының тізіміне ілігеді.



М.Дулатов

1907 жылы Санкт-Петербургте шығып тұрған «Улфат» татар газетінің қосымшасы ретінде «Серке» газетін шығарады. 1909 жылы Қазан қаласында «Оян, қазақ!» атты жыр жинағы жарық көреді. М.Дулатовтың замандастары бұл кітапты

«Ұлттық манифест» деп атады. 1911 жылы ол патша үкіметінің бақылауына түсіп, бір жарым жыл түрмеге қамалады.

1910 жылы М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» атты тұңғыш романы жарыққа шықты. Романда көтерілген әйел теңсіздігі, олардың қалыңмаңға сатылуы жұртшылық арасында үлкен танымалдылыққа ие болды. 1915 жылы «Терме» деген атаумен өлеңдер жинағы шықты. 1922 жылы Ташкентте екі бөлімнен тұратын «Есеп беру құралы» мен «Балкия» пьесасы жарияланды.

Өзінің қызмет еткен жылдары М.Дулатов көптеген мақалалар мен очерктер жазған. М.Дулатовтың еңбектері еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін кең таныла бастады.


Мұхамеджан Тынышбаев (1879–1938) – Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері, тарихшы-ғалым, қазақтан шыққан тұңғыш теміржол инженері. Ол Жетісу облысы Лепсі уезі Садыр болысында дүниеге келген. М.Тынышбаев 1900 жылы Верныйдағы ер балалар гимназиясын, кейін 1906 жылы Санкт-Петербург Жол қатынасы институтын бітірді. 1905 жылдың соңында Орал қаласында Қазақстанның бес облысы съезінің жұмысына қатысқан. Студент кезінде қоғамдық-саяси өмірге белсене араласады. Баспасөз беттерінде орталық билікті сынайтын мақалалар жазып, патша үкіметінің жүргізіп отырған саясатына қарсы үгіт-насихат жүргізді. 1906 жылы II Мемлекеттік Думаға Жетісу облысынан депутат болып сайланып, мұсылман фракциясының мүшесі болды. 1916 жылы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысушы ретінде тұтқындалған.



М.Тынышбаев

Ойлан! Неге Кеңес өкіметі кезінде қазақ зиялылары туралы зерттеу жұмыстары жүргізілген жоқ? Қазақ зиялыларының қуғынға ұшырау себебі неде?

Бақытжан Қаратаев (1863–1934) – алғашқы қазақ заңгері, мемлекет және қоғам қайраткері, ағартушы, демократ. Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданының Ақбақай ауылында дүниеге келген. Сұлтан тұқымы әулетінен тарайды. Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың шөбересі. Орынбор гимназиясын, Санкт-Петербург университетінің заң факультетін үздік бітірген. 1905–1914 жылдар аралығында Кадет партиясының мүшесі болған. 1907 жылы екінші Мемлекеттік Думаға Орал облысынан депутат болып қатысып,



Б.Қаратаев

жер-су мәселесі бойынша казак халқының мүддесін қорғап, сөз сөйлеген.

II Мемлекеттік Думада аз уақыт жұмыс істегеніне карамастан, оның казак депутаттары Ресей парламентіне өлкедегі жағдайдың шындығын жеткізуге мүмкіндіктің бәрін істеді. Осыған орай Б.Қаратаевтың II Мемлекеттік Думаның 1907 жылы мамырдың 16-сында өткен мәжілісінде сөйлеген сөзін ерекше атап өту керек. Өзіне берілген 10 минут ішінде столыпіндік аграрлық реформаны әшкерелеп, мұны Қазақстан мен Орта Азияны отарлауды күшейтетін және жергілікті халықтарды тонауды шырқау шегіне жеткізетін мемлекеттік саясат ретінде айыптады.

Халықтың құқын қорғауда көп еңбек сіңірген заңгер Б.Қаратаев большевиктердің қазақ халқына қарсы ұйымдастырған нәубетіне, аштан қырылуына қарсы батыл үн қатқан. Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Ф.Голошекинге қарсы шығып, халықты қырған, аштыққа ұрындырған қылмысын бетіне басқан. Өмірінің соңына дейін ғылыми-зертханалық жұмыстармен шұғылданған. Ақтөбеде 1934 жылы 28 тамызда дүниеден өткен.

Мұстафа Шоқай (1890–1941) – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, түркі халқының даңқты күрескері. Ол 1890 жылы Сырдария губерниясы Ақмешіт уезіне қарасты Наршоқы (қазіргі Қызылорда облысы Шнелі ауданы) деген жерде туған. Ауыл молдасынан хат танығаннан кейін 1902 жылы Ташкенттегі ерлер гимназиясына оқуға қабылданып, оны алтын медальға бітіреді. 1910 жылы Санкт-Петербург Императорлық университетінің заң факультетіне оқуға түседі. Студенттік жылдары империя астанасындағы демократиялық қозғалыстарға қатысады. Ақпан төңкерісіне дейін III және IV мемлекеттік Думаға казактар депутаттыққа сайланбағандықтан, Алаш көшбасшыларымен бірге Ресей Мемлекеттік Думасының мұсылман фракциясында 1913 жылы хатшы және аудармашы қызметін атқарады.



М.Шоқай

1921 жылы Қызыл әскер Кавказды басып алып, 16 ақпанда Тифлис қаласына кіреді. М.Шоқай Францияға кетуге мәжбүр болады. Эмиграцияда жүрген М.Шоқай Түркістан халқын біріктіру мақсатында газет-журналдар шығаруға атсалысты. Орталық Азия туралы мақалалар, теориялық зерттеулер, саяси шолулар жариялады. 1926 жылдан бастап «Прометей» журналының редколлегиясында, Кавказ,

Украина мен Түркістан халықтарын ұлттық қорғау органында жұмыс істеді. 1927 жылы Стамбулда «Жаңа Түркістан» журналын шығаруға қатысты. 1929 жылы «Жас Түркістан» журналының бас редакторы болды. 1939 жылы журналдың 117 нөмірі жарыққа шықты.

Бірнеше еуропалық тілді білуінің арқасында М.Шокай Париж, Лондон, Стамбул мен Варшаваның үлкен мінберлерінде баяндамалар, талдау, шолулар жасады.

Гуманист-ойшыл, демократ, энциклопедист, ағартушы М.Шокай Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихы мен мәдениетіне қатысты мәселелерді қозғады. Бірнеше тілді (ағылшын, француз, неміс, түрік, араб тілдері) еркін меңгерді. Ол бүкіл саналы ғұмырын шындық үшін күреске, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының азаттық күресіне арнады.

Қосымша мәлімет.

Жазушы Тұрсын Жұртбайдың айтуы бойынша, Әлихан Бөкейханның бес ұстанымы болды:

1) Алаш ұлттық демократиялық мемлекет болуы тиіс. Ол үшін, ең алдымен, «жер, жер және жер» болуы керек. Жерсіз Отан жоқ;

2) Алаш жерінің астындағы, үстіндегі, көгіндегі барлық байлық қазақтың өзіне қызмет етуі тиіс. Бөкейханның сөзімен айтсақ, «қазақтың әрбір тасы қазақтың киіміне түйме болып тағылуы тиіс»;

3) мемлекет толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуі тиіс болған. Бөкейханның жобасы бойынша, қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек;

4) Қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тілі, діні, менталитеті өзге ұлттарға қарағанда үстем болуы керек;

5) ең негізгі ұстанымы бойынша ғылымға, оның ішінде тәуелсіз ғылымға, ұлттық дәстүрге негізделген, заңға сүйене отырып, Жапония үлгісіндегі ұлттық демократиялық мемлекет құрылуы керек.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Әлихан Бөкейхан қай жерде дүниеге келді?
2. «Оян, қазақ!» атты жыр жинағының авторы кім?
3. Голошekinге қарсы шыққан тұлғаны атаңдар.
4. XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдаңдар.
5. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, тұлғаға байланысты эссе жазыңдар.

Тапсырма.

2016 жылы Әлихан Бөкейханның 150 жылдығы ЮНЕСКО шеңберінде аталып өтті. Соған орай «Қазақ географиялық қоғамы» демеушілігімен «Әлихан Бөкейхан ізімен» атты халықаралық ғылыми-танымдық экспедиция ұйымдастырылды. Қосымша мәліметтерді пайдаланып, Ә.Бөкейхан туралы эссе жазыңдар.

Кестемен жұмыс.

Кестені дәптерлеріне сызып, бос ұяшықтарға тұлға есімдері, олардың өмір сүрген уақыттары мен өмірбаяндарын толтырып жазыңдар.

		Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданының Ақбақай ауылында дүниеге келген.
Мұстафа Шоқай		
	1879–1938 жж.	
		Торғай облысы Торғай уезі Қызыл-бел мекенінде дүниеге келген
Ахмет Байтұрсынұлы		
	1866–1937 жж.	

ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТЫҚ ҚАРСЫЛЫҚ ЖЫЛДАРЫНДА (1917–1920 жж.)

§ 15. Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнығуы

Бүгін сабақта:

- Қазақстанның қандай өңірлерінде және неліктен Кеңес өкіметі ертерек жеңіске жеткенін білеміз;
- Кеңес өкіметінің қай жерде бейбіт жолмен, қай жерде қарулы күрес жолымен орнағаны жайлы сұраққа жауап табамыз;
- Кеңестердің Қазақстандағы алғашқы саяси және экономикалық реформаларымен танысамыз.

Кеңес өкіметінің орнауы. 1917 жылы 25–26 қазанда Петроград қаласында қарулы көтеріліс болып, өкімет билігі Жұмысшы және солдат депутаттары кеңестеріне өтті. Аса маңызды нысандар (көпірлер, телеграф, үкіметтік мекемелер) басып алынды. 25-інен 26 қазанға қараған түні Қысқы сарай Кеңестерге бағынып, Уақытша үкімет мүшелері тұтқындалды. 25 қазан күні кешке Смольныйда Ресейдегі бүкіл өкімет билігінің Кеңестерге өткендігін жариялаған Кеңестердің II Бүкілресейлік съезі ашылды.

Тірек сөздер:

- кеңестік билік
- кеңестер
- большевиктер
- декларация

Дүниежүзіндегі алғашқы социалистік мемлекет құрылып, ол Ресей Кеңестік Республикасы (1918 жылғы шілдеден РКФСР) деп атала бастады. В.И. Ленин басқарған бірінші үкімет – Халық Комиссарлары Кеңесі (ХКК) сайланды.

Қазақстанда Кеңес өкіметінің құрылуы екі жолмен өтті: бейбіт жолмен – большевиктерге жергілікті жұмысшылар мен кедейлер қолдау көрсеткен өңірлерде (Сырдария, Ақмола облыстарының, Бөкей ордасының көпшілік аудандарында) және қарулы күрес жолымен – большевиктерге қарсы реакция неғұрлым қуатты болған жерлерде (Торғай, Орал және Жетісу облыстары). 1917 жылы 30 қазанда Кеңестер өкімет билігін өз қолына алған ең бірінші қала Перовск болды. Қала кедейлері мен гарнизон солдаттары 10 мың адам қатысқан бейбіт митингіге жиналып, өкімет билігінің кеңестер қолына өткендігі туралы қаулы қабылдады. Қараша айында Кеңестер өкіметі Черняевте (Шымкент), Түркістанда, Қаза-

лыда, Әулиеатада (Тараз) және басқа да аймақтарда бейбіт жолмен орнатылды. Ақмола облысында кеңестер өкіметі қараша айында Петропавлда, 1917 жылғы желтоқсанда Ақмола (Нұр-Сұлтан), Көкшетау, Қостанайда, 1918 жылы қаңтарда Атбасар, Ақтөбе және т.б. қалаларда бейбіт жолмен орнады.

Қазақстанда Кеңес өкіметін орнатуға әр өңірден большевиктер: Т.Рысқұлов, С.Сейфуллин, А.Иманов, А.Әйтнєв, Т.Боккин, А.Розыбакиєв және т.б. қатысты.

Кеңес өкіметінің Қазақстандағы алғашқы іс-шаралары. Ресейде большевиктер өкімет билігін басып алғаннан кейін (кеңестік тарихнамада бұл оқиғалар «Ұлы Қазан социалистік революциясы» деп аталды) бірден ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелері қойылды. Ұлттық саясаттың негізін екі құжат құрады: 1917 жылы 2 қарашада Ресей халықтарының құқықтық Декларациясы қабылданды және 20 қарашада Ресей мен Шығыстың барлық еңбекші мұсылмандарына Үндеуі жарияланды. 1918 жылы қаңтар айында Кеңестердің ІІІ съезінде В.И.Ленин дайындаған Ресей халықтарының құқықтық Декларациясы қабылданды. Декларацияда биліктің мемлекеттік құрылымы, федеративтік құрылыс қағидаттары белгіленді. Онда ұлттық республикалардың одаққа өз еркімен енуінің нәтижесінде федеративтік кеңестік мемлекет құрылатыны айтылды.

Ойлан! Қазақстанда Кеңестер өкіметі қалай орнатылды? Кеңестердің қандай іс-шаралары Қазақстан халқының кеңес өкіметіне деген оң көзқарас тудырды?

1917 жылғы Қазаннан кейін Ресейде және қазақ өлкесінде алғашқы саяси, әлеуметтік және экономикалық іс-шаралар жүргізіле бастады:

- басқарудың ескі әкімшілік аппаратын жою және кеңестік мемлекеттік аппаратты құру;
- дінді мемлекеттен, ал мектепті діннен бөлу;
- тапқа бөлінуді, еркектер мен әйелдер арасындағы теңсіздікті жою;
- контрреволюциямен күрес үшін төтенше комиссиялар мен милицияны құру ;
- жекеменшікті жою және жерді мемлекет меншігіне алу ;
- өнеркәсіп пен банкілерді мемлекет меншігіне алу;
- кәсіпорындарда жұмысшы бақылауын орнату және т.б.


Социалистік экономиканы құра отырып, большевиктер жұмысшы бақылауына үлкен рөл берді. Ол 1917 жылғы қараша айында ұйымдастырылды . Өндірісте жұмысшы бақылауын құру 1918–1919 жылдары басталған азамат соғысы жағдайларында кәсіпорынды

басқаруға, шаруашылықты жоспарлы жүргізуді ұйымдастыруға, Қызыл әскердің мұқтажықтары үшін өндірісті камтамасыз етуге мүмкіндік берді. Жұмысшы бақылауы өлкенін жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарында, өндіруші кәсіпорындарда (Доссордың мұнай ұңғымалары, Қарағандының көмір шахталары, Успенск мен Сарысу мыс кеніштері және басқалар) орнатылды. 1918 жылдың көктемінде Кеңестер бүкіл ірі өнеркәсіптер, банктер, теміржолдар және т.б. мемлекет қарамағына алды.

Қазақстанда қалалар мен ірі елді мекендерде кеңес өкіметін орнату үдерісі 1917 жылдың қазан айынан бастап 1918 жылдың наурыз айына дейін созылды. Қазақстанда Кеңес өкіметін орнатудың ерекшеліктері: қазақ халқының көшпелі өмір салтының басымдығымен; жергілікті пролетариат пен большевиктік ұйымдар санының аздығы және әлсіздігімен; ұлтаралық қатынастардың күрделілігімен; Орал, Жетісу, Сібір және Орынбор казак әскерлерінің табанды қарсылығымен; Қазақстанға орталық аудандардан қашқан Уақытша үкімет жақтастарының жинақталуымен, Қазан революциясын ұлттық зиялы қауымның, атап айтқанда, «Алаш» партиясының және т.б. қабылдамауымен байланысты болды. Кеңес өкіметіне Қазақстанға орналастырылған солдаттар үлкен қолдау көрсетті. Кеңестердің алғашқы қадамдары жаңа билікті орнату мен нығайтуға және социалистік қайта құруларға бағытталды.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Петроградтағы қарулы төңкеріс қашан болды? Қазан революциясының маңызы неде деп ойлайсындар?
2. Қазақстандағы Кеңес өкіметінің орнауына кімдер қарсы шықты?
3. Большевиктердің пікірінше, бірінші кезекте қандай экономикалық іс-шараларды шешу керек болды? Неліктен?
4. Қазақстанда Кеңес өкіметін орнату ерекшеліктерін атаңдар.
5. Оқулық мәтінін және қосымша материалды талдау негізінде Кеңес өкіметінің экономикалық, саяси және әлеуметтік реформаларын топтаңдар.



Кестемен жұмыс.

«Қазақстанда Кеңес өкіметін орнату» кестесін дәптерлеріне толтырыңдар.

Кенес өкіметінің орнатылу уақыты	Кенес өкіметі орнатылған өңірлер	
	Бейбіт жолмен	Қарулы күрес жолымен



ХКК (Халық Комиссарлары кеңесі) – Кенес үкіметінің атауы .

Декларация – ресми тұлғаларды хабарлар етуге арналған мәлімдеме немесе нормативтік құжат .

Декрет – құқықтық акт, билік органының қаулысы .

Контрреволюция – мемлекетте болып өткен революциялық қозғалыстарға қарсы бағытталған саяси қозғалыс немесе бұрынғы биліктен айырылған күштердің ескі жүйені қалпына келтіру үшін жүргізген қарулы қарсылығы.

Топ – қоғамдық байлық (қоғамда игіліктерді бөлу), өкімет, әлеуметтік белге қолы жету межелері бойынша басқалардан айырықшаланатын үлкен әлеуметтік топ.

Өкімет – мемлекеттік басқару билігі.

Үкімет – мемлекеттік биліктің жоғары атқарушы органы.

§ 16. «Үш жүз» қазақ социалистік партиясы

Бүгін сабақта:

- «Үш жүз» партиясының құрылу тарихын білеміз;
- «Үш жүз» бен «Алаш» партияларының текетірес себептерін анықтаймыз.

Тірек сөздер:

- «Үш Жүз» партиясы
- Партияның әлеуметтік құрылымы
- Партияның жобалық тезистері

«Үш жүз» қазақ социалистік партиясы. 1917 жылы қараша айында Қазақстанда тағы да бір саяси ұйым – «Үш жүз» қазақ социалистік партиясы құрылды. Партияның негізін салушы – Мұқан Айтпенев, көшбасшыларының бірі – Шаймерден Әлжанов. Бірақ кейінірек «Үш жүз» қызметі Көлбай Тоғысовтың есімімен байланысты болды. Партияның баспасөз органы – «Үш жүз» газеті 1917 жылдың желтоқсан айынан бастап Петропавл қаласында шыға бастады.

«Үш жүз» «Алаш» партиясына оппозицияны құраған, ұсақ буржуазиялық социалистік партия болды. «Алаш» пен «Үш жүз» партиясының әлеуметтік құрамын салыстыра отырып, С.Сейфуллин Алашорданы «байлар тобының қаймақтары, шенеуніктердің ұлдары, патша гимназияларында тәрбие алғандар, мырза ұрпақтары» құрағанын жазды. Ал «Үш жүз» төңірегіне омбылық тұрғындар, қолөнершілер, бақташылар, қалалық сауатсыз кедейлер мен Петропавл, Семей жұмысшылары және т.б. топтасты. «Үш жүздің» құрамында белгілі қазақ палуаны Қажымұқан да болды.

Ойлан! «Үшжүздіктер» неліктен «Алаш» партиясына оппозиция болды? «Үш жүздің» большевиктерді қолдай бастауының себебі неде?

«Үш жүз» партиясының бағдарламалық тұжырымдамасы. Партияда айқын бағдарлама болған жоқ. Мерзімді басылымы – осы аттас «Үш жүз» газетінде тек бағдарламалық тұжырымдар ғана жарияланды. «Үш жүз» партиясының мақсаты – түркі-татар халықтарын біріктіру және Ресей Республикасының федеративтік құрылысын талап ету болды. Үшжүздіктер ұлттық мәселенің шешілуін түркі-татар федерациясын құрудан, мұсылман халықтарын түркілік идея негізінде біріктіруден көрді.

Қазақ социалистік партиясының бағдарламалық тезистері айқын емес еді, бірақ еңбекшілердің талаптарын бейнелеген бірқатар тармақтары болды. «Үш жүз» партиясы импералистік соғысты дереу тоқтатуды, соғысушы елдердің арасында аннексиясыз және контрибуцияларсыз бітім жасалуын жақтады. Түркі-татар автономиясын, яғни Ресейдің түркітілдес халықтарының бірыңғай автономиясын құруды ұсынды.

Қосымша мәлімет.

«Үш жүз» партиясы қазақ кедейлеріне жер берілуін талап етіп, отырықшы өмір салтына көшу қажеттігі туралы айтты. Олар күштерінің шамасына қарай әлсіздерді қорғауды, жетімдерге, үлестен құр қалғандарға көмектесуді және мүмкіндігінше «кедейлерді мейірімсіз жыртқыштардың жеп қоймауына» жол бермеуді өз міндеті деп есептеді. Сот құрылысы мен сот ісін жүргізу мәселесінде «Үш жүз» партиясы Құранның қатаң тармақтарын алып тастап, әдеттік құқық пен шарифат негізінде заңдар жинағын жасауды ұсынды. Үшжүздіктер өз алдына қазақ ауылдарында земство мекемелерін құру міндетін қойды. Себебі олар мектептердің ашылуына, халықтың арасында білімнің таралуына жағдай жасаған, кедей шаруашылықтарға несиелермен, мүліктермен, астықпен көмек көрсеткен болар еді. Олар ұсақ буржуазия өкілдерінің Кеңес өкіметі органдарымен ынтымақтасу қажеттігі туралы мәлімдеп, солшыл эсерлерге қосылды.

«Үш жүз» партиясының бағдарламасы мен оның басшыларының әртүрлі мәселелер бойынша бой көрсетулерінде ұсақбуржуазиялық революцияшылдарға тән саяси жетілмегендік, көмескілік көрініс берді.

«Үш жүз» бен «Алаштың» текетіресі. Қазақстандағы саяси күштер екіге бөлініп, Кеңестер билігі мен ықпалының күшеюіне байланысты «Үш жүз» большевиктерге бұрынғыдан да жақындай түсті және «Алаш» партиясына қарсы шықты. Егер бастапқыда «Үш жүз» солшыл эсерлермен (социал-революцияшылдар) бірігу ниетін мәлімдесе, 1918 жылғы қаңтар айынан бастап олар большевиктер жағына өтті және жергілікті жерлерде кеңес өкіметін құру жұмысына қосылды.

Кенестер жағына өткен үшжүздіктер большевиктердің Алашордамен күрестегі позициясын күшейтті .

1918 жылдың басынан «Алаш» автономиясына қарсы шыға отырып, үшжүздіктер автономия құру жолында мынадай кедергілерді бөліп көрсетті :

- Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағынан артта қалуы ;
- қазақтардың үлкен аумақтағы (Астраханьнан Қытайға дейін) бытыраңқылығы ;
- өлкенің көпұлттылығы ;
- қазақтар тек қазақ халқының негізінде мемлекеттілікті құра алмайды, өйткені басқа халықтар бұған қарсылық білдіреді деп есептеді .

Қосымша мәлімет.

«Үш жүз» партиясының орталық комитеті Омскіде дүниеге келді, оның бөлімшелері Петропавл, Семей, Ақмола қалаларында жұмыс істеді. 1917 жылы қараша айында Мұқан Айтпенев газетке: «Кадет Әлихан Бөкейханның «Алаш» партиясы бағдарламасына қанағаттанбаған қазақтар өз алдына «Үш жүз» социалистік партиясын ашты» деген телеграмма жолдады.

Кейін баспасөзде «Үш жүз» атауымен Қырғыз социалистік партиясы құрылғаны туралы жарияланды. Онда партияның Орталық комитеті тағайындалғаны, басқарушылықтың қыр-сыры мен апта сайын шығатын «Үш жүз» газеті туралы хабарланды.

Елдің саяси құрылысына қатысты мәселелер бойынша өздерінің көзқарастарын келтіре отырып, олар Алаш автономиясын құрудың мүмкін еместігін айтты. Осыған байланысты «Үш жүз» партиясының көрнекті өкілі Н.Құлжанов алашордашылардың Ресейден бөлінген алаш мемлекетін құрудың қиял екендігін көрсетті. Аумағының белгісіздігі, қазақтардың Орта Азия аймақтарында шашырап қоныстануы, қажетті мамандар мен зиялы қауымның жетіспеушілігі кезінде мемлекеттің егемендігін жүзеге асыру мүмкін емес деп санады.

Үшжүздіктердің мақсаты федерацияны жақтау, түркі-татар қоғамын біріктіру, Құрылтай жиналысына жеке депутаттар тізімін ұсыну болды. Бірақ Құрылтай сайлауында «Үш жүз» партиясы жеңіліс тапты. Ал бұл «Алаш» партиясымен қайшылықты одан әрі күшейтті. Партия төрағасы К.Тоғысов Алаш партиясына қарсы шығып, кеңес өкіметімен келісім жүргізді. Нәтижесі алашордалықтардың кеңес өкіметімен келісіміне ықпал етті.

Қазақ жеріндегі екі ұлттық партияның текетіресі қазақ қоғамының ішіндегі жіктелуді күшейтіп, онсыз да күрделі саяси жағдайды шиеленістіре түсті. Бұл жағдай алашордашыларды жақтаушы қазақтардың бір бөлігінің «Үш жүзден» кетуіне әкелді. Әлеуметтік негізі, айқын бағдарламасы жоқ, елеулі саяси күшке дейін өсе алмаған «Үш жүз» партиясы 1918 жылы маусым айында оның көшбасшысы К.Тоғысов қаза тапқаннан кейін тарап кетті.

Орында! Қосымша тарихи әдебиеттерден «Үш жүз» партиясының көшбасшысы К.Тоғысов туралы мәліметтер тауып, әңгімелеңдер.

Анықта! «Үш жүз» партиясы неліктен ыдырап кетті?

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Үш жүз» партиясы қашан құрылды және оның басшылары кімдер болды?
2. «Үш жүз» бен «Алаш» партияларының арасындағы қатынас қандай болды?
3. «Үш жүз» партиясының бағдарламасы туралы не білесіңдер?

§17–18. Азамат соғысы және шетелдік интервенция кезеңіндегі Қазақстандағы әскери қимылдар (1918–1920 жж.)

Бүгін сабақта:

- «азамат соғысы» мен «шетелдік интервенция» түсініктерінің мәнін айқындаймыз;
- елдің неліктен екі жауласушы лагерьге бөлінгенін анықтаймыз;
- «ақтар» мен «қызылдардың» әскери қимылдарын зерделейміз;
- Қазақстан үшін азамат соғысының салдарына баға береміз.

Азамат соғысы мен шетелдік интервенцияның басталуы. Азамат соғысы 1905–1907 жылдардағы бірінші Ресей революциясынан басталып, бірінші дүниежүзілік соғыс барысында шиеленіскен және 1917 жылы ақпанда монархияның құлауына әкелген терең экономикалық, әлеуметтік, саяси дағдарыстың нәтижесі болды. 1917 жылғы Ресей революциясының жалғасы және шарықтау шегі бүкіл ел ауқымында екі жауласушы лагерьдің: «қызылдардың» (большевиктер, Кеңес өкіметі, Қызыл әскер) және «ақтардың» (ақ гвардияшылар, казактар, Антанта Қарулы күштері және т.б.) арасындағы азамат соғысы болды. Азамат соғысына қосымша Ресей Бірінші дүниежүзілік соғыстан шыққан соң (1917 жылғы Қазан революциясынан кейін), Антанта елдері бастаған 1918–1920 жылдардағы шетелдік интервенция орын алды. Кеңестік Ресейге қарсы әскери қимылдарды Англия мен Франция бастады. Бұл оқиға *шетелдік интервенция* деп аталады.

Тірек сөздер:

- азамат соғысы
- шетел интервенциясы
- Қызыл әскер
- ақ әскер
- майдандардың құрылуы

Қосымша мәлімет.


- ✓ 1918 жылы Румыния Бессарабияны басып алды.
- ✓ 1918 жылы наурызда ағылшындар, кейін АҚШ пен Франция әскерлері Мурманскіге келіп түсті.
- ✓ Сәуірде Владивостокта жергілікті контрреволюционерлерге жапондар, ағылшындар, тамызда француздар мен америкалықтар келіп қосылды.
- ✓ 1918 жылдың ортасында интервенттер Архангельскіні басып алды.

✓ Неміс әскері Прибалтиканың, Украинаның, Беларусияның бір бөлігін, Оңтүстік және Солтүстік Кавказды басып алды.

Шетелдік интервенттердің көмегіне сүйенген ішкі контрреволюция Кеңестерге қарсы қимылдарын күшейтті. Петроград тың солтүстігінде Юденич, шығыста адмирал Колчак, оңтүстікте атаман Деникин, Донда атаман Краснов және т.б. әскери шабуылдар ұйымдастырды. 1918 жылы маусымда Самарада большевиктерге қарсы бірінші жалпыресейлік Ресей үкіметі – Комуч (Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитеті) пайда болды. 1918 жылы қыркүйекте Омбыда Уақытша Бүкілресейлік үкімет – Уфа директориясы пайда болды, ал 1918 жылы қараша-желтоқсанда билік Жоғары билеуші адмирал А.Колчак тың қолына өтті.

Қазақстандағы азамат соғысының алғашқы ошақтарының бірі 1917 жылы қараша айының соңында Орынборда (Торғай облысының әкімшілік орталығы) пайда болды. Бұл жерде Орынбор казак әскерінің атаманы А.Дутов кеңес өкіметін құлатты. Сондай-ақ 1917 жылы қарашада Жетісу мен Оралда Кеңестерге қарсы аймақтар пайда болды. Бұл жерлерде ақтар қозғалысының күштері жинақталды.

Чехословак корпусының бүлігі Атаман А.Дутовтың басшылығымен әскери қимылдардың басталуы. А.Колчак әскері Қазақстанда. Интервенттердің жоспарларында чехословак корпусының іс-әрекеттеріне елеулі орын берілді. 1918 жылы мамыр айының соңында, Бірінші дүниежүзілік соғыста Австрия-Венгрия әскерінің құрамында қызмет етіп, Қызыл әскер бөлімдері тұтқындаған чехтар мен словактардың бүлігі бұрқ етті. Чехословак корпусы Волгадан Қиыр Шығысқа дейінгі аса маңызды орталықтарды басып алды. Корпустың бір бөлігі ішкі контрреволюция күштерімен бірігіп, Петропавл, Ақмола, Атбасар мен Қостанайды өздеріне қаратты. 1918



Қызыл гвардияшылар

жылғы көктемдегі осы оқиғалармен Қазақстандағы әскери қимылдар басталды. 1918 жылы 11 маусымда Семейде Кеңес өкіметі құлатылды. 1918 жылы жазда Кеңестер өкіметі тек Жетісу, Сырдария, Торғай облыстары мен бұрынғы Бөкей Ордасының аумағында ғана сақталып қалды.

Әскери қимылдар барысында екі жақтан да зорлық-зомбылық пен қуғын-сүргін көрсетілді. Ақ гвардияшылар коммунистер мен кеңестік белсенділерді қатаң жазалады. Көптеген революциялық қайраткерлер, больше-

виктер қаза тапты. Мұндай қатыгездікті Қызыл әскер де көрсетіп, өздеріне қарсы соғысқандар мен ақтар қозғалысына жақтас болғандарды қатаң жазалап отырды.

1918 жылғы 18 қаңтарда Орынбордан қуылған атаман А.Дутов Кеңестерге қайтадан қарсы шықты. 1918 жылы 3 шілдеде ол Орынбор, Челябинск, Троицкіні жаулап алды. Азия мен Орталық Ресей аудандарын байланыстыратын Орынбор-Ташкент теміржолын басып алып, теміржол қатынасын үзіп тастады.

Ақтардың басты екпінді күші Ресейдің «жоғарғы билеушісі» болып жарияланған адмирал А.Колчактың әскері болды. 1918 жылы қарашада Сібірде адмирал А.Колчактың диктатурасы орнады. Көп ұзамай оның ағылшын және америкалық әскерлермен қосылу мақсатындағы шабуылы басталды. А.Колчак әскері жақсы қаруланған еді. Оның көмегімен большевиктерді жеңіп шығуға үміттенген америкалықтар, ағылшындар, француздар мен жапондар қару-жарак, оқ-дәріні молынан жіберді.

Майдандардың құрылуы. А.Колчак әскерінің талқандалуы және майдандардың жойылуы. 1918 жылғы Орадағы контрреволюциялық төңкерістен кейін **Орал майданы, Жетісуда Жетісу майданы** құрылды. Верный қаласына ақ гвардияшылар, офицерлер, юнкерлер жиналып, олардан офицерлік полк құрылды.

Ақтөбе ауданында *1-Ақтөбе майданы* құрылып, ақ гвардияшыларды 1918 жылдың шілдесінен 1919 жылғы 22 қаңтарға дейін ұстап тұрды. Майданда Қызыл әскер қолбасшы Г.В.Зиновьев, ал төтенше комиссар Ә.Жангелдин болды. Кеңес үкіметі Қызыл әскердің шайқасушы бөлімдеріне әскери көмек көрсетті. Мұның жарқын мысалы ретінде Ә.Жангелдиннің экспедициясын айтуға болады. Ол 1918 жылы В.И.Лениннің нұсқауы бойынша 1-Ақтөбе майданына қару-жарак, оқ-дәрімен аттандырылды.

Азамат соғысы жылдарында Қазақстанда Қызыл әскер бөлімдері құрыла бастады. 1918 жылғы 29 мамырдағы Жарғымен Қызыл әскерді ерікті негізде қалыптастыру еңлігі жерде міндетті әскери қызметпен алмастырылды. 1918 жылғы жаздан бастап Қызыл әскер құрамында қазақ жасақтары құрыла бастады. Қазақ жасақтары Сырдария, Жетісу облыстары, Бөкей Ордасы мен Торғай облысының кеңестер билігіндегі уездері (Торғай мен Ырғыз) негізінде құрылды.



Большевиктік үндеулер бейнеленген плакат

1918 жылдың соңы мен 1919 жылдың басында майдандарда Қызыл әскерлердің күші басым түскені байқалды.

Анықта! «Ақтар» мен «қызылдар» атаулары немен байланыстырылды?

Қызылдардың әскери қимылдары нәтижесінде қазақ өлкесінде Кеңестердің билігі қалпына келтірілді. 1920 жылдың жазына қарай Қазақстандағы азамат соғысы аяқталды.

Бұл қызық! Жетісудағы әскери қимылдар ерекше ауыр болды. А.Дутов пен Б.Анненков әскерлерінің қалдықтары кеңес өкіметіне жанталаса қарсылық көрсетті. Тек наурыз айының соңында ғана өз әскери бөлімдерімен Қытайға кетті. 1921 жылы 6 ақпанда Сүйдін қаласында (Қытай) чекистер қолынан генерал Дутов қаза тапты. Чекистердің басшысы Қасымхан Чанышев болды. Бұл оқиға «Қазақфильм» студиясында шыққан «Атаманның ақыры» атты фильмде көрініс тапты.

Азамат соғысында партизандық қозғалыс кеңінен өрістеді. Қазақстанның Жетісу облысындағы тарихқа Черкасск қорғанысы (1918 жылғы 10 қыркүйек – 1919 жылғы 14 қазан) деген атпен енген қорғаныс үлкен рөл атқарды. 1918 жылдың жазынан 1919 жылдың сәуір айына дейін әрекет еткен Тарбағатай мен Алтайдағы «Қызыл тау қырандары» партизан полкі кеңінен танылды.



Ə.Жангелдин

Əліби Жангелдин (1884–1953) Торғай уезінің Қайдауыл деген жерінде туған, 1903 жылы Орынбордағы діни училищені бітірді. 1904–1905 жылдары Қазандағы мұғалімдер семинариясында оқып, 1906 жылы Мәскеудегі діни академияға оқуға түсті. 1910–1912 жылдары Еуропа, Таяу Шығыс, Африка мен Азия елдеріне саяхат жасады. Ə.Жангелдин – Кеңестердің бірінші съезін ұйымдастырушылардың бірі.

Бұл қызық! 1918 жылы 18 шілдеде Жангелдин бастаған бірнеше мың жауынгерге арналған қару-жарақ, жабдықтарды алып жүрген экспедициялық жасақ Мәскеуден теміржол арқылы шығып, 1 тамызда Астраханьға келіп жетті. 21 тамызда экспедиция қару-жарақты екі кемеге тиеп, Каспий теңізін жүзіп өтіп, Александровскіге (қазіргі Ақтау қаласы) жетті. Бұл арадан Құланды арқылы жүріп отырып, Бозашы түбегіне келіп түсті. Жергілікті халықтан аттар мен түйелер алған экспедиция сусыз шөлмен жүріп отырып, 57 күннен кейін 11 қарашада Шалқар стансысына жетіп, қару-жарақ пен оқ-дәріні 1-Ақтөбе майданының басшылығына тапсырды. 1927 жылы осы экспедицияға қатысқаны және қару-жарақты жеткізгені үшін Ə.Жангелдин Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталды.

Тоқаш Бокін (1890–1918) – Жетісу облысындағы 1916 жылғы көтеріліс басшыларының бірі, азамат соғысына белсенді қатысушы. 1898–1906 жылдары Верный қаласындағы (Жетісу облысы) әскери гимназияда оқыды. Оны бітіргеннен кейін 1914 жылға дейін Т.Бокін сот органдарында және қоныс аударушылар басқармасында тілмаш болып жұмыс істеді. 1913 жылы Т.Бокін Верный қаласында қазақша-орысша сөздік шығарды. 1914–1916 жылдары Санкт-Петербургтегі сот палатасында жұмыс істеді. Верныйға 1916 жылы қайтып келгеннен кейін Т.Бокін Жетісу облысындағы қазақ халқының азаттық күресі басшыларының біріне айналды. Қазақ, қырғыз, дүнген халықтарының арасында үгіт-насихат жұмысымен айналысты. Соғыстың халыққа қарсы сипатын түсіндіріп, патша жарлығына бағынбауға шақырды.



Т.Бокін

1918 жылғы 2–13 қаңтарда Т.Бокін Жетісуда Кенес өкіметін орнатуға қатысты. Екінші Бүкілқазақтық съезге делегат, Жетісу Әскери Революциялық Комитетінің мүшесі болды. Ауылдық және селолық кеңестерді құруға қатысты. Жасақ ұйымдастырып, 1918 жылы көктем-жаз кезінде халықты азық-түлікпен қамтамасыз етті. Бай шаруашылықтарын ішінара тәркілеу жөніндегі комиссияның төрағасы болып сайланды. Верный қаласындағы кеңестерге қарсы бүлікті басуға қатысты. 1918 жылы қыркүйекте саяси күрестің құрбаны болды. Белгілі жазушы З.Шашкин ол туралы «Тоқаш Бокін» романын жазды. 1967 жылы Алматы қаласында оған ескерткіш орнатылып, аудан ауылдарының бірі Т.Бокін есімімен аталды.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Біз қандай соғысты «Азамат соғысы» деп атаймыз? *Шетелдік интервенция* дегеніміз не?
2. 1918 және 1919 жылдары соғысушы жақтардың арасындағы күштердің арақатынасы қандай болды? Оқиғаларды қосымша әдебиеттерге сүйене отырып сипаттаңдар.

Тапсырмалар.

1. Ә.Жангелдиннің немесе Т.Бокіннің саяси портреттерін жасаңдар. Тапсырма жұппен немесе топпен орындалады.
2. Өз жерлеріндегі азамат соғысының оқиғалары туралы әңгімелендер. Картадан көрсетіңдер.

Кестемен жұмыс.

«Қазақстан аумағындағы Азамат соғысы» кестесін дәптерлеріне сызып, толтырындар.

Қызыл әскердің іс-қимылдары	Контрреволюциялық күштердің іс-қимылдары



Азамат соғысы – бір мемлекет азаматтарының арасындағы соғыс .

Интервенция – шетелдік әскерлердің басқа ел аумағына баса-көктеп кіріп, ішкі істеріне араласуы .

Ақ гвардияшылар немесе «ақтар» – патша әскерінің «ақ гвардиясы». Ақ түс – монархия мен ескі заң тәртіптерінің нышаны .

Контрреволюция – революцияға карама-карсы, құлатылған мемлекеттік құрылысты қалпына келтіруге бағытталған қоғамдық үдеріс .

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ АВТОНОМИЯЛАР

§ 19. Қазақстандағы ұлттық автономиялар қызметі

Бүгін сабақта:

- «автономия» түсінігінің мәнін анықтаймыз;
- Қазақстанда ұлттық автономиялар құру себептерін айқындайтын боламыз;
- Орынбордағы II Бүкілқазақтық съезі (1917 жылғы желтоқсан) мен «Алаш» автономиясының құрылуы туралы білеміз.

Түркістан (Қоқан) автономиясы. 1917 жылы Түркістандағы неғұрлым беделді саяси күш ұлттық зиялы қауым болды. Олардың саяси идеологиясы ұлттың өзін-өзі басқаруы мен мұсылман халықтарының діни тұтастығына қол жеткізу үшін түркі халықтарының бірлігін қалыптастыруға негізделді. Алайда өкімет билігіне келген Кеңестер жергілікті халыққа қатысты революцияға дейін патша өкіметі ұстанған отарлық саясат әдістерін сақтады. Большевиктер көпшілікті құрайтын жергілікті халықтардың саяси үдерістерге, өлкені басқаруға теңдей қатысу құқығын мойындамады.

1917 жылғы 15–22 қараша күндері Ташкент қаласында *Түркістан өлкелік солдат, жұмысшы және шаруа, қырғыз және мұсылман депутаттарының III съезі* болып өтті. Онда құрамына 14 адам енген Түркістан өлкесінің Халық Комиссарлар Кеңесі сайланды. Өлкенің жоғарғы өкімет органының құрамына жергілікті мұсылман халқының бірде-бір өкілі енгізілген жоқ. 1917 жылы 19 қарашада Түркістан Кеңестері өлкелік съезінің отырысында большевиктер фракциясының Декларациясы қабылданды. Онда «қазіргі уақытта мұсылмандарды сыртқы өлкелік революциялық билік органдарына енгізу тиімсіз болып табылатыны...» айтылды. Түркістан халқының 80 %-ға жуығын құрайтын барлық жергілікті халық революцияға дейінгі кезең сияқты, өкімет билігінің жоғарғы органдарындағы өкілдіктен айырылды. Бұл жергілікті халықтың наразылығын туындатты.

Тірек сөздер:

- Ұлттық автономия
- Түркістан (Қоқан) автономиясы
- Түркістан мұхтарияты
- Жалпықазақ съезі
- «Алаш» автономиясы
- «Алашорда» үкіметі

1917 жылғы 26–29 қараша күндері Қоканда *IV Төтенше жалтымұсылмандық съезд* шақырылып, оған 200 адам қатысты. Съезді М.Шокай ашты. Ондағы қабылданған қарар бойынша Түркістан автономиялық мемлекетке (Кеңестерден де, РКФСР-дан да тәуелсіз) айналды және Түркістан (Қоқан) автономиясы жарияланды. Съезд «Түркістанды мекендейтін саны аз ұлттардың барлық жағынан қорғалатынын» жариялады.

1917 жылғы 28 қарашадағы съезде Түркістан автономиясының («Туркестан мухторнатының») уақытша үкіметі сайланды. Үкіметтің Министр-төрағасы және Ішкі істер министрі болып М.Тынышбаев, оның орынбасары және Сыртқы қатынастар бөлімінің менгерушісі болып М.Шокай сайланды. М.Тынышбаевтан кейін үкімет басшысы болып М.Шокай тағайындалды.

Бірақ құрылған ұлттық автономиялар большевиктерді қуанта қойған жоқ. 1918 жылғы қаңтардағы Кеңестердің IV өлкелік съезінде Түркістан (Қоқан) автономиясының жариялануы орынсыз деп танылды. Ташкент Кеңесі құрылған Түркістан үкіметін жоюға шешім қабылдады. Автономияны тек социалистік, кеңестік платформада ғана құру туралы шешім қабылданды. 1918 жылы қаңтарда Қоқан автономиясы Самарқанд, Ферғана мен Қоқанды қоршаған Қызыл әскер жасақтарының қысымына ұшырады. Большевиктердің талаптары:

- Кеңес өкіметін мойындауды;
- Түркістан халқының алдында кеңес өкіметін тану туралы бүкілхалықтық мәлімдеме жасауды;
- большевиктерге қаруларын тапсыруды;
- милиция органдарын таратуды және т.б. қамтыды.

Қоқан автономиясын жою үшін Қоқан стансысының қосалқы жолдарына 1918 жылы ақпанның 5-інен 6-сына қараған түні атты әскер, артиллерия және жаяу әскер бөлімдерімен 11 эшелон келіп жетті. 1918 жылы ақпанның 6-сынан 7-сіне қараған түні Қоқанды большевиктер талқандады. Үш күн бойы Қоқан киратылып, қала халқының саны екі есе азайды. Қаланы жаппай өрт шарпыды, барлық жерде зорлық-зомбылық пен тонаушылық орын алды.

1918 жылғы қаңтар-наурыз айларында Түркістан аумағының көпшілік бөлігінде большевиктер Кеңестер, контрреволюциямен күрес жөніндегі бөлімдер, революциялық трибуналдар құрды. Өзгеше ойлайтындар мен оппозицияны жазалау, идеологиялық қудалау қалыпты жағдайға айналды.

Ойлан! Қазақстандағы ұлттық автономияларды Кеңес өкіметі неліктен мойындамады?

1918 жылдың 20 сәуірінен 1 мамырына дейін Ташкентте Кеңестердің *V Түркістан өлкелік съезі* болып өтті. Оған Сырдария және Жетісу облыстарының депутаттары шақырылды. Съезде Түркістан аумағында кеңестік автономия құрылғаны жарияланды. 1918 жылы *Түркістан Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы* құрылып, 1924 жылға дейін өмір сүрді.

Орынбордағы *II Бүкілқазақтық съезд (1917 ж., желтоқсан)* және «Алаш» автономиясының құрылуы. Алашорда ұлттық кеңесінің қызметі. Ресейдегі 1917 жылғы Қазан революциясының жеңісінен кейін қазақ облыстарының тағдырын шешу үшін Орынборда 1917 жылғы 5–13 желтоқсан күндері *II Бүкілқазақтық съезд* болып өтті. Съезді ұйымдастырушылар Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов және т.б. болды. Оның жұмысына бүкіл Қазақстаннан делегаттар қатысты. Шақырылғандардың ішінде жуырда құрылған Түркістан автономиясының басшысы М.Шоқай да болды. Күн тәртібіне мынадай мәселелер қойылды:

– Сібір, Түркістан автономиясы мен Оңтүстік-Шығыс одағына көзқарас;

- қазақ облыстарының автономиясы;
- милиция;
- ұлттық кеңес;
- білім беру;
- ұлттық қор;
- мүфтийлік;
- халық соты;
- ауылдық басқару;
- азық-түлік мәселесі.

Съездегі негізгі мәселе Қазақ автономиясын құру болды. Жаңа өкімет билігін құру туралы шешім қарармен қабылданды. Онда «...қазан айының соңында *Уақытша үкімет* құлады, Ресей Республикасы сенімге және моральдық беделге ие болған биліктен айырылды, елде қандай да бір биліктің жоқтығы кезінде азамат соғысының туындауы мүмкін.... Қалыптасқан қиын жағдайдан шығатын бірден-бір жол қырғыз (қазақ) облыстарының барлық халқын танытын мықты билікті ұйымдастыру болып табылады» деп жазылды. Съезд бірауыздан қазақ облыстарының автономиясын құру және оған «Алаш» атауын беру туралы қаулы шығарды.

25 адамнан құралатын үкімет – Алашорда ұлттық кеңесі сайланды. Оның ішінде 10 орын өлкедегі орыс және басқа халықтардың өкілдеріне берілді. Алашорданың төрағасы болып Ә.Бөкейхан сайланды. Қызыл әскер Қазақстан аумағына кірген жағдайда тойтарыс

беру үшін өз ұлттық әскері – милицияны құруға шешім қабылданды. Съезге қатысушылар «Кеңес өкіметі қандай көзқарас тұрғысынан алып қарағанда да, қырғыз (қазақ) өлкесі үшін тиімсіз» деп есептеді және оның аумағына басқарудың кеңестік жүйесін енгізуге жол бермеуге шешім қабылданды. Алашорда Семей қаласында орналасатын болып белгіленді. Алашорда үкіметінің ең бірінші кезектегі іс-әрекеттері Алаш автономиясын РКФСР-дың тануына және жас Алаш мемлекетін қорғау үшін халықтық милиция жасақтарын құруға қол жеткізуге, Кеңес мемлекетінің басшыларымен келіссөздер жүргізуге бағытталды.

Қосымша мәлімет.

Алашорданың РКФСР ХКК-мен келіссөздердің барысы туралы уездік Қазақ комитеттеріне жеделхаты

Семей, 1918 жылғы 16 сәуір

Автономияға қатысты Халық Комиссарлары Кеңесімен тікелей сым арқылы келіссөздер жүргізудеміз. Халық Комиссарлары Кеңесі біздің автономияны Кеңес өкіметін таныған жағдайда мойындамақ. Біз Орда атынан ресми ұсыныс жібердік. Халық Комиссарлары Кеңесіндегі біздің өкілдер телеграфпен жіберіп отыр: ХКК бізге ресми жауап әзірлеуде, Кеңдептерге қырғыз ұйымдарының тұтқындалған мүшелерін босату туралы өкім жасады. ХКК-нде Алашорда тағайындаған тұлғалардан Қырғыз комиссариатын құру жобалануда. «Алаш» автономиясы жақында жарияланады. Халықты хабардар етуді өтінеміз.

Бұл қызық! 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін көптеген ұлттық аймақтарда ұлттық автономиялар құрыла бастады. Кеңестік Ресей Польшаның, Финляндия мен Украинаның егемендігін тануға мәжбүр болды. Татарстан, Башқұртстан, Сібір және т.б. өз автономияларын жариялады. Ресей империясы күшпен жинаған жерлер ыдырай бастады. 1917 жылғы 2 қарашадағы В.И. Ленин мен И.В. Сталин қол қойған «Ресей халықтары құқықтарының Декларациясында» «халықтардың бөлінуге және дербес мемлекет құрғанға дейін өзін-өзі еркін билеу құқығы» бекітілсе де, большевиктер іс жүзінде ұлттық шеткергі аумақтардан айырылғысы келмеді. Кеңестік Ресей басшылығы халықтардың бұдан әрі өзін-өзі басқаруына жол бермеу үшін бәрін істеді және де құрылған барлық ұлттық автономиялар, сондай-ақ олардың көшбасшылары жойылды. Ресейде кеңестік федеративтік республиканың құрылуы туралы жариялай отырып, большевиктер іс жүзінде патшалық өкіметтің «бірыңғай және бөлінбейтін мемлекет» саясатын жалғастырды.?

Алашорда үкіметінің бүкіл қызметі реформашылдық сипатқа ие болды және Қазақ автономиясын (мемлекеттілігін) құру мен нығайтуға бағытталды. Алашордалықтар құрылтай жиналысының шақырылуына үлкен үміт артты. Құрылтай жиналысы Қазақ автономиясын тану туралы шешім қабылдайды деп есептеді. Алайда,

кейіннен анықталғандай, бұл үміт большевиктік партияның жоспарларымен ешқандай да сәйкес келмеді. Қазақ халқы дербес мемлекет құру мүмкіндігіне ие бола алмады.

Осылайша 1917 жылы қараша айында Түркістанда және 1917 жылғы желтоқсанда Қазақстанда ұлттық автономиялар – РКФСР-дан бөлінетінін мәлімдеген Түркістан және қазақ облыстарының «Алаш» автономиялары құрылды. Алайда бұл автономиялар кеңестік Ресейге ұнай қойған жоқ. Олармен белсенді күреске кірісті. Нәтижесінде ұлттық автономияларды большевиктер жойды. Олардың аумағында РКФСР құрамындағы кеңестік автономиялар құрылды.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Түркістан Кеңестері Ш съезінің өлкелік биліктің жоғарғы органдарын құру туралы шешімі неліктен жергілікті халықтың наразылығын тудырды?
2. Большевиктік басшылық ұлттық автономиялар құруды неліктен қолдамады?
3. Түркістан автономиясы қашан құрылды? Ол әдебиетте тағы қалай аталды? Әңгімелендер.
4. «Алаш» автономиясы қашан және қай жерде құрылды?

Тапсырмалар.

1. «Алаш» автономиясының көшбасшысы Ә.Бөкейхан туралы қосымша материал табыңдар.
2. Қоқан автономиясының көшбасшысы М.Шоқай туралы қосымша материал тауып, әңгімелендер.



Автономия – өзін-өзі басқару, іс-әрекеттер еркіндігі.

Дини бірегейлік – белгілі бір дінге жататындығын ұғынуға құрылған ұжымдық өзіндік сана түрі.

§ 20. Кеңестік билік органдарының Алашорда үкіметімен қарым-қатынасы

Бүгін сабақта:

- Кеңес өкіметі органдарының «Алашорда» үкіметімен қатынастары туралы білеміз;
- «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметі жеңілісінің себептерін зерделейміз;
- «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметі қызметінің рөлі мен маңызын анықтаймыз.

Кеңес өкіметі мен Алашорда үкіметінің өзара қатынастары. 1918 жылы қаңтарда Алашорда үкіметі кеңес үкіметімен: РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы В.И.Ленинмен және РКФСР ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.В.Сталинмен «Алаш» автономиясын тану туралы келіссөздерді бастады. Осы

Тірек сөздер:

- Алашорданың Ұлттық кеңесі
- алашордалықтар
- Алашорда бөлімшелері

мақсатпен Мәскеуге Алашорда делегациясы аттандырылды. 1918 жылы 19–20 наурызда Ә.Бөкейхан мен оның орынбасары Х.Ғаббасов В.И.Ленинмен жаңа құрылған «Алаш» қазақ автономиясын тану туралы телеграф арқылы келіссөздер жүргізді. Алайда кеңес үкіметі ұлттық либералды-демократиялық партия басқаратын ұлттық автономияны тануға мүдделі емес еді.

Қосымша мәлімет.

Семей, 1918 жылғы 21 сәуір

Қырғыз облыстары автономиясының мәселесі қырғыз халқының өмірі мен өлімі мәселесі болды. 2 сәуір күні тікелей сым арқылы комиссар Сталин берген ХКК-нің көзқарасы қырғыз халқының арасына тыныштану әкелгендей болып еді. Алайда жергілікті Кеңдептер тарапынан халықтың заңды құқығына немқұрайдылық жасауы тоқталмай отыр. Қырғыз ұйымын қуғындау, олардың мүшелерін тұтқындаулар ұлттық антагонизмді тереңдетеді. Бұл отты өз уақытында сөндіру, пісіп келе жатқан аласапыран мен толқудан сақтандыру үшін ұйымдастыру жұмыстарына дереу кірісу қажет. Бұл жерде қырғыз халқының бұлжымас еркін орындай отырып, Қырғыз халықтық кеңесі автономия идеялары мүмкіндігінше жылдам жүзеге асырылуы үшін, барлық іс-шараны қабылдауды өз борышы деп есептейді. Осы жылғы 3 сәуірдегі тікелей телеграф арқылы берілген өзінің ресми ұсынысына жедел жауап берілуін күтеді.

*Алашорда төрағасының орынбасары
Х. Ғаббасов*

Большевиктік басшылық өзінің «Алаш» автономиясы мен Алашорда үкіметін мойындамайтынын мәлімдеді. 1918 жылы мамыр айында Алашорда үкіметі кеңес үкіметінің «Алаш» автономиясы туралы қаулыларының заңсыз екендігі туралы шешімін жариялады. Сондай-ақ 1918 жылы жазда Алашорданың большевиктермен ашық күресі басталды. Олар Қызыл әскерге қарсы қарулы күштерін құрды. Алдымен атаман А.Дутовпен одақ жасасты, Орал казактарымен Алаш полктерін қаруландыру мен үйретуге жәрдемдесу туралы келісімге келді.

Ойлан! Азамат соғысы басталған кезде неліктен алашордалықтар ақтар қозғалысы жағына өтті?

Қазақстан аумағы азамат соғысының майдандарымен бөлшектеніп, орталықтандырылған басқару мүмкін болмады. Сондықтан Алашорда үкіметінің үш бөлімшесі: Семейде Ә.Бөкейхан басқарған *Шығыс бөлімшесі*, Батыс Қазақстанда Жаһанша және Халел Досмұхамедовтер басқарған *Батыс бөлімшесі* (бастапқыда ол *Ойыл уәлаяты* деп аталды) және Торғайда А.Байтұрсынұлы басқарған *Торғай бөлімшесі* құрылды.

Уақыт өте келе Алашорда басшылары большевиктерге қарсы күштерден алшақтай бастады. Мұның себептері ақ гвардияшылардың автономияны мойындамауы, қазақ ауылдарын тонауы, мал мен азық-түлікті күшпен тартып алуы болды. Әскери қимылдар барысында ақтар қозғалысының барлық одақтастары «бірыңғай және бөлінбейтін Ресейдің» жақтастары болып табылатыны және қазақ автономиясының құрылуын қолдамайтыны байқалды. Автономия алудан үміттенген алашордашылар Сібір үкіметінің билігін тануға мәжбүр болған және құрылған жасақтарды ақ гвардиялық әскери басшылыққа бағындырған еді. Комуч та, Директория да, адмирал А.Колчак та құрылған автономия мен Алашорда үкіметін мойындаған жоқ және 1918–1919 жылдары оны жою туралы жарлықтар жариялады. Ақ гвардияшылармен саяси келіспеушіліктер Алашорда көшбасшыларының контрреволюциялық коалициядан қол үзуіне әкелді.

Одақтастарына наразы болуы және Қызыл әскер позицияларының күшеюі алашордалықтардың большевиктермен күресінің бәсеңдеуіне әкелді. Алашорданың Торғай бөлімшесінің басшысы А.Байтұрсынұлы 1919 жылы наурызда комиссар Ә.Жангелдинмен кездесіп, Мәскеумен келіссөздер жүргізуге келісті. Мәскеуге сапар шегіп, Қазақ кеңестік автономиясын құруға уәде еткен В.И.Ленинмен кездескеннен кейін, А.Байтұрсынұлы Кеңес өкіметі жағына шықты.

«Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің большевиктермен күрестегі жеңілісі. Кеңес үкіметі қазақтардың арасында ықпалға ие болу үшін, Алаш көшбасшыларымен одақтасу қажеттігін түсінді. 1919 жылы 4 қарашада «Алаш» пен «Алашорда» мүшелеріне кешірім жасау туралы Жарлық жарияланды. Алашордалықтар Кеңестер үкіметін мойындайтынын мәлімдеді. Татарстан мен Башқұртстан ұлт-азаттық қозғалысының көсемдері де осылай істеді. Торғай ауданындағы алаш полктары Қызыл әскер құрамына кірді. А.Байтұрсынұлы ақ гвардияшыларды қолдаудан бас тартуға көндіру үшін Қазақстанның басқа өңірлеріндегі Алашорда басшылығымен келіссөздер жүргізе бастады.

1919 жылы 13 желтоқсанда Алашорданың Батыс бөлімшесі Кеңестер жағына өтуге шешім қабылдап, ақ гвардияшыларға қарсы әскери қимылдарды бастады. Осы уақытта Ә.Бөкейхан басқарған Шығыс бөлімшесі де Кеңестер жағына өтетінін мәлімдеді. **1920 жылы 9 наурызда «Алаш» пен үкіметті тарату туралы жарлық шығарылды.**

Ойлан! Алашорда үкіметін Кеңестер жағына өтуге қандай себептер мәжбүр етті?

1919 жылғы қарашада Кеңес өкіметін мойындаған барлық саяси қарсыластарға кешірім жарияланғандығына қарамастан, большевиктер мен алашордашылардың арасындағы қатынастар күрделі болды.

1920 жылдың бас кезінде Семейде ақ гвардияшылармен ынтымақтас деген айыппен Ә.Бөкейхан мен Алашорданың басқа да белсенді қайраткерлері тұтқындалды. Тек Қазревком (Кирревком) мүшесі А.Байтұрсынұлының араласуы ғана оларды тұтқыннан босатуға мүмкіндік берді. 20-жылдардың бірінші жартысында большевиктер Алаш көшбасшыларын мемлекеттік, кеңес және шаруашылық жұмысқа белсенді тарта бастады. Алаш қайраткерлері Қазақстанның саяси және шаруашылық дамуына үлкен үлес қосты. Алайда азамат соғысы жылдарындағы олардың қарсылығы ұмытылған жоқ еді. 20-жылдардың екінші жартысынан бастап Алаш қайраткерлері түгелге жуық қуғын-сүргінге ұшырады. 1937–1938 жылдардағы жаппай репрессиялар кезеңінде алашордашылар атылды.

Осылайша Алашорда үкіметі 1920 жылы жойылып, Қазақстан аумағындағы билік революциялық комитеттер (ревкомдар) мен Кеңестердің қолына көшті.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Алашорданың большевиктермен ашық күрес кезеңі қашан басталды?
2. Алаш полктерін қаруландыру мен үйретуге кімдер жәрдемдесті?
3. «Алаш» партиясы большевиктермен күресте неліктен жеңіліске ұшырады?

Тапсырмалар.

1. Қосымша материалдар негізінде 1918–1920 жылдардағы Алаш көшбасшыларының саяси қызметі туралы баяндама дайындаңдар.
2. Уақыт сызығы бойынша «Алаш» пен большевиктер арасындағы байланыстардың маңызды оқиғаларын дәптерлеріңе белгілеңдер.



Амнистия – қылмыстық жауапкершіліктен босату, жазасын өтеген тұлғалардан сотталғандықты алып тастау.

Репрессия – қуғын-сүргінге ұшырату, басып-жаныштау. Мемлекеттік органдар тарапынан жазалау шаралары (түрмеге жабу, жер аудару, ату).

§ 21. «Әскери коммунизм» саясаты. 1921 жылғы жұт пен ашаршылық

Бүгін сабақта:

- «әскери коммунизм» түсінігіне анықтама береміз;
- «әскери коммунизм» саясатының мақсаты мен мазмұнын айқындаймыз;
- әскери коммунизм саясатының салдарына баға береміз, 1921 жылғы ашаршылықты және шаруалардың Кеңес өкіметіне қарсылығын қарастырамыз.

Жер мен өнеркәсіптік кәсіпорындарды мемлекет меншігіне алу (национализациялау) . «Әскери коммунизм» саясаты (1918–1921 жж.) . 1914–1918 жылдардағы Бірінші дүниежүзілік соғыс, 1916 жылғы көтеріліс, оны басып-жаныштау, революциялар мен 1918–1920 жылдардағы азамат соғысы қазақ халқына ғана емес, сондай-ақ Ресейдің бүкіл халқына да орасан зор қайғы-қасірет пен ауыртпалықтар әкелді . Кәсіпорындар тоқтап, жұмысшылар саны қысқарды .

Тірек сөздер:

- «әскери коммунизм» саясаты
- национализация
- шаруалар көтерілісі

Жекеменшікті мемлекет меншігіне айналдыру идеясы большевиктердің негізгі мақсатына айналды : өнеркәсіптер, көліктер, банктерді мемлекет меншігіне алу жүргізілді . Ел экономикасы жоспарлы түрде жүргізіліп, бір орталықтан басқарылатын болды және қаржыландыру партиялық нұсқаулармен жүзеге асырылды. Кеңестік Ресей экономикасын басқару үшін директивалық орган – Халық Шаруашылығының Жоғарғы Кеңесі (ХШЖК) құрылды . Қазақстанда ХШЖК-нің Қырғыз өнеркәсіптік бюросы құрылды.

Азамат соғысы кезіндегі елдің материалдық қорларының тым шектеулі болуына орай «әскери коммунизм» саясаты деген атпен белгілі болған экономикалық саясат жүргізілді . Ол соғыс жылдары жүзеге асырылуына және коммунистік идеологияға негізделуіне байланысты осылай аталған болатын .

Азамат соғысының аса ауыр жағдайларында жүргізілген *«әскери коммунизм» саясатының негізгі мақсаты барлық күштер мен ресурстарды қорғанысқа жұмылдыру, Қызыл әскерді қажетті нәрселермен қамтамасыз ету болды .*

Бұл саясаттың негізгі атқарған шаралары :

- ірі, орта және ұсақ өнеркәсіпті мемлекет меншігіне алу;
- өндіріске мемлекеттік монополия жүргізу;
- саудаға тыйым салу және тауар-ақша қатынастарын тоқтату ;
- материалдық игіліктерді бөлудегі теңгерімшілік, азық-түлік карточкаларын енгізу ;

- еңбекті милитарландыру, жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігін енгізу ;
- азық-түлік салғыртын енгізу .

Кенес үкіметі халықтың қолында күнкөріске жетерлік мөлшердегі өнімдерді ғана қалдырып, қалғанын әскер мен әскери өнеркәсіп үшін жинап алуы тиіс болды . Өндіріске және азық-түлікті бөлуге қатаң бақылау орнатылды . Мемлекеттің деревнялар мен ауылдарда шаруалардан азық-түліктің артығын өтемақысыз жинап алуына негізделген *Азық-түлік салғырты* енгізілді .

Өнеркәсіп пен ауылшаруашылығындағы «әскери коммунизм». Азамат соғысы және шетелдік интервенция кезіндегі «әскери коммунизм» саясатын енгізуді большевиктер уақытша мәжбүрлік шара ретінде қарастырды . Азық-түлік салғыртын кедейлер комитеттері жүзеге асырды . Ауылдық кедейлер комитеттері мен қарулы жұмысшы жасақтары революцияға қажетті ауылшаруашылық өнімдерін, негізінен, мал мен астықты тартып ала бастады . Қарулы азық-түлік жасақтарына ерекше өкілеттіліктер берілді . Астықты жасырғаны үшін дүние-мүлкін тәркілеу, жер аудару және 10 жыл түрмеге жабу жазалары қолданылды .

Өлке үшін осындай аса ауыр сәтте РКФСР үкіметі Жарғы шығарды . Ол бойынша орталық билік әскери бұйрық тәртібімен Сібір мен Қазақстанда азық-түлік салғыртын арттыру міндетін қойды . Ендігі жерде артық өнімдерді ғана емес, сондай-ақ тұтынуға керекті азық-түлікті, астықты, сонымен бірге тұқымдық қорды да тәркілеу басталды . Қазақтардың малшаруашылығымен айналысатын аудандары ет қана емес, сондай-ақ астық салғырты мен басқа да төтенше салықтарға міндеттелді . Азық-түлікті тартып алу мен ауылшаруашылық өнімдерін екінші қайтара жаппай жинауға бағытталған қатаң іс-шаралар халықтың жағдайын күрт нашарлатты .

Қазақстандағы «әскери коммунизм» саясатының салдары . 1921 жылғы жұт пен ашаршылық . Қаладағы жағдай да жақсы емес еді . Азық-түлік бұрынғыша өте тапшы болды . Астықтың шықпауы өнеркәсіпке де әсерін тигізді . Көптеген зауыттар оның жетіспеушілігінен жабылып, жұмысшылар жұмыссыз қалды . Олардың кейбіреулері күнкөріс үшін ауылдарға кетті . Алайда азық-түлік салғыртынан, әсіресе ауыл халқы көп зардап шекті .

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін елді тағы да бір ауыр сынақ күтіп тұрды . 1921–1922 жылдары қыс ұзаққа созылып, арты жауынсыз құрғақ жазға ұласты . 1921 жылы күзде бүкіл елді аштық жайлады . Ашаршылыққа душар болған өңірлердің көбі Қазақстанға тиесілі болды .

Ауылшаруашылығы күрделі дағдарыс жағдайына жетті. Егістік көлемінің қысқаруына байланысты жиналған астық мөлшері де күрт азайды. Малшаруашылығы саласы бұдан да ауыр жағдайға тап болды. Қызылдар мен ақтардың малды үнемі өтемақысыз тартып алуы, сондай-ақ жұттың орын алуы мал басының күрт кемуіне әкелді.



Ашаршылыққа ұшырағандар
кала көшелерінде

Ашаршылықпен күрес үшін бірқатар іс-шара қабылданды :

- тамақтандыру пункттері ашылды ;
- жетім балалар арнайы балалар үйіне және Орталық Ресейге жіберілді ;
- астық пен мал сатып алу үшін қаржы бөлінді ;
- қазақ халқы салықтардан босатылды ;
- кеңестік Түркістан 2 млн пұт астық жіберді .

1921–1922 жылдары ашаршылық салдарынан қазақ халқының басым бөлігі республикадан тыс жерлерге қоныс аударды .

Мұндай жағдай халықтың «әскери коммунизм» саясатына наразылығының артуына және шаруалар қозғалысының өрістеуіне әкеліп соқтырды .

Ойлан! «Әскери коммунизм» саясаты Қазақстан халқының әлеуметтік-экономикалық дамуына қалай әсер етті? Оның қандай салдары болды?

Қазақстандағы шаруалар қозғалысы (1920–1922 жж.). 1918–1921 жылдардағы «әскери коммунизм» саясаты шаруалардың ашық қарсылығын туындатты . Бұл саясаттың күшеюі азық-түлік жасақтарының іс-әрекеттерімен байланысты болды. Астық пен малды күшпен тартып алу ашаршылыққа әкелді және жергілікті жерлерде жекелеген көтерілісшілер жасақтарының пайда болуын жылдамдатты. Кеңестік органдардың есептері мен ОГПУ мәліметтерінде олар қаракшылар (бандалар) ретінде көрсетілді. Мұндай жасақтар алдымен елдің орталығында әрекет ете бастаса, одан кейін Кеңестік Ресейдің бүкіл аумағына таралды.

Ойлан! Әскери коммунизм саясатының қандай шаралары шаруалардың ерекше наразылығын тудырды? Ол неліктен 1920–1922 жылдары орын алды?

Сібір мен Қазақстанда Кеңестер саясатына қарсы бағытталған шаруалардың ірі көтерілістері өтті. Наразылық 1920 жылы көктем-жазда басталды және Өскемен, Павлодар, Семей, Петропавл, Қостанай, Көкшетау, Ақмола, Атырау, Орал сияқты ірі қалаларда қарулы көтерілістерге дейін ұласты. Ашық қарсылықтар Қазақстанның оңтүстігінде, Шымкент уездерінде өтті. Семей облысында көтерілісшілер әскерлері құрыла бастады. Павлодар уезінде большевиктердің саясатына қарсы 10 мың адам қатысқан: «Азық-түлік салғырты жойылсын!», «Большевиктерсіз Кеңестер үшін!», «Еркін саудаға жол берілсін!» ұрандарымен бейбіт шеру ұйымдастырылды. Көтерілісшілер 1921 жылы ақпанда әскери қимылдарға көшіп, оны «Сібір шаруалар одағы» басқарды. Көтерілісшілер Батыс Сібір мен Солтүстік Қазақстан аудандарын басып алды. Көтеріліске шыққандардың саны 30 мың адамға дейін жетті. Көтерілісші жасақтар Петропавл мен Көкшетауды уақытша өздеріне қаратты.

Көтерілістердің әлеуметтік негізі әскери коммунизм саясатына, азық-түлікті тартып алудың қатаң іс-шараларына көбірек наразылық білдірген шаруалар болды. Соғыс уақытында астық үшін күресті бастап, әскери тұрғыда жеңген большевиктер азамат соғысы аяқталғаннан кейін саяси тұрғыда жеңіліс тапты. Кеңестік тарихта 1920–1921 жылдардағы қатаң басып-жаншылған шаруалар көтерілісі жағымсыз сипатқа ие болды. Нақты мәліметтер бұрмаланып, ол туралы айтылмады, халық санасынан өшірілді. Мәліметтер бұрмаланып түсіндірілді және жасырылды. Кеңестік тарихшылардың мәліметтері бойынша, бұл қозғалыстар мен көтерілістердің бәрі «бандиттік топтар» және «кулактардың бүліктері» ретінде бағаланды.

Сұрақтарға жауап беріндер.

1. «Әскери коммунизм» саясатының мәні неде?
2. Әскери коммунизм саясатына наразылықтың себептері неде?
3. «Азық-түлік салғыртын» жүргізудің ерекшеліктері неде?
4. 1921–1922 жылдардағы ашаршылықтың себептерін көрсетіндер. 1921–1922 жылдардағы ашаршылықпен күресте қандай іс-шаралар қабылданды?

Тапсырма.

1. Әскери коммунизм саясатының жағымсыз салдарын айқындаңдар.
2. БТК дегеніміз не? Қосымша әдебиеттерден материал іздестіріңдер.

Кестемен жұмыс.

«Қазақстандағы әскери коммунизм саясаты» кестесін дәптерлеріне толтырындар .

«Әскери коммунизм саясатының» шаралары	Салдары	Қазақстан тарихынан мысалдар



Саясат – мемлекеттік билік органдарының осы билік мүдделері үшін ішкі және сыртқы қатынастардағы қызметі .

Экономиканы милитарландыру – әскери ұйым әдістерін азаматтық қатынастар саласына көшіру ; экономиканы «әскери жолға» көшіру .

Әскери коммунизм – өндіріске мемлекеттік бақылау, азық-түлікті бөлу және т.б. Кеңестер қолына жинақтауға бағытталған саясат .

Азық-түлік салғырты — ауылшаруашылық өндірісінің артық өнімдерін әскер мен қалалар халқының мұқтажықтары үшін өтемақысыз тартып алу .

Национализация – жекеменшік кәсіпорындарды мемлекеттік меншікке айналдыру .

Пролетарлар – капиталистік қоғамдағы жалдамалы жұмысшы табы.

Бандиттік топтар – тұрақты түрде әрекет етіп, азаматтар мен ұйымдарға шабуыл жасау мақсатын көздеген қарулы топ.

ҚЫРҒЫЗ (ҚАЗАҚ) АКСР-НЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

§ 22–23. Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы

Бүгін сабақта:

- Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының (ҚазАКСР) құрылуымен танысамыз;
- Қазревкомның Бүкілқазақстандық съезді дайындау және ҚазАКСР құру бойынша қызметін білеміз;
- Қырғыз (Қазақ) АКСР еңбекшілері құқықтарының Декларациясы мазмұнын зерделейміз.

Тірек сөздер:

- Ревком
- Қырревком (Қазревком)
- Кеңестік автономия
- Кеңестердің Құрылтай съезі

Қырғыз (Қазақ) Кеңестік автономиясын құруға дайындық. Қазревком. Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару жөніндегі Революциялық комитет және оның қызметі. Азамат соғысы жалғасып жатқан уақытта азат етілген өңірлерде сайлау өткізу және Кеңестер жұмысын ұйымдастыру мүмкіндігі болмады. Сондықтан уақытша басқару органдары – облыстар, уездер мен

болыстарды басқару бойынша төтенше өкілеттіліктерді иеленген революциялық комитеттер (ревкомдар) құрыла бастады. Комитеттер кеңестік құрылыстың кейінге қалдыруға болмайтын міндеттерін шеше бастады.

Сайлаулар өткізуге мүмкіндік бар жерде ауылдық, селолық және болыстық Кеңестер құрылды. Ревкомдар ауылдық және селолық Кеңестердің бірігуіне, сайлаулар өткізуге көмектесті, уездік және облыстық орталықтарда арнаулы дайындықтан өткен нұсқаушыларды тағайындады.

Ойлан! Ревкомдар қандай рөл атқарды? Олар не үшін құрылды?

Орал облысы ауылдары мен селоларында кеңес өкіметін ұйымдастыруда Ә.Әйтнев үлкен рөл атқарды. Оның басшылығымен 1919 жылы ақпанда уездер мен бірқатар болыстарда өкімет билігінің жергілікті органдарына сайлау жүргізілді. Ақ гвардияшылардан

азат етілген аумақтарда Кеңес үкіметі ұлттық автономияларды жойып, кеңестік автономиялар (республикалар) құру және ұлттық республикаларды одақтық мемлекетке біріктіру міндетін қойды. Алайда мұндай дайындық жұмысы және өлкені басқару үшін өлкелік орган қажет болды. 1918 жылы мамырда Халық комиссариатының жанынан құрылған қырғыз (қазақ) бөлімі Мәскеуде орналасқандықтан, шалғайдағы қазақ өлкесінің жергілікті мәселелерін шеше алмады.

РКФСР ХКК 1919 жылы 10 шілдеде Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару үшін Қырғыз (Қазақ) революциялық комитетін (Қазревком) құру туралы жарғы шығарып, оған В.И.Ленин қол қойды. Қазревкомның бірінші құрамына: С.Пестковский (төраға), А.Байтұрсынұлы, В.Лукашев, Ә.Жангелдин, М.Тұнғаншин, С.Мендешев, Б.Қаратаев кірді. Әртүрлі уақытта оның құрамында Ә.Әйтнев, С.Арғыншев, А.Авдеев, А.Ағыбаев, Б.Қаралдин және т.б. болды. Көріп отырғанымыздай, ревкомға көрнекті кеңес қайраткерлері Ә.Жангелдин, Б.Қаратаев, С.Мендешевтермен қатар алашшылдар А.Байтұрсынұлы, Б.Қаралдин, А.Ағыбаев кірді. Оның үстіне, Қазревком Төрағасының орынбасары А.Байтұрсынұлы болды, ал хатшы міндетін Б.Қаралдин орындады. Қазревкомның баспасөз органы «Ұшқын» газеті болды.

Ойлан! Қалай ойлайсыңдар, ҚазАКСР 1920–1936 жылдары РКФСР құрамына неліктен автономиялық республика ретінде кірді? Неге одақтас республика болып құрылмады?

Қазревком халыққа білім беру, жұмысшы-шаруа инспекциясы, өлкенің ішкі істері, қаржы, пошта, телеграф, сот, милиция, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету, жерді пайдалану және әскери іс мәселелерімен айналысты.

Қазревком құрылған күнінен бастап Кеңестердің Құрылтай съезінің жұмысы басталғанға дейін, 15 айдай (1919 жылғы 10 шілдеден 1920 жылғы 10 қазанға дейін) өмір сүрді. Қазревком қызметінің ерекшелігі оның Шығыс, Түркістан және басқа майдандарды қажетті әскери керек-жарақпен қамтамасыз етуімен, ағымдағы мәселелерді шешуімен байланысты болды.

Кеңес өкіметіне Қазревком құру екі себеп бойынша қолайлы болды. Біріншіден, Қазревкомға алашшыларды енгізу арқылы большевиктер қазақ халқының елеулі бөлігін өз жағына қарай тартып әкетті және осылайша ұлтшыл-автономияшыларды әлсіретудің сәті түсті. Екіншіден, Қазақ және Түркістан автономияларының өмір сүруіне

мүмкіндік жоқ екендігін көрсетіп берді. Большевиктермен ымыраға келуге мәжбүр болған алашордалық көрнекті қайраткерлердің мүдделілігі мынадай себептермен түсіндірілді. Біріншіден, 1918 жылы ақпанда Түркістан автономиясы жойылып, оның орнына 1918 жылы көктемде Түркістан АКСР-і құрылған. Оған қазақтардың Жетісу және Сырдария облыстары кірген болатын. Екіншіден, ақтар қозғалысымен құрылған одақтың өзін ақтамағаны түсінікті болып, одақтастардан көңілі қалған А.Байтұрсынұлы қызылдар жағына шықты, яғни большевиктермен ынтымақтасуға мәжбүр болған еді. Осылайша Алаш қозғалысының көшбасшылары қазақ өлкесінің бірлігін сақтау мақсатымен өлкелік органға кіруге келісімдерін берді және кеңестік қазақ автономиясын дайындау мен оны құруға көмектесе бастады.

Қазревком Өлке кеңестерінің құрылтай съезін ұйымдастыру ісімен айналысты. Бүкілқазақстандық съезд дайындау және шегараларды белгілеу мәселесі бойынша Ерекше комиссия құрылды. Оның құрамына А.Байтұрсынұлы, Б.Қаралдин, С.Мендешев, В.Лукашев және т.б. енді. Комиссия мүшелері А.Байтұрсынұлы, Б.Қаралдин, С.Мендешевке депутаттарды сайлау тәртібі туралы нұсқаулықты қазақ тілінде, В.Лукашев пен Петровка орыс тілінде жасау тапсырылды.

Алғашқы қайшылықтар халықтың қандай топтары сайлау құқығына ие болмауы керектігі туралы мәселені талқылау кезінде туындады. 1920 жылы 23 тамызда Қазревком нұсқаулықты бекітті. Бұл құжатқа сәйкес, Бүкілқазақтық съезге сайлау құқығы Орал, Торғай, Семей, Ақмола облыстары мен Астрахань губерниясының (Бөкей Ордасының) қазақтар мекендеген аудандарының еңбекшілеріне берілді. Съезге кеңесші дауыспен қатысу құқығы Қазревкомға бағынбайтын уездер мен облыстарда (Жетісу, Сырдария облыстары, яғни Түркістан АКСР тұрғындары) тұратын қазақтарға берілді.

1920 жылы қыркүйекте, Бүкілқазақтық съезге сайлаудың аяқталуы қарсаңында, Қазревкомның құрамын қайта қарап, оны бекітті. Қазревкомның құрамына В.А.Радус-Зенкович, И.Д.Мартынов, В.Покровский, С.Д.Авдеев, А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин, Х.Ғаббасов және т.б. енгізілді.

Кеңес үкіметінің 1920 жылғы 26 тамыздағы Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру (РКФСР құрамында) туралы жарғысы. 1920 жылы 26 тамызда М.И.Калинин мен В.И.Ленин «Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» жарғыға қол қойды. 1920 жылғы 26 тамыздағы жарғыға сәйкес ҚАКСР-ның жоғарғы органдары

жергілікті Депутаттар кеңесі, Орталық Атқару комитеті мен Халық комиссарлары кеңесі екендігі айтылды.

ҚАКСР құрамына 1920 жылғы қыркүйектегі қосымша жарғымен Орынбор губерниясы енгізілді. Орынбор республиканың алғашқы астанасына (1925 жылға дейін) айналды.

ҚАКСР Кеңестерінің Құрылтай съезі. 1920 жылы 4–12 қазанда Орынбор қаласында құрамына Ақмола, Семей, Торғай, Орал облыстары мен Бөкей губерниясы кірген ҚАКСР-дың құрылғанын жариялаған жұмысшы, шаруа, казак және қызыл әскер депутаттарының Құрылтай съезі өтті. Оған Қазақстанның барлық облысынан 273 депутат, Алтай губерниясының қазақтарынан 6 делегат қатысты.

Бұл қызық! Құрылтай съездің делегаты болған Алашорданың көрнекті қайраткері А.Ермеков былай деп әңгімелейді: «Съезд ашылғанға дейін-ақ, пәтерлердің бірінде съездің қазақ депутаттары Ә.Жангелдин, С.Меңдешев, Ә.Бөкейхан мен тағы бір қатысушының отырысы болды. Олар съездің күн тәртібі мәселелерін талқылай бастады. Сондай-ақ бұл талқылауға А.Ағыбаев, Ә.Әйтиев, С.Сәдуақасовтар да қатысты. Отырыста партия істеріне партияда бар және партияда жоқ қазақтардың қатысуы туралы мәселе қойылды және съездің барлық мәселесі бойынша олардың бірге дауыс беретіндігі туралы келісімге қол жеткізілді».

Съезде ұлттық, әлеуметтік, экономикалық мәселелер талқылануы, олар бойынша шешімдер қабылдануы тиіс болды. Съездің күн тәртібінде: президентумды, мандаттық және редакциялық комиссияны, әкімшілік, әскери, жер, экономикалық, құрылыс комиссияларын сайлау, секцияларды анықтау, олардың өкілдерін (халыққа білім беру, денсаулық сақтау, заң, әлеуметтік қамсыздандыру және қаржы) сайлау, Қазревком баяндамасы, казак халқы еңбекшілері құқықтарының Декларациясы, азық-түлік, жер, әскери мәселелер, Қазақ Орталық атқару комитеті мен ҚАКСР ХКК сайлау мәселелері қаралды. Съезде С.Меңдешев басқарған ОАК мен В.Радус-Зенькович басқарған Халық комиссарлары кеңесі сайланды.

Ойлан! ҚАКСР 1920–1936 жылдары не себепті одақтас республика ретінде құрылмай, РКФСР құрамына автономиялы республика ретінде енді?

Қырғыз (Қазак) АКСР еңбекшілері құқықтарының Декларациясын қабылдау және оның мазмұны. Декларация ҚАКСР Конституциясы тәріздес болды. Онда мемлекеттік билік түрі мен мемлекеттік басқару органдары бекітілді, жер, саясат, азаматтық құқықтар мен міндеттер туралы мәселе шешілді, сайлау жүйесі белгіленді.

Сондай-ақ сотты ұйымдастыру мен оның қызметі, экономикалық және мәдени құрылыс мәселелері карастырылды. Декларацияда тілдердің теңқұқықтылығы мен тіл таңдау және ана тілін пайдалану құқықтарын қамтамасыз ету мүмкіндіктері туралы айтылды.

Қосымша мәлімет.

*Қырғыз (Қазақ) АКСР еңбекшілері құқықтарының Декларациясы
1920 жылғы 6 қазан*

«Қырғыз өлкесінің аумағы жұмысшылар, еңбекші қырғыз халқы, шаруа, казак және қызыл әскер депутаттары кеңестерінің республикасы болып жарияланады. ҚАКСР басқару органдары жергілікті Кеңдептер, ҚырОАК мен ҚАКСР Халық комиссарлары кеңесі болып табылады...

ҚАКСР РКФСР-ға біріккен ерікті федеративтік Кеңестік Республикалар Одағына автономды мүше ретінде енеді...

ҚАКСР әрбір ұлт барлық мемлекеттік мекемелерде және мектепте ана тілін пайдаланудың бірдей құқығына ие екендігін мәлімдейді және олардың әрқайсысына еркін ұлттық даму құқығы беріледі және толық мүмкіндіктермен қамтамасыз етіледі...

Кеңестерді сайлау және сайлану құқығын діни сеніміне, ұлтына, отырықшылығына және т.б. қарамастан, сайлау күніне дейін 18 жасқа толатын және өмір сүруге қаражатты жеке өндірістік және қоғамдық-пайдалы еңбегімен табатын, сондай-ақ біріншілер үшін өнімді еңбек мүмкіндігін қамтамасыз ететін үй шаруашылығымен қамтылған тұлғалар, екі жыныстың барлық азаматтары пайдаланады...

Сайлауға қатыспайтындар және сайлана алмайтындар: а) бұрынғы полиция қызметшілері мен агенттері; ә) ақыл-есі кем және есі ауысқан деп танылған тұлғалар; б) қамқорлыққа алынған; в) пайдакүнемдік және ауыр қылмыстары үшін сотталғандар, сондай-ақ г) пайда табу мақсатымен жалдамалы еңбекке жүгінетін және еңбексіз табыспен өмір сүретін тұлғалар.

Декларация 1917 жылғы Қазан революциясы жеңісінен кейін Қазақстан еңбекшілері жеткен жетістіктерді қорытындылады:

- ҚАКСР құрылуын конституциялық жолмен жариялады және облыстардың шегараларын айқындады;
- мемлекеттік билік пен мемлекеттік басқару органдарын бекітті;
- орталық және республикалық билік органдары құқықтары мен міндеттерінің арақатынасын тұжырымдады;
- сайлау жүйесі мен оның қағидаттарын, жанжалдық жағдаяттарды шешу шарттарын анықтады.

«Қырғыз АКСР» (ҚАКСР) атауы 1925 жылғы сәуірге дейін сақталды. 1925 жылы 18 сәуірде Кеңестердің Өлкелік V съезінде казак халқының тарихи дұрыс атауын қалпына келтіру туралы қаулы қабылданды. 1925 жылдан бастап республика Қазак АКСР (ҚазАКСР) деп атала бастады.

Қазак кеңестік ұлттық мемлекеттілікті жариялау үлкен тарихи маңызға ие болды. Қазақстанда кеңестік автономияны құру прогрестік құбылыс болды. ҚАКСР құру туралы Жарғы Қазақстан

аумағын белгіледі. 1920 жылғы қазандағы Кеңестердің Құрылтай съезінің ерекшелігі тарихи маңызы аса құнды құжаттарды қабылдауында болды. Оларды жасауға қазақтар қатысқан еді. Қазақ халқы бұл актіні отаршылдықпен сан ғасырлық күрестің нәтижесі, ұлттық қайта өрлеу жолындағы алғашқы қадам ретінде қабылдады. Қазақ халқының аумақтық бірігуінің қазақ ұлтының бұдан кейінгі бірігуі, Қазақстан мәдениеті мен экономикасының дамуы үшін зор маңызы болды. Барлық қазақ жерін бір республика құрамына біріктіру қазақ халқы тарихының елеулі кезеңіне айналды және сол кезеңдегі қиындықтарға қарамастан, қазақ мемлекеттілігінің құрылуында өте маңызды рөл атқарды.

Бірақ Қазақ Кеңестік автономиясын құра отырып, Кеңес үкіметі қазақ халқының нақты тәуелсіздік пен автономия алу ниетін жүзеге асыра алмады. Автономия туралы мәселені талқылау және ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелерінің негізгі түйіндерін шешу Мәскеуде атқарылды. Сондықтан Қазақстанның ұлттық-демократиялық зиялы қауымы бұған қанағаттанған жоқ және ҚАКСР құрылуымен қазақтардың тәуелсіз мемлекет туралы көпғасырлық арманы орындалған жоқ деп есептеді.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қырғыз (Қазақ) революциялық комитеті қашан және неліктен құрылды?
2. Қазревком өз құрамы бойынша қандай болды? Оған Алаш қайраткерлерінен кімдер енді?
3. ҚАКСР құрамына қандай облыстар мен уездер кірді?

Тапсырма.

Алаш жариялаған автономия мен кеңестік автономияның айырмашылықтары неде екендігін түсіндіріңдер.



Депутат – Еңбекшілер депутаттары кеңесіне сайланған өкіл.

§ 24. Қазақ АКСР аумағының қалыптасуы. Қазақ жерлерінің біртұтастығын қалпына келтірудегі қазақ зиялы қауымының рөлі

Бүгін сабақта:

- Қазақ АКСР аумағының қалыптасуы туралы білімді кеңейтеміз;
- Орта Азия және Қазақстан республикаларын ұлттық-аумақтық межелеу туралы білеміз.

1920 жылғы Қырғыз (Қазақ) АКСР аумағы. Республика аумағының қалыптасуы күрделі жүрді. Аумақтық мәселеде әртүрлі қызу даулар туындады. Қазақ жерлерін бір республикаға біріктіру

Тірек сөздер:

- ҚазАКСР аумағының құрылуы
- Ұлттық-мемлекеттік межелеу

мақсатында Қазревком арнаулы комиссия құрып, ол болашақ республиканың шегараларын белгілеу істерімен айналысты. Қазақстанға Ақмола, Семей, Орал облыстары қосылды. Басқалары республика құрамына қазақ жерлерін ғана емес, сондай-ақ Омбы облысын, Орта Азияның үлкен бөлігін, Барнаул уезі, Алтай өлкесін және т.б. қосуды талап етті. Әртүрлі ұлттардың

этникалық, экономикалық, тарихи және басқа да ерекшеліктерін ескеру, жергілікті органдардың пікіріне назар аудару қажет болды.

Қазақ жерлерінің біртұтастығын қорғап қалуда ұлттық зиялы қауым орасан рөл атқарды. ҚАКСР құрамына Қостанай өңірін енгізу қажеттігін А.Байтұрсынұлы мен М.Сералин РКФСР ХКК атына жазған жазбаларында дәлелдеді. Байырғы қазақ жерлері бола тұрып, Батыс Сібірге жатқызылған Ақмола және Семей облыстарын Қазақстан құрамына енгізу де оңай болған жоқ. В.И.Ленин республикалар мен облыстардың ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі халықтардың сеніміне не болып, оларды Кеңестер жағында ұстап қалуға ұмтылды. Сондықтан даулы аумақтық мәселелерді шешу қажеттігі мен шегараларды белгілеуде Қазақ Республикасы пайдасына шешуді қолдады. Пікірталас барысында қазақ халқы тарихының білгірлері Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, А.Ермеков, М.Сералин және т.б. бұл аумақтардың қазақ халқына тиісті екендігін деректік негізде дәлелдеді.

БОАК мен РКФСР ХКК-нің 1920 жылғы 26 тамыздағы жарғысымен құрылатын кеңестік қазақ автономиясының аумағы белгіленді. Қырғыз (Қазақ) АКСР құрамына 4 облыс (Семей, Ақмола, Торғай, Орал), Маңғышлақ уезі, Каспий сырты облысының 4 және 5-Адай болыстары, Астрахань губерниясының (бұрынғы Бөкей Ордасы) бір бөлігі кірді.

Қосымша мәлімет.

1920 жылғы ҚАКСР құрамының шегара бірлігіне: құрамында Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездерімен Семей облысы; құрамында Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл уездері мен Омбы уезінің бір бөлігі болған Ақмола облысы; құрамында Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз және Торғай уездері бар Торғай облысы; құрамына Орал, Ілбішін, Темір және Гурьев уездері кіретін Орал облысы; Каспий сырты облысының Маңғышлақ уезі; сол облыстың Крановодск уезіндегі 4 және 5-Адай болыстары, Астрахань губерниясынан: Синеморская болысы, Бөкей ордасы мен 1 және 2-Приморск округтеріне жапсарлас жатқан бұрынғы жерлердің аумағы енді.

1920 жылы 2 қыркүйекте Орынбор қаласы ҚАКСР астанасы болып жарияланды. Басқа автономиялық республикалармен салыстырғанда, ҚАКСР көлемі бойынша бірінші орынды иеленді. Оған бүкіл Ресей аумағының 10,5%-ы тиісті еді. Кеңестік автономияның алдында тұрған негізгі міндеттер 1921 жылғы РК(б)П X съезінде анықталды.

Ойлан! Большевиктер неліктен Орта Азия мен Қазақстанды ұлттық-аумақтық межелеу туралы шешімге келді?

Орта Азия республикаларының ұлттық-мемлекеттік шегараларын межелеу. Жетісу және Сырдария облыстарының ҚАКСР құрамына кіруі. ҚАКСР шегараларын ресімдеудегі келесі қадам Орта Азия мен Қазақстан Республикаларын ұлттық-аумақтық межелеу болып табылды. Ол таратылған Түркістан АКСР аумағын азиялық республикалар құрамына беру жолымен жүргізілді.

Түркістан Республикасын тарату және оның аумағын азиялық республикаларға бөлу себептерінің бірі Қырғыз өкілдігінің ҚырОАК-ге баяндаған жазбасында атап көрсетілді.

Жазбадан үзінді: *«Соңғы уақытта Түркістан республикадағы саны жағынан басым өзбек және қырғыз (қазақ) халықтарының жиілей түскен ұттаралық келіспеушіліктері, негізінен, ұлыстардың экономикалық мүдделерінің қарама-қайшылығынан келіп шығатын келіспеушіліктер. Түркістан республикасының жауапты қызметкерлерін қазіргі Түркістан республикасын жеке ұлттық республикаларға бөлшектеу ойына келуге мәжбүр етті».*

Түркістанның әкімшілік-аумақтық бөлінуін өзгерту туралы мәселе БОАК мен РКФСР ХКК-нің 1920 жылғы 26 тамыздағы «Қырғыз (Қазақ) КСР автономиясы туралы» Жарғысында ресми түрде қойылған болатын. Онда ҚАКСР құрамына Сырдария және Жетісу облыстарын енгізу көзделген еді. ҚАКСР үкіметінің өтініші бойынша, 1922 жылы сәуірде Мәскеуде ҚАКСР мен Түркістан АКСР өкілдерінің кенесі өтті. Онда бұл екі облысты Қазақстан құрамына беру туралы шешім қабылданды.


1924 жылы РК(б)П ОК «Орта Азия Республикаларын ұлттық-мемлекеттік межелеу туралы» Қаулы қабылдады.

ҚАКСР-на:

– Жетісу облысының Алматы, Жаркент, Лепсі, Талдықорған уездері;

– Сырдария облысының Қазалы, Ақмешіт, Түркістан, Шымкент уездері; Әулиеата, Ташкент, Мырзашөл уездерінің бір бөлігі;

Қазақ АССР 1920–1929 жж.



1920–1929 жж. Қазақ АКСР-і

- Самарқанд облысы Жизак уезінің 6 болысы ;
- Әмудария облысы тұтастай ;
- Хорезмнің Қарақалпақ автономиялық облысы берілді .

1924 жылы қазан айында межелеу туралы қаулы қабылданып, осылайша Кеңес мемлекетінің құрамында азиялық республикалардың құрылу үдерісі аяқталды . Ташкент Өзбек Республикасына берілді . ҚАКСР құрамында Қарақалпақ автономиялық облысы құрылды . Орта Азия мен Қазақстан Республикаларын құру үдерісі ресми түрде 1924 жылы аяқталса да, бұл аймақтағы шекараларды рәсімдеу мен нақтылау бойынша шиеленіскен жұмыс бүкіл 20-жылдардың өн бойында жүргізілді .

1925 жылы Түркістанды ұлттық-мемлекеттік межелеу аяқталды . Бұл жерде Өзбек КСР-і, Түрікмен КСР-і, Өзбек Республикасының құрамында Тәжік АКСР-і, РКФСР-дің Қырғыз автономиялық облысы; Қазақ АКСР құрамына енген Қарақалпақ автономиялық

облысы құрылды, Сырдария және Жетісу облыстары Қазақ АКСР құрамына кірді .

Мемлекеттік құрылысты рәсімдеудегі келесі қадам 1930 жылы Қазақ АКСР құрамынан Қарақалпақ автономиялық облысын шығарып, Өзбек КСР құрамына автономиялық республика құқықтарымен енгізу болды .

Сондай-ақ ұлттық-мемлекеттік құрылыстың соңғы кезені 1936 жылғы Конституциямен байланысты . Ол бойынша автономиялық республиканың мемлекеттік-құқықтық мәртебесі өзгертілді : Қазақ автономиялық республикасы одақтас Қазақ КСР болып қайта құрылды . 1937 жылы наурыз айында Алматыда болып өткен Қазақстан Кеңестерінің Төтенше съезінде Қазақ КСР Конституциясы бекітілді . Ол бойынша Қазақстан саяси негізі Еңбекшілер депутаттарының Кеңесі болып табылатын жұмысшылар мен шаруалардың социалистік мемлекеті болып жарияланды .

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Ортаазиялық республикалар мен Қазақстанды ұлттық-аумақтық межелеу қалай жүрді ?
2. Қазақстан құрамына Сырдария және Жетісу облыстары қалай және қандай жағдайларда кірді ?

Тапсырмалар.

1. Кескін картадан 1924 жылы ҚАКСР-ға қандай аумақтардың енгенін көрсетіңдер .
2. Қосымша дереккөздерді пайдалана отырып, Орта Азия мен Қазақстанда ұлттық мемлекетті құру кезінде қандай қиындықтардың орын алғандығын түсіндіріңдер .



Межелеу – ұлттық мемлекеттердің арасындағы шегараларды белгілеу .

ӘСКЕРИ КОММУНИЗМ САЯСАТЫНАН ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТҚА КӨШУ

§ 25–26. Қазақстандағы Жаңа экономикалық саясат (1921–1925 жж.)

Бүгін сабақта:

- Қазақстандағы жер-су комитеттерінің қызметімен танысамыз;
- жаңа экономикалық саясатқа көшу себептерін анықтаймыз;
- өнеркәсіптегі жаңа экономикалық саясаттың тиімділігіне баға береміз.

Тірек сөздер:

- жер-су реформасы
- Жаңа экономикалық саясат (ЖЭС)
- нарықтық экономика

Жер-су комитеттерін ұйымдастыру және оның қызметі. 1921 жылғы жер-су реформасы . 1921–1922 жылдары жер-су реформасы Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда жүргізілді . Жер пайдалануда кедейлерді дәулетті (бай) шаруашылықтармен теңестіру, казактардың артықшылықтарын жою қажеттігі бұл аудандарда жер мен суды қайта бөлуге әкелді . Жер-су реформасын жүргізу туралы шешім Түркістан

АКСР Кеңестерінің IX съезінде қабылданды . Жер-су реформасын жүргізуге А.Розыбакиев, О.Жандосов және т.б. белсене қатысты .

Жетісуда 1916 жылғы көтерілісті басып-жаншу кезінде тартып алынған 460 мың десятина жер казактарға қайтарып берілді . Сонымен қатар бұрынғы офицерлік және коньыс аударушыларға арналған бос телімдер есебінен Жетісу мен Оңтүстік Қазақстандағы казак және орыс халқына жер үлесін беру үшін ауданы 1 млн десятинадан астам жер қоры жасалды . Бұл өзгерістер 1916 жылы Қытайға кеткен 300 мың босқын казактың қайтып оралуына әкелді .

1921 жылы кедейлердің «Қосшы» одағы құрылып, оның мүшелері жер реформасын жүргізуге белсене қатысты . «Қосшы» одағы еңбекшілердің саяси сауаттылығын және мәдени деңгейін арттыра отырып, кедейлердің жер үлестерін алуына жағдай жасалды . Қазақстан кедейлерінің «Қосшы», «Жарлы» одақтарында Ә.Жангелдин , С.Мендешев, С.Сейфуллин, Ж.Бәрібаев және т.б. жұмыс істеді .

Қосымша мәлімет.

1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін Уақытша үкімет Жер комитеттерін құрды. Жер комитеттері туралы ереже бойынша, олар «алдағы уақытта, Құрылтай жиналысы жер мәселесін шешкенге дейін жер реформасын дайындау және кейінге қалдыруға болмайтын уақытша іс-шаралар әзірлеу үшін» құрылды.

Қазан революциясының жеңісінен кейін Кеңес үкіметі жергілікті жер комитеттерін өңірде Жер туралы Декретті іске асыру үшін пайдаланды. В.И. Ленин 1917 жылы қарашада «Шаруалар тарабына жауабында» болыстық жер комитеттерінің помещиктік жерлерді тәркілеу міндеттерін түсіндірді. 1918 жылы көктемде жер комитеттері таратылды немесе Кеңестердің жер бөлімдері болып қайта құрылды.

Кеңестердің жер бөлімдері патшалық құрылыстың жер мәселесіндегі саясатының ауыр салдарын жоюда маңызды рөл атқарды. 1920 жылдардың бас кезінде Сібір және Орал казак әскерлері үшін Ертіс жағалауы мен Оралдың сол жағасындағы (10-шақырымдық жолақ деп аталатын) тартып алынған қазақ жерлерін қайтару жүзеге асырылды. ҚАКСР ОАК 1921 жылғы 2 ақпандағы және 19 сәуірдегі декреттерімен Семей, Ақмола, Торғай және Орал облыстарының халқына патшалықтың казак әскерлері үшін қазақтардан тартып алған жерлері қайтарылды. Осы жарғылар бойынша қазақ шаруалары Ертіс жағалауынан 177 мың десятинадан астам және Оралдың сол жағасынан 208 мың десятинадан астам жер алды.

Жаңа экономикалық саясатқа (ЖЭС) көшудің себептері . Қазақстан экономикасы Бірінші дүниежүзілік соғыстан, революциялардан, азамат соғысынан, «әскери коммунизм» саясаты шеңберінде жүргізілген шаралардан күйзеліске ұшырады . Азамат соғысының мұқтаждықтары үшін азық-түліктің, металл мен отын қорларының көп бөлігі жиналып алынды . Өнеркәсіп әскери мұқтаждықтарға жұмыс істеп, нәтижесінде ауылшаруашылығына машиналар мен жабдықтар 2–3 есе аз берілді . Жұмыс күшінің ауылшаруашылық мүліктері мен тұқым қорларының жетіспеушілігі егістік көлемдерінің қысқаруына әкелді . Ауылшаруашылық өнімдерінің жалпы түсімі 45%-ға азайды .

Қазақстандағы жағдай тым ауыр болды . Қазақстандағы мемлекет меншігіне алынған 307 кәсіпорынның 250-і жұмыс істемеді . 1913 жылмен салыстырғанда, Қазақстанда мұнай өндіру 4 есе, көмір 5 есе қысқарды, мыс кенін өндіру мүлдем тоқтады . Мұнай кәсіпшіліктері тоналды, ірі кәсіпорындар : Риддер кеніштері, Екібастұз көмір қазбалары, Спасск байыту фабрикасы және т.б. тоқтап қалды . Теміржолдар отынның жетіспеуінен және жолдардың бұзылуынан жұмыс істемеді .

Республиканың ауылшаруашылығы, әсіресе малшаруашылығы құлдырап кетті. Мал басының саны кеміді. Орал губерниясында егістік аудандар қысқарды . Шаруашылық қиыншылықтар 1921 жылғы егіннің шықпай қалуымен және оның салдарынан Қазақстанның елеулі аумағын аштық жайлауға байланысты шнеленісе түсті . Нәтижесінде ауылдар мен деревнялардың халқы наразылық

білдіре бастады және 1920–1921 жылдары шаруалардың толқулары республиканың елеулі аумағын қамтыды. Экономикалық дағдарыс, аштық, халық толқулары үкіметтің алдына экономикалық саясатты шұғыл қайта қарау міндетін қойды.

Жаңа экономикалық саясат : мақсаты және мазмұны. 1921 жылы 8–16 наурызда РК(б)П X съезі өтті. Онда жаңа экономикалық саясатқа (ЖЭС) көшу туралы шешім қабылданды. ЖЭС-тің негізгі мақсаты – қираған шаруашылықты қалпына келтіру, большевиктер халыққа уәде еткен социализмді құру үшін материалдық-техникалық және әлеуметтік-мәдени негіз жасау болды. ЖЭС-тің мәні нарықтық қатынастарды дамыту мүмкіндігін жасауда еді. ЖЭС социализм құру үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған уақытша саясат ретінде қарастырылды.

ЖЭС-тің әлеуметтік міндеті: әлеуметтік шиеленісті жою; Кеңес өкіметінің жұмысшылар мен шаруалардың одағы түріндегі әлеуметтік базасын нығайту саналды.

ЖЭС-тің экономикалық міндеті: қирап-бүлінудің одан әрі шиеленісуін болдырмау; дағдарыстан шығу және шаруашылықты қалпына келтіру еді.

ЖЭС-тің саяси міндеті : қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету және социалистік қоғам құру үшін қолайлы жағдайлар жасау болды. Сонымен қатар ЖЭС сыртқы саяси байланыстарды қалпына келтіруді, халықаралық окшаулануды болдырмауды көздеді.

ЖЭС-тің негізгі мазмұны:

- ✓ «әскери коммунизм» саясаты кезеңінде нұқсан келтірілген тауар-акша қатынастарын қалпына келтіру ;
- ✓ экономикаға нарықтың белгілерін енгізу ;
- ✓ қалпына келтіру үшін өнеркәсіптік кәсіпорындарды, қызмет көрсету саласының кәсіпорындарын жеке адамдарға сату ;
- ✓ жалға алу мен жалдамалы еңбекке рұқсат ету ;
- ✓ деревня мен ауылда азық-түлік салғыртын азық-түлік салығымен алмастыру (азық-түлік салғырты кезінде астықтың 70%-ына дейін, азық-түлік салығы кезінде 30%-ы алынды).

Бұл маңызды! 1921 жылы наурызда БОАК «Азық-түлік және шикізат салғыртын азық-түлік салығымен алмастыру туралы» Жарғы қабылдады. 1921 жылы наурыз-сәуірде республикада азық-түлік салғырты азық-түлік салығымен алмастырылды. Азық-түлік салығының мөлшері тұрақты болды, жергілікті жағдайлар мен шаруа қожалығының дәулеттілігі ескеріліп, ауылшаруашылық өнімдерінің әрбір түрі бойынша көктемгі егін себуге дейін белгіленді. 6 бас және одан аз ірі қара малы бар малшы шаруашылықтары салықтан босатылды. 1922–1923 жылдары заттай салықтардың барлық түрлері бірыңғай заттай салықпен алмастырылды.

Азық-түлік салығын енгізу ЖЭС-тің жалғыз ғана іс-шарасы болған жоқ. Нарықтық қатынастарға рұқсат ету бүкіл шаруашылық тетігін қайта құруға әкеп соқты. Сондай-ақ жерді жалға беруге де рұқсат етілді. Тұтынушылық, ауылшаруашылық, мәдени-кәсіпшілік кооперация дамыды.

Ұсақ және орта өнеркәсіпті жекешелендіру жүргізілді. Мемлекет өз басқаруына тек жекелеген стратегиялық салаларды (металлургия, отын-энергетикалық кешен, көлік) және шаруашылық есепке көшірілген неғұрлым ірі кәсіпорындарды ғана қалдырды. Қалған кәсіпорындардың бәрі жекеменшікке өтті.

Жалдамалы еңбекті пайдалануға рұқсат етіліп, жалдамалы жұмысшылар саны 20-дан аспайтын жекеменшік кәсіпорындар құру мүмкіндігі пайда болды. Азамат соғысы уақытына тән еңбекке тенгерме төлем жасау алынып тасталды. Азық-түлік пен тауарларды бөлудің карточкалық жүйесі тоқтатылды. Жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігі мен еңбекке жұмылдыру да жойылды. Коммуналдық қызметтер, көлік пен байланыс үшін төлем жасау қалпына келтірілді. Тауар-акша қатынастары қайта енгізіліп, жеке саудаға рұқсат етілді. Ірі жәрменкелер қайта жұмыс істей бастады. Сауда біржалары ашылды.

1921–1924 жылдары қаржылық реформа шеңберінде банктік жүйе: Мемлекеттік және кооперативтік банктер желісі, Сауда-өнеркәсіптік банк, Сыртқы сауда банкі, жергілікті коммуналдық банктер желісі және т.б. құрылды. 1921 жылдан бастап акша реформасы жүргізіле бастады. 1922 жылдың соңында айналымға орнықты валюта – кеңестік қызыл акша (червонец – 10 рубль) шығарылды.

Бұл қызық! Червонец алтынмен, басқа құндылықтармен және тауарлармен қамтамасыз етілді. Бір червонец революцияға дейінгі 10 алтын рубльге тең болды, ал дүниежүзілік нарықта ол 6 доллардай тұрды.

Осылайша жаңа экономикалық саясат 20-жылдары Ресейде шаруашылықты көтеру және экономикалық, әлеуметтік, саяси мәселелерді реттеу мақсатымен жүргізілді.

Қазақстандағы ЖЭС. Өнеркәсіпті шоғырландыру мақсатымен трестер мен синдикаттар құрылды. Қазақстанда трестер, негізінен, өндіруші секторды қамтыды. 1923–1925 жылдары одақтық маңызы бар трестер: Ембімұнай, Алтайполиметалл, Атбасар түсті металдар тресі құрылды. Өлкелік маңызы бар трестер мен жергілікті бірлестіктер: Қазалтын, Қазбалық, Қазсексеуілтрест, Петропавл тері-елтірі тресі және т.б. құрылды. Треске кіретін кәсіпорындар мемлекеттік жабдықтаудан алынып тасталды және олар қажетті

заттарды нарықта сатып алуға көшті. Осы уақытта шаруашылық есеп қалыптасты. Кәсіпорын (мемлекеттік бюджетке төленетін, тұрақты белгіленген міндетті жарналардан кейін) өнім сатудан түскен пайданы өз бетінше жұмсау құқығына ие болды. 1928 жылдың басына қарай 23 синдикат жұмыс істеді. Олар өз қолдарына көтерме сауданың негізгі бөлігін жинақтай отырып, өнеркәсіптің барлық дерлік салаларында әрекет етті.

Риддер мен Екібастұздың тау-кен өндіруші кәсіпорындары 1922 жылы ағылшын кәсіпкері Л.Уркварттың қолында болды. Бұл кәсіпорындарды жалға беру туралы келісімшарттың тиімсіз талаптары кеңес мемлекеті тарапынан оны бұзуға әкелді. 1923 жылы пайдалануға берілген Риддер қорғасын зауыты бүкіл одақта өндірілетін қорғасынның 40%-ын берді. Батыс өңірдегі кәсіпорындар: Доссор мен Мақат мұнай кәсіпшіліктері қалпына келтірілді. Бұл кәсіпшіліктерді Гурьевпен жалғастыратын теміржол салынды. 1920 жылдан Шымкент сантонин зауыты жұмыс істей бастады. Қарсақпай комбинаты мыс өндіруді 1927 жылы бастады. Тұтастай алғанда 1928 жылға қарай Қазақстан өнеркәсібін қалпына келтіру аяқталды.

Ауылшаруашылығын қалпына келтіру үдерісі де жүрді. Екіншілік саласында егістік аудандары артып, малшаруашылығында мал басы өсті.

Шаруа қожалықтары 2 есе дерлік өсті. Шаруалар кооперациясының негізгі нысандары жерді бірлесіп өңдеу серіктестіктері (ЖӨС, ЖБӨС), ауылшаруашылық артельдері мен коммуналар болды. Ауылдағы шаруашылықтардың көпшілік бөлігін орташалар құрады, дәулетті кулак-бай шаруашылықтарының саны 2 есе өсті.

ЖЭС жылдары сауда желісі кеңейді. Жеке саудаға, сауда операцияларының әр алуан түрлеріне рұқсат берілді. Қарқаралы, Баянауыл, Атбасар, Ойыл, Темір, Ордада жәрменкелік сауда қайта өрледі. Жәрменкелерге Қытай мен Моңғолиядан саудагерлер келді.

Ойлан! ЖЭС-ті Қазақстанда нарықтық экономикаға көшу нұсқаларының бірі деп есептеуге бола ма?

ЖЭС-тің тоқтатылуы және оның қорытындылары. ЖЭС-тің маңызды қорытындысы елеулі экономикалық табыстар болды. Өнеркәсіпте негізгі позицияны мемлекеттік трестер; несие-қаржылық салада мемлекеттік және кооперативтік банктер; ауылшаруашылығында кооперацияның әр алуан түрлерімен қамтылған жеке шаруа қожалықтары иеленді.

Алайда 1925 жылдың өзінде-ақ ЖЭС тоқтатыла бастады. И.В.Сталин мен партия басшыларының көпшілігіне ЖЭС ұнамады. Ол капитализмнің калпына келуіне әкеледі деп қауіптенді. Кеңестік тоталитарлық режимнің ЖЭС-тің нарықтық сипатымен сәйкессіздігі жаңа экономикалық саясат идеяларынан бас тартуға әкелді. ЖЭС-ті ресми түрде ешкім жоймаса да, ол 1926–1927 жылдарға қарай іс жүзінде тоқтатылды.

Осылайша ЖЭС экономиканың жылдам жандануына әкелді. Шаруаларда ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге деген қызығушылықтың пайда болуы нарықты азық-түлікпен жылдам толықтыруға және «әскери коммунизм» кезіндегі ашаршылық салдарын жоюға мүмкіндік берді. Кеңестік кәсіпкерлердің жаңа әлеуметтік санаты – «жәстіктер» пайда болды. Елде қалалықтар мен ауыл тұрғындарының материалдық әл-ауқаты мен өмір сүру деңгейінің арту үдерісі жүрді. Бірақ тоталитарлық режим нарықтық экономика негіздерін қабылдамағандықтан, ЖЭС тоқтатылды.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. 1921 жылғы жер-су реформасының қандай маңызы болды?
2. Жаңа экономикалық саясаттың табысы немен түсіндіріледі?
3. ЖЭС қашан және неліктен тоқтатылды?

Тапсырмалар.

1. Жаңа экономикалық саясатқа көшу себептерін тұжырымдаңдар.
2. Жаңа экономикалық саясаттың мақсаты мен міндеттерін бөліп көрсетіңдер және жазыңдар.
3. Дәптерлеріне Қазақстандағы өнеркәсіп пен ауылшаруашылығындағы ЖЭС-тің қорытындыларын көшіріп жазыңдар.



Шаруашылық есеп – қызмет түрі, бұл кезде кәсіпорын өнімді сатудан түскен табыстарды өздігінше жұмсау құқығына ие болады, өз шаруашылық қызметінің нәтижелері үшін өзі жауап береді, пайданы өздігінен пайдаланады және шығындарды жабады.

Коммуна – адамдардың бірлескен өмірінің түрі, оның барлық мүшелерінің мүлкі мен еңбегін ортақтастыруға негізделген.

Ауылшаруашылық артелі (ұжымшар) – ауылшаруашылық кооперативі, ауылшаруашылық өнімін өндіру, өңдеу, өткізу бойынша бірлескен қызмет үшін азаматтар ерікті мүшелік негізінде құрады.

Синдикаттар – трестердің өткізумен, жабдықтаумен, неспелеумен, сыртқы сауда операцияларымен айналысатын кооперациялармен ерікті бірігуі.

Жерді бірлесіп өңдеу серіктестігі (ЖӨС, ЖБӨС) – КСРО-дағы ұжымдық шаруашылық жүргізудің бастапқы, ең қарапайым нысаны. ЖӨС-тің артель мен коммунадан негізгі айырмашылығы өндіріс құралдарының ортақтастырылу дәрежесінде жатыр.

Трестер – толықтай шаруашылық және қаржылық тәуелсіздік алған біртекті немесе өзара байланысты кәсіпорындардың бірлестіктері.

§ 27. XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы әміршіл-әкімшіл жүйенің саясаты

Бүгін сабақта:

- әміршіл-әкімшіл жүйенің не екендігін білеміз;
- оның кеңестік елде қалай қалыптасқанын анықтаймыз;
- бұл жүйеге қандай белгілер тән екендігін білеміз.

Тірек сөздер:

- әкімшіл-әміршіл жүйе
- тоталитаризм

20-жылдары әміршіл-әкімшіл жүйенің қалыптасуы. 20-жылдары КСРО-да мемлекет қоғам өмірінің барлық саласын шексіз бақылауды жүзеге асыратын саяси жүйе қалыптасты. Мұндай мемлекет тоталитарлық мемлекет деп аталады. Большевиктердің коммунистік партиясы (1918 жылдан бастап РК(б)П, 1925 жылдан БК(б)П деп аталды) мемлекеттік құрылымның негізгі өзегіне айналды. БК(б)П-дан басқа саяси партиялар, көптеген қоғамдық ұйымдар жойылды. Неғұрлым маңызды мемлекеттік шешімдер коммунистік партия көшбасшыларының ұйғарымымен қабылданды. Мемлекеттік басшылық лауазымдарын партия көшбасшылары иеленді: В.И.Ленин – ХКК төрағасы; М.И.Калинин – БОАК төрағасы; И.В.Сталин – ұлттар істері жөніндегі халық комиссары және т.б. 1924 жылы қаңтарда В.И.Лениннің қайтыс болуы партиядағы жағдайды өзгертті. И.В.Сталин РК(б)П ОК-нің Бас хатшысы болып сайланды. И.В.Сталин өз қарсыластарын биліктен шеттетті: Л.Д.Троцк ийді 1929 жылы КСРО-дан кетірді, Л.Б.Каменев, Г.В.Зиновьев пен олардың жақтастары 30-жылдары репрессияға ұшыратылды. И.В.Сталин орталықта және жергілікті жерлерде шынайы берілген мамандарды қойып, өз қолына орасан зор билікті шоғырландырды. И.В.Сталиннің жекебасына табыну қалыптасты.

30-жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе және оның саясаты. 30-жылдардың ортасына қарай КСРО-да әміршіл-әкімшіл жүйе қалыптасты. Оның аса маңызды белгілері:

- экономиканы басқару жүйесін орталықтандыру;
- саяси басқарудың экономикалық басқарумен бірігіп кетуі;
- партияның мемлекетті «иеленіп алуы»;
- азаматтық бостандықтарды жою;
- қоғамдық өмірге толықтай бақылау жасау және бірізге салу;
- көсемге табыну болды.

30-жылдары елдің әлеуметтік-саяси және мәдени өміріне басшылықтың әміршіл-әкімшіл әдістері күшейді. Мұндай жүйе-

де басып-жаныштау және зорлық-зомбылық аппараты жұмыс жасады. Күштеу құрылымдарының жүйесі арқылы БТК, кейінірек БМСБ халықтың: мемлекеттік қызметшілердің, зиялы қауымның, жұмысшылар мен шаруалардың саяси көңіл күйін бақылауды жолға қойды. Репресси ялар (түрмелер мен концлагерьлерге қамау) большевиктік режимнің қарсыластарын ғана қамтыған жоқ, жазалау іс-шаралары өз жақтастарын, халықтың барлық топтарын шарпыды. Қуғын-сүргін іс-шаралары заңдарды бұза отырып атқарылды.

Бұл күштеу мекемелері елдің орталығында да, сондай-ақ ұлттық республикаларда да қорқыту арқылы, бастама мен дербестікті басып-жаныштау жолымен қоғамды толықтай бағындыруы тиіс болды. Әміршіл-әкімшіл жүйе үрейлендіру жүйесін құрып, орталықтың кез келген сәтте төмен тұрған басшыны шешімдерін түсіндірместен, орнынан алу мүмкіндігін қалыптастыруды талап етеді. Сондықтан ұлттық республикада бірде-бір басшы орталықтың мақұлдауынсыз және рұқсатынсыз ешбір мәселені шешу мүмкіндігіне ие бола алмады. Барлығы үнемі Мәскеумен келісілді. Большевиктер уәде еткен егемендік жалған болып шықты. Мәскеудегі орталық билік Қазақстан халқының мүдделерімен де, республиканың ұлттық ерекшелігімен де санасқан жоқ.

Ойлан! Әміршіл-әкімшіл жүйе жағдайларында билік пен жүйе неліктен бастаманы, дербестікті, шығармашылық пен ойлау еркіндігін шектеді?

Орталық партия басшылығы республикалардың келісімінсіз, іс жүзінде барлық мәселелерді: республика басшысын тағайындаудан бастап экономикалық, әлеуметтік, мәдени даму және т.б. мәселелерге дейін өзі шешті.

Тоталитарлық режимнің негізгі белгілерінің бірі бұқаралық санаға бірыңғай идеологияны енгізу мақсатында қоғамның рухани өміріне партиялық-мемлекеттік бақылау орнату болып табылады. Тоталитарлық идеологияның негізгі міндеті – адамдарда олардың билікке қажетті іс-әрекеттерді жасауға мәжбүр ететіндей сананы қалыптастыру болды. Ұжымның, мемлекеттің идеялары отбасының, достардың мүдделерінен жоғары, адамның өз мүдделері ешқандай маңызды емес деп сендірді. Кенес адамының өміріндегі басты нәрсе мемлекеттік коммунистік идеология шеңберінде және соған сәйкес өмір сүру деп есептелді. 30-жылдары тоталитарлық режим қоғамдық-саяси өмірдің барлық саласын қамтыды.

Қосымша мәлімет.

Кеңес халқына саяси құқықтар кепілдігін берген Кеңес елінің 1936 жылғы Конституциясында тек жарғылық сипат болды. Кеңестік кітаптарда Кеңес мемлекетінің тарихында 1936 жылғы Конституция мен Қазақ КСР-ның 1937 жылғы Конституциясы бірінші рет барлық азаматтарға тең құқықтар бергені туралы жазылды:

- жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей, тең және тікелей сайлау құқығы;
- еңбек ету және демалыс алу, ауырған жағдайда материалдық қолдау алу құқығы, білім алу құқығы (тегін);
- ар-ұждан, баспасөз, сөз, жиналыстар мен митингілер бостандығы, сондай-ақ жекетұлғаға қолсұғылмаушылық пен хат-хабар құпиялылығы жарияланды.

Алайда бұл тармақтардың барлығы шын мәнінде орындалмады. Кеңестік адамдардың ешқайсысы қуғын-сүргін тетігінен және кеңестік жүйенің қуғындау саясатынан қорғалған жоқ. Ол әсіресе 20–30-жылдары заңды тергеу мен демократиялық сотты жүргізбестен атқарылды.

Қазақ КСР-ның 1937 жылғы Конституциясында «КСРО Конституциясының 14-бабынан тыс Қазақ КСР мемлекеттік билікті өз бетінше, өзінің егеменді құқықтарын толықтай сақтай отырып жүзеге асыратыны» жазылды. Бұл да кеңес мемлекетінің әкімшіл-әміршіл жүйесімен бұрмаланды, өйткені республикалардың ешқандай дербестігі болған жоқ. 1937 жылғы Конституцияда сондай-ақ «экономикалық, саяси қорғаныс бағыты бойынша өзара көмекті жүзеге асыру мақсатында басқа теңқұқықты республикалармен ерікті бірігуі (13-бап), Қазақ КСР келісімсіз аумағының өзгертілмейтіні (16-бап)» және т.б. бекітілді. Бұл ережелердің ешқайсысы да сақталған жоқ.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Елді басқарудың әміршіл-әкімшіл жүйесі дегеніміз не?
2. Бұл жүйе қоғамды қандай әдістердің көмегімен басқарды? Мысалдар келтіріңдер.
3. Бұл жүйеде күштеу құрылымдары қандай рөл атқарды?

Тапсырмалар.

1. Өткен тақырыптардан мысалдар келтіре отырып, 20-жылдары Қазақстанда әміршіл-әкімшіл жүйенің қалыптасқанын дәлелдеңдер.
2. Бұл жүйеге қандай белгілер тән? Қазақстандағы бұл ерекшеліктерді растайтын қосымша ақпараттар табыңдар.



Әміршіл-әкімшіл жүйе – қоғамдық қатынастарды ұйымдастыру тәсілі, оған мемлекеттік меншік негізіндегі қатаң орталықтандыру тән болды.

БК(б)П – Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясы.

РК(б)П – Ресей коммунистік (большевиктер) партиясы.

БОАК – Бүкілодақтық Орталық Атқару комитеті.

Көсемге табыну – жекетұлғаға шексіз бағыну.

Тоталитаризм – саяси режим, мемлекеттің адам өмірінің барлық қырларын толықтай (жаппай) бақылау жасауға ұмтылуы.

Унификация – бірыңғай жүйеге немесе түрге келтіру.

БТК – Бүкілодақтық төтенше комитет.

БМСБ – Біріккен мемлекеттік саяси басқарма.

§ 28. Кеңес мемлекетінің дін жөніндегі саясаты

Бүгін сабақта:

- дін жөніндегі саясат пен атеизмнің не екендігін білеміз;
- Қазақстанда 20–30-жылдардағы дін жөніндегі саясаттың кезеңдерін қарастырамыз.

Қазақстанда 20–30- жылдардағы дін жөніндегі саясаттың негізгі кезеңдері . Кеңестер өзі өмір сүре бастаған алғашқы күндерден бастап дінмен белсенді күресті . Бұл кезеңдегі биліктің дін жөніндегі саясатының басты міндеті – қоғамға ешқандай ықпал ете алмауы үшін, халықты шіркеу мен діннен ажырату ; адамның жаңа үлгісі – атеисті (құдайсызды) жасау болды.

Қазақстанда әртүрлі дін өкілдері болды . Қазақ халқының ішіне, негізінен, ислам таралды . Славян халықтарының өмірінде православие елеулі орынды иеленді . 30-жылдары қоныс аударылған халықтардың ішінде католиктік қауымдар да болды . Евангелиялық христиандар мен баптистердің діні таралып, өлкеде ескі салтшылар, лютершілер, иудейлік дінге сенушілердің өкілдері (еврейлер), 7-күннің адвентистері және т.б. болды . КСРО-да барлық діни қоғамдар мен ұйымдар саны нақ осы кезеңде қарқынды қысқарды .

Қазақстандағы Кеңес мемлекетінің 20–30- жылдардағы дін жөніндегі саясатын 3 кезеңге бөлуге болады : 1-кезең – 1917–1923 жылдардағы христиандыққа белсенді қысым көрсету ; 2-кезең – 1923–1929 жылдардағы салыстырмалы түрде «діни еркіндік» кезеңі ; 3-кезең – 1929–1941 жылдардағы дінге қарсы күрестің қатаңдану кезеңі .

Қазақстандағы 1917–1930 жылдардағы дін жөніндегі саясат . Бұл уақыт үшін дін жөніндегі саясаттың 1 және 2-кезеңдері тән .

1-кезең (1917 жылдан 1923 жылға дейін) – христиандыққа (православие, католиктік және протестанттық шіркеулер) большевиктік белсенді қысым көрсету кезеңі . Бұл кезеңде атеизм дін жөніндегі саясатта алғашқы шараларын жасады . 1917 жылы Ресей халықтары құқықтарының Декларациясында «барлық және барша ұлттық және ұлттық-діни артықшылықтар мен шектеулерді жою» жарияланса да, бұл кезеңде православиелік, католиктік және басқа да дінге сенушілер мен дін қызметшілеріне қарсы қуғындау мен репрессиялардың қатаң үдерістері орын алды .

1918 жылы РКФСР ХКК арнаулы жарғысымен дін мемлекет пен мемлекеттік мектептен бөлінді , заңды тұлға мен меншік құқығы-

Тірек сөздер:

- КСРО-дағы дін саясаты
- атеизм
- Қазақстандағы дін саясатының кезеңдері

нан айырылды, дін азаматтардың жеке ісі болып жарияланды. Бірақ діннің қоғамға ықпалы әлі де болса күшті еді. Бұл кезеңде 1918 жылдан 1920 жылға дейін Ресейде православие дінін қудалау науқаны өрістеді: православиелік орыс шіркеуі әулиелерінің мәйіттерін ашу, храмдардың бағалы заттарын жаппай тартып алу, тонау, дін қызметшілерді ату басталды. Кейбір мәліметтер бойынша, тек 1917 жылдан 1921 жылға дейінгі кезеңде ғана христиан дінбасылары мен дінге сенушілердің арасындағы құрбан болғандардың жалпы саны 25 мыңнан астам адамды құраған.

2-кезең (1923 жылдан 1929 жылға дейін) – салыстырмалы түрде дін еркіндік кезеңі. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы дінге қарсы саясат табысқа жеткізбеді. Діннің ішінара қайта өрлеуі басталды. 1923 жылы И.В.Сталин барлық губкомдарға шіркеулерді жабу және дін сипаттағы тұтқындарға тыйым салу талабымен нұсқау жариялады. Соның салдарынан 1923–1929 жылдары мемлекеттің дін жөніндегі саясаты біршама жұмсарды.

Биліктің мұсылман дініне көзқарасына келетін болсақ, азамат соғысы кезеңінен кейін стратегиялық мақсатта мәскеулік үкімет ислам мен мұсылмандарға қатысты салыстырмалы түрде жұмсақ саясат ұстанды. 1918 жылдан 1928 жылға дейінгі кезеңде мұсылмандарға қатысты қатаң репрессиялық іс-шаралар жүргізілген жоқ. Бұл онжылдық, жалпы алғанда, дін еркіндік кезеңі болып қалды. Биліктің ислам мен мұсылмандарға неғұрлым жұмсақ көзқарасының себептері болды. 1917–1918 жылдар кезеңінде кеңестік Ресейде елдің ұлттық аймақтарында бірінен кейін бірі аумақтық автономиялар (Түркістан автономиясы, «Алаш» автономиясы және т.б.) жарияланды. Большевиктер оларды азамат соғысы жылдары бірінен кейін бірін жоспарлы түрде жойды. Бірақ бұл автономиялардың ұлттық көшбасшыларымен ынтымақтасуға әрекеттенді. Өйткені олардың қолдауынсыз ұлттық шеткергі аймақтарда жақтастар табу мүмкін емес еді. Мұндай жағдайда билік бұл аймақтардағы дін жөніндегі мәселені шиеленістірген жоқ. Сондықтан исламға қарсы сипаттағы жүйелі, белсенді іс-әрекеттер атқарылмады.

Қосымша мәлімет.

1920 жылы қыркүйекте Еуропалық Ресей, Сібір мен Қазақстандағы Мұсылмандардың орталық діни басқармасы (МОДБ) құрылды. 20-жылдары қазақ қоғамында діни өмірдің белсенділігі байқалды. РК(б)П ОК дінге қарсы комиссиясы молдаларға кеңес мектептерінде жұмыс істеуге және мешіттерде балаларға діни ілімді оқытуға мүмкіндік берді. Мұсылман мекемелері өз жұмысын бүкіл аймақ бойынша өрістетті. Қазақтардың үлесіне дінге сенушілер мен діни қызметшілердің шамамен 90%-ы тиді. 1924 жылға қарай республикада бірнеше ондаған медресе болды, мешіттер салынды, шариғаттық сот жұмыс істеді.

3-кезең (1929–1941 жж.) – дінге қарсы күрестің қатандау кезеңі. Бұл кезде қандай да бір «діни еркіндік» тоқтатылды. Дінмен күресте үгіт пен насихат біртіндеп екінші қатарға ығысып, орнын діни ұйымдармен ашық күрес пен дінге сенушілерге қарсы репрессиялар басты. Ал 1932 жылдан 1937 жылға дейінгі кезең дін тарихында «құдайсыз бесжылдық» атауын алды.

Бұл қызық! 1929 жылы сәуірде БОАК мен РКФСР ХКК-нің «Діни бірлестіктер туралы» қаулысы шықты. Ол осы уақыттан бастап кеңестердің дін жөніндегі саясатында негізгі құқықтық актіге айналды. Ол діни қызметшілер қызметін храмдар, шіркеулер, мешіттер мен синагогтардың қабырғаларымен, сондай-ақ дінге сенушілердің тұратын жерлерімен шектеді. Іс жүзінде ол компартия мен Одақ ыдырағанға дейін КСРО-дағы діни өмірді реттеді. Храмдар, мешіттер, синагогтар ғимараттарын тәркілеу; діни қауымдар мен одақтарды мемлекеттік тіркеуден айыру, оқу орындары мен діни басылымдарды жабу, сондай-ақ шіркеу қабырғаларынан тыс жерлердегі қандай да бір белсенділікке тыйым салу діни ұйымдармен күрестің басты әдістеріне айналды.

1929–1930 жылдардың бас кезінде діни ұйымдар мен діни қызметкерлердің құқықтарын елеулі шектеген және жергілікті өкімет орындарына шіркеулерді жабу құқығын беретін бірқатар нормативтік актілер қабылданды. Бұдан кейін діни ғимараттарды жабу мен бұзу бойынша науқан бұқаралық сипатқа ие болды.

Осы кезеңде КСРО-да исламмен күрес басталады. 1928 жылға қарай барлық мұсылмандық діни бастауыш және орта оқу орындары жабылды.

1932 жылы мұсылман дінбасылары мен дінге сенушілерді алғашқы қуғындаулар басталды. Алайда дінбасылардың елеулі бөлігіне қысым жасау, қуғын-сүргін шаралары мен жоюға, белсенді атеистік насихат жұмыстарына, оның ішінде «Жауыққан құдайсыздар одағының» (1925–1947 жж.) қызметіне қарамастан, дін қоғамның рухани өмірінде елеулі рөл атқаруын жалғастыра берді.

Православие ресейлік және қазақстандық селода, әсіресе аға және орта буын ұрпақта өз ықпалын сақтады және қаладағы халықтың арасында да дін жойылған жоқ. Тек жас комсомолдар ғана үгітті шындық ретінде қабылдап, атеистерге айналды. Октябриятқа, пионерлер мен комсомолға тек атеистердің балаларын ғана қабылдады. Кеңестік жас ұрпақ Құдайға сенген жоқ.

Діннің қайта өрлеуі мен дін жөніндегі саясаттың өзгеруі Ұлы Отан соғысы жылдарында орын алды. Соғыс кезінде қоғамды жұмылдыру, барлық күшті біріктіру үшін пайдалану қажеттігі мемлекеттің дін жөніндегі саясатын қайта қарауына себеп болды.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. *Дін және атеизм* дегеніміз не?
2. *Дін жөніндегі саясат* дегеніміз не? 20–30- жылдары оған қандай кезеңдер тән болды ?
3. Билік дінмен күресте қандай әдістерді пайдаланды ?

Тапсырмалар.

1. Қазақстанда діндердің қандай түрлері таралды және олар халықтың қандай топтарына тән? Қосымша материалдардан тауып, анықтаңдар. Кестені дәптерлеріне толтырыңдар .

Ұлты немесе әлеуметтік тобы	Діні

2. Қазақстандағы биліктің дін жөніндегі саясатына тән негізгі ерекшеліктерді дәптерлеріне көшіріп жазыңдар .



Дін – көзқарастардың белгілі бір жүйесі, табиғаттан тыс күшке деген сенімі.
Конфессия – белгілі бір діни ілім шектеріндегі дінге сенушіліктің ерекшелігі .
Дін жөніндегі саясат – мемлекеттік саясаттың дінге қатысты бөлігі.
Атеизм – Құдайдың бар екендігін жоққа шығару, діни пікірлерден бас тарту.

XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ

§ 29–30. Қазақстандағы социалистік индустрияландыру (мәні мен ерекшеліктері)

Бүгін сабақта:

- 20–30-жылдардағы сталиндік индустрияландырудың қалай жүзеге асырылғанын анықтаймыз;
- Қазақстандағы индустрияландырудың ерекшеліктерін білеміз;
- Түркісіб құрылысы – индустрияландырудың бастамасы тарихымен танысамыз.

Қазақстандағы социалистік индустрияландыру: мәні мен ерекшеліктері. Қазақстандағы индустрияландыру ірі өнеркәсіпті, бірінші кезекте ауыр өнеркәсіпті құру және дамыту арқылы жүзеге асырылды. Индустрияландыру кез келген елде жанғырту кезеңі болып табылады.

Тірек сөздер:

- индустрияландыру
- индустрияландыру кездері
- жаңғырту
- урбандану

Бұл қызық! КСРО-да кеңестік жаңғырту үш бағытта: индустрияландыру, ауылшаруашылығын ұжымдастыру және мәдени революция түрінде өтті. КСРО-дағы социалистік индустрияландыру (сталиндік индустрияландыру) елдегі өнеркәсіптік әлеуетті арттыру және экономиканың дамыған капиталистік елдерден артта қалуын қысқарту үшін жүзеге асырылды.

20-жылдардың ортасына қарай КСРО-да индустрияландыруды жүргізу себептері:

– *Біріншіден*, 1925 жылға қарай қалпына келтіру кезеңі аяқталды. Кеңес экономикасы негізгі көрсеткіштер бойынша соғысқа дейінгі деңгейге шықты. Өнеркәсіптік өндірістің өсуін қамтамасыз ету үшін жұмыс істеп тұрған зауыттарды қайта жарақтандырып қана қоймай, жаңа кәсіпорындар салу керек болды.

– *Екіншіден*, алдағы уақытта елдің экономикалық әлеуетін орналастыру мәселелерін тиімді шешу міндеті тұрды. Ресей аумағының 3%-ын алып жатқан Орталық өнеркәсіптік ауданда өнеркәсіптік өндірістің 30%-ы мен жұмысшы табының 40%-ы шоғырланды. Ел бұрынғыша аграрлы, шаруалар елі болып қалды. Ауыл халқы басым болып, қалаларда жұмыссыздық өсті. Бұл әлеуметтік шиеленісті күшейтті.

– *Үшіншіден*, индустрияландыруды жеделдетуге елдің халықаралық аренада экономикалық және саяси окшаулануы әсерін тигізді. Капиталистік елдердің қоршауында қалған КСРО үнемі соғыс кәтерінде болды. Елдің қорғаныс қабілеттілігін нығайту міндеті тұрды.

Индустрияландыруды бастау туралы шешім 1925 жылы желтоқсан айында БК(б)П XIV съезінде қабылданды. Съезде индустрияландырудың негізгі міндеті тұжырымдалды: КСРО-ның экономикалық дербестігін қамтамасыз ету, машиналар мен жабдықтарды тасып әкелетін елден оларды шығаратын елге айналдыру. Осылайша ***индустрияландырудың мақсаты КСРО-ны аграрлы елден жетекші индустриялық державаға айналдыру болды.***

Индустрияландыруды жүргізу көздері БК(б)П сәуір (1926 ж.) мәжілісінде аталды:

- мемлекеттік кәсіпорындардан түсетін табыстар;
- халықтың ішкі неселері;
- өндірістегі аса қатаң үнемдеу мен ұқыптылық.

Алайда ***ауылшаруашылығы*** индустрияландырудың ***басты көзіне*** айналды, соның есебінен өнеркәсіпті техникалық қайта жаратандыруды жүзеге асырудың сәті түсті. Қаражатты ауылшаруашылығынан өнеркәсіпке аудару экономикадағы үйлесімділіктің едәуір бұзылуына әкелді: ауылшаруашылығы құлдырады; жеңіл өнеркәсіп мүлдем дамымады. Бұған қоса, ауыр өнеркәсіптің өзінде әскери өндіріспен байланысты кәсіпорындар басым болды. Бұл экономиканы адам қажеттіліктерін қанағаттандыруға емес, әскери-өнеркәсіптік кешенді дамытуға бағдарлады және кеңес адамдарының өмір сүру деңгейінің өсуіне жағдай жасамады.

Қазақстанда социалистік индустрияландырудың басталуына халықшаруашылығын дамытудың бірінші бесжылдық жоспарының (1928–1932 жж.) бекітілуі себеп болды. 1929 жылдан бастап ел бастылығы индустрияландыру екінің қарқындылығына шақыра бастады. Сталин «Бесжылдықты – төрт жылда!» ұранын ұсынды. Жоспарлық тапсырмалар ұлғайту мақсатында қайта қаралды. Ел түсті және қара металдар, шойын, автомобильдер, ауылшаруашылық машиналары және т.б. алғашқы жоспарланғаннан екі есе артық шығаруға тиіс болды. И.В.Сталин былай деді: «...Екініңді кідірту – артта қалу деген сөз. Біз алдыңғы қатарлы елдерден 50–100 жылға артта қалдық. Біз бұл арақашықтықты он жылда жүгіріп өтуге тиіспіз. Не біз мұны істейміз, не бізді жаншып тастайды».

Мәскеудің ойынша, Қазақстан жеделдете индустрияландырылған негізгі аудандардың біріне айналуы тиіс болды. БК(б)П ОК саясатын белсенді жүргізуші Ф.И.Голощекин *республикада өндіруші өнеркәсіп*

пен шикізатты тасып әкелуге арналған теміржол құрылысын жақтады. Осылайша, Қазақстанды КСРО-ның өнеркәсіптік дамыған аймақтарының шикізат базасына айналдыру көзделді. С.Сәдуақасов бастаған бірқатар жергілікті коммунистер Орталықтың саясатына қарсы шықты. Ол өңдеуші және жеңіл өнеркәсіпті дамытуды, индустрияландыруды жүзеге асыру кезінде республиканың мүдделерін есепке алуды, республиканы шикізат көзіне айналдырмауды ұсынды.

Бұл қызық! Қазақстанда елдегі индустрияландыруды жүзеге асыру бойынша қызу пікірталастар өрістеді. Біреулері «түйеден социализмге өту» мүмкін емес, өмірдің көшпелі салты – қазақ халқының ерекшелігі, сондықтан индустрияландыру оның ұлттық ерекшелігіне нұқсан келтіреді деп есептеді. Екіншілері өнеркәсіпті орнықтыру, жұмысшы табын құру Қазақстанда іске аспайтынын, шамадан тыс индустрияландыру қарқынына артта қалған көшпелі халықтың шыдамайтынын, қазақтың бәрібір өнеркәсіпте жұмыс істемейтінін, оны дала тартып тұратынын дәлелдеуге әрекеттенді. Үшіншілері республиканың ішкі мүдделерін ескерусіз, КСРО құрамындағы перспективалық даму идеясын қорғады. Олар партияның шикізат үшін база ретінде ауылшаруашылығымен байланысты ұсақ өнеркәсіпті дамыту мен оның жұмысын жақсартуға алған бағыты дұрыс екендігін қуаттады. Төртіншілері шет аймақтар тек шикізат базасы болып қалмауы тиіс және индустрияландыруды жүргізу кезінде республиканың ерекшеліктерін ескеру керектігін айтты.

Ойлан! Индустрияландыруды дамыту бойынша қандай көзқарасты қолдайтындарыңды таңдап, дәлелдеңдер және индустрияландыруға мынадай көзқарастарды талдаңдар: 1) «Түйеден социализмге өту мүмкін емес! Көшпелі тұрмыстың сақталуын жақтаймын!»; 2) «Қазақстанда өнеркәсіпті орнықтыру іске аспайды»; 3) «Партияның ұсақ өнеркәсіпті дамыту мен оның жұмысын жақсарту бағыты дұрыс»; 4) «Шет аймақтар тек шикізат базасы ғана болып қалмауы тиіс және индустрияландыруды жүргізу кезінде республиканың ерекшеліктерін ескеру керек».

Осылайша 20–30-жылдардың екінші жартысында Қазақстанда Ф.И.Голощекин жүргізген бағыт жеңді. Ол КСРО тарихында Қазақстан индустриясының бүкіл кеңестік кезеңіндегі тағдырын алдын ала белгіледі.

Қазақстандағы индустрияландырудың ерекшеліктері:

1. КСРО-мен, сондай-ақ одақтың жекелеген республикаларымен салыстырғанда, Қазақстанның индустриялық дамуы жоғары қарқында өтті.

2. КСРО бойынша ең ірі кәсіпорындар құрылысы басым болды. Сондықтан кейін оларды жаңғырту кезінде қиындықтар көбірек кездесті.

3. Ауыр өнеркәсіптің өндіруші салаларының: көмір, мұнай және түсті металлургия дамыды. Ал бұл республика өнеркәсібінің шикізаттық бағыт алуына негіз болды.

4. Қазақстан өнеркәсібінде машина, станок жасау, құрылыс материалдары (цемент, шыны және т.б.) өндірісі болған жоқ, жеңіл және тамақ өнеркәсібі артта қалды.

5. Салынған ауыр өнеркәсіп кәсіпорындары одақтық бағынысты болды, яғни тек Мәскеуге бағынды.

Ойлан! КСРО-дағы индустрияландыру өз мақсаттарына жетті ме? Индустрияландыру қорытындылары неліктен біржақты бағаланбады? Қазақстандағы индустрияландырудың қайшылығы неде?

Табиғи ресурстарды зерттеу және оларды белсенді игеру. Қ.Сәтбаев. Қазақстанның индустриялық дамуын тежеген қиындықтардың бірі оның аумағының геологиялық тұрғыдан нашар зерттелгендігінде еді. Пайдалы қазбалардың жаңа кен орындарын іздеу қарқынды жүрді. 1928–1929 жылдары Қазақстанның жер қойнауын зерттеу үшін Геологиялық басқарма тарапынан 50-ден астам іздестіру жұмыстары жүргізілді. Қазақстандық арнаулы геологиялық барлау тресі ұйымдастырылып, «Ембімұнай» орталық ғылыми-зерттеу зертханасы, «Ақтөбеникель» геологиялық барлау қызметі және т.б. пайда болды.

Қосымша мәлімет.

1931 жылы 140-тан астам геологиялық барлау партиясы жұмыс істеді. Олар бағалы, жаңа минералдық шикізат түрлерінің бірегей кен орындарын тапты. Шикізат қорлары бойынша Қазақстан бірінші орынға шықты. Мыс кендерінің (Қоңырат, Бозшакөл, Жезқазған), қорғасынның (Кенді Алтай, Қаратау мен Жоңғар Алатауы таулары), темір кендерінің (Атасу), хромит пен никель кендерінің, фосфориттің (Ақтөбе облысы) елеулі қорлары ашылды. Орал-Ембі ауданында мұнайдың жаңа кен орындары ашылды. Қарағандыда ірі көмір бассейні айқындалды. Осының арқасында Қазақстанда республиканың жаңа ғылыми геологиялық картасы жасалды.

Орталық Қазақстанның минералдық-шикізаттық ресурстарын академик Н.С.Курнаков басқарған геологтер мен геофизиктер тобы зерттеді. Ол өз зерттеулері нәтижесінде республика «Кеңестер Одағының тұтастай металлогенді провинциясы» екендігін дәлелдеді. Орал-Ембі мұнайлы ауданын зерттеумен айналысқан академик И.М.Губкин бұл кен орны елдегі аса бай кен орындарының бірі деген қорытындыға келді. Жезқазған ауданындағы мыс кен орындарына жас инженер-геолог Қ.И. Сәтбаев барлау жүргізді.

Түркісіб құрылысы. Өндірісті дамыту үшін бірінші кезекте теміржол желілері керек болды, Алматыдан Семейге дейінгі Түркістан-Сібір теміржолының (Түркісіб) құрылысы ҚазАКСР-дағы индустрияландырудың алғашқы нысандарының біріне айналды. Түркісіб құрылысы туралы шешім КСРО Еңбек және қорғаныс кеңесінің 1926 жылғы 3 желтоқсандағы отырысында қабылданды. Құрылыс бастығы болып В.Шатов тағайындалды. РКФСР үкіметі жанынан РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Т.Рысқұлов басқарған

Түркісіб құрылысына жәрдем көрсетудің арнаулы комитеті жұмыс істеді. Рельстер тау өзендері, жартасты қыраттар, құмдар арқылы 1442 км-ге салынуы тиіс болды. Құрылысқа дайындық 1927 жылы сәуір айында басталды.

Семей стансысынан басталған жолдың бірінші буынын 1927 жылдың 15 қыркүйегінен бастап салды. Түркісібтің іс жүзінде түйісуі мерзімінен 8 ай бұрын, 1930 жылы сәуірде жүзеге асып, 1931 жылы пайдалануға берілді. Жол Орта Азияны Сібір аудандарымен жалғастырды және елдің шығыс аудандарының экономикасы мен мәдениетінің көтерілуіне әсер етті.


1927 жылы Петропавл-Көкшетау жолы салынды. Ол 1931 жылы Ақмолаға дейін жалғастырылды. 1939 жылы Қазақстаннан шікізатты тасып әкету үшін Ақмола-Қарағанды, Елек-Орал, Рубцовск-Риддер, ал 1940 жылы Қарағанды-Жезқазған жолдары салынды.

Қазақстан ауыр өнеркәсібі ірі кәсіпорындарының құрылысы. Теміржолдар құрылысымен бір мезгілде жұмыс істеп тұрған өнеркәсіп кәсіпорындары қайта құрылымдалып, жаңасы салынды. Риддер, Қарсақпай комбинаттары қалпына келтірілді. Қарағанды-көмір тресінің шахталары елдегі үшінші көмір бассейніне айналды. Индустрия алыптары: Балқаш мыс қорыту, Ащысай полиметалл, Текелі полиметалл, Жезқазған мыс қорыту комбинаттары мен Өскемен қорғасын-мырыш зауытының құрылыстары жүрді. Бұлар КСРО түсті металлургиясының аса ірі кәсіпорындары болды. Шымкентте, Ақтөбеде химия өнеркәсібі кәсіпорындарының құрылысы басталды. Электр энергиясы өндірісі артты: Қарағанды ОЭС-і, Үлбі СЭС-і, Балқаш мыс қорыту комбинатының ЖЭО-і сол уақыттағы екпінді құрылыстар болды. Ембі мұнайлы ауданы дамыды. Қосшағыл, Мақат сияқты ескі кәсіпшіліктер кеңейтілді. Құлсары, Сағыз жаңа кен орындары игерілді.

Индустрияландыру жылдары тамақ өнеркәсібінің ірі кәсіпорындары: Семей ет комбинаты, Гурьев балық-консерві зауыты, Жамбыл, Мерке, Талдықорғанда қант зауыттары салынды.

Жұмысшы табының өсуі. Жаңа аудандарды өнеркәсіптік игеру еңбек ресурстарын арттыруды талап етті. Индустрияландыру жылдары бұл:

- бесжылдықтар құрылыстарына комсомол және жастар еріктілерін шақыру;
- жалақыға үстеме қосу және қиын жағдайларда жұмыс істейтін жұмысшыларға әртүрлі жеңілдіктер беру;
- түрмеде отырғандар мен арнайы қоныс аударылғандардың мәжбүрлі еңбегін пайдалану тәсілдерімен шешілді.



Түркісіб. Суретші Ә.Қастеев

Еңбек өнімділігін арттыруда техниканы игеру және еңбекті ұйымдастыруды жақсарту есебінен табыстарға жеткен стахановшылар қозғалысы үлкен рөл атқарды. Оның бастамасын кенші Алексей Стахановтың рекорды салды. Ол 1935 жылы 1 қыркүйекте бір ауысымда 14 күндік норманы орындады. Стахановтың табыстары көпшілікке кеңінен белгілі болды және шаруашылықтың барлық салаларына таралды. Әрбір кәсіпорында өз стахановшылары пайда болды. *А.Мұрынбаев, С.Өтебаев, М.Сағымбеков, Б.Нұрмағамбетов, З.Табылдинова* және т.б. өндіріс озаттары болды. Стахановшылар қозғалысы ізбасарларының бірі Қарағандының кенші маманы *Т.Күзембаев* болды.

Бұл қызық! Түсіп Күзембаев еңбек жолын 12 жасынан бастады. Ол өзін Қарағанды бассейнін игеру басталған кезде танытты. 30-жылдардың бас кезінде бұл жерде КСРО-дағы үшінші көмір базасы құрылды. «Қарағандыкөмір» №1 шахтасы алғашқы екпінділерінің ішінде Күзембаев та болды. 1932 жылы оған «бірінші бесжылдық екпіндісі» құрметті атағы берілді. Көп ұзамай ол кен қазушылардың бригадиріне, Қарағандыдағы стахановшылар қозғалысының бастамашысына айналды. 1935 жылы 25 қыркүйекте оның бригадасы төрт күндік норманы орындады.

Алғашқы бесжылдық жылдары жұмысшы табының саны артты. Білікті жұмысшылар тобы қалыптасты. Жұмысшылар теміржолшы, құрылысшы, техник, жол ісінің шебері және басқа да кәсіптерді меңгерді. Жұмысшылар мен шаруалардан шыққан қазақ инженер-техник зиялы қауымы пайда болды.

Жұмысшы күшін толықтыру көздерінің бірі арнайы жер аударылғандар – орталық аймақтар мен Сібірдегі шаруашылықтары тәркіленген ауқатты шаруалар болды. 1931 жылы Қарағандыға 70 мыңдай адам жер аударылды, олар концлагерьлерге орналастырылды. Арнайы жер аударылғандардың кенттерден шығуға құқықтары болған жоқ. Олар шахталарда, теміржол құрылысында жұмыс істеді. Жұмыс істейтіндерге күніне 600 гр, оның қарауындағы адамдарға 300 гр нан берілді. Аштық пен аурудан жер аударылғандардың басым бөлігі қаза болды, алайда олардың орнына басқаларын әкелді.

Қазақстандағы индустрияландырудың қорытындылары. Республика аграрлы елден индустриялы-аграрлы елге айналып, КСРО өнеркәсіп өндірісінде алдыңғы қатарды иеленді. *Қазақстан қорғасын өндіру бойынша Одақта бірінші орынға, түсті металдар өндірісі бойынша екінші орынға, мұнай өндіруден үшінші орынға шықты, Қарағанды КСРО-ның үшінші көмір базасына айналды.* Республикада 120 ірі өнеркәсіптік кәсіпорын салынды, мың километрден астам жаңа теміржол іске қосылды. Өндірістің өсуі, әсіресе соғыстың алдындағы жылдары байқалды. 1940 жылы республикада 2,5 мыңнан аса жаңадан салынған және қайта қалпына келтірілген кәсіпорын жұмыс істеді. Жұмысшы табының өсуі жүріп жатты, кеңестік біліктілігі жоғары инженерлік-техникалық зиялы қауым қалыптасты.

Индустрияландырудың сипатты белгісі *урбандану* (қалалардың өсуі) болды. Бірқатар кенттер (Қарағанды, Риддер, Балқаш және басқалар) қалаларға айналды. Өнеркәсіптік құрылыс қала халқының күрт өсуіне жағдай жасады.

Индустрияландырудың жағымсыз салдары да болды. Қазақстан өнеркәсібі шикізаттық бағытта болды. Мұнай, газ, металдарды қайта өңдеу бойынша кәсіпорындар; машинажасау, құрылғы жасау, аспаптар, автомобиль жасау және басқа да кәсіпорындар болған жоқ. Қазақстан елді электрмен жабдықтау, теміржолдар мен олардың пайдаланылуы бойынша артта қалып қойды. Қазақстанға көші-кон ағыны артты. Олар Ресей, Украина, Белоруссия мен басқа да аймақтардан қоныс аударушылар болды. 1928–1939 жылдары Қазақстан қалалары халқының көші-кон есебінен 1,8 млн адамға өсті. 20–30-жылдардағы ашаршылық пен көші-кон үдерістерінің нәтижесінде негізгі этнос – қазақтардың Қазақстан халқының жалпы санындағы үлесі 1939 жылы 38%-ға дейін қысқарды.

Индустрияландыру мен қаражатты ауылшаруашылығынан аудару аграрлық өндірістің құлдырауына әкелді. Қалалардағы азық-түлік мәселесі шиеленісіп, 1929 жылы карточкалық жүйе енгізілді.

Карточкалық жүйе барлық азық-түлік тауарларына қолданылды. Алайда тауарлар тапшылығы бұрынғыша қалды және оларды сатып алу үшін үлкен кезектерге тұруға тура келді.

Индустрияландыру нәтижелерін біржақты бағалауға болмайды. Тұтастай алғанда, Қазақстан экономикасында өнеркәсіптік өндірістің айтарлықтай өсуі мен өнеркәсіптік өнімнің меншікті үлесінің артуы байқалды. Индустрияландыруды жүзеге асырудың нәтижесінде қысқа мерзім ішінде Қазақстан артта қалған аграрлы өлкеден аграрлы-индустриялы республикаға айналды. Екінші жағынан, соғыс алдындағы бесжылдық жылдары Қазақстан КСРО-ның ірі шикізат орталығы болды.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Индустрияландыру, КСРО-дағы социалистік индустрияландыру дегеніміз не? Бұл ұғымдардың айырмашылығы бар ма?
2. Индустрияландыруды жүзеге асыру кезінде қаражатты іздестіруде қандай көздер тартылды?
3. Қазақстандағы индустрияландыру үшін қандай ерекшеліктер тән?
4. Қазақстан қоғам қайраткерлерінің арасында индустрияландыруды жүргізу барысындағы қандай мәселелер қызу пікірталас туындатты?
5. Түркісіб теміржолының тарихи маңызы неде?

Тапсырмалар.

1. Түркісіб құрылысының тарихын сипаттап, эссе жазыңдар.
2. Индустрияландыру кезеңінде салынған қазақстандық ірі кәсіпорындар (мысалы, Қарағанды көмір бассейні, Балқаш мыс қорыту зауыты немесе басқалары) туралы қосымша материал табыңдар.



Социалистік индустрияландыру – КСРО өнеркәсіптік әлеуетін қарқынды өрістету үдерісі.

Жаңғырту, жанарту – жылдамдату мақсатымен қоғамдық жүйені қайта құрылымдау, жанарту үдерісі.

Жеделдету – екпінді арттыру.

Урбандану – қаланың өсуі және олардың қоғамды дамытудағы рөлінің артуы.

§31. Қазақстандағы «Кіші Қазан»

Бүгін сабақта:

- «Кіші Қазанның» негізгі іс-шаралары туралы білеміз;
- Қазақстанда Ф.И.Голощекинге кімдер және неге қарсы шыққанын анықтаймыз.

Қазақстандағы «Кіші Қазан»: мазмұны мен оны жүзеге асыру іс-тәжірибесі. Қазақстанда тоталитарлық жүйенің нығаюы 1925 жылдан БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің Бірінші хатшы-

сы болған Ф.И.Голощекинмен байланысты. Ф.И.Голощекин Қызылордаға (сол кездегі Қазақ АКСР-ның астанасы) келісімен қазақ ауылында Кеңес өкіметінің жоқтығы туралы мәлімдеп, «ауылда Кіші Қазан жүргізу керек» деген қорытынды шығарды. Ф.Голощекиннің бұл ұраны «Кіші Қазан саясаты» (1925–1928 жж.) атауын алды.

«Кіші Қазанның» мақсаты қазақ ауылында социалистік өзгерістерді жүзеге асыруға бағытталды. «Кіші Қазан» негізгі ұрандарының бірі «Қоныс аударушылар деревнясындағы азаматтық татулық және қазақ ауылындағы азамат соғысы» ұраны болды. Ұранды өмірге енгізе отырып, ол қазақ ауылындағы әртүрлі топтардың бір-біріне қарсы тұруына және кедейлер мен батырақтардың көмегімен Қазақстанда коммунистік іс-қимылдарды жүзеге асыруға үміттенді.

«Кіші Қазан» мынадай іс-шараларды қамтыды:

- қазақ ауылын кеңестендіру;
- егістік-шабындық жерлерді қайта бөлу;
- бай шаруашылықтарын тәркілеу.

Ауылды кеңестендіру бағыты. «Кіші Қазанның» басты міндеттерінің бірі қазақ ауылын кеңестендіру болды. 1925 жылға дейін қазақ ауылында коммунистерді қолдамаған байлар мен дәулетті шаруалардың ықпалы зор болды. Көптеген қазақ аудандарында ауылдық Кеңестер болған жоқ немесе оларға байлар сайланды. Бұл жағдайдың Орталыққа және жергілікті коммунистерге ұнамауы заңды еді. 1926–1927 жылдары ауылдық Кеңестер құру үдерісі басталды. Ал 1927 жылы Кеңестерді қайта сайлау жүзеге асырылды. Өз ықпалын күшейту және байлардың ықпалдарын болдырмау үшін коммунистер Кеңестердің пайыздық құрамын реттеді. Кедейлердің, батырақтардың, әйелдер мен коммунистердің пайызы арттырылды. Сондай-ақ 1928 жылға қарай пайыздық нормалар мәліметтерін есепке алғанда, болыстық, селолық және ауылдық кеңестер 50–60%-ға жанартылды. Мұндай құрамдағы Кеңестер жеңіл басқарылатын күйге түсті. 1927 жылы қаңтарда ҚазАКСР ОАК қаулы қабылдады. Ол бойынша ауылдық Кеңестер кейбір азаматтық және еңбек мәселелерін қарастыру және шешу, жекелеген тұлғалардың, үйлер мен жер қоғамдарының жерді, суаттарды пайдалану құқықтары туралы дауларды талқылау, жайылымдар мен шабындықтарды бөлу туралы шешім қабылдау құқығын алды.

Егістік-шабындық жерлерді қайта бөлу, бай шаруашылықтарын тәркілеу. Егістік және шабындық (жайылымдық) жерлерді теңгерме-

Тірек сөздер:

- Кіші Қазан
- кеңестендіру
- жыртылатын-шабындық жерлерді қайта бөлу
- бай шаруашылықтарын тәркілеу

шілікпен қайта бөлу ҚазАКСР ОАК мен ХКК-нің 1926 жылғы 20 мамырдағы қаулысына сүйенді. Бұл қайта бөлу 1926–1927 жылдары жүзеге асырылды. 1360 мың десятинаға жуық шабындық пен 1250 мың десятина егістік жер бай және дәулетті шаруашылықтардан тартып алынып, кедейлерге берілді. Алайда жерді жай ғана қайта бөлу басты міндетті – кедей шаруашылықтарының экономикалық жағдайын жақсартуды шешкен жоқ. Өйткені қазақтардың малшаруашылығына негізделген шаруашылық жүргізу ерекшеліктері ескерілмеген еді. Жерді алғанымен, кедейлерде мал, ауылшаруашылық құралдары т.б. болған жоқ. Малдары болмағандықтан, олар жайылымдар мен шабындықтарды, ал ауылшаруашылық құралдары болмағандықтан, жыртылатын жерлерді пайдалана алмады. Сондықтан кедей шаруашылықтардың көпшілігі алған жерлерінен бұрынғы иелері – байларға қайтарып беруге мәжбүр болды. Бұл реформа ешқандай нәтижеге жеткізген жоқ.

Партиялық органдарға жерді тек қайта бөлудің өзі жеткіліксіз екендігі түсінікті болды. Кіші Қазанның келесі қадамы мал иелері – ірі байларды отбасыларымен бірге тұратын аудандарынан тыс жерлерге жер аудару және дүние-мүлкін тәркілеу болды.

Бұл қызық! 1928 жылы 27 тамызда ҚазОАК-нің ірі бай-феодалдардың малын, дүние-мүлкін тәркілеу және жер аудару туралы Декреті қабылданды. Көшпелі аудандарда 400 бастан көп, жартылай көшпелі аудандарда 300-ден аса, отырықшы аудандарда 100-150-ден астам бас ірі қара малы бар шаруашылықтар тәркіленуге тиіс болды. Сондай-ақ, хандар мен сұлтандар және бұрынғы болыстық басқарушылар ұрпақтарының шаруашылықтары да тәркілеу қатарына жатқызылды. Ірі байлардың 700-дей шаруашылығы тәркіленді, олардан 145 мың бас (ірі малмен есептелінді) мал тартып алынды. Бұл малдың бір бөлігі (84,6 мың бас) батырақтар мен кедейлерге бөлінді, малдың елеулі бөлігі жер органдарына, коммуналар мен кеңшарларға берілді.

Бұл реформаның мәні : тәркіленгеннен кейін бүкіл мал орташалардың деңгейіне дейін жеткізу үшін кедей шаруашылықтарына берілуі тиіс болатын. Алайда шараны жүргізу кезінде тәркілеуге баса назар аударылды және малды кедей шаруашылықтарға беру назардан тыс қалды. Сондықтан кедей шаруашылықтарының елеулі бөлігіне малдан үлес берудің сәті түспеді. Бұл реформа экономикалық пайда берген жоқ. Бірақ қазақ ауылының жіктелуіне, оның бөлінуіне әкеліп, коммунистер өз мақсаттарына қол жеткізді. Қазақ ауылы кедейлерінің арасында ерекше топ – *белсенділер* қалыптасты. Кеңес өкіметі енді соларға арқа сүйеді.

Осы іс-шаралардың нәтижесінде Кіші Қазанның негізгі міндеті шешілді: Ф.И.Голощекин мен оның айналасындағылар қазақ ауы-

лында азаматтық қайшылыққа қол жеткізді және қазақ ауылын кеңестендіру үшін әлеуметтік топтар жасады. Сонымен қатар қазақ ауылындағы байлардың ықпалына нұқсан келтірілді.

Ф.И. Голощекин. 1925 жылы қыркүйекте БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің (Казкрайком) бірінші хатшысы болып Филипп Исаевич Голощекин тағайындалды. Голощекин Қазақстанға келгенге дейін өзін партияда кез келген тапсырманы жылдам және қажет болған жағдайда қатаң орындай алатын адам ретінде танытты. Оның өмірбаянындағы ерекше фактілердің бірі – Голощекиннің Екатеринбургте император ІІ Николай мен оның отбасын атуға қатысуы. Сталинге әбден берілгендігі, Орталықтың әмірлерін жылдам орындауы, әмірлерді орындау үшін пайдаланылатын әдістердің заңсыздығы, адамдар шығынына уайым жемеуі, басқалардың пікірімен санаспауы, оппозицияны мейірімсіздікпен жазалауы сияқты қасиеттер оның айрықша белгілері еді.

Голощекиннің өлкенің партия ұйымын басқару кезені (1925 жылдан 1933 жылға дейін созылған) «Кіші Қазан» саясатымен және одан кейінгі жаппай ұжымдастырумен байланысты есте қалды. Бұл қазақ халқы үшін қайғылы болды. Мұндай іс-шаралар жергілікті коммунистердің тарапынан наразылық туындатты. Ф.Голощекин өз көзқарастарын қолдамаған партия басшыларымен күрес бастады.

1926–1928 жылдары зиялы қауымға қарсы репрессиялардың үдеуі. «Кіші Қазан» саясаты ұлттық зиялы қауым мен қазақ коммунистерінің наразылығын туындатты. С.Сәдуақасов бейбіт уақытта қазақ ауылына азаматтық соғысты тану өрескел қателік екендігін, ауылдағы ең маңызды және экономикалық жағынан мықты топтар – байлар мен орташаларды жоюға болмайтынын, дәстүрлі құрылым – көшпелі қауымды қирату қазақ ауылын апатқа ұшырататынын айтты.

Бірақ Ф.Голощекин басқаша ойлайтын адамдарға, әсіресе оппозицияға жаулықпен қарады. 1926 жылы С.Сәдуақасов, С.Кожанов, Ж.Сұлтанов, Ж.Мыңбаевтарға «ұлтшыл-ауытқушылық» деген айып тағылды. С.Сейфуллин, М.Мырзағалшев, Н.Нұрмақов, С.Мендешев және т.б. қуғынға ұшыратылды. Ұлттық зиялы қауым өкілдерінің көпшілігі жазаланды немесе республикадан кетірілді.

1928 жылдың соңында Ф.Голощекин саяси қарсыластарын тұтқындай бастады. Олардың ішінде А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтар болды. XX ғасырдың 20-жылдарының соңы мен 30-жылдардың бас кезінде Қазақстанда қалған және орасан беделге ие Алаштың зиялы қауым өкілдері – М.Тынышбаев, Ж.Досмұхамедов, Х.Досмұхамедов және т.б. тұтқындау басталды.

Ф.И.Голощекин Қазақстанда оппозицияны түпкілікті жойып, сталиндік жаппай ұжымдастыруды жүзеге асырды.

Сұрақтарға жауап беріндер.

1. «Кіші Қазанның» мақсаты қандай еді?
2. «Кіші Қазан» саясаты шеңберінде қандай іс-шаралар жүргізілді?
3. 20-жылдардың соңында алғашқы репрессиялар кімдерге қарсы және неліктен басталды?
4. Қазақ зиялы қауымының өкілдері неліктен Голощекинге қарсыластар болып шықты?

Тапсырма.

Ф.Голощекинге оппозицияны құраған ұлттық зиялы қауым өкілдері (таңдау бойынша): С.Сәдуақасов, С.Қожанов, Ж.Сұлтанов, Ж.Мынбаев туралы қосымша материал табындар. Олардың бірін таңдап, таныстырылым дайындаңдар.



Кенестендіру – биліктің төменгі органдары ретінде Кенестер құру.

Тәркілеу – мәжбүрлеп, өтемақысыз мемлекет меншігіне алу.

Белсенді – кенестік кезеңде қазақтардың ішіндегі белсенділік танытушыларды осылай атаған.

Қулақтар – жалдамалы еңбекті пайдаланатын дәулетті шаруалар.

Орташалар – кулак пен кедейдің аралық жағдайын пеленетін дәулеті орташа шаруалар.

Ұлтшыл-ауытқушылық – республиканың ұлттық ерекшеліктерін қорғай отырып, партиялық бағыттан жалтарған, большевиктер саясатына қарсы шыққандарға тағылған айып.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ

§ 32–33. Қазақстанда ауылшаруашылығын күштеп ұжымдастыру саясаты

Бүгін сабақта:

- күштеп ұжымдастырудың сталиндік үлгісінің Қазақстан ауылшаруашылығының дамуына тигізген әсерін талдаймыз;
- ұжымдастырудың республика ауылшаруашылығындағы салдарын анықтаймыз.

Күштеп ұжымдастырудың сталиндік нұсқасы. XX ғасырдың 20–30-жылдар шебінде елдің экономикасы мен қоғамдық-саяси өмірінде «күштеу» саясаты негізгі тәсілге айналды. КСРО-дағы кең ауқымды және жеделдете индустрияландыру шаралары азық-түлік қорының, әсіресе астықтың жетіспеуі мәселесін туындатты. ЖЭС-тен кейін астықты негізгі өндірушілерге айналған кулактар мен орташа шаруалар мемлекетке астықты төмендетілген баға бойынша сатудан бас тартты. Сондай-ақ 1927 жылы КСРО-да астық дайындау дағдарысы туындады. Мемлекет қаланы астықпен қамтамасыз ете алмады. Бұған қоса, КСРО дүниежүзілік нарыққа астық шығарып, түскен қаржыны индустрияландыруға жұмсады. Шаруалардың астықты төмендетілген бағамен сатудан бас тартуы индустрияландыруға құйылатын қаржының аса ірі көзін жоғалтуға әкелді. Аграрлық сала қорларын өнеркәсіптік салаға аудару жүйесі тежелі бастады. Сондықтан өкімет азық-түлік мәселесін шешу үшін күштеу әдісін пайдаланып, ұжымдастыру саясатын жүргізді. Құрылған ұжымшарлар мемлекет жүктеген барлық жоспарлы міндеттерді орындап отыруы тиіс еді.

1927 жылғы желтоқсанда БК(б)П XV съезінде КСРО ауылшаруашылығын ұжымдастыру туралы шешім қабылданды. Ұжымдастырудың бұл үлгісін «сталиндік», «күштеп», «жатпай» (барлық шаруашылықтар түгелдей қамтылды) ұжымдастыру деп сипаттауға болады. Шаруаларды ұжымдастырудың негізгі түрі ұжымшарлар (ауылшаруашылық артельдері) құру болды. Оларға:

Тірек сөздер:

- Сталиндік ұжымдастыру
- астық дайындау
- мал дайындау
- көшпелілер седентаризациясы

мал, ауылшаруашылық мүлкі, тұқым, еңбек нәтижелері, адамның өзі мен оның еңбегі ұжымдастырылды. КСРО-дағы ұжымдастыру жеделдету сипатын алды. Ауылшаруашылығын ұжымдастырудың мерзімдері мен екпіндері нұсқаулық жолмен белгіленді. 1928 жылдан бастап КСРО ауылшаруашылығын кең көлемде жаппай ұжымдастыруға кірісті. 1929 жылы қарашада И.В.Сталиннің ұжымдастыру міндеттері туралы «Ұлы бетбұрыс жылы» мақаласы жарияланды. Шын мәнінде, КСРО-да 1929 жыл ұлы бетбұрыс жылы болды. *Бұл кезде шаруаның дербес жеке шаруашылықтары күйретілді, ал кеңестік ұжымшарлар кеңестік тоталитарлық машинаның аяусыз қаналатын нысанына айналды.*

Көшпелі және жартылай көшпелі халықты күштеп отырықшыландыру. Қазақтардың көшпелі тұрмысы сақталғандықтан, Қазақстанда жаппай ұжымдастыру шараларын жүргізу мүмкін емес еді. 1928 жылға қарай 700 мың қазақ шаруашылығының үштен екісінен астамы әлі де болса көшпелі немесе жартылай көшпелі тұрмысын сақтады. Қазақстандағы жаппай ұжымдастырудың негізгі ерекшелігі көшпелі малшыларды күштеп отырықшыландыру, көшпелі малшаруашылығын егіншілік немесе отырықшы малшаруашылығына ауыстыру болды.

Отырықшыландыру барлық отырықшыға айналған шаруашылықтарды 100% ұжымдастыру негізінде жүргізілуі тиіс болды. Бұл міндеттерді орындау мақсатында республика үкіметі 1930 жылы ҚазАКСР ХКК жанынан Отырықшыландыру жөніндегі комитет құрды. Комитет отырықшылану қарқынын қадағалап отырды. Материалдық-техникалық және ұйымдастыру істері (тұрақты тұрғын үй, шаруашылық база, жерге орналастыру, тұқыммен және ауылшаруашылық құралдарымен жабдықтау, несие беру, машина-трактор стансысын (МТС) құру және т.б.) шешілген жоқ. Отырықшыландырудың күштеп, жеделдете дайындықсыз жүргізілуі апатты салдарға әкеп соқты.

Ойлан! Қазақстандағы ұжымдастырудың негізгі ерекшеліктері қандай? Ұжымдастыру саясаты неліктен қазақтарды «зор апатқа» алып келді?

Қазақстандағы ұжымдастырудың қарқыны мен барысы. Қазақстан үшін ұжымдастыруды жүргізу мерзімдерін Мәскеу белгіледі. ОК ұжымдастыруды 1932 жылдың көктеміне қарай аяқтау міндетін қойды. Бұған тек көшпелі аудандар ғана қосылған жоқ.

Ұжымдастыруды жергілікті партия, кеңестік органдар, МТС жүзеге асырып, олардың жанынан саяси бөлімдер құрылды.

Республикада ұжымдастыруды жүргізген бұл адамдар «көшпелі малшаруашылығы», «отырықшылану» деген ұғымдарды мүлде түсінбеді. Сондықтан отырықшылану мен ұжымдастыру көшіп-қонуға қатаң тыйым салу, күштеп отырықшыландыру және жергілікті жағдайлар ескерілместен барлығын ұжымшарларға қуып әкелу жолымен жүргізілді.

Белгіленген мерзімге жеткізбей тапсырманы орындау үшін республикадағы партиялық органдар қарқынды үдете бастады. Малшаруашылық аудандарында да ұжымшарлар күшейтілген қарқынмен құрылды. Ұжымшарларды құру кезінде еріктілік қағидаты бұзылып, ұжымдастыру күштеу арқылы жүргізілді. Ұжымшарларға барлық шаруашылықтар түгелдей енгізілгендіктен, ол жаппай ұжымдастыру болды. Ұжымдастыру «Кіші Қазан» кезеңінде басталған жаппай кулақтықты жоюмен, шаруалардың барлық топтарына, бірінші кезекте дәулетті шаруашылықтарға жаппай құғындаумен қатар жүрді.

Қосымша мәлімет

1930 жылы 30 қаңтарда БК(б)П ОК-нің «Жаппай ұжымдастыру аудандарында кулак шаруашылықтарын жою жөніндегі іс-шаралар туралы» Қаулысы қабылданды. Ол бойынша барлық «кулак шаруашылықтары» санаттарға бөлінді. Қазақстанда «контрреволюциялық актив» ретінде бағаланған бірінші санатқа шамамен 5–6 мыңдай адам енгізілді. Бірінші санат өкілдеріне концентрациялық лагерьлерге қамау немесе ату жазасы түріндегі шаралар қолданылды; екінші санатқа – контрреволюциялық активтің неғұрлым бай кулактары мен жартылай помещиктерден тұратын бөлігіне – республикада 10–15 мыңдай адам енгізілді. Оларды шалғай аудандарға жер аударды. Репрессиялық саясаттың нәтижесінде Қазақстанда 1930 жылдың басына қарай тек 60 астықты ауданның өзінде 3123 кулак-бай шаруашылығы жойылды. 1929 жылдан 1933 жылға дейін, 5 жылдың ішінде, БМСБ үштіктерімен Қазақ АКСР-нда толық емес мәліметтер бойынша 9805 іс қаралған және 22933 тұлғаға қатысты шешім қабылданған. Олардан 3386 адамға жазалаудың ең жоғары шарасы – атуға үкім шығарылды, 13 151 адам 3-тен 10 жылға дейінгі мерзімге концлагерьлерге қамалды.

1932 жылы 7 тамызда «Мемлекеттік кәсіпорындардың, ұжымшарлар мен кооперативтердің мүлкін қорғау және қоғамдық меншікті нығайту туралы» Заң қабылданды. Ол «Бес масақ туралы» Заң деген атпен таныс. Өзінің екінші атауын шаруалардың егістіктегі астықтың қалған масақтарын жинағаны үшін жаппай соттаудан алды. Ол дүние-мүлкін тәркілеу, ату, 10 және одан көп жылға бас еркінен айыру сияқты жазалау шараларын көздеді. Ұжымшар меншігін пеленіп кеткені үшін 5–10 жылға дейін бас еркінен айыру қарастырылды. Бұл заң бойынша сотталғандар кешірім алмайтын болды. Тек 1932 жылдың өзінде ғана Қазақстанда 33 мыңнан аса адам сотталды.

1928–1930 жылдардағы астық және ет дайындау науқандары. Қазақстан аса ірі шикізаттық және ауылшаруашылықты республикалардың бірі болды. Қазақстанда «Кіші Қазанмен» және ұжымдастырумен қатар астық, ет, жүн және басқа да ауылшаруашылық өнімдерін дайындау науқаны белсенді жүргізілді. «Әскери коммунизм» саясаты кезіндегі азық-түлік отрядтары сияқты кең өкілеттіліктерге ие болған дайындаушылардың арнаулы отрядтары құрылды. Ауылшаруашылық өнімдерін дайындауға берілген жоспарлы тапсырмалар шектен тыс жоғарылатылып, ал «артық өнімдерді» алу үшін қуғын-сүргін жасау әдістері қолданылды. Шаруалардан тұқымдық қорды қоса астықтың барлығы алынды. Астық дайындау тапсырмалары малшы шаруашылықтарға да берілді. Қуғын-сүргіннен құтылуға әрекеттенген көшпелі қазақтар жоспарлық тапсырмаларды орындау үшін малды астыққа айырбастады. 1927 жылы 430 млн пұт, 1928 жылы 300 млн пұт астық дайындалды. Кең көлемді ет және мал дайындау тапсырмасы малды жаппай союға әкелді. Қазақстанның бірқатар аудандарында 1931–1932 жылдары малшылар мемлекетке бүкіл мал басының 80%-ын етке өткізді. 173 мың бас малы бар Балқаш ауданына 297 мың бас мал өткізуге тапсырма берілді. Өкімет орындарының мұндай ойластырылмаған іс-әрекеттері халықты аштыққа, ал республиканы экономикалық және демографиялық апатқа ұшыратты.

Қазақстандағы жаппай ұжымдастырудың экономикалық салдары. Қазақстан ауылшаруашылығындағы ұжымшарларға күштеп біріктіру, отырықшыландыру саясаты шаруашылықтың көшпелілік жүйесін жоюға әкелді. Жеке шаруа қожалықтарының орнына ұжымдық шаруашылықтар – ұжымшарлар келді.

Сталиндік күштеп ұжымдастыру аса ауыр салдарға әкеп соқты. Қазақстанда отырықшыландыру мен ұжымдастыру кезінде малдан айырылу (ет дайындау, жүт, малдың қырылуы) халықтың жаппай кедейленуіне, 1931–1932 жылдардағы ашаршылыққа соқтырып, казак ауылдарына ауыр зобалаң әкелді.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. КСРО-да ауылшаруашылығын ұжымдастыру туралы шешім қашан қабылданды?
2. Ұжымдастырудың қандай түрін сталиндік үлгі деп атайды? Ол қалай сипатталады?
3. Қазақстанда жаппай ұжымдастырудың қандай экономикалық салдары болды?

Тапсырмалар.

1. Қосымша ақпарат көздерінен Қазақстандағы ұжымдастыру туралы қосымша мәліметтер табыңдар.

2. Қосымша ақпарат көздерінен Қазақстандағы ұжымдастыру мен 1931–1933 жылдардағы ашаршылық туралы деректі фильмді тауып көріңдер.



Кооперациялау – еңбекті ұжымдастырудың ерекше нысанына біріктіру. Бұл кезде адамдар еңбек үдерісіне бірігіп қатысады.

Ұжымдастыру – жеке шаруа қожалықтарын ұжымшарларға біріктіру үдерісі.

Ұжымшар – ұжымдық шаруашылық, мұнда өндіріс құралдары (жер, жабдықтар, мал, тұқым және т.б.) бірлескен меншікте болады.

Жиырма бес мыңыншылар – ТҚ(б)П шақыруы бойынша ауылшаруашылығын ұжымдастыру кезеңінде ұжымдастыруға аттанған КСРО өнеркәсіптік орталықтарының жұмысшылары.

Седентаризация – көшпелі өмір салтынан отырықшылық өмір салтына көшу үдерісі.

§ 34–35. 1931–1933 жылдардағы ашаршылық. Қазақстандағы ауылшаруашылығын ұжымдастырудың демографиялық салдары

Бүгін сабақта:

- демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын білеміз;
- Қазақтардың жаппай көші-қонының және шаруалардың Кеңес өкіметіне қарсы қарулы қарсылықтардың себептерін анықтаймыз.

XX ғасырдың 30-жылдарындағы Қазақстандағы зобалаң. Ұжымдастыру (оны жүзеге асыру жолдары мен әдістері) 1931–1933 жылдардағы зобалаңға әкеліп, қазақ даласын жаппай қырылу мен жұқпалы аурулар әкелген аштық жайлады. 1929–1930 жылдары қыста жұт болды. Жұт кезінде немесе ұжымшар фермаларында малдары қырылып, елді мекендерден жүздеген немесе мыңдаған шақырым жерде азық-түліксіз қалған қазақтар өте мүшкіл жағдайға жетті. Жүздеген мың адам азық іздеп келе жатқан жолдарында қаза болды. Қазақ ауылдарынан аш халықтың орасан легі аман қалу үмітімен елді мекендерге ағылды. Бірақ қалалар мен селоларда ашыққандарға ешкім көмек бермеді. Отырықшы халық та ашаршылыққа ұшыраған еді. Қазақ өлкелік комитеті, республика үкіметі, жергілікті партия мен кеңес органдары да бұл қасіреттің алдын алу, аш халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін еш шара қолданбады.

Тірек сөздер:

- 1931–1933 жылдардағы аштық
- қазақтардың жаппай көші-қоны
- шаруалардың қарулы бой көрсетулері

Қосымша мәлімет

Қазақстандағы халық қасіреті туралы жиналған жүздеген мұрағаттық құжат бар. Олардың бірі – саяси жер аударылғандар В.Иогансен, Ю.Подбельский, О.Селихова

мен т.б. КСРО ОАК Төралқасында жасаған мәлімдемесі. Онда былай делінген: «Шамамен бір жарым ай бойы Павлодарға аудандардан аш, ісінген, киімі жыртық-жамау адамдар (көпшілігі қазақтар) ағылып келіп жатыр. Қала солармен толып кетті. Адам сенгісіз қайыршылық таралды. Әрбір үйге күніне ондаған адам келеді. Олардың ішінде жастар, қарттар, балалар да бар. Аш-арық адамдар қоқыс төгетін орындарды ақтарып, тамақ қалдықтарын жейді. Емдеу мекемелері аштықтан өлейін деген адамдарға толы. Аштықтан індет тарады. Қаланың түбінде және қаланың өзінде суықтан үсіп, қайтыс болған, баспанасыз, аш адамдардың мәйіттері табылып жатыр... Аш адамдар нан сұрай кіріп құлап, сол жерде өліп кеткен үйлерді де білеміз. Қайда кетіп бара жатқаны белгісіз, тентіреген қазақ отбасыларын жиі кездестіруге болады. Аш, жартылай үсіп-тоңған балаларды мекемелерге әкеп, тастап кетеді. Балалар үйі лықа толы, оларды қабылдамайды. Қаладан күн сайын тастанды, үсіп-тоңған, әбден жүдеп-жадаған, аштықтан ісінген әртүрлі жастағы балаларды кездестіруге болады. Олардың әдеттегі жауабы: «Әкем қаза болды, шешем қаза болды, үйім жоқ, нан жоқ...».

Шетелдік және отандық авторлардың зерттеу жұмыстарында кеңес өкіметі жүргізген ұжымдастыруды «геноцид» деп бағалайды. 1931–1933 жылдардағы ашаршылық Қазақстан тарихына «ұлы жұт жылдары», орасан зор «халық қасіреті» ретінде енді.

Қазақстандағы ауылшаруашылығын ұжымдастырудың демографиялық салдары. 1926 және 1939 жылдары КСРО мен Қазақстанда халық санақтары жүргізілді. Санақтар бойынша Қазақстандағы халық санының азайғандығы туралы қорытынды жасауға болады. 1926 жылы қазақтардың саны 3 млн 628 мың адамды құраса, 1939 жылы 1 млн 321 мың адам болды. Қазақ халқының саны 36,7%-ға кеміп кеткен.

1930 жылы ашаршылықтан 313 мыңнан астам адам, 1931 жылы 755 мың адам қаза болды. 1932–1933 жылдар зобаланның шыңы болып есептелді. Академик М.Қозыбаев пен басқа да ғалымдар, тұтастай алғанда, аштықтың, суықтың және жұқпалы аурулардың (сүзек, тырысқақ және т.б.) нәтижесінде Қазақстанда шамамен 2 млн 100 мыңдай қазақ қырылғанын, ал бұл бүкіл қазақ халқы жалпы санының 49%-ын құрайтынын атап көрсетеді. Жүздеген мың қазақ Қазақстаннан тыс жерлерге көшіп кетті.

Осындай қасіреттің нәтижесінде Қазақ АКСР халқының этникалық құрамы өзгерді. Қазақтар өз жерінде этникалық азшылыққа айналып, 1939 жылғы санақ бойынша республика халқының тек үштен бірін ғана құрады. Тек 1969 жылы ғана қазақтардың өз санын (ұжымдастыруға дейінгі) қалпына келтірудің сәті түсті.

Қазақтардың республика аумағынан тыс жерлерге жаппай көшуі. Ашаршылық салдарынан және қуғын-сүргіннен қазақ халқының бір бөлігі тұтастай ауылдарымен республикадан және одан

тыс жерлерге көшіп кетті. БМСБ мәліметтері бойынша, қазақ халқы КСРО шегінде Сібірге, Еділ бойына, Қалмакияға, Орталық Азия республикаларына (Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан) қоныс аударды. Жүздеген мың қазақ КСРО шегінен тыс: Моңғолия, Қытай, Ауғанстан, Иран, Ирак, Түркияға көшіп кетті. Мұндай адам шығындары мен жаппай көшу Қазақ даласында тіпті жонғар шапқыншылығы кезінде де болмаған еді.

Қазақ шаруаларының қарулы қарсылықтары және Кеңес өкіметінің жазалау саясаты. Қазақстанда Кеңес өкіметінің саясатына наразылықтың алғашқы белгілері 1928 жылы тәркілеу кезінде-ақ пайда болған еді. Алайда жаппай ұжымдастыру науқанының басталуына орай негізгі қозғаушы күштері дәулетті, орта және кедей шаруалар болған белсенді қарсылықтар басталды. Шаруалардың қарсылығы әртүрлі сипатта болды: қалаға көшу; аудан немесе республика шегінен тыс жерлерге көшіп кету; белсенділерді немесе партия қызметкерлерін өлтіру; қарсылықтың жоғары түрі көтерілістер жасау болды.

Сырдария округі Бостандық ауданындағы көтеріліс қиян-кескі сипатта не болды. 1929 жылы қыркүйекте көтеріліс бүкіл ауданға таралды. Көтерілісшілер жасағының саны 500-дей адамға жетті. Олардың қатарында қазақтар, өзбектер, қырғыздар мен тәжіктер болды. 1929 жылы күзде Қостанай округі Батпаққара ауданында көтеріліс тұтанды. Көтеріліске дайындаушы органдардың, салық инспекторларының қызметі түрткі болды. Олардың ұсынуымен бір жыл ішінде «салық төлеуден жалтарды» және «тәркілеуге қарсылық көрсетті» деген айыппен 188 адам тұтқындалды. 1929 жылы қарашада 400-дей көтерілісші аудан орталығын басып алуға аттанды және оны бір апта ұстап тұрды. Көтерілісшілер тұтқындалғандарды босатты, партия-кеңес органдарының, прокуратура, сот пен милицияның құжаттарын өртеді. Далаға БМСБ отрядтары жіберіліп, көтерілісшілер талқандалды және көтеріліс басып-жанышталды. 200-дей адам тұтқындалып, Қостанайға аттандырылды.

1929 жылғы наразылықтар жекелеген қарсылық көрсетулер сипатында болса, 1930 жылдан бастап өкіметтің жазалау шараларына карамастан, шаруалар көтерілістері бұқаралық сипат алды. 1930 жылы көктемде Қазақстанда көтеріліс қозғалысы күшейе түсті. Ірі көтеріліс Сырдария округі Созақ ауданында өтті. Көтеріліс 1930 жылы 7 ақпанда Созақта басталып, қысқа уақыт ішінде жергілікті милиция қарусыздандырылды. Билік өкілдері мен белсенділер өлтірілді және 20 адам тұтқындалды. Көтерілісті Сұлтанбек Шолақов басқарды. Қарулы көтеріліс туралы хабар алған өкімет орындары

Созақтың айналасына әскер әкеліп, жазалау шараларының нәтижесінде 200-ден астам адам тұтқындалды, 400-дей шаруа қаза тапты. Көтерілісшілердің қалдықтары Шу өзенінің төменгі ағысына кетті.

Сарысу, Шаян және басқа да аудандарда көтерілістер бүрк ете қалды. Бірақ бұл наразылықтың бәрі қатал басып-жанышталды. Батыс Қазақстанның Ақтөбе, Қостанай және Қызылорда округтеріндегі кең аумақты қамтыған көтерілістер неғұрлым табанды болды.

Шығыс Қазақстанда өкімет саясатына наразылық қарулы көтеріліске ұласты. 1930 жылы 20 ақпанда Зырянов ауданының шаруалары көтерілді. Көтерілісшілер «Кеңес өкіметі жойылсын! Ерікті еңбек жасасын!» деген ұран көтерді. Бірнеше күннің ішінде көтерілісшілерге көрші селолар қосылды. Көтеріліс басшысы Толстоухов тұтқындалған соң, көтерілісшілердің бір бөлігі Қытайға кетуге әрекеттенді.

1930 жылы көктемде «Кіші Қазан» саясаты мен ұжымдастыруға қарсы бой көрсетулер Қаратал ауданында орын алды.

Соңғы ірі көтерілістердің бірі 1931 жылы көктем-жазда Маңғышлақта болып өтті. 1930 жылдың соңына қарай көтеріліс округтің бес ауданын қамтыды. 1931 жылы көктемде табын және адай руларының казактары ұжымдастыру мен ет дайындау ауыртпалықтарынан қашып, Түрікменстан, Қарақалпақстан мен Кавказға жаппай көше бастады. 1931 жылы шілде-тамыз айларында көтеріліс кең құлаш жайды. Тамыз-қыркүйектің ішінде адайлар мен табындардың негізгі күштері талқандалды және қарусыздандырылды. Көтеріліс басшылары Б.Шоланов, К.Ембердиев, Р.Бокмашев, Д.Айжанов және т.б. атылды. Көтерілісшілердің бір бөлігі отбасыларымен бірге Түрікменстан, Ауғанстан мен Иранға кетті.

Осылайша, 1929–1931 жылдардағы шаруалар көтерілістері жеңіліске ұшырады. Жеңілістің негізгі себептері көтерілісшілердің нашар қарулануы, жеткіліксіз ұйымдасқандығы болды. Шаруаларға қарсы кеңестік мемлекеттік машинаның бүкіл қуаты әрекет етті. Көтеріліс қозғалысының төмендеуіне жақындап келе жатқан 1931–1932 жылдардағы ашаршылық көп рөл атқарды. Қалжыраған, аш көшпелілер енді өз мүдделерін қолдарындағы қарумен қорғай алмады. 1931 жылдан бастап Қазақстан шегінен тыс жерлерге көшіп кету наразылықтың негізгі түріне айналды.

Ұлттық зиялы қауымның қоғамдық-саяси көзқарастары және олардың ұжымдастыруды жүргізу әдістеріне қатысты көзқарасы. «Кіші Қазан» кезеңінде қуғындалуына қарамастан, ұлттық зиялы қауым жаппай ұжымдастырудың түрлері мен әдістеріне наразылық

білдіруін жалғастыра берді. Ф.Голощекинге, Қазқрайкомға және елдің орталық басшылығына қазақ ауылына төніп келе жатқан апат туралы сактандырғандардың арасында С.Сәдуақасов, С.Қожанов, С.Сейфуллин, Н.Нұрмақов, С.Мендешев, Т.Рысқұлов және т.б. болды.

«Бесеудің хаты». 1932 жылы маусымда Қазөлкекомға бесеудің *Ғ.Мүсірепов, М.Ғатаулин, М.Дәулетқалиев, Е.Алтынбеков, Қ.Қуанышевтардың* белгілі хаты келіп түсті. Олар хатта республикадағы ауылшаруашылығын басқарудағы өрескел қателіктер мен бұрмалаушылықтарды қатаң сынға алды. Ұжымдастыруды жүргізу кезінде шаруаларды ұжымшарларға кіргізудің еріктілік қағидатының бұзылғаны, өлкенің көшпелі тұрмыс басым болған ұлттық ерекшелігі ескерілмегендігі, қазақ ауылының негізгі тобы ретінде орташаларды жоюдың үлкен қателік болғандығы айтылды. Хатта қазақ ауылында жүріп жатқан апат үшін партия ОК, жергілікті партия ұйымдары ашық айыпталды, бұл ерлік пен патриотизмнің нағыз үлгісі еді.

Бұл қызық! БК(б)П ОК республика халқының апатты жағдайы туралы білген еді, өйткені бұл жерге шағымдар, қалыптасқан жағдайды талқылауды, көмек көрсетуді сұраған хаттар келіп жатты. Т.Рысқұловтың И.В.Сталинге 1932 жылы 29 қыркүйекте және 1933 жылы 31 қаңтарда жазған екі хаты; 1933 жылы 9 наурызда Л.Мирзоянға жазған хаты белгілі. Т.Рысқұлов өзінің И.Сталинге хатында: «Сізден осы жазбамен танысуыңызды және бұл іске араласуыңызды, осылайша аштықтан қаза болу қатеріне ұшыраған көптеген адамның өмірін құтқаруды өтінемін» деп ашық жазды. Хатта мал басының шектен тыс азаюы, жаппай көшулер, қазақ ауылындағы қасіреттің ауқымы туралы айтылады. Қазақстан ХКК төрағасы О.Исаев қол қойған 1932 жылғы мамыр айындағы ресми үкіметтік жазба белгілі. Мұнда ол Ф.И.Голощекинді Қазақстандағы бірінші партиялық басшы лауазымынан алып тастауды ұсынған. Алайда Қазөлкеком да, Мәскеу де төніп келе жатқан зобалаң туралы бұл дабылдарға құлақ асқан жоқ.

Қосымша мәлімет.

«Бізде, Қазақстанда, өнеркәсіп пен ауылшаруашылығындағы орасан табыстарға қарамастан, малшаруашылығында біз зор тоқыраудамыз. Бұл Қазақстанды негізгі малшаруашылық базасынан екінші дәрежелілердің біріне айналдыруда...

...Малшаруашылығы саласында Қазақстанда мал басы шамадан тыс кеміді: 1930 жылғы мал басының 1/8 бөлігі қалды (40 млн-нан 5 млн). Бұл залал, малды шексіз жою тек бай мен кулакта, жекеменшікшіл орташалар мен кедейлерде ғана емес, ұжымшарлықтар мен ұжымшарлардың (ішінара кеңшарлардың) ұжымдастырылған табындарында да орын алды.

Мал басының мұндай апатты төмендеуі байлардың ғана емес, малшылардың кең бұқарасы тарапынан малға деген атүсті, кейде зиянкестік көзқарастың нәтижесі болып табылмай ма екен?! Бұл байлардың үгіттеуінен ғана емес, сондай-ақ оның шешімдері мен нұсқауларын жүргізу кезіндегі ОК бағытын «солшылдық» бұрмалаулардан туындамай ма екен?..».

Қазөлкеком басшылығының «бесеудің хатына» жауабы өте жағымсыз болды. Ұлттық зиялы қауым сталиндік ұжымдастыру мен шаруаларға қатысты қуғындау шараларын тоқтата алмады. Қазақ даласына төніп келе жатқан зобалаң туралы айтқан, ашаршылық және оның демографиялық салдары туралы жазған ұлттық зиялы қауым өкілдерінің бәрі 1937–1938 жылдар кезеңінде сталиндік қуғын-сүргіннен зардап шекті.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. 1931–1933 жылдардағы ашаршылық қандай себептерден туындады?
2. Қазақстандағы күштеп ұжымдастырудың демографиялық салдары қандай болды?
3. Кеңес өкіметіне қарсы жаппай қарсылықтар неліктен басталды?
4. Осы тақырыптың мысалдарынан кеңес өкіметі саясатының жазалаушылық сипатын дәлелдеңдер.

Тапсырмалар.

1. Қосымша материалдар негізінде Т.Рысқұловтың II.Сталинге хаттары және «Бесеудің хаты» туралы хабарлама дайындаңдар.
2. Қосымша әдебиетті пайдалана отырып, бұл оқиғаларды неліктен «Халық қасіреті» немесе «Ұлы жұт» деп атайтынын түсіндіріңдер.



Геноцид – халықтың жекелеген топтарын нәсілдік, ұлттық немесе дини сипаттары бойынша жою.

Демография – халық есімінің заңдылықтары туралы ғылым.

Көші-қон – адамдардың бір аймақтан екінші аймаққа үлкен топтармен және алыс қашықтықтарға орын ауыстыруы.

XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ САЯСИ РЕПРЕССИЯЛАР

§36. 20–30-жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер. Сталиндік репрессия

Бүгін сабақта:

- 20–30-жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер туралы білеміз;
- Қазақстандағы ұлттық зиялы қауымға қарсы репрессиялық саясаттың салдары мен ауқымын зерттейміз.

Шаруаларға қарсы сталиндік қуғындау және кулактарды жою. КСРО-да 20-жылдардың соңынан бастап 1953 жылға дейінгі кезеңде болып өткен жаппай қуғындауларды И.В.Сталиннің есімімен байланыстырады. Өйткені ол осы кезеңде ел басшысы болған еді. Қуғындаулар ауыл-шаруашылығын күштеп ұжымдастыруға және жеделдетілген индустрияландыруға байланысты жаппай сипатқа ие болды. Ол өз шыңына 1937–1938 жылдары жетті.

Тірек сөздер:

- қоғамдық-саяси үдерістер
- сталиндік жаппай репрессиялар
- кулактардың мүлкін тәркілеу

Ойлан! 20–30-жылдары жаппай қуғындау не себепті өріс алды? Кеңестер елін неліктен «лагерьлер елі» деп атады? Сталиндік режим зиялы қауым өкілдерін неге «халық жаулары» деп атады?

Сталиндік репрессиялардың идеологиялық негізі («тап жауларын жою», ұлтшылдықпен күрес және т.б.) азамат соғысы жылдарында-ақ қалыптасқан еді. «Социализм құрылысы аяқталуына байланысты тап күресінің күшеюі» тұжырымдамасын И.Сталин 1928 жылы шілдедегі БК(б)П Мәжілісінде баяндады.

Кулактар мүлкінің тәркіленуі. Кулактарды тәркілеу (мал-мүлкін тартып алу) – БК(б)П ОК 1930 жылғы 30 қаңтардағы «Кулактарды тап ретінде жою жөніндегі іс-шаралар туралы» Қаулысының негізінде атқарушы биліктің жергілікті органдарының кулактарға әкімшілік тәртіппен қолданған саяси қуғындалу шарасы. Кулактықты жою жалдамалы еңбекті пайдаланатын дәулетті шаруаларды барлық өндіріс құралдарынан, жері мен азаматтық құқықтарынан күшпен және сотсыз айыруды, оларды елдің шалғай

аудандарына жер аударуды көздеді. КСРО-да 1928–1932 жылдары жүргізілген ауылшаруашылығын күштеп ұжымдастыру кезінде мемлекеттік саясат бағыттарының бірі шаруалардың кеңестерге қарсы көтерілістерін басып-жаныштау мен осыған байланысты «кулактарды тап ретінде жою» болды.

1928 жылы республикада күштеу негізіндегі қысымның артуына Қазақстан ХКК мен ОАК-нің «Аса ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және қоныс аудару туралы» жарғысы әсер етті. Тәркілеу жүргізуге, тұратын аудандарынан жер аударуға рұқсат етілді. Өйткені өкімет «байлар өзінің мүліктік және қоғамдық ықпалымен ауылды кеңестендіруге бөгет жасайды» деп есептеді.

Шаруалардың ұжымдастыруға қарсы наразылықтары «кулақтық контрреволюция» көрінісі ретінде бағаланды.

БМСБ органдарына тәркіленгендерді қоныс аудару, жаңа тұрғылықты жерлерінде олардың еңбегін пайдалануды ұйымдастыру, толқуларды басып-жаныштау, жер аударылған орындарынан қашқандарды іздестіру міндеті жүктелді.

Ұлттық зиялы қауымды саяси қуғындауға ұшырату. Тоталитарлық биліктің орнығуы нәтижесінде республикаларда қуғын-сүргін машинасы күшейтілді. Орталық саясатының дұрыстығына күмән білдірген «Алаш» партиясының мүшелері саяси қуғындауға ұшырады. «Алаш» партиясының бұрынғы мүшелері өздеріне жарияланған саяси кешірімге қарамастан, 20-жылдары бірнеше рет қуғынға ұшыратылды. Тұтқындалғаннан кейін оларға Кеңес өкіметіне қарсы, оны құлату мақсатында қарулы күреске қатысты, ұлтшылдық насихатын жүргізді, КСРО-ға қарсы күрескен шетел мемлекеттерімен байланыста болды деген айыптар тағылды. 1930 жылы сәуірде алашордашылар әртүрлі мерзімге түрмеге қамалды және атуға үкім шығарылды. Олардың ішінде Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мырзағали Есболов, Ғазымбек Бірімжанов және т.б. болды.

Қосымша мәлімет!

Ұлттық зиялы қауым өкілдерінің тағдыры қайғылы болды. А.Байтұрсынұлы тұтқындалғаннан кейін Бутырка түрмесіне жіберілді. Оған контрреволюциялық қызмет, Қазақ даласында қарулы көтеріліс дайындады деген айып тағылды. Сөйтіп, А.Байтұрсынұлын атуға үкім шығарылды. 1931 жылы ақпанда үкім лагерьлердегі 10 жылмен, 1932 жылы қарашада Архангельскіге үш жылға жер аударумен алмастырылды. 1934 жылы ол мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға қайтып оралды. 1937 жылы А.Байтұрсынұлы қайтадан тұтқындалды. Түрмеде отырғанда ол тергеушінің сұрағына былай жауап берді: «Менің мұратым – мүмкіндігінше қазақ халқының әлауқатын, мәдениетін жоғары көтеру. Бұл іс басталу сатысында болғандықтан, мен

басымды менің ниетімді қанағаттандыратын биліктің алдында иемін». 1938 жылы А.Байтұрсынұлы атылды. М.Дулатовты ату жазасы да лагерьлердегі 10 жылмен алмастырылды. Ол Соловкиге жер аударылды. Сол жерде ауыр науқастанып, 1935 жылы 5 қазанда қайтыс болды. Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтер, Мағжан Жұмабаев, Елдес Омаров, Ибрагим Сәтбаев, Әбуәли Әділов, Абдолла Ұзақбаевтар жер аударылды. Х.Досмұхамедов 5 жылға Воронежге жер аударылды. 1938 жылы 26 шілдеде оны жалған саяси айыптаумен екінші рет тұтқындады. 1939 жылы 24 сәуірде Х.Досмұхамедовті атуға үкім шығарылды. Ол Алматыдағы түрме ауруханасында қайтыс болды. М.Жұмабаев 1938 жылы наурыз айында атылды.

Мұхтар Әуезов, Уәлихан Омаров, Біләл Сүлеев, Әлімхан Ермеков, Даниал Ысқақовтар тергеуде болды. Қуғындаулар Ф.Голощекин кезінде күшейді. Голощекиннің «социалистік қайта құруларымен» келіспегендерді әртүрлі сылтаулармен республикадан кетірді. Голощекиннің «Кіші Қазан» идеяларына Н.Нұрмақов қарсы шықты. Ол 1937 жылы тұтқындалып атылды. Голощекиннің идеяларына Т.Рысқұлов та ашық қарсы болған. Ол И.В.Сталинге жаппай ұжымдастыру салдарын жою және Қазақстан халқын ашаршылықтан құтқару бойынша нақты іс-шаралар ұсынды. 1937 жылы Т.Рысқұлов «пантүркізммен» айыпталып, тұтқындалды. Ол «халық жауы» болып жарияланып, 1938 жылы атылды.

Смағұл Сәдуақасов күштеп ұжымдастыруға, Қазақстанды Ресейдің шикізат аймағына айналдыруға қарсы болып, сол үшін қуғын-сүргінге ұшыратылды. Сәдуақасовтың жақтастары (С.Қожанов, Ж.Мыңбаев және т.б.) Орталықтың Қазақстандағы саясатына қарсылықтарын білдірді. С.Сәдуақасов «оң канаттын» көсемі, ұлтшылдарға дем беруші және Компартия құрамындағы «алашордашы» деп танылды. Ресми нұсқа бойынша Қазақстаннан қуылған С.Сәдуақасов 1933 жылы Воронежде жұмыс істеп жүріп, іш сүзегінен қайтыс болды.

1920 жылдардың соңына қарай «жауларды» іздестіру басталды. Шахталардағы кездейсоқ авариялар жаудың тіміскі әрекеттері ретінде түсіндіріліп, қылмысты істер қозғалды және партия ұйымдарында тазарту жүргізілді. Қуғын-сүргін машинасы күш ала бастады. «Ұлтшыл-ауытқушылықпен» айыпталған партия қайраткерлері репрессияларға ұшыратылды. Олардың ішінде О.Исаев, С.Сейфуллин, О.Жандосов, Т.Жүргенов, А.Тоқжанов, А.Икрамов, Г.Артыков, А.Каримов және т.б. болды.

Сәкен Сейфуллин 30-жылдары әдеби өмірдің аса өткір мәселелері бойынша пікіргаластарға қатысты, Қазақстан жазушыларының I съезінде сөз сөйледі. Ол Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған бірінші қазақ жазушысы болды. Алайда бұл оны репрессиядан құт-



Қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш. Алматы облысы

қара алмады. С.Сейфуллин 1938 жылы «буржуазиялық ұлтшыл» ретінде тұтқындалып, 28 ақпан күні Ішкі істер халық комиссарлығының (ІХК) Алматы бөлімшесінде атылды.

1937–1938 жылдардағы жаппай репрессиялар. 1937 жылдың бас кезінде жаппай саяси репрессиялар бүкіл елді камтыды. КСРО-дағы бұл кезеңдегі жаппай репрессияларды ІХК Н.Ежовтың есімімен байланыстырады. Бұл репрессиялар әдебиетте «Үлкен террор» деп аталады, ал кеңес уақытындағы репрессиялар шыны «*ежовиылдық*» атауын алды. Мәскеуде 1936–1938 жылдары «Мәскеу процестері» деп аталған, батыс барлау қызметтерімен ынтымақтастық жасаған, зиянкестілікпен және т.б. айыпталған ірі партиялық қызметкер-

лерге 3 үлкен сот өтті. Істер жалған айыптарға құрыла отырып, олардың бәрін кінәлі деп тапты және өлім жазасына кесті.

Қазақстанда жергілікті жерлерде «Мәскеу процестеріне» ұқсас ашық сот отырыстары ұйымдастырылды. Оларда сотталғандардан заңсыз әдістермен мойындауларға қол жеткізілді. Ең белгілі сот процесінің бірі – 1937 жылы қараша айында Қарағанды қаласындағы бұрынғы Қарқаралы округінің партия-кеңес басшылары А.Асылбеков, Н.Нұрсейітов, М.Ғатаулин және т.б. қатысты сот процесі болды.

Республиканың барлық дерлік басқарушы партиялық және кеңес қызметкерлері жалған істер бойынша айыпталып, саяси репрессиялардың құрбандарына айналды. Тағылған айыптар негізсіз екендігі айқын еді, бірақ осындай істерді дайындап жүргендерге бұл қалыпты іс еді.

Үкім шығарылғандардың отбасы мүшелері де репрессияларға ұшырады. «Мүшелері кеңестерге қарсы белсенді іс-әрекеттерге қабілетті» отбасылар «Отанын сатқандардың отбасы мүшелері» ретінде лагерьлерге немесе еңбек кенттеріне қамалды. Лагерьлерге қамалмаған отбасы мүшелері жоғары оқу орнына түсетін кезде, жұмысқа қабылдау кезінде, Қызыл әскер қатарына шақырылу

кезінде бірқатар шектеулерге кезікті. Көбінесе сайлау құқықтары шектелді (оларды «азаматтық құқықтарынан айырылғандар» деп атады). Мұндай кемсітушілік көптеген адамдардың өз өмірбаяндарын жасыруға итермеледі.

20–30-жылдардағы қоғамдық-саяси жағдай қоғамның барлық топтарына қатысты жаппай саяси репрессиялар жүргізілуімен сипатталды. Алайда ең үлкен соққы ұлттық зиялы қауымға, партиялық-кеңестік аппаратқа берілді. Бұл кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінің қасіретті ерекшелігі ұлттық зиялы қауымның көрнекті өкілдерінің жойылуы болды. 20–30-жылдардың соңында тоталитарлық режим қоғамдық-саяси өмірдің барлық саласында орнықты.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Жаппай репрессиялар немен негізделді?
2. Халықтың қандай топтары репрессияға ұшыратылды және неліктен?
3. Негізгі соққы неліктен зиялы қауым өкілдеріне берілді?
4. XX ғасырдың 20–30-жылдары репрессияға ұшыраған ұлттық зиялы қауым өкілдерін атаңдар. Олардың тағдыры туралы не білесіңдер?

Тапсырма .

Қосымша материалдар негізінде ұлттық зиялы қауымның репрессияға ұшыраған өкілі туралы таныстырылым дайындаңдар.

§ 37–38. Қазақстан аумағындағы кеңестік еңбекпен түзеу лагерьлері

Бүгін сабақта:

- Қазақстан аумағында лагерьлер құру тарихын зерттейміз;
- Қазақстандағы репрессиялық саясаттың ауқымын анықтаймыз.

ГУЛАГ. Кеңес республикасының аумағындағы алғашқы лагерьлер азамат соғысы жылдарында, 1918 жылы жазда пайда болды. Үкіметтік өкімдерде тап жауларына қарсы аяусыз жаппай террор жүргізуді, күдіктілерді концентрациялық лагерьлерге жіберуді тапсырды. Жаңа жазалаушы мекемелердің ресми пайда болуына РКФСР ХКК-нің 1918 жылғы 5 қыркүйектегі Жарғысы септігін тигізді. Большевиктердің саяси қарсыластарына қарсы терроры басқаша ойлау мен қарсы шығудың кез келген әрекетінің жолын кесуден көрінді. 1930 жылы сәуірде Лагерьлердің бас басқармасы (ГУЛАГ) пайда болды.

Тірек сөздер:

- ГУЛАГ
- ҚарЛАГ
- Степлаг
- АЛЖИР




ГУЛАГ тарихынан көрініс

Қаулы бойынша барлық еңбекпен түзеу лагерьлері ІХК-нан ГУЛАГ-тың қарамағына берілді. Мұндай лагерьлердің негізгі мақсаты – еркінен айырылған адамдардың еңбегін пайдаланып, табиғи байлықтарды игеру болды. Лагерьлерде көбігі қылмыскерлер, сондай-ақ саяси себептер бойынша сотталған саяси тұтқындар ұсталды. Режімді сақтамаған лагерь тұтқындары аяусыз атылды. Тұтқындар Қыыр Солтүстікте, Қыыр Шығыста және басқа да аймақтарда арналар, жолдар, өнеркәсіптік және т.б. нысандар құрылысында тегін жұмыс істеді. Аштықтан, ауру мен аса ауыр еңбектен өлімге душар болу көрсеткіші өте жоғары болды.

Ойлан! Лагерь тұтқындарының еңбегі экономиканың қандай салаларында басым пайдаланылды?

ГУЛАГ-тың лагерьлік жүйесі елдің солтүстік, сібір, ортаазиялық, Қыыр шығыстық аймақтарын қамтыды. Кеңес өкіметі Қазақстан аумағына ірі лагерьлер – Қарлаг, Степлаг, АЛЖИР, сондай-ақ ГУЛАГ-тың басқа да құрылымдарын орналастырды.

Қарлаг (Қарағанды еңбекпен түзеу лагерьі) – Қарағанды облысындағы ГУЛАГ-тың аса ірі еңбекпен түзеу лагерьлерінің бірі. 1930 жылы 19 желтоқсанда Орталық Қазақстанда ГУЛАГ бөлімшелерінің бірін құру туралы шешім қабылданды. Кейін ол «ОГПУ Қарағанды еңбекпен түзеу лагерьі» атауын алды. Лагерь орталығы Қарағандыдан 45 км жердегі Долинка селосында орналасты. Қарлагты ұйымдастырудың басты мақсаттарының бірі Орталық Қазақстандағы дамып келе жатқан көмір-металлургиялық өнеркәсіп (Қарағанды көмір бассейні, Жезқазған және Балқаш мыс қорыту комбинаттары) үшін ірі азық-түлік және өндірістік база



Суретшілер шығармашылығындағы лагерьдегі өмір бейнесі

жасау болды. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін екі негізгі міндетті шешу талап етілді:

- 1) жұмыс күші көзін табу (барынша арзан);
- 2) жұмыс істеу үшін қолайлы жағдай жасау және тұрғын үймен қамтамасыз ету.

Орталық Қазақстанға жаппай қоныстандыру және өнеркәсіптік орталықтарды құру Ресейдің орталық аудандарымен теміржол қатынасын орнатуды талап етті. Қарлаг тұтқындарының алғашқы легі Ақмоладан болашақ Қарағандыға дейінгі теміржол құрылысына жіберілді. Жол рекордты қысқа мерзім ішінде аяқталды. Лагерьде қару-жарак, көлік құралдары, пошта, телеграф болды. Тұтқындардың жағдайына қарамастан, Қарлаг шаруашылығы тез дамыды. Қарлагқа жалпы 1 млн-ға жуық адам түскен.

1959 жылы 27 шілдеде Қарағанды еңбекпен түзеу лагері жабылды. Жабылуы қарсаңында лагерьде саяси баптар бойынша ұсталған тұтқындар іс жүзінде қалмаған болатын.

Қосымша мәлімет.

Қарлагта бүкіл дүниежүзіне белгілі ғалымдар, әскери басшылар, мәдениет, саясат қайраткерлері, діни атағы бар адамдар, тақуалар қамауда болды. Қарлагта К.Э.Циолковскийдің серігі, досы, салмақсыздық жағдайларындағы қан теориясы бойынша бірегей еңбектің авторы, ғалым А.Л.Чижевский; әйгілі селекцияшы, академик, екі рет Социалистік Еңбек Ері атағын алған В.С.Пустовой; радиациялық генетиканың негізін салушы Н.В.Тимофеев-Ресовский; жылу техникасы жөніндегі ірі маман, академик С.П.Королевтің серігі, профессор В.Л.Пржецлавский; Сәулет өнері академиясының мүше-корреспонденті Т.М.Людвиг және көптеген тұлғалар ұзақ жылдар қамауда болды.



АЛЖИР-дегі тұтқын әйелдер

жіберілетін кеннің өндірілуін арттыруға баса назар аударылды. Соғыстан кейін тұтқындар кен байыту фабрикасы, ЖЭО, Кенгір су қоймасының бөгені мен Жезқазған қаласын салды. Лагерь Түсті металлургия министрлігінің Жезқазған мыс комбинатына қызмет көрсетті. Тұтқындар көмір шахталарында жұмыс істеді, марганец кен орындарын игерумен айналысты. Лагерьдің негізгі нысандары тас карьерлерінен, кірпіш зауытынан, құрылыстар мен бірқатар өнеркәсіптік және ауылшаруашылық өндірістерінен тұрды.

1956 жылы Степлаг жойылғанымен, оның тұтқындары арнайы қоныстарда қалдырылып, үнемі милицияға белгіленіп тұруға тиіс болды.

АЛЖИР (Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагері) аталуы қамауға алынғандардың құрамына байланысты болды. Олардың елеулі бөлігі КСРО ІХК оперативтік бұйрығына сәйкес «ЧСИР» (члены семей изменников Родины) – Отан сатқындары отбасыларының мүшелері ретінде репрессияға ұшырағандар болды. Лагерь 1938 жылдың бас кезінде Төңкеріс (Малшновка) елді мекеніндегі еңбек қоныстарының 26-кенті базасында еңбекпен түзеу лагері ретінде ашылды. 1939 жылғы 29 желтоқсаннан бастап Қарлаг құрылымына ресми түрде «Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінің Ақмола бөлімшесі» ретінде кіргізілді.

Қарлагтың көптеген лагерьлік бөлімшелерінен айырмашылығы бөлімше тікенді сымдардың бірнеше қатарымен қоршалып, күзет мұнаралары орнатылды. Ерекше лагерь бөлімшесіндегі режим қамаудағыларға қосымша шектеулер қойды: хат жазысуға, сәлемдемелер алуға, мамандық бойынша жұмыс істеуге тыйым салынды. Қамаудағылар ауылшаруашылық егістіктеріндегі істерді атқарды және құрылыста көмекші жұмысшылар ретінде жұмыс істеді. Ауру, қауқарсыз қарттар мен балалар тоқыма және тігін фабрикаларында жұмыс істеді.

Білгенің абзал! Ұлы Отан соғысы жылдарында АЛЖИР-де 8 мыңнан астам әйел қамауда ұсталды. Олардың ішінде маршал М.Н.Тухачевскийдің қарындасы, А.С.Енукидзенің әйелі мен қызы, С.Сейфуллин, Б.Майлин, Т.Рысқұлов, С.Қожанов, Т.Жүргенов, Н.Нұрмақов, С.Асфендияров және т.б. әйелдері болды. 50-жылдардың бас кезінде лагерь жойылды.

КСРО-да орныққан тоталитарлық режим қасіретті ГУЛАГ жүйесін құрды. Бұл жерде халықтың орасан зор бөлігі жасалмаған қылмыстары үшін ойдан шығарылған, жалған жалалар бойынша мерзімдерін өтеді. Бұл сталиндік жүйенің адамға қарсы жасаған орасан зор қылмысы болып табылады. Мұндағы оқиғалар мен адамдар туралы естеліктер мұражайлар мен кітаптарда сақталған.

Қосымша мәлімет.

I. ...Тұтқындарға жазалаудың мынадай түрлері қолданылды: 3 айға дейінгі мерзімге азық-түлік өнімдерін сатып алу құқығынан айыру; туысқандарымен бір жыл мерзімге дейін хат жазысу құқығынан айыру; карцерге 15 тәулікке дейінгі мерзімге қанау, ал режимді қайталап бұзған жағдайда екі ай мерзімге дейін айыптық режимге көшіру. Барактарда тыйым салынған заттар табылған кезде (олардың қожайындары анықталмаса) ондағы барлық тұтқындар бес тәулікке айыптық азық үлесіне көшірілді. Айыптық режимге көшірілген тұлғалар камераларда 10–15 адамнан ұсталды. Олардың камералардан шығуға құқықтары жоқ болды, оларға сәлемдемелер алуға тыйым салынды. Сотталғандарды жұмысқа күзетшінің айдауымен және жұмыстан кісендеп әкелу түрінде қауіпсіздіктің жоғарылатылған іс-шаралары қолданылды.

II. ...Режимді бұзушылықтар үшін қамаудағылар қатал жазаланды, ал кейде оларға қатысты тікелей озбырлық орын алды. Қарлақтың оперчекестік бөлімінің тергеушісі Н.И.Поповтың куәлік етуінше, лагерьде қамаудағыларды тұтқындау жүргізілді. Әрбір оқиға бойынша лагерь соты жаңа үкімдер шығарды және атып отырды. Лагерь сотының бұрынғы төрағасы, Қарағандыда ұзақ жыл тұрған Дужанский де Поповтың айтқанын растады. Жазалау Қарлақтың оперчекестік бөлімінде жүргізілді. Бөлім бас басқармадан бөлек, лагерьлерге тән үй-жайда, барақ үлгісіндегі бір қабатты ғимаратта орналасты. Енді ол толықтай дерлік қиратылған. Ол жерде тергеушілердің кабинеттері мен өлім жазасына кесілгендердің камерасы орналасты. Ауыр жазаға кесілгендерді топқа жинады, камерада терезелер болған жоқ және олар өз тағдырларын қараңғылықта күтті. Атуға әдетте таңертең алып кетті. Поповтың айтуынша, сағат 6-7-лерде немесе одан да ерте атқарылған. Долинскоеның арғы жағына, су айырығына апарды. Ол жерде орлар қазылып қойылатын. Рәсімге прокурор, дәрігер мен тергеуші қатысты.

Әсіресе 1937–1938 жылдары ату жазасына көп кесілген. Соғыс уақытында Қарлақта азырақ атты, бірақ соғыстан кейін, тіпті өлім жазасы ресми түрде жойылған жылдары да ату жалғастырылды.

Долинское мен «Қарағанды» кеңшарының арасындағы шеғарада лагерьлік перзентхана болды. Соған жақын жерде балалар бейігі орналасты, оны «Мамочкино» деп атады. Ол жерде лагерьде туып, осында қаза болған балалар жерленді.

Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін).
5 томдық. 4-том. Алматы: Атамұра, 2010.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. ГУЛАГ дегеніміз не?
2. Азамат соғысы кезеңіндегі «концентрациялық лагерьлер» қандай мақсатпен құрылды?
3. Кеңес өкіметі 30-жылдары лагерьлерді не үшін құрды?
4. Тұтқындарды ұстау жағдайлары туралы не білесіңдер?

Тапсырмалар.

1. Қосымша дереккөздерді пайдалана отырып, Қарлаг, Степлаг және АЛЖІР тұтқындарының тағдыры туралы хабарламалар дайындаңдар.
2. «Қарлаг және АЛЖІР тарихынан» кестесін дәптерлеріне толтырыңдар.

Қарлаг. Тұтқындардың құрамы, белгілі тұтқындардың бірінің тағдыры	АЛЖІР. Тұтқындардың құрамы, белгілі тұтқындардың бірінің тағдыры



ГУЛАГ – еңбекпен түзеу лагерьлерінің, еңбек қоныстары мен қамау орындарының бас басқармасы, ІІХК, КСРО ІІМ бөлімшесі, КСРО-дағы саяси репрессиялар жүйесінің аса маңызды органы.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТ ҰСТАЗЫ

§ 39–40. А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің дамуына қосқан үлесі


Бүгін сабақта:

- ҚАСР халық ағарту халкомы (халық комиссары) болса да, Ахмет Байтұрсынұлының неліктен қуғын-сүргінге ұшырағанын қарастырамыз;
- оның қазақ тіл білімі мен сауаттылығын орнықтырудағы рөлін анықтаймыз;
- 20-жылдары Қазақстанда инновациялық педагогикалық идеялардың дамуы туралы білеміз;
- қазақ лингвистикасының негізін салушы және қоғам қайраткері ретінде А.Байтұрсынұлының қызметін бағалаймыз.

Ахмет Байтұрсынұлы (1873–1937) – белгілі тілші ғалым, ақын, ағартушы, әдебиеттанушы, аудармашы, педагог және қоғам қайраткері. Әкесі каторгаға айдауға жіберілгендіктен жастайынан әкесіз өсті. Ахмет бастауыш білімді ауыл молдасынан оқыды. Орыс-қазақ училищесін бітіргеннен кейін Орынбор қаласындағы мұғалімдер мектебіне оқуға түседі. Бұдан кейінгі жылдары Ақтөбе, Қостанай және Қарқаралы уездерінде оқытушы қызметін атқарады. Ахмет Байтұрсынұлы Қазақстан тарихында аса көрнекті саясаткер ретінде орын алады. Қазақстандағы ұлттық қозғалыстың негізгі идеяларын жариялаған бағдарламалық құжат – Қарқаралы петициясы авторларының және «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметін құрушылардың бірі. Өзінің қысқа ғана ғұмырында күрес пен азапқа толы өзгеше өмір сүрді. 1929 жылы 2 маусымда Алматыда Алашорданың басқа да мүшелерімен бірге тұтқындалып, Мәскеудегі Бутырка түрмесіне жіберілді. Бір жылдай өткен соң, 4 сәуірде оған контрреволюциялық қызметі үшін, «Қазақ даласында қарулы көтеріліс дайындады» деген айып тағылып, ату жазасына

Тірек сөздер:

- ұлт ұстазы
- «Қазақ» газеті
- араб жазуы
- «Алаш» партиясы
- Алашорда



А.Байтұрсынұлы

кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгеріске ұшырады. 1931 жылы ақпан айында ату жазасы 10 жылға лагерьге ауыстырылса, 1932 жылы караша айында үш жылға Архангельскіге жер аударылсын деп ұйғарылды. 1934 жылы Максим Горькийдің әйелі Екатерина Пешкованың қолдауымен Ахмет Байтұрсынұлы босатылды. Ол бірнеше жыл өз отбасымен бірге Алматыда тұрды. 1937 жылы қайта тұтқындалып, ІХК үштігі оны ату жазасына кесу үкімін шығарды. 1938 жылы 8 желтоқсан күні үкім орындалды. Тек 1988 жылы ғана, 50 жыл өткен соң, А.Байтұрсынұлы ақталды. Ал оның баға жеткісіз әдеби мұрасы халыққа қайтарылды.

2000 жылы 15 қыркүйекте Қостанай қаласында ұлттық жазудың реформаторы А.Байтұрсынұлына арналған ескерткіштің ашылуында Елбасы Н.Назарбаев оны «Ұлт ұстазы» деп атады.

Ойлан! Елбасы Н.Ә.Назарбаев А.Байтұрсынұлын неліктен «Ұлт ұстазы» деп атады?

Қосымша мәлімет.

Бұдан бір ғасыр бұрын Ахмет Байтұрсынұлы араб жазуы негізінде «төте жазу» – қазақ әліпбиін құрастырды. Әліпби 26 әріп пен 1 жұмсарту белгісінен тұрады. Қазақ тіліне тән сингармонизм заңының негізінде жұмсарту белгісі осы 26 әріппен шектелуге мүмкіндік берді (ал кирилл әліпбиі негізіндегі қазақ әліпбиінде 42 әріп бар). Бұл әліпбиді осы уақытқа дейін Қытай, Ауғанстан мен Иранда тұратын қазақтар пайдаланады. А.Байтұрсынұлының ұзақ жылдар бойғы ізденісі қазақтың тіл білімі мен халықтың сауаттылығын көтерді, ұлттық мектеп пен қазақ әдебиетінің берік іргетасын қалады.



А.Байтұрсынұлына арналған ескерткіш. Қостанай қ.



Әдеби қазақ тілінің қалыптасуы. А.Байтұрсынұлы әдеби қазақ тілінің қалыптасуы мен араб жазуын реформалау үшін көп тер төкті. Қазақ АКСР-і құрылғаннан кейін, 1920–1921 жылдары халық ағарту комиссары болды. 1922–1925 жылдары ҚазАКСР Халық ағарту комиссариатының ғылыми-әдеби комиссиясын басқарды. А.Байтұрсынұлы мемлекеттік қызметпен қатар педагогикалық қызметпен де айналысты: 1921–1928 жылдары халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихынан сабақтар берді. А.Байтұрсынұлы – тілтану және әдебиеттану бойынша бір-қатар еңбектердің авторы. Ол алғашқы қазақ әліпбиін жасады. Сондай-ақ «Тіл құрал» атты оқулық жазды. Ол қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін салушы, әдістемелік кітаптар (мұғалімдерге арналған іс-тәжірибелік басшылық), хрестоматиялар және т.б. жазды.

А.Байтұрсынұлының қоғамдық, әдеби және педагогикалық қызметі. А.Байтұрсынұлы төте жазумен басып шығарылған «Қазақ» газетінің редакторы болды, ағартушылық қызметпен айналысты.

1917 жылы партия бағдарламасын әзірледі. Бағдарлама да қазақ облыстарының автономиясын құру, президенттік, парламенттік институттар құру, соттардың тәуелсіздігі сияқты сол күннің өзінде және осы күнге дейін өзекті болып отырған мәселелер көтерілді.

20-жылдары Қазақстанда инновациялық педагогикалық идеялардың дамуы Ахмет Байтұрсынұлының есімімен байланысты. Педагогикалық баспасөздің рөлі, бастауыш мектеп мәселелері, жоғары білім беру жүйелері, оқыту мазмұны мен әдістерін жетілдіру, жеткіншек ұрпақты рухани-эстетикалық тәрбиелеу – бұлардың бәрі А.Байтұрсынұлы еңбектерінде қарастырылған мәселелердің толық тізбесі емес.

«Қазақша оқыту» мақаласында ол: *«Халық өмірін жақсарту ісін балаларды оқыту ісінен бастау керек, өйткені билік, басқару тек*



А. Байтұрсынұлы мұражай-үйі. Алматы қ.

біліммен ғана түзетіледі», – дейді. Оның мына сөздері болашақ ұрпақты алдын ала сақтандыру ретінде естіледі: «Қандай байлыққа не болса да, білім алуға ұмтылмаған халықтың байлығы біраз уақыттан кейін неғұрлым өркендетті халықтардың қолына өтеді».

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің негіздері мен қазақ грамматикасына арналған ғылыми терминологияны әзірледі. А. Байтұрсынұлы – тұңғыш қазақ әліпбиінің авторы. Ғалым құрметіне *Байтұрсынұлы әліпбиі* деп аталған жаңа қазақ жазуы өз уақытында барлық түркітілдес халықтарға үлгі болды. Оның жасаған және соның есімімен аталған жазу жүйесі қазақтарда сауатсыздықты жоюға, жазу мәдениетін арттыруға мүмкіндік берді. Елбасы 2000 жылы 15 қыркүйекте Қостанай қаласында А. Байтұрсынұлына ескерткіш ашылу салтанатында былай деді: *«Ол – біздің мәдениетіміздің өшпес жарығы және біздің халықтың ар-ұжданы. Оның идеялық мұрасымен заманауи ғылым, өнер, мәдениет, білім, мемлекеттік жүйе мен Қазақстанның қоғамдық құрылысының барлық құртамдыры мен ұлталары беки түседі»*.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қосымша материалдарды пайдалана отырып, «төте жазу» туралы материалдар іздендер. Ол қандай жазу?
2. А. Байтұрсынұлының тіл білімін дамытудағы сіңірген еңбегі неде?
3. А. Байтұрсынұлының қандай еңбектерінде жеткіншек ұрпақты рухани-эстетикалық тәрбиелеу көрініс тапты? Мысалдар келтіріңдер.

Зерттеу сұрағы. А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы туралы не білесіңдер?

Тапсырмалар.

1. А.Байтұрсынұлының өмірбаяны туралы әңгімелеңдер .
2. «А.Байтұрсынұлының қызметі» сызбасын толтырыңдар. Қоғамдық, әдеби және педагогикалық қызметінен 2 мысалдан келтіріңдер . А.Байтұрсынұлының ХХ ғасырдың бас кезінде Қазақстан халық ағарту ісін дамытуға қосқан үлесі туралы қорытынды жасаңдар .



3. ПОПС формул асын пайдаланып, «А.Байтұрсынұлы неліктен қазақ ұлттық идеясының «атасы» болып есептеледі?» сұрағы бойынша эссе жазыңдар.

1. Менің ойымша,
2. Себебі мен оны ... түсіндіремін.
3. Оны мен деген фактілермен, мысалдармен дәлелдеймін.
4. Осыған байланысты деген түйін жасадым.

XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ МЕН ҒЫЛЫМ

§ 41–42. Қазақстандағы халық ағарту ісі

Бүгін сабақта:

- бірыңғай еңбек мектебінің қалыптасуы мен ересек халықтың сауатсыздығын жою мәселесімен танысамыз;
- XX ғасырдың бірінші жартысындағы мектептік және жоғары білім беру саласындағы өзгерістерге талдау жасаймыз.

Тірек сөздер:

- жаппай сауатсыздықты жою
- халық ағарту
- әліпби
- латын жазуы
- араб графикасы

Халыққа білім беру. 20–30-жылдардағы ең басты міндеттердің бірі халық арасында сауаттылықты тарату мен жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беруді енгізу болды. 1917 жылы қазан айында Қазақстанда жаппай сауатсыздықты жою және халыққа білім беру жүйесін дамыту мәдени өзгерістердің басты бағытына айналды. 1918 жылғы 16 қазандағы БОАК-нің «Бірыңғай еңбек мектебі туралы»

Ережесі мен РКСФР Халық ағарту комиссариатының 1918 жылғы 31 қазандағы «Ұлттық азшылықтар мектептері туралы» қаулысы, сондай-ақ В.И.Ленин 1919 жылы 26 желтоқсанда қол қойған «РКФСР халқы арасында сауатсыздықты жою туралы» Жарғысы бұл жұмысқа мемлекеттік маңыз берді.

Ойлан! Үкіметтің Қаулылары мен Жарғылары мектептер үшін қаншалықты маңызды болды?

Қайта қалпына келтіру кезеңі, одан кейінгі 20-жылдардың ортасындағы экономикалық жандану 1925–1927 жылдары халыққа білім беру қаржысын екі есе арттыруға мүмкіндік берді. Осы жылдары барлық үлгідегі мектептер артып, оқушылар саны өсті. Жыл сайын казак тіліндегі кітаптар саны көбейді. 20-жылдары Қазақстанның бастауыш және орта мектептеріне арналған оқулықтар жарыққа шықты. Олардың авторлары Ә.Бөкейхан, Қ.Сәтбаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаев және т.б. болды. Сауатсыздықты жою қаражаттың аса жетіспеушілігі, оқулықтар, оқу құралдары мен мектептердің тапшылығы жағдайында өтті.

Бұл қызық! 1919 жылы жарық көрген алғашқы кітап – ересектерге арналған әліппе сол тұстағы негізгі ұрандарға толтырылған еді. Әліппе «Біз құл емеспіз, құлдар біз емес!» деген ұранмен кеңестік Ресейдегі сауатсыздықты жаппай жоюда танымал болды. Оның авторы – Александр Яковлевич Шнеер.

Қызыл әскер үшін арнайы «Әскери әліппе» және «Қызыл әскер әліппесі» жарық көрді. Онда берілген суреттер үгіт қағаздарына ұқсайтын. Автордың жобасы бойынша әскерге оқуды үйретіп қана қоймай, сонымен қатар революциялық рух беретін.



Мәдени даму саласындағы бірінші бесжылдықтың (1928–1932 жж.) негізгі міндеттері сауатсыздықты жою, жалпыға бірдей міндетті оқу мен кадрлар даярлау болды. 1930 жылы 27 тамызда ҚазАКСР ОАК мен ХКК-нің жалпыға бірдей міндетті оқуды енгізу туралы Қаулысы қабылданды. БК(б)П Қазкрайкомы қалалардағы балаларды 100 пайыз қамтуды, ауылдық жерлерде 80 пайыз қамтуды қамтамасыз етуге қаулы шығарды. Сауатсыздықты жою қалаларда үш жылдың, ал ауылдарда бес жылдың ішінде аяқталуы тиіс болды.

Ойлан! 20-40-жылдардағы елдің мәдени өміріндегі өзгерістерді мәдени революция деп атауға бола ма?

Қазақ тілі мен жазуын бірнеше рет реформалау Қазақстан мәдениетінің дамуынан қандай көрініс тапты?

Есте сақта! КСРО-дағы білім беру қағидаттары:

- 1) КСРО халықтарының нәсіліне, ұлтына, жынысына, дінге көзқарасына, мүліктік және әлеуметтік жағдайына қарамастан білім алудағы теңдігі;
- 2) барлық балалар мен жасөспірімдер үшін білім алудың міндеттілігі;
- 3) барлық оқу-тәрбие мекемелерінің мемлекеттік және қоғамдық сипаты;
- 4) оқыту тілін таңдау еркіндігі; ана тілінде немесе КСРО-дағы басқа да халық тілінде оқу;

- 5) білім беру түрлерінің тегіндігі, оқушылардың бір бөлігін асырау;
- 6) оқытудың ең төменгі сатыларынан жоғары сатыларына қарай өту мүмкіндігін қамтамасыз ететін оқу орындарының барлық үлгілерінің сабақтастығы мен халыққа білім беру жүйесінің бірлігі;
- 7) оқыту мен коммунистік тәрбиенің бірлігі;
- 8) балалар мен жастарды тәрбиелеудегі мектептің, отбасы мен жұртшылықтың ынтымақтастығы; жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің өмірмен, коммунистік құрылыс практикасымен байланысы;
- 9) білім берудің ғылыми сипаты, оның мазмұнын ғылым, техника, мәдениеттегі ең жаңа жетістіктердің негізінде тұрақты жетілдіру; білім беру мен тәрбиенің гуманистік және өнегелілік сипатын қамтамасыз ету; білім берудің дін ықпалынан тыс зайырлық сипаты.

Екінші бесжылдық жылдары (1933–1937 жж.) халыққа білім беруді дамытуға ірі материалдық және қаржылық ресурстар жұмсалды. Барлық үлгідегі мектептер саны 2, оқушылар саны 4, мұғалімдер саны 6 есеге өсті.

Осылайша, 1930 жылы Қазақстанда жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беруге көшу жарияланды, бірақ бұл үдерісті жүзеге асыру неғұрлым ұзақ мерзімге созылды.

Ересек халықтың сауатсыздығын жою. Қазақстанда жергілікті халық ағарту бөлімдерінде сауатсыздықты жою жөніндегі төтенше комиссиялар құрыла бастады. Сауатсыздарды есепке алу, сауатсыздықты жою орындарын құрудан бөлек, олар педагогикалық кадрлар дайындау, мектептер мен курстар ұйымдастыру және оқу құралдарын шығару мәселелерімен айналысты.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін, жаңа биліктің күш-жігеріне карамастан, білім беру саласы қаржылық және материалдық ресурстардың орасан тапшылығын бастан өткерді. А.Байтұрсынұлы халық, губерниялық атқару комитеттері мен болыстық және ауылдық билік орындары мектептерді өздері ашып, оларды ұстауға кететін шығынды өздері көтеру және аса кедей отбасылар балаларын тегін оқыту мәселелерін көтерді. Шалғайдағы және халық аз қоныстанған аудандарда интернаттар мен мектептердің бөлімшелерін ашуды ұсынды. 1923 жылдан бастап шала сауаттыларға арналған мектептер ашыла бастады. Сауатсыздықты жою мен ағартудың негізгі ошағы – *қызыл отау* болды, ол шамамен *Оқу үйі* сияқты қызметтерді орындады.

Қосымша мәлімет.

1924 жылы сәуірде «Сауатсыздық жойылсын!» қоғамының қазақстандық бөлімшесі өз жұмысын бастады. Жұмысының бірінші жылы қоғам сауатсыздықты жою бойынша 114 пункт пен шала сауаттыларға арналған 8 мектеп ашты. 1925

жылы Қоғам 77 800 мүшесі бар 882 ұяны құрады. Сауатсыздардың барлығы бірдей оқудың қажеттігін бірден түсіне қойған жоқ, көпшілігі сауатсыздықты жою пункттеріне құлықсыз барды. 1925 жылы каникулдар мен оқу жылы басталуының бірыңғай жүйесі енгізілді. Белгілі ғалымдар жазған қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтар жарыққа шықты. 1921–1927 жылдары республикада 200 мыңдай адам сауатын ашты. 1926 жылғы бүкілодақтық халық санағы сауатсыздықты жою жөніндегі жұмыстың қорытындыларын тіркеді: қазақтар арасындағы сауаттылар деңгейі – 6,9, орыстарда – 36, басқаларында 33,4%-ға жетті. Жалпы деңгей 17,8%-ды құрады. 1939 жылға қарай сауаттылар саны шұғыл артты және 84%-ды құрады. 10 жылдың ішінде қазақтардың 40%-ы сауатты болды және мұның 50%-ын әйелдер құрады.

Республикадағы бастауыш, орталау және орта мектептерді бітіруші сынып оқушыларының саны



Диаграмманы пайдаланып, 30-жылдардағы орта білім берудің дамуын сипаттаңдар.

Орта білім беру. 20–30-жылдары кеңес өкіметі белсенді қызмет жасап, бұрынғы патшалық Ресейдің шеткергі аймақтарында экономикалық және әлеуметтік өзгерістерді, оның ішінде білім саласындағы бағдарламаны жүзеге асыра бастады. Бәрінен бұрын, сауатсыздарға арналған мектептер жұмыс істеуге кірісті. Республика аумағындағы мектептер кеңестік бірыңғай еңбек мектептері болып қайта құрылды.

20-жылдардың екінші жартысында Қазақстанда жалпыға бірдей бастауыш білім беру үшін негіздер қаланды.

1929 жылы қазақтың жазу емлесін өзгерткен алғашқы кеңестік реформа жүзеге асырылды. Көптеген пікірталастардан кейін қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру (латындандыру) жүзеге асырылды. Газеттер мен журналдар латын қаріптерімен басылды, мектептерде латын әліпбиі енгізілді.

Қосымша мәлімет.

Қазақ жазуының тарихы. Ислам таралғанға дейін Қазақстан аумағындағы түркі халқы түркілік руника жазуын пайдаланды. IX–X ғасырлардан бастап араб жазуы пайдаланыла бастады. 1917 жылғы революцияға дейін және кеңес өкіметінің алғашқы онжылдығында (1929 жылға дейін) қазақ жазуы араб жазуы негізінде дамыды. Қазақ тіліндегі кітаптар, мерзімді басылымдар төте жазумен шығарылды. Бұл әліпбиді қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін ескерумен А.Байтұрсынұлы оңтайландырды. Ол халықта «төте жазу» атауын алды; жаңа әліпби сол кезде «Жаңа емле» деп те аталды.

Есте сақта! Лингвистер адамзат жазуының дамуын мынадай кезеңдерге бөліп көрсетеді:


- 1) заттық жазу (сөздердің мағынасы заттардың көмегі арқылы берілді);
- 2) пиктографиялық жазу (бейне-пиктограммалар);
- 3) иероглифтік жазу;
- 4) буындық жазу;
- 5) әліпбилік жазу.



1



4



2

№	Жазылуы	Дыбыс	№	Жазылуы	Дыбыс
1	А а	[a]	17	Н' н'	[n], [nʰ]
2	А' а'	[aʰ]	18	О о	[o]
3	Б б	[b]	19	О' о'	[oʰ]
4	Д д	[d]	20	Ғ ғ	[ɣ]
5	Е е	[e]	21	Қ қ	[q]
6	Ғ ғ	[ɣ]	22	Р р	[r]
7	Г г	[g]	23	С с	[s]
8	Г' г'	[gʰ]	24	С' с'	[sʰ]
9	Ң ң	[ŋ], [ŋʰ]	25	С' з'	[zʰ]
10	І і	[i]	26	Т т	[t]
11	І' і'	[iʰ], [iʰ]	27	У у	[u]
12	Ж ж	[ʃ]	28	У' у'	[uʰ]
13	К к	[k]	29	Ү ү	[ʉ]
14	Л л	[l]	30	Үү	[ʉ]
15	М м	[m]	31	Ү' ү'	[ʉʰ]
16	Н н	[n]	32	З з	[z]

5



3

Тапсырманы орында! Адамзат жазуының даму кезеңдерін хронологиялық реттілікпен бөліп көрсетіңдер. Жазудың дамуына қандай тарихи оқиғалар ықпал ететінін ойланыңдар.

Ойлан! Қалай ойлайсыңдар, Кеңес өкіметі араб жазуы негізіндегі қазақ жазуынан неліктен бас тартты?

Орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиді енгізу. Қазақстанда сауатсыздықты жою барысында қазақ тілінің орфографиясы мен әліпбиіне байланысты мәселелер туындады. Білім беру жүйесінде қазақ жазуын араб әліпбиінен латын әліпбиіне көшіру қиыншылықтарға ұшыратса, кирилл әліпбиіне көшіру одан да ауыр соққы болды. Қазақ жазуын реформалау салдарынан бір адам үш рет сауат ашуға мәжбүр болды.

Ойлан! «Қазақ халқы өзінің рухани тамырынан ажырап қалды» дегенді қалай түсінесіңдер?

Есте сақта! 1926 жылы ақпан-наурыз айларында Бакуде Бірінші Бүкілодақтық түркология съезі өтті. 1927 жылға қарай біріздендірілген жалпытүркілік латын жазуы «Яналиф» – «Жаңа әліпби» бекітілді.

Қосымша мәлімет.

2017 жылы 12 сәуірде Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» атты мақаласы жарияланды. Онда ҚР-ның Тұңғыш Президенті латын әліпбиіне көшуге тоқталады: «2025 жылы ісқағаздар, басылымдар, оқулықтар және т.б. латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз. Осынау ауқымды жұмысты бастауға дайындық жұмыстарына қазірден кірісеміз. Үкімет қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауы керек. 2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет. Әрине, толық үйренгенге дейін белгілі бір уақыт кирилл әліпбиі де қатар қолданылады».

Қосымша мәлімет.

1940 жылға дейін латын графикасына негізделген әліпби пайдаланылды. 1940 жылдың қараша айынан бастап КСРО-да қазақ жазуы толықтай кирилл әліпбиіне көшірілді. Тілші ғалым С.Аманжолов әзірлеген және орыс тілінің әліпбиі негізінде құрастырылған қазақ кирилл әліпбиі 42 әріптен тұрады. Тілші ғалымдардың тынымсыз еңбегінің арқасында грамматика мен орфография негіздері әзірленді, қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктері ескеріле отырып, қазақ кирилл әліпбиі жасалды.

Осылайша 1917 жылдан 1940 жылға дейін Кеңес өкіметі қазақ халқының ұлттық мүдделерімен санаспай, қазақтардың жазуын үш рет өзгертті: *1929 жылға дейін араб жазуы пайдаланылды, 1929 жылы араб жазуынан латын жазуына, ал 1940 жылы латын жазуынан кирилл әліпбиіне көшу жүзеге асырылды.*

Қосымша мәлімет.

Латын әліпбиі енгізілгеннен кейін, бірнеше жыл бойы араб әліпбиі қатар пайдаланылғанын атап өткен жөн. Қазақстанда мектептер мен оқу орындарында латын әліпбиі негізінде оқыту бірден енгізілді, ал ісқағаздарды жүргізу бірнеше жылдың ішінде орындалды. Латын әліпбиі біртіндеп білім, ғылым, мәдениет са-

лаларына, қазақ халқының тұрмысына толықтай енді. 1940 жылдың соңында «Латындандырылған қазақ жазуын орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» Заң қабылданды. Орыс графикасына көшу де бірнеше жыл бойы жүзеге асырылды. Қазақстанның мерзімді баспасөзі, оның ішінде «Социалистік Қазақстан» газеті бірнеше жыл бойы материалдарын бір жолақта кириллдік және латын әліпбиі негізінде жариялап тұрды.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазақстанда сауатсыздықты жою қалай жүзеге асырылды? Қосымша дереккөздерді пайдаланыңдар.
2. Қалай ойлайсыңдар, ересек халықтың арасындағы сауатсыздықты жоюда қандай қиындықтар мен жетістіктер болды?
3. Әліпбиді ауыстырудың себебі неде?
4. Жалпытүркілік әліпби қалай аталды?
5. Алдағы уақытта қазақ жазуында қандай өзгерістер болмақ? Өз жауаптарыңды негіздендер.

Тапсырмалар.


1. КСРО-дағы білім беру саясатының қағидаттарын санамалап, ранжирлендер (Ранжирлеу – мән-мағына, оқиғалар, адамдар және т.б. белгілі бір тәртіппен ретке келтіру немесе орнына қою).
2. Төменде берілген мысалдардан бірінші бесжылдықтың мәдени даму саласындағы негізгі міндеттерін атап көрсетіңдер.
Сауатсыздықты жою, жалпыға бірдей міндетті оқу, кадрлар дайындау, шығармаларды қазақ тіліне аудару, кешік мектеп ашу, жазуды реформалау. Бірінші бесжылдық жылдары осы міндеттердің неліктен маңызды болғанын анықтаңдар.
3. Суреттегі кім? Оның халық ағарту ісіне қандай үлес қосқанын әңгімелеңдер. Ол туралы қысқаша ақпарат дайындаңдар.



Кирилл графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі

Аа	Әә	Бб	Вв	Гг	Ғғ	Дд	Ее	Ёё
Жж	Зз	Ии	Йй	Кк	Ққ	Лл	Мм	
Нн	Ңң	Оо	Өө	Пп	Рр	Сс	Тт	Уу
Ұұ	Үү	Фф	Һһ	Цц	Чч	Шш	Щщ	
Ъъ	Ыы	Іі	Ьь	Ээ	Юю	Яя		

4. Уақыт таспасына Қазақстандағы әліпбиді ауыстыру уақытын белгілеңдер.



5. «Қазақ жазуын реформалау салдары» сызбасын дәптерлеріңе толтырыңдар. Өз жауаптарыңды негіздендер.



6. Сәйкестендіріп, дәптерлеріне жазыңдар .

Күні	Оқиға
1918 ж., 16 қазан	«Бірыңғай еңбек мектебі туралы» Ереже қабылданды.
1919 ж., 26 желтоқсан	ҚазАКСР «Жалпыға бірдей оқыту туралы» Декреті
1930 ж., 27 тамыз	«Сауатсыздық жойылсын» қоғамының қазақстандық бөлімшесі жұмысын бастады.
1918 ж., 31 қазан	«Ұлттық азшылықтар мектептері туралы» Қаулы қабылданды.
1924 ж., сәуір	ҚазАКСР ОАК мен ХКК-нің жалпыға бірдей міндетті оқуды енгізу туралы Қаулысы қабылданды.
1930 ж., 27 тамыз	«РКФСР халқы арасында сауатсыздықты жою туралы» Декрет қабылданды.



Мәдени революция – еңбекшілер бұқарасының мәдениетті менгеру үдерісі.
Ликбез – сауатсыздықты жою.

Қ.СӘТБАЕВ – ЖАН-ЖАҚТЫ ҒАЛЫМ

§ 43–44. Қазақстанда ЖОО-ның ашылуы.

КСРО Ғылым Академиясы қазақ филиалының құрылуы және Қ.Сәтбаевтың Қазақстан ғылымын дамытудағы рөлі

Бүгін сабақта:

- Қ.Сәтбаев басқарған Қазақ КСР ұлттық Ғылым Академиясы қалай құрылғанын білеміз;
- аса көрнекті ғалымның Қазақстан ғылымы мен өнеркәсібін дамытудағы рөлі мен қызметінің маңызын айқындаймыз.

Тірек сөздер:

- КСРО ҒА-ның Қазақ филиалы
- Қ.Сәтбаев
- геологиялық ғылым

Қазақстанда жоғары оқу орындарын құру. Мұғалім кадрларын даярлау жоғары мектеп жүйесін құруды талап етті. Қазақстандағы жоғары оқу орындарының жүйесі Кеңес өкіметі жылдарында дами бастады. Қазақстандағы бірінші жоғары оқу орны Қазақ педагогикалық институты (ҚазПИ, қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ) 1928 жылы Алматыда ашылды.

Институттың құрылу тарихынан. Алғашқы жоғары оқу орны – Қазақ халық ағарту институты 1926 жылы Ташкентте құрылды. Оның бірінші ректоры болып сол кезде САГУ-де (Орта Азия мемлекеттік университеті – кеңестік Орталық Азиядағы бірінші жоғары оқу орны) оқып жүрген студент **Темірбек Жүргенов** тағайындалды. 1928 жылы институт Алматыға көшіріліп, отандық жоғары оқу орындарының алғашқы Қазақ педагогикалық институты болып қайта құрылды. Оған 1935 жылы Абай Құнанбаевтың есімі берілді.

Кейін Алматыда үш жоғары оқу орны – малдәрігерлік-зоотехникалық (1929 ж.), ауылшаруашылық (1930 ж.) және медициналық (1931 ж.) институттар ашылды. 1934 жылы астанада (1929 жылы астана Қызылордадан Алматыға көшірілді) инженер-техникалық кадрларды дайындайтын бірінші жоғары оқу орны – Тау-кен-металлургия институты (қазіргі Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университеті) ашылды.

1934 жылы республикада **бірінші университет** – С.М.Киров атындағы **Қазақ Мемлекеттік университеті** (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) құрылды. ҚазМУ-де сабақ: физика-математика және биология факультеттерінде басталды, онда барлығы 54 студент оқыды, сабақты 5 профессор мен 10 доцент жүргізді.

Қосымша мәлімет.

Техникумдардың саны артты. XX ғасырдың 30-жылдары орта арнаулы және жоғары оқу орындарында 20 мыңдай қазақстандық жастар оқыды. Бұл кезде Орал, Семей, Ақтөбе, Петропавл, Шымкент пен Қостанайда педагогикалық және мұғалімдер институттары ашылды. Соғыс қарсаңында республикада 20 жоғары және 118 орта арнаулы оқу орындары болды. Оларда 40 мыңнан астам студент оқыды.

Соғыс жылдары республикадағы жоғары оқу орындарының саны арта түсті. Үш факультетімен Алматы шетел тілдері институты (1941 ж.), Шымкент құрылыс материалдары технологиялық институты (1943 ж.), Қазақ мемлекеттік консерваториясы, Қыздар пединституты (1944 ж.), Денешынықтыру институты (1945 ж.) ашылды. Аталған жоғары оқу орындары бүкіл кеңестік Орта Азия үшін кадрлар дайындады.

Соғыстан кейінгі уақытта Қарағанды медицина (1950 ж.), Семей малдәрігерлік-зоотехникалық (1951 ж.), Қарағанды тау-кен институттары (1953 ж.) құрылды. Бұл жоғары оқу орындары эвакуацияланған ғылыми-педагогикалық кадрлармен, сондай-ақ қуғын-сүргінге ұшыраған ғалымдармен және педагогтармен толықтырылды.

Жас республикадағы жоғары білім беру жүйесі жалпы проблемалардан құтыла алмады: білікті ұлттық кадрлардың жеткіліксіздігі, шектеулі материалдық-техникалық база, билеуші партия тарапынан білім беру жүйесіне қатаң идеологиялық бақылау. 30-жылдардағы репрессиялар кезінде ҚазКСР ғылымы мен білім беру жүйесі ұлттық зиялы қауым арасында орасан шығынға ұшырады. Алайда 20–30-жылдардағы қиындықтар мен келеңсіздіктерге қарамастан, халықтың оқуға тартылуы, жоғары оқу орындарының ашылуы, жоғары және орта арнаулы білім беру жүйесінің дамуы Қазақстанда кеңестік мәдениеттің қалыптасуына оң нәтижелер берді.

Қосымша мәлімет.

КСРО ҒА-ның Қазақ филиалы. XX ғасырдың 30-жылдары Қазақстанда академиялық ғылым құрылымы қалыптасып, дами бастады. 1932 жылы 14 наурызда КСРО ҒА-ның қазақстандық базасы құрылды. Төрағасы – академик А.Н.Самойлович. қазақстандық базаның құрылымында Ботаника және зоология секторлары, Ботаникалық бақ, Сейсмикалық стансы, Тарихи-археологиялық және Қазақ тілі комиссиялары жұмыс істеді. Химиялық зертхана, Эксперименттік зерттеулер комиссиясы, Ғылыми кітапхана ашылды. Отандық ғалымдардың ғылыми-зерттеу қызметі КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандағы базасын құру үшін жағдайлар жасады. Ғылыми-зерттеу институттары желісі – Ұлттық мәдениет институты (1933 ж.), Ғылыми-педагогикалық институт (1933 ж.) пайда болды. 1932 жылы республикада барлығы 12 ғылыми-зерттеу институты, 15 тәжірибе стансысы, 186 тірек пункті, зертханалар, гидрометеостансылар жұмыс істеді.

1933 жылы 21 қазанда Алматыда өндіргіш күштерді зерттеу бойынша КСРО ҒА қазақстандық базасының 1-сессиясы ашылды. Оның жұмысына Мәскеу, Ленинград, Алматы ғалымдары, өнеркәсіп пен ауылшаруашылығы қызметкерлері қатысты. Кеңес үкіметінің шешімі бойынша 1938 жылы КСРО ҒА-ның қазақстандық базасын КСРО ҒА Қазақ филиалы етіп қайта құру зор маңызға ие болды. Филиал Төралқасын

академик А.Д.Архангельский басқарды. Филиалдың ғылыми кеңесінің құрамына академиктер А.Н.Самойлович, А.Е.Ферсман, И.М.Губкин, Б.А.Келлер және т.б. енді.

Қазақстан ғылым академиясы қажетті бөлімшелері мен институттары бар үлкен ғылым құрды. Бастапқыда КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандағы базасының құрамында бар-жоғы екі сектор – зоологиялық және ботаникалық сектор мен Алматыдағы Ботаникалық бақ болды. 1935 жылы геология және тарих секторлары құрылды. Жаңа академиялық институттар: ядролық физика, математика мен механика, гидрогеология және гидрофизика, химия, мұнай және табиғи тұздар, химия-металлургиялық, тау-кен-металлургиялық, ихтиология және балық шаруашылығы, эксперименттік биология, экономика, философия және құқық, әдебиет және өнер, тілтану институттары ашылды. КСРО Ғылым Академиясының базасымен құрамында қазақ тілі және әдебиеті секторларынан тұратын Қазақ ұлттық мәдениетін ғылыми-зерттеу институты бірікті. 1946 жылғы 1 маусымда Жоғарғы Кеңес Төралқасының, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің және Қазақстан К(б)П ОК-нің бірлескен қаулысымен КСРО Ғылым Академиясы филиалының базасында ҚазКСР Ғылым академиясы құрылды. Академияның бірінші құрамына 14 академик пен 16 мүше-корреспондент енді. Қазақстан Ғылым Академиясының бірінші президенті болып Қ.И.Сәтбаев сайланды.

Білгенің абзал! 1950 жылы Ғылым академиясының биология саласы мекемелері көптеген тексерулер мен комиссиялардың қыспағына түсті. Сондай-ақ «дәрігерлер ісі» аталған ірі тексеріске де ілікті. 1951 жылы Қ.Жұмалиев, Е.Исмайылов, М.Әуезов және композитор А.Жұбанов ұлтшыл деп айыпталды. Қ.Сәтбаевқа осы аталған адамдарды жұмыстан шығару керектігі айтылды. Сонда Қ.Сәтбаев «Маған сенім артқан ғылыми мекеменің қызметкерлерін мен басқарып тұрғанда, ешқайсысының себепсіз жазалануына келісім бермеймін», – деп кесіп айтқан. Сол қатал сынға 1952 жылы Қ.Сәтбаевтың өзі ілікті. Оны партияға қарсы шыққаны, ұлтшылдарды қорғағаны және 1917 жылы Алашорда партиясының үгітшісі болғаны үшін айыптады.

Кейін Қазақстан КОКП бюросының шешімімен 1951 жылы 23 қарашада Қазақ КСР Ғылым академиясының президенттігінен және мүшелігінен алып тастады. Қ.Сәтбаев Қазақстан Ғылым академиясынан қызметтен кетті. Оған Орал КСРО ҒА-ның бөліміне қызмет ұсынылды. Бірақ Қ.Сәтбаев одан бас тартып, Алматыда Геология институтының директоры қызметінде қалады.

Қазақстандық ғылымның қалыптасуы көптеген проблемалармен және қиындықтармен қатар жүрді. Ұлттық кадрлар жетіспеді, қазақ ғалымдарының саны шамалы еді. Мысалы, 1936 жылы ҚазМУ-дың 42 оқытушысының ішінде бар-жоғы 8 қазақ болды. Мұндай жағдай басқа да жоғары оқу орындары мен КСРО Ғылым Академиясы Қазақ

базасының (филиалы) ғылыми-зерттеу институттарында да орын алды. Оның себептерінің бірі ұлттық зиялы қауымға қатысты 30-жылдардағы саяси қуғын-сүргіндер болды.

Қаныш Сәтбаев (1899–1964) – кеңестік ғалым-геолог, отандық металлогения мектебінің негізін қалаушы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор.

Қ.Сәтбаев Семей облысы, Павлодар уезі, Аккелін болысының №4 ауылында дүниеге келген. 1909 жылдан 1911 жылға дейін ауыл мектебінде оқыды. 1911 жылы Павлодар қаласындағы орыс-қырғыз училищесіне оқуға түсіп, оны 1914 жылы үздік бітіріп шықты. Училищені аяқтағаннан кейін әкесі Имантайдың қарсылығына қарамастан, Семейдегі мұғалімдер семинариясына оқуға аттанады. Бұл жерде денсаулығына байланысты емтихандарды жедел тапсырып, 1918 жылы семинарияны аяқтағаны туралы диплом алады.

Қ.Сәтбаев жоғары білім алу мақсатымен оқуға дайындала бастайды. Алайда ол кезде семинария аттестатымен жоғары оқу орындарына түсу үшін математика мен шетел тілінен емтихан тапсыруы керек болатын. Келесі бір жарым жылда Қ.Сәтбаев Томск технологиялық институтына түсу үшін дайындалады. Оқи жүріп, Семейдегі екі жылдық педагогикалық курстарда жаратылыстану мұғалімі болып жұмыс істейді. Алайда өкпе ауруының асқынуына байланысты жұмыс пен оқуды кейінге қалдыруға тура келеді. Ол бір жылға жуық уақытын туған ауылында өткізіп, ем қабылдайды. Баянауылда Қаныш қазақ мектептеріне арналған «Алгебра» оқулығын жазуды бастап, оны 1924 жылы аяқтайды. Осы еңбек қазақ тіліндегі алгебрадан алғашқы мектеп оқулығы болып табылады. 1926 жылы Қ.Сәтбаев Томск технологиялық институтын ойдағыдай бітіреді. Тау-кен инженері-геолог дипломын алғаннан кейін Халықшаруашылығы Орталық Кеңесінің қарамағына жіберілді. 1941 жылы Қ.Сәтбаев КСРО Ғылым Академиясы Қазақ филиалы Геологиялық институтының директоры болып тағайындалды, ал бір жыл өткен соң бөлімшенің – республиканың болашақ Ғылым Академиясының басшысы қызметін атқарады.

Қазақстан жер қойнауын зерттеудің ең жарқын беттерінің бірі және елдің металлургиялық базасын жасау үшін ауқымды геологиялық зерттеулерді ұйымдастыру Қ.Сәтбаевтың есімімен тығыз байланысты. Ол Жезқазған мыс кен орнын ашты. Оның бастамасы бойынша Манғыстау, Мұғалжар мен Торғай өңірлерінің минералдық



Қ.Сәтбаев

ресурстары зерттелді. Оның негізгі ғылыми еңбектері: «Жезказған мыс кені ауданы және оның минералдық ресурстары», «Қазақстанның минералдық ресурстары және оларды 20 жылдың ішінде игеру», «20 жыл ішіндегі ҚазКСР-дегі геологиялық зерттеудің табыстары».

Ойлан! Қ.Сәтбаев Қазақстан ғылымын дамытуда қандай рөл атқарды?

Геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, КСРО Ғылым Академиясы Қазақ филиалы Геология институтының бірінші директоры, КСРО Ғылым Академиясының академигі, ҚазКСР ҒА-ны ұйымдастырушы және тұңғыш президенті, Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың лауреаты Қ.Сәтбаев геология ғылымына орасан зор үлес қосты. Ол – кеңестік металлогения ғылымының және қазақстандық металлогения мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Академик Қ.Сәтбаев 1964 жылы 31 қаңтарда қайтыс болып, Алматыда жерленді. Сол кездегі ҚазКСР ҒА-ның академигі Ә.Х.Марғұлан ол туралы былай деп жазды: *«Тамаша адамның, ғылым мен ой-сана шамшырағының, көптеген адамдардың досы мен жолдасының өмірі ерте үзілді. Ол өз халқының мақтанышы болды, Қазақ елінің гүлденуі үшін өмір сүрді және тынымсыз еңбек етті. Ол халыққа қызмет етуді өз өмірінің биік мұраты деп есептеді ...»*.

Академик Қ.Сәтбаевтың қызығушылықтар ауқымы ерекше кең болып, жаратылыстану ғылымдарының шеңберінен шығып кетті. Ол қазақ тарихы, әдебиеті, мәдениеті, этнографиясы, музыкасы мен фольклорының үлкен білгірі болды. Оның Орталық Қазақстан аумағындағы археологиялық ізденістері, педагогика мен әдебиет жөніндегі еңбектері орасан, М.Әуезовтің «Абай жолы» романын бірінші болып бағалады, фольклорды жинаушы А.Затаевичке 25 халық әнін берді, театр, өнер, мәдениет, жастарды тәрбиелеу туралы еңбектері ұшан-теңіз.

Бүгінгі күні республикада жүздеген көше, қырықтан астам мектеп Сәтбаевтың есімімен аталады, Қазақстанның көптеген қалаларында оның ескерткіштері орнатылған. Оның есімімен Қазақстан Ғылым Академиясының Геология институты, ғаламшар, «сәтбаевит» минералы, Сәтбаев қаласы, Алматыдағы Қазақ Ұлттық техникалық университеті аталған.

Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Алғашқы жоғары оқу орындары неліктен Алматыда ашылды? Әңгімелендер.
2. Қосымша ақпараттарды пайдалана отырып, Қазақстандағы алғашқы жоғары оқу орындарының бірінің тарихы туралы шағын баяндама (1-2 бет) дайындаңдар.

3. Соғысқа дейінгі және кейінгі жылдары Қазақстанда қандай жоғары оқу орындары ашылды?
4. Қ.Сәтбаевтың өмірбаянын әңгімелеңдер.

Тапсырмалар.

1. «Қазақстанда академиялық ғылымның қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері» сызбасын толтырып, әрбір кезеңге сипаттама беріңдер және әңгімелеңдер.



2. Қосымша әдебиеттерді пайдаланып, Қ.Сәтбаевтың зерттеу еңбектерімен танысыңдар.
3. «Қ.Сәтбаев феномені» тақырыбына эссе жазыңдар.

Кестемен жұмыс.

1. Сәйкестендіріп дәптерлеріне жазыңдар.

Құрылған күні	Жоғары оқу орындары
1953 ж.	Абай атындағы педагогикалық институт
1950 ж.	Малдәрігерлік-зоотехникалық институт
1931 ж.	Алматы медицина институты
1928 ж.	С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университеті (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ)
1944 ж.	Қарағанды медицина институты
1929 ж.	Қыздар педагогикалық институты
1951 ж.	Семей малдәрігерлік институты
1934 ж.	Қарағанды тау-кен институты

2. «Қ.Сәтбаевтың қазақстандық ғылымды дамытудағы рөлі» тақырыбы бойынша қосымша ақпараттарды оқып, кестені дәптерлеріне толтырыңдар. Қ.Сәтбаевтың Қазақстан ғылымының қалыптасуына қосқан үлесі туралы қорытынды жасаңдар.

Қ.И.Сәтбаевтың ғылыми қызметі	Практикалық пайдасы
Қорытынды:	

§45–46. Қазақстандық ғалымдар мен олардың ғылыми жетістіктері

Бүгін сабақта:

- XX ғасырдың бірінші жартысындағы ғылым саласындағы өзгерістерді талдаймыз;
- қазақстандық ғалымдардың ғылыми зерттеулердегі жетістіктерімен және олардың қызметтерімен танысамыз;
- қолданбалы ғылымның даму мәселелерімен танысамыз;
- белгілі ғалымдардың еңбектерін бағалаймыз.

Тірек сөздер:

- ғылым
- ғылыми-зерттеу институты
- зертханалар

Қазақстан ғылымының қайта өрлеуі. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары Қазақстан ғылымы біртіндеп қалыптаса бастады. Бұл үдеріс ғылыми-зерттеу ұйымдары құрылымының жоқтығымен, қаражат пен дайын ғылыми мамандардың жетіспеушілігімен күрделене түсті. Қазақ зиялылар саны аз болды.

Ойлан! Қалай ойлайсыңдар, Қазақстанда жоғары білім беру жүйесін құру кезеңінде қазақ зиялы қауымының саны неліктен аз болды?

Қазақ зиялы қауымының негізін құраған көптеген алаш қайраткерлері кеңес үкіметінің алғашқы жылдары мемлекеттік қызметке тартылғанымен, кеңес өкіметінің отарлық саясатына қарсы шықты. Сол себепті олар 30-жылдары қуғын-сүргінге ұшырады.

1918 жылы Ташкентте Түркістан шығыс институты құрылды. 1920 жылы Ресей географиялық қоғамы Орынбор бөлімінің және Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясының ізбасары ретінде *Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының* негізі қаланды. 20-жылдары қоғам мүшелері *А.Чулошников, Ф.Рязанов, А.Диваев, М.Тынышбаев, М.Дулатовтардың* ғылыми еңбектері жарыққа шықты. 1924 жылы аталған қоғамға 84 ғалым кірді.

Революцияға дейінгі Қазақстанда ғылым мемлекеттік саясаттың назарында және қамқорлығында болған емес. Ол жартылай ресми, негізінен, қоғамдық үйірмелерге, бөлімдерге, комитеттерге немесе мүдделер бойынша қоғамдарға біріккен шағын белсенділер тобы қызметінің арқасында дамыды. Мәселен, 1919 жылы Орынбор Ресей географиялық қоғамы бөлімінде жұмыс тәжірибесін қалыптастырған өлкетанушылардың бір тобы Қазақ әскери комиссариаты штабы тарихи-статикалық бөлімінің жанынан тарих, этнография және жаратылыстану-география секцияларын ұйымдастырды. Кейіннен осы секцияларға археологиялық секция қосылды.

1921 жылы Орталық өлкелік мұрағаттың құрылуы республиканың ғылыми өміріндегі елеулі құбылыс болды. 1922 жылы ҚазАКСР Денсаулық сақтау Халық комиссариатының жанынан химиялық-бактериологиялық зертхана, 1925 жылы санитарлық-бактериологиялық ғылыми-зерттеу институты ашылды. 1924–1926 жылдары ҚазАКСР Жер шаруашылығы Халық Комиссариатының жанынан өлкелік өсімдік қорғау стансысы, ветеринарлық-бактериологиялық институт, тыңайтқыштар және агропырак зерттеу институты ұйымдастырылды.

1920 жылдардағы казак ғылымының дамуында өлкетануға бағытталғандығы мен гуманитарлық зерттеулер басымдығы байқалды. Бұл әсіресе тарих, әдебиет, тіл, өнер саласы бойынша шыққан іргелі еңбектерден көрінсе, техникалық және жаратылыстану ғылымдары бойынша зерттеулерде үлкен өзгерістер болған жоқ.

Қазақстанды зерттеу қоғамының белсенді көмегімен 1925 жылы шыққан А.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» кітабы халықаралық деңгейде танылды. Әдебиеттану мен тіл білімінің қалыптасуына А.Байтұрсынұлы аса мол үлес қосты. 1926 және 1928 жылы шыққан «Жаңа әліпби», «Тіл құрал», «Әдебиет танытқыш» кітаптарында казак тілі фонетикасы, морфологиясы мен грамматикасының, казак әдебиетінің теориясы мен тарихының аса өзекті мәселелері көтерілді.

А.Байтұрсынұлының әдебиеттану тұжырымдамасын жас ғалым М.Әуезов «Әдебиет тарихы» (1927 ж.) монографиясында дамытты. 20-жылдары Ж.Аймауытов педагогика және психология, Т.Рысқұлов, С.Асфендияров, С.Сәдуақасовтар Қазақстан мен Орта Азияның тарихы бойынша бірқатар еңбектер жариялады. Экономист-ғалымдар Т.Шонанов, М.Г.Спрус және т.б. республиканың аграрлық экономикасындағы өзгерістер және олардың салдары туралы мақалалар мен монографиялар жазды.

Санжар Асфендияров (1889–1938) Ташкент қаласындағы реалдық училищені және Петербургтегі әскери-медициналық академияны бітірді. 1919 жылдан бастап Түркістан Республикасының денсаулық сақтау, егіншілік халық комиссары, Түркістан Республикасының Мәскеудегі тұрақты өкілі болды. С.Асфендияров Орта Азия бюросы, Түркістан Компартиясы Орталық комитеті, БОАК Төралқасы аппараттарында жауапты қызметтер атқарды. Бірінші Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры, Қазақ КСР Денсаулық сақтау халық комиссары, КСРО Ғылым Академиясы Қазақ базасы (филиалы) төрағасының орынбасары болды. Ол – Алматыдағы педагогикалық және медициналық институттарды құру бастамашыла-

рынын бірі, осы жоғары оқу орындарының алғашқы ректоры. Кәсіпқой дәрігер бола тұрып, ұлт тарихымен әуестенді және оның білгірі болды. 1935 жылы «Қазақстан тарихы», «Қазақстанның өткені: деректер мен материалдар» атты бірқатар тарихи ірі еңбектері жарыққа шықты. 1938 жылы репрессияға ұшырап, 1958 жылы ақталды.



С.Асфендияров

Бұл қызық! Тұңғыш профессор С.Асфендияров Орал облысындағы сұлтан тегінен шыққан, 1889 жылы дүниеге келген. Әкесі Жағыпар Асфендияров ұзақ жылдар бойы әскери аудармашы болып қызмет атқарып, генерал-майор шенінде отставкаға шықты. Материалдық қиыншылықтарға байланысты Ташкент реалдық училищені бітіріп, Петербургтегі әскери-медицина академиясына түскен Санжарға көмек көрсете алмады.

С.Асфендияров Әскери-теңіз министрлігінің стипендиясына оқыды. Осыған байланысты ол кейін әскери қызметтің ауыртпалығын мойнына алды; алдымен қиырдағы Термезде, кейін Түркістан полкінде әскери дәрігер ретінде майданда болды. С.Асфендияров майданның ортасында жүріп, оның ащы дәмін көрді. Лодзь түбінде полкпен бірге неміс қоршауына түсіп, тұтқынға алынды. Сол жерде әскери тұтқындарға арналған лазаретте жұмыс істеді. 1916 жылдың басында әскери тұтқындармен алмасу барысында Швеция арқылы туған жеріне қайта оралды. Соғыстың ащы дәмі текке кеткен жоқ, оның әскерге деген көзқарасы қалыптасты.

Қалыптасып келе жатқан қазақстандық жас ғылымға Ресей ғалымдары үлкен қолдау көрсетті. 20-жылдардың орта шенінен республикада көптеген стационарлық және маусымдық отрядтар жұмыс істеді. Академиктер А.Е.Ферсман, А.Н.Самойлович, профессорлар А.А.Григорьев, С.И.Руденко және т.б. басқаруымен жұмыс істеген отрядтар Қазақстанның жер қойнауын, жануарлар мен өсімдіктер әлемін, сондай-ақ қазақтың этнографиясы мен антропологиясын зерттеуде айтарлықтай нәтижеге қол жеткізді.

Ізден! 1920–1940 жж. белгілі қазақстандық ғалым жайлы эссе жазыңдар.

1926–1927 жылдардағы одақтас және автономиялық республикаларды зерттеу жөніндегі ерекше комитеттің Қазақстан және Алтай экспедициясының жұмысына Ленинград Шығыс институтының студенті, кейін ҚазКСР ҒА-ның академигі болған Әлкей Марғұлан қатысты. Антропологиялық экспедиция отрядының жұмысына қатысқан Ә.Марғұлан қазақтың найман және адай сияқты этникалық топтарын (руларын) сипаттайтын ең алғашқы ғылыми мақалаларын жариялады.

1926 жылы профессор С.С.Неустроев жетекшілік еткен КСРО ҒА ғылыми экспедициясы Қазақстанның батыс өңірінің топырағы мен өсімдігіне зерттеу жүргізді. Ғылыми мекемелердің желісі мен зерттеу жұмыстарының ауқымын ұлғайту 1932 жылы КСРО ҒА-ның қазақстандық қорын ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Өз қызметінің алғашқы жылында-ақ ботаника, зоология, география секторлары, экспедициялық зерттеулер комиссиясы, тарих-археология комиссиясы, сөздік жөніндегі комиссия және қордың өзге де құрылымдық бөлімшелері өз жұмысын жандандырды. КСРО ҒА-ның қазақстандық қоры Төралқасының төрағасы академик Н.А.Самойлович болды.

1938 жылы қазақстандық қор КСРО ҒА-ның Қазақ филиалы болып өзгертілді. Қазақстандық қор, кейін КСРО ҒА-ның филиалын құруға байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен үйлестіру жұмысы жақсарды. Тарих, лингвистика, геология, химия және т.б салалар елеулі жетістіктерге жетті. Профессор С.Асфендияров ұлт-азаттық қозғалыс тарихы жөнінде монографиялық зерттеулер, «Ерте заманнан бергі Қазақстан тарихының» 1-томын, профессор А.А.Кунтемен бірге «Қазақстанның өткені: деректер мен материалдар» еңбегінің 2-томдық жинағын жариялады.

Профессор Қ.Жұбанов та жемісті еңбек етті. Оның жаряланымдарында («Қазақ тілі грамматикасы», «Көмекші етістіктер туралы», «Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі» және т.б.) грамматиканың, қазақ тілі тарихының аса күрделі мәселелері қарастырылды.

Ізден! Қ.Жұбанов туралы қосымша материалдар тауып, әңгімелеңдер.

Көрнекті геолог Қ.Сәтбаев Орталық Қазақстанда ежелгі металлургияның ошақтарын ашып, орта ғасырлардағы тарихи және мәдени ескерткіштерді зерттеді. Аса көрнекті жетістіктері үшін оған диссертация қорғауынсыз-ақ геология-минерология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді. 1927 жылы Мәскеуде жас инженер Қ.Сәтбаевтың алғы сөзімен XIV ғасырдағы батырлық дастаны «Ер Едіге» басылып шықты.

30-жылдары У.М.Ахмедсафин, кейін Социалистік Еңбек Ері атағын алған Д.В.Сокольский, ҚазКСР ҒА-ның академиктері Н.О.Базанова, А.Бектұров, А.П.Полосухин, Н.Сауранбаевтардың ғылыми-шығармашылық қызметтері басталды. Олар республикадағы химия, гидрология, медицина, лингвистика, физиология ғылымдарының аса маңызды бағыттарын айқындап берді.

1940 жылы Қазақстанда 57 ғылыми мекеме болды (жоғары оқу орындарын қоса есептегенде), оның ішінде 17 ғылыми-зерттеу инсти-

тутында, олардың филиалдары мен бөлімшелерінде 10 ғылым докторы, 50 ғылым кандидаты және 1727 ғылыми қызметкер жемісті еңбек етті.

Республикада ғылымның дамуы күрделі қиындықтарға кездесіп отырды. Ғылыми мекемелердің материалдық-техникалық базасы баяу қалыптасты. Қажетті материалдар мен жабдықтың болмауы жинақталған ғылыми деректерді өңдеуді қиындатты. Ғылыми мамандар толық пайдаланылмады. Айналырған бір-екі ғалым ғана ғылыми еңбекке тартылды. Соның нәтижесінде жұмыс жоспарлары орындалмады немесе жылдан-жылға ауыстырылып отырды. 30-жылдары Ж.Аймауытов, С.Асфендияров, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедов, Қ.Жұбанов, А.Н.Самойлович және т.б сталиндік қуғын-сүргіннің жазықсыз құрбандары болды.

Тапсырмалар.

1. «Дөңгелек үстел» түрінде қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математика ғылымдары бағыттары бойынша кеңестік қазақстандық ғылымның жетістіктері мен кемшіліктерін талқылаңдар .
2. Ғалым ретінде С.Асфендияровтың тарихи портретін жасаңдар. Кем дегенде 3 мысал келтіре отырып, оның қызметіне баға беріңдер .
3. Қазақстанда ғылыми орталық қашан құрылды? Оның мүшелері жайлы не білесіңдер? Қолда бар ақпарат пен қосымша дереккөздерге сүйене отырып (Джигсоны (мозаиканы) пайдалана отырып), Қазақстанның белгілі ғалымдары туралы әңгімелеңдер.

Зерттеу сұрағы. Білім, ғылым саласындағы жетістіктер мен кемшіліктер қандай ?



Кестемен жұмыс.

Мәтін негізінде «20–30-жылдардағы ғылымның дамуы» кестесін толтырыңдар.

Зерттеу саласы	Ғалымдар	Зерттеу нысаны	Зерттеулердің практикалық пайдасы
Геология			
Археология			
Тарих			
Тілтану			

XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУЫ

§ 47–48. 20–30-жылдардағы қазақ әдебиетінің дамуы

Бүгін сабақта:

- 20–30-жылдардағы қазақ әдебиетінің даму үдерісін қарастырамыз;
- қазақ ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы мен қызметіне талдау жасаймыз;
- қазақ әдебиетіндегі социалистік реализмнің ерекшеліктеріне және оның қоғамдық санаға ықпалына баға береміз.

Әдебиет. XX ғасырдың бас кезінде қазақ жазба әдебиеті дамыды. Қоғамда өз туындыларында жалпыадамзаттық құндылықтарды, гуманизм қағидаттарын ұстаған қазақ әдебиетінің классиктері А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтардың шығармалары орасан танымал болды. Сол тұста С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Мұқанов сынды жас әдебиетшілер тобы, кенестік әдебиет өкілдері қалыптасты. М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, М.Хакімжанова және т.б. алғашқы туындылары жарияланды.

20-жылдардың бас кезінде қазақ әдебиетінде социалистік реализм мен оны насихаттау үстемдігі сипат алды. Әдебиеттің орасан насихатшылық әлеуетке ие екендігін түсінген кеңес өкіметі жазба әдебиет пен ауыз әдебиетінің ұлттық дәстүрлерін тамырымен жоюға орасан күш-жігер жұмсады. 20-жылдардың ортасында әдебиеттің қоғам өміріндегі орны мен рөлі және қазақ пролетарлық әдебиетінің бар екендігі туралы пікірталас өршіді. Өз позицияларын қорғаған М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Қ.Кемеңгеров секілді ақын-жазушыларға «ұлтшыл» деген айып тағылды. Сонымен бір мезгілде пролетарлық ақын-жазушылардың шығармашылығына идеологиялық және саяси бақылау орнату бойынша жұмыс жүргізілді. Осы мақсатпен 1926 жылы «Құс жолы» баспасөз органы, Қазақ пролетарлық жазушылар қауымдастығы құрылды. Бұл «буржуазиялық» және «ұлтшыл» ақын-жазушыларды сынаудың негізгі құралына айналды. Шығармалары маркстік-лениндік

Тірек сөздер:

- поэзия
- проза
- драматургия
- қазақ әдебиеті
- социалистік реализм



Ш.Құдайбердіұлы

идеология қағидаларына үйлеспеген әдебиетшілерді ығыстыруға бағытталған белсенді күрес басталды. Оларға «ұлтшыл», «патриархалдық-феодалдық дәстүрлерді қорғады» немесе «буржуазиялық идеологияны ұстанды» деген айып тағылды. Осылайша, 30-жылдардың бас кезінде Қазақстанда әдебиетке қатаң бақылау орнатылды. Бірқатар жанрлар, тақырыптар мен бағыттарға тыйым салынды. Бірақ қазақ әдебиеті өкімет орындарының саясатына қарамастан дамыды.

Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858–1931) – ақын, ағартушы, сазгер және аудармашы. Ақынның әкесі – Абайдың үлкен ағасы. Жастай жетім қалған баланы Абай өз қамқорлығына алған.

Энциклопедиялық білімнің арқасында және араб, парсы, түрік, орыс тілдерін білген Шәкәрім әдеби ғана емес, сондай-ақ тарихи және философиялық шығармалар жазған. Оның шығармашылығы қазақ әдебиетінде жаңа құбылыс болды.

Ақын және прозашы Ш.Құдайбердіұлы қазақ халқының өмірін жан-жақты терең бейнеледі. Сонымен қатар адамның ішкі дүниесін егжей-тегжейлі суреттеп, ой елегінен өткізді. Ол «Қалқаман–Мамыр», «Еңлік–Кебек», «Нартай–Айсұлу» поэмаларын, «Әділ–Мәрия» романын (1988 ж. жарияланды) жазды. Оның поэмаларында адамдар арасындағы күрделі қарым-қатынастар мәселесі, ғашықтардың қайғылы тағдыры тақырыбы көтеріледі. Әдебиетке келудегі басты мақсатын ақын халық мүдделеріне қызмет етуден, адамның жетілуі мен гуманизм, өнегелілік қатынастар тазалығы идеяларын жүзеге асырудан көрді. XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы шығармашылығының еске алынбауы оның Кеңес өкіметін қабылдамауымен байланысты болды. 1931 жылғы 2 қазан күні сотсыз және тергеусіз атылды. Ұлы дарын несінің шығармалары ұзақ жылдар бойы ұмыт қалды, ресми тарих пен әдебиеттен өшірілді. КСРО прокуратурасының 1958 жылғы 29 желтоқсандағы шешімімен қылмыс құрамының жоқ болғаны үшін ақталғанына қарамастан, ақынды буржуазияшыл ұлтшылдықпен айыптау жалғаса берді. Шәкәрім есімі оқырмандарға XX ғасырдың соңғы онжылдығында ғана қайтарылды.

Жүсіпбек Аймауытов (1895–1931) – қазақ ақыны, драматург, аудармашы, әдебиеттанушы және педагог. «Қазақ тілі» газетінің редакторы, «Ақжол» газетінің қызметкері, Шымкент педагогикалық техникумының директоры болып жұмыс істеді. Ж.Аймауытов ба-

лалар мен жасөспірімдерге арналған көптеген ертегілер, әдеби сын мақалалар, ғылыми еңбектер жазды. «Психология», «Психология және өнертану» сияқты зерттеу еңбектердің авторы. Ол А.С.Пушкин шығармаларын («Сараң сері», «Тас мейман»), Н.В.Гоголь, Л.Н.Толстой, А.М.Горький еңгімелерін, У.Шекспир трагедияларын шеберлікпен аударды. 1929 жылы Ж.Аймауытов тұтқындалып, Мәскеуге әкетілді. 1930 жылы ату жазасына бұйырылды. Ж.Аймауытов 1988 жылы ақталды.



Ж.Аймауытов

Міржақып Дулатов (1885–1935) – ақын, публицист, ұлт-азаттық қозғалысқа белсенді қатысушы. Торғай облысы Торғай уезінің Қызыл деген жерінде туған. 1897 жылы Торғай екі сыныптық мектебіне оқуға түсті, 1904 жылы Омбыға кетті. Бұл жерде саяси күреске белсенді араласты. 1907 жылы Санкт-Петербургте «Улфат» татар газетіне қосымша «Серке» газетін шығарды. 1909 жылы Қазанда ақын «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағын жарыққа шығарды. Замандастары бұл кітапты «Ұлттық манифест» деп атады. Дулатовтың мақалалары «Айқап» журналы мен 1913 жылы А.Байтұрсынұлы және Ә.Бөкейханмен бірге негізін қалаған «Қазақ» газетінде үзбей жарияланып тұрды. Ол өз поэмалары мен мақалаларында патшалық әкімшіліктің езгісіндегі қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайын тілге тиек етті. 1913 жылы ол «Азамат» патриоттық поэмасын жариялады. М.Дулатовтың бүкіл шығармашылығы қазақ халқының ұлттық мүдделерін қорғауға бағытталды.

М.Дулатов баспагерлік және педагогикалық қызметке қайтып оралды. 1928 жылы Міржақып араб әліпбиін жоюға батыл қарсы шықты. Латын әліпбиін енгізудің қауіптілігін ол халықтың жазбаша тарихпен байланысының үзілуінен көрді. Дулатовтың пікірінше, әліпбиді ауыстыру қазақ тілінің құлдырауына және халықтың өз тарихынан жатсынуына әкелуі мүмкін. 1928 жылы оны ІХК органдары қазақ ұлтшылдығымен айыптау бойынша тұтқындады. Ол Бутырка түрмесінде екі жыл отырды, одан кейін ерекше тағайындалған Соловецк лагеріне жіберілді. 1935 жылы М.Дулатов Соловецк лагерінің орталық лазаретінде қайтыс болды. 1988 жылы ақталды.

Мағжан Жұмабаев (1893–1938) – қазақ жазушысы, ақын, аудармашы, жаңа қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, педагог. Бастауыш білімді мектепте алды, Уфа қаласында медресені бітірді,

кейін Омбы мұғалімдер семинариясына оқуға түсті. М.Жұмабаев «Алаш» партиясына кіріп, Алашорда үкіметінің құрамында болды, газеттер редакцияларымен ынтымақтасты, қоғамдық қызметпен айналысты.

1923–1927 жылдары Мәскеу әдебиет институтында оқыды. Мәскеуде Лермонтов, Кольцов, Бальмонт, Мережковский, Вс. Иванов, Мамин-Сибиряк, Горький, Блок шығармаларын, сондай-ақ Гете, Гейне және т.б. шетелдік ақындардың өлеңдері мен поэмаларын қазақ тіліне аударды. Оны «қазақ Пушкині» деп атады. Газет-журналдармен («Ақжол», «Сана», «Шолпан» және басқалар) тығыз байланыста болып, көптеген өлеңдері мен поэмаларын, сондай-ақ бірқатар зерттеушілік әдеби еңбектерін жариялады. Өлеңдері мен поэмаларының екінші жинағын шығарды, «Педагогика» іргелі ғылыми еңбегін жарыққа шығарды. «Алқа» әдеби бірлестігін құруды ойластырып, ұйымның бағдарламасын жазды. Әдеби бірлестік құру ниетін большевиктік өкімет орындары ұлтшылдықтың белгісі, алашордалықтардың кеңестік құрылысқа зиян келтіру әрекеті ретінде таныды.

Жалған айыптаумен тұтқындау, 10 жылға Карелияға жер аудару акын үшін ауыр сынақ болды. М.Горькийдің әйелі Е.Пешкованың көмегімен ғана М.Жұмабаев ПХК қуғын-сүргінінен құтқарылды. Алайда еркіндікте ұзақ болған жоқ. Акын 1937 жылы 30 желтоқсанда қайта тұтқындалып, 1938 жылы атылды. Ол 1988 жылы ақталды.

Бейімбет Майлин (1894–1938) – акын, драматург, дарынды жазушы. Шығармашылық қызметін 1912 жылы бастады. Ол Қазан революциясын қолдады. Б.Майлиннің 20–30-жылдардағы шығармашылығында жаңа өмір құрылысшылары – ауыл кедейлері басты орын алады. Б.Майлин халық арасынан шыққан, еңбексүйгіш, адал адам – Мырқымбайдың типтік бейнесін жасады. «Шұғаның белгісі» повесінде кейіпкерлердің жарқын бейнесін шынайы әрі көркем суреттейді, Шұға бейнесі – тазалықтың нышаны. Б.Майлин салт-дәстүрге бағынуға мәжбүр болған қазақ қызының тағдырын реалистік тұрғыдан сипаттайды. «Жалбыр» пьесасында қазақ даласында болған 1916 жылғы ұлт-азаттық күресті бейнелейді. Б.Майлин «Он бес үй», «Раушан-коммунист», «Азамат Азаматович» және т.б. новеллалары мен повестерінде кейіпкерлерді шынайы әрі сенімді суреттейді. М.Әуезов Б.Майлиннің прозалық туындыларын «Кенес өкіметі орнаған алғашқы



Б.Майлин

жылдардан бастап 30-жылдардың ортасына дейінгі қазақ халқы өмірінің көркем жылнамасы» деп атады. 30-жылдары «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінің редакторы болып жұмыс істеді. Б.Майлин 1937 жылы тұтқындалып, атылды. 1957 жылы ақталды.

Қазақ даласындағы жаңа қоғамдық қатынастардың табыстары мен қиындықтарын өз қаламымен тербеген қаламгердің бірі **Сәкен Сейфуллин (1894–1938)** болды. Сәкен – акын, жазушы, мемлекеттік қайраткер, коммунист, Қазақстан Жазушылар Одағының негізін салушы. «Көкшетау», «Альбатрос», «Қызыл ат» поэмаларында, «Аққудың айырылуы», «Ақсақ киік» лирикаларында көркемдіктің жаңа биігінен көрінді. Өз шығармаларында тарихи дәуір бейнесін көркем суреттеді.

Ілияс Жансүгіров (1894–1938). 1927–1937 жылдары әдебиеттің барлық жанрында өшпес әдеби мұра қалдырды. Ол поэзия, проза, драматургия, сын, аударма сияқты жанрларда жиырмадан астам кітап жазды. І.Жансүгіров – көпқырлы дарын иесі. Оның «Дала», «Күй», «Күйші», «Құлагер» поэмалары, «Жолдастар» романы, «Кек», «Түркісіб», «Исатай–Махамбет» пьесалары қазақ әдебиетінің алтын қорынан ерекше орын алады.

1922 жылы қазақ сөз өнерінің көрнекті өкілдерінің бірі **Сәбит Мұқановтың (1900–1973)** өлеңдері, поэмалары, мақалалары мен әңгімелерінің алғашқы жинақтары шықты. 1926–1927 жылдары «Кешегі және бүгінгі жалшы», «Ақбөпенің сыры» және т.б. шығармалар жазды.

1927 жылы **Ғабит Мүсіреповтің (1902–1985)** «Тулаған толқындар» повесі жарияланды. Ол өз шығармаларында оқиғаларды суреттеп қана қоймайды, өзінің толғанысты ойларын – қазақ халқының өткенін, оның адамгершілік мұраттары мен адамдар тағдырын шынайы бейнелейді. Ғ.Мүсіреповтің әдеби мұрасы – қазақ әдебиетінің мақтанышы.

1927 жылы **Ғабиден Мұстафиннің (1902–1985)** «Сәрсен мен Боқаш» атты алғашқы әңгімесі жарыққа шықты. Оның туындылары интернационализм, отаншылдық, еңбекке деген сүйіспеншілік идеяларына толы. Олардың тәрбиелік және эстетикалық маңызы зор.

Ойлан! Кеңестік идеология XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы өнер мен әдебиетке қалай әсер етті?

Осылайша, кеңес өкіметінің алғашқы онжылдығында қазақтың әдеби мұрасында «алаштықтар» ұрпағын құрайтын, революцияға

дейінгі ұлттық шығармашылық зиялы қауымның өкілдері: Ш.Құдайбердіұлы, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаев маңызды рөл атқарды. Сондай-ақ «түрі бойынша ұлттық, мазмұны бойынша социалистік» қазақ әдебиетінің қалыптасуына **І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин** және т.б. өз үлестерін қосты.

Социалистік реализм. 1925 жылы кеңестік мәдени саясаттың басты бағыты айқын болды және оның түпкі мақсаты «миллиондаған еңбекшілерге түсінікті әрі жақын» өнер жасау еді.

І Жазықар съезінде өнерге қойылатын талаптар тұжырымдалды, олар:

- идеялылық, белсенділік ;
- шынайылық ;
- халықтық .

Көркемдік қызметтің аса маңызды талабы – гуманизм қағидатының негізіне :

- халыққа, партияға және Сталинге деген сүйіспеншілік ;
- Отан жауларына деген жеккөрініш енгізілді .

Мұндай гуманизм «социалистік гуманизм» деп аталды . Әдебиет адамдардың рухын көтеруге, «бақытты өмірді» күту ахуалын жасауға тиіс болды . Социалистік реализм әдебиеті мен өнерінің басты тұжырымдамасы болашаққа сенімді орнатуға, кеңестік құрылыстың құндылықтарын жасауға, бекітуге, мемлекеттік идеология мен мораль салтанатының болмай қоймайтындығына сену болды .

Жазушылар, суретшілер мен сазгерлердің республикадағы құрылыс орындарына ұжымдық сапарлары мәдениеттегі мүлдем жаңа әдіс болды. Бұл ақын, сазгердің немесе кескіндемешінің шығармашылығына «науқаншылдық» сипат берді .

Осылайша 1932 жылдан 1934 жылға дейінгі кезең тоталитарлық мәдениетке қарай бетбұрысты кезең болды :

1. Өнерді басқаратын және оның үстінен бақылау жүргізетін аппарат құрылды .

2. Тоталитарлық өнердің қасаң қағидасы – социалистік реализм түпкілікті тұжырымға ие болды .

3. Ресми қасаң қағидадан ерекшеленетін барлық көркемдік стильдерге, түрлерге, әдіс-тәсілдерге қарсы күрес жарияланды . Басқаша айтқанда, көркемдік өмірге тоталитаризмнің басты белгілері ретінде оның басты үш сипаты : ұйым, идеология және террор енгізілді.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. XX ғасырдың 20–30-жылдары қазақ әдебиетінің өкілдері неліктен қуғын-сүргінге ұшырады? Мәдениетке жаппай бақылау жасаудың салдарын анықтаңдар.
2. XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы қазақ әдебиеті өкілдерінің бірін тандап, оның қызметі мен тағдыры туралы баяндама дайындаңдар.
3. *Социалистік реализм* дегеніміз не?
4. Қалай ойлайсыңдар, кеңестік өнер неліктен насихат құралына айналды?

Тапсырмалар .

1. Кестені дәптерлеріне толтырыңдар.

Жазушылар	Шығармалары	Негізгі тақырыбы

2. **Зерттеу сұрағы.** Қазақ әдебиетінде социалистік реализм қалай көрініс тапты? Мысалдар келтіріңдер.

XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӨНЕРІНІҢ ДАМУЫ

§ 49. XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы кеңестік Қазақстандағы өнер

Бүгін сабақта:

- Қазақстанда музыка, театр және бейнелеу өнерінің дамуы қалай жүргенін анықтаймыз;
- талантты қазақ сазгерлері мен суретшілерінің қызметі туралы білеміз;
- кеңестік мәдениет идеологиясының мәнін айқындаймыз;
- Ә.Қашаубаев пен Қ.Мұңайтпасовтың қазақ халқын дүниежүзілік деңгейде танытудағы рөлін бағалаймыз.

Тірек сөздер:

- өнер
- музыка
- театр
- кино
- шығармашыл зиялы қауым

Өнер: музыка, театр, кино. Қазақстанның музыкалық шығармашылығы дүниежүзіне алғаш рет XX ғасырдың 20-жылдары белгілі болды. Домбырада шебер орындаушы Әміре Қашаубаев 1925 жылы Парижде, 1927 жылы Германияда тыңдаушыларын өз өнерімен таңғалдырды. Әйгілі қазақ палуаны және цирк артисі, француз күресі бойынша әлем чемпионы атағын

жеңіп алған бірінші қазақ Қ.Мұңайтпасов әлем чемпионаттарында бірнеше рет классикалық күрес бойынша жеңіске жетті.

Бұл жылдары әйелдер де музыкалық шығармашылықпен айналыса бастады, талантты әйел-сазгерлер пайда болды. Солардың бірі – *Дина Нұрпейісова*. Халық әндерінің тамаша орындаушысы Майра Шамсутдинованы «Қазақ бұлбұлы» деп атады. Халық арасында осы уақытқа дейін орыс қызы Мария Репина шығарған «Дударай» әні сақталып келеді.

Белгілі ғалым-этнограф А.Затаевич көп жылдар бойы қазақ музыка өнерінің шығармаларын жинаумен және жүйелеумен айналысты. 1925 жылы «Қазақ халқының 1000 әні» жинағы, 1931 жылы «Қазақ халқының 500 әні мен күйі» шықты. Сазгердің еңбегі бағаланып, оған 1932 жылы Қазақстан халық артисі атағы берілді.

1934 жылы Қазақ мемлекеттік опера және балет музыкалық театры ашылды. Онда музыкасын Е.Брусилловский, либреттосын Ғ.Мүсірепов жазған «Қыз Жібек» операсы қойылды. 1937 жылдан



Қызылордадағы алғашқы қазақ театры. Қазіргі Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық музыкалық-драма театры

бастап «Абай атындағы опера және балет театры» деп аталады. 1934 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік оркестрі құрылды (жетекшісі Ахмет Жұбанов). 1935 жылдан бастап Қазақ симфониялық оркестрі алғаш рет классикалық музыканы орындай бастады.

Бірінші қазақ театры 1926 жылы Қызылордада құрылды. Театр труппасы 5–6 адамнан құралды. Режиссері, қоюшысы және актерлердің бірі Жұмат Шанин болды. Театрда алғаш қойылған «Еңлік–Кебек» пьесасы 80 жылдан астам уақыт бойы театр маусымын ашып келеді. 1937 жылы Қазақ драма театры академиялық театр атағын алды.

Кино өнерінің қалыптасуы қиын жағдайда өтті. Жабдықтар, мамандар – кинотехниктер және т.б. жетіспеді. 30-жылдары республикадағы бірінші киностудия – «Қазақ фильм» өз жұмысын бастады. 1938 жылы «Ленфильм» киностудиясының қолдауымен «Амангелді» бірінші дыбыстық фильмі түсірілді.

Бейнелеу өнері және оның қайраткерлері. Республикада алғашқы суретшілер : *А.Исмаилов, ағайынды Қожықовтар, А.Шекбеков, З.Назыров* және т.б. шықты. 30-жылдары талантты кескіндемеші О.Таңсықбаев қазақстандық тақырып бойынша еңбек етті. Ол «Көш», «Туған ауылда», «Таң» картиналарын, Жамбыл туралы картиналар мен композициялар сериясын жасады. Бірінші қазақ суретшісі, Петр Хлудовтың шәкірті *Әбілхан Қастеевтің* өнері жаңа сатыға көтерілді. 1934 жылы Мәскеуге жіберіліп, сол жерде кескіндеме шеберлігіне оқыды, орыс реализмінің дәстүрлерін зерделеді. Ол

«Алым жинаушы молда», «Құрғакшылық кезіндегі дұға ету», «Кәрі байдың құдалығы», «Амангелді портреті», «Амангелдінің шабуылы» және т.б. жұмыстар топтамасын, тамаша пейзаждар салды.

Мәдениет саласындағы кеңестік идеология. Жаңа социалистік қоғам құру идеялары, кеңес адамдарының жарқын коммунистік болашаққа деген сенімі ресми идеологияға айналды. Елде тоталитаризм мен барлық халықтардың көсемі И.В.Сталиннің жеке басына табынуды қалыптастырған пролетариат диктатурасы үстемдік етті.

Тоталитарлық режимнің негізгі белгілері :

- барлығы үшін ресми, міндетті идеологияның өмір сүруі ;
- бірыңғай бұқаралық партия – КОКП-ның өмір сүруі ;
- ақпаратқа толықтай монополия («Правда» газеті) ;
- полицейлік бақылау жүйесі (БТК, БМСБ, ПХК, МҚК);
- адам өмірінің барлық саласын: экономикадан өнерге дейін орталықтандырылған, директивалық басқару .

Неғұрлым белсенді саяси қуғын-сүргіндер шығармашылық зиялы қауымға қарсы бағытталып , ол 30-жылдары бұқаралық сипат алды . Өкімет орындарының пікірінше, зиялы қауым өкілдері бірнеше себеп бойынша тоталитарлық режим үшін қауіпті болды :

- 1) зиялы қауым – қоғамның неғұрлым сауатты әрі белсенді бөлігі;
- 2) шексіз үстемдікке «көнбейтін» шығармашылық топ;
- 3) қоғамдағы неғұрлым беделді топ;
- 4) елде болып жатқан оқиғалардың мәнін түсіндіре отырып, қоғамға ықпал ете алатын; оның ішінде өз туындылары арқылы ықпал ете алатын топ және т.б.

Ойлан! Бұл уақытта қандай жаңа шығармашылық бірлестіктер құрылды? Мәдениеттің дамуына тоталитарлық режимнің қандай белгілері әсер етті? Өз жауаптарыңды негіздендер.

Қуғын-сүргін 1937–1938 жылдары өзінің шырқау шыңына жеткен болатын. Бұл кезде қазақ қоғамының таңдаулы шоғыры – ұлттық шығармашылық зиялы қауым, ұлттық кеңестік мәдениеттің үздік қайраткерлері жойылды .

Бұл қызық! Мұқан Мұңайтпасов халықаралық жарыстарда Маньчжурия атынан Ямагата Муханура деген жапон есімімен өнер көрсетті. Сондай-ақ Қажымұқанды «Қара Иван» деп те атады. Ал 1912 жылы қажылыққа барғаннан кейін, ол өз есіміне «қажы» деген қосымшаны алып, осы атпен бүкіл дүниежүзіне танылды. Революцияға дейін Қажымұқан халықаралық аренадарда Иван Поддубный, Георг Лурих, Иван Заикин сияқты аттары аңызға айналған палуандармен бірге табысты өнер көрсетті.

Революциядан кейін Қазақстанда кеңес өкіметін орнатуға қатысты, әртүрлі чемпионаттар ұйымдастырды. Соғыс жылдары Қажымұқан өзінің өнер көрсетулерімен армия үшін қаражат жинады және майданға Амангелді Имановтың есімімен аталған ұшақ сыйлады. Алайда өмірінің соңында қолдаусыз қалды және өкпе қабынуынан қайтыс болды.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Бұл уақытта қазақ өнерінде қандай жаңа жанрлар пайда болды?
2. Қазақстанда мәдениеттің дамуында қандай қиындықтар кездесті?
3. Кеңестік идеологияның сипатты белгілері мен тоталитарлық режимнің белгілері қандай болды?

Тапсырмалар.

1. Қосымша материалдарды пайдалана отырып, «XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы өнер: музыка, театр, кино» тақырыбы бойынша бүктеме-плакат жасаңдар .
2. XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстан суретшілерінің шығармашылығымен танысыңдар . Картиналардың авторларын анықтаңдар . XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстан суретшілері шығармаларының негізгі тақырыбы туралы әңгімелендер .



1



2



3

3. Кеңестік идеологияның мәдениет саласындағы салдарын анықтаңдар .
4. Сөйлемдерді толықтырыңдар.

1. Орыс патшаны *Ива и Поддубный* мен қазақ патшаны _____ даңқы бүкіл дүниежүзіне жайылды. 2. Жерлестері _____ табыстарын мақтан тұтып, оны ұлттық батыр деп есептеді. 3. 1913 жылы «Қазақ» газеті ол туралы _____ атты мақала жариялады .

Зерттеу сұрағы. Қазақ өнері дамуының жана кезеңін не айғақтайды?

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ҚАТЫСУЫ

§ 50. Ұлы Отан соғысының басталуы. Қазақстандағы әскери құрамалардың мобилизациясы

Бүгін сабақта:

- 1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысының басталуын, әлемдегі және Қазақстандағы бейбіт өмірдің қалай өзгергенін білеміз;
- Қазақстандағы мобилизация үдерісімен және әскери құрамалардың құрылуымен танысамыз.

Тірек сөздер:

- «Барбаросса» жоспары
- блицкриг
- рейхкомиссариат
- мобилизация
- әскери құрамалар
- майдан
- дивизия

Ұлы Отан соғысының басталуы. 1940 жылы Гитлерлік Германия КСРО-ға соғысты бастайтын «Барбаросса» жоспарына қол қойды. Бұл жоспардың негізгі идеясы бойынша фашистердің қарулы күштері КСРО-ны 1941 жылдың күзінде жаулап алуды көздеді.

1941 жылы 22 маусымда гитлерлік Германия өзара шабуыл жасаспау туралы кеңес-герман шартын бұзып, соғыс жарияламастан, КСРО-ға түткі ылдан баса-көктеп кірді.

Фашистер басып алған кеңестік аумақта Остланд (Белоруссия және Прибалтика), Украина, Московия (Ресей) және Кавказ, елдің шығыс өңірінде – Түркістан және Еділ-Орал (Идель-Урал) рейхкомиссарнаттарын құру жоспарын ойластырды. «Арбайтеге-майншафт Түркістан» ғылыми-зерттеу институты атымен бүрке-меленген немістің жоғары барлау мектебі болашақ отар ел (колония) «Үлкен Түркістанға» арналған картаның жобасын дайындады. Оған Қазақстан, Орта Азия, Татарстан, Башқұртстан, Әзірбайжан, Солтүстік Кавказ, Қырым, Сынцзян, Ауғанстанның солтүстік бөлігі енді.

Сондай-ақ Қазақстанның орталық, солтүстік және солтүстік-шығыс аудандары Қарағанды, Новосібір және Кузнецк «индустриялық облыстарының» құрамына кіруге тиіс еді. Бұл жерлерге фашистік Германияға қызмет ету үшін украиндер, беларустар, поляктар, венгрлер және Шығыс Еуропаның басқа да халықтарын қоныстандыру жоспарланды.

Бұл маңызды! Фашистік Германияның қуыршақ мемлекет құрудағы көздеген экономикалық және саяси мақсаттары:

– экономикалық жағынан болашақ «Ұлы герман империясы» үшін қуатты шикізат және азық-түлік базасын жасау;

– саяси жағынан Кеңес елін отарға айналдырып, халықтарын құлдыққа түсіру болды.

1941–1945 жылдары Ұлы Отан соғысына халқының саны біршама көп, едәуір дамыған өндірістік қуаттары және орасан бай табиғи ресурстары бар Қазақстан КСРО-ның құрамдас бөлігі ретінде кірісті.

Көпұлтты мемлекеттің барлық халықтары Отанды қорғауға жаппай жұмылдырылды. Қазақстандықтар да Ұлы Отан соғысының алғашқы күнінен бастап Қара теңізден Балтық теңізіне дейін созылған барлық майдандарда гитлерлік басқыншыларға қарсы шайқастарға қатысты. КСРО тарапынан соғыстың шынайы халықтық сипат алуы адам ресурстарын, өндіргіш күштер мен табиғи ресурстарды жауды тойтаруға шұғыл және толық жұмылдырудың шешуші факторларының біріне айналды.

Ойлан! Неліктен КСРО-да жаппай мобилизация жасалды? Қалай ойлайсыңдар, Германияның шабуыл жасау жоспарының негізі неге қауырт соғысқа сүйенді?

Қазақстандағы мобилизация және әскери құрамалардың құрылуы. Кеңес әскері қатарында барлық республиканың және барлық ұлттың өкілдері жаумен бірлесіп шайқасты. Олардың арасында 18–50 жас аралығындағы барлық ер адамдардың 70%-ын құраған



Майданға аттану

1 млн 366 мың қазақстандық болды. Сондай-ақ еңбек армиясы мен арнайы құрылыс бөлімдеріне 700 мыңдай адам мобилизацияланды (әскерге немесе жаппай қара жұмысқа алу). Яғни әрбір бесінші қазақстандық майданға және еңбек армиясына аттанды.

Қазақстандықтардың басым бөлігі майдандағы әскерді толықтыруға шақырылса, шамамен үштен бірі республикада құрылған құрамалар мен бөлімдерге алынды.

Республика офицер кадрларын және әскер мен флотка резервтер дайындауға үлес қосты. 1941–1945 жылдары 42 мыңнан аса жас қазақстандық әскери оқу орындарына жіберілді. Ал республика аумағында жұмыс істеген 27 әскери оқу орны 16 мың офицер даярлап шығарды. Жалпыға міндетті оқу, спорт және басқа да қоғамдардан 2 млн-ға жуық адам алғашқы жауынгерлік даярлықтан өтті. Шымкент қаласындағы Чугуев әскери авиаучилищесінде үш рет Кеңес Одағының Батыры атағын алған И.Н.Кожедуб оқыды.

Қазақстан әскери комиссариаттары шақырған адамдардан республикадан тыс жерлерде ірі құрамалар жасақталды. Атап айтқанда, 1942 жылдың бас кезінде Чкалов облысында жасақталған 196-атқыштар дивизиясы жауынгерлері құрамының 80%-ы қазақтар еді. Өзбекстан аумағында әскери құрамалар жасақтау үшін Оңтүстік Қазақстан облысының әскери комиссариаты көп адам жіберді. Шыршықта жасақталған 69-атқыштар дивизиясының құрамына Шымкенттің, Ащысайдың, Мақтааралдың, Арыстың жұмысшылары мен ұжымшар еңбекшілері кірді.

Ізден! Өз өлкеңде қандай әскери бөлімшелер құрылған және олар қандай майдан жолдарымен жүріп өткен?

Қазақстандықтарды майданға жұмылдырудың жоғары пайыздық көрсеткішке ие болуы республиканың аграрлы ел болуына байланысты еді. Ал жұмысшыларды, инженерлік-техникалық қызметкерлерді жұмыста қалдыру мүлдем кеш, соғыстың аяқталатын кезінде енгізілді. 700 мың еңбек жауынгері, солардың ішінде 200 мың егде жастағы қазақ арнайы жер аударылғандармен және әскери тұтқындармен бірге Оралдың, Сібірдің, Қыыр Шығыстың қорғаныс нысандарын салуға қатысты.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Ұлы Отан соғысы қашан басталды?
2. Неміс басшыларының Қазақстанға байланысты жоспары қандай болды?
3. Қазақстанда әскери құрамалар жасақтау қалай жүрді? Оның соғыстағы рөлі қандай болды?

4. Ұлы Отан соғысы жылдары әскер қатарына қанша қазақстандық шақырылды?
5. Соғыс жылдары үш рет Кеңес Одағының батыры атағын алған кім?
6. Әскери құрамалар құру қалай жүргізілді?

Тапсырмалар.

1. «Барбаросса», «Ост» жоспарлары туралы айтындар (картаны пайдаланындар).
2. Кестеде берілген материалдарды пайдаланып, Қазақстанда жасақталған ұлттық әскери құрамалар жөнінде эссе жазындар.

Қазақ ұлттық құрамаларының атауы және құрылған жері	Командирлер мен комиссарлардың тегі	Құрамалардағы адамдар саны	Аттардың саны	Автомашиналар саны	Арбалар саны
100-атқыштар бригадасы, Алматы	Полковник В.Е.Шевцов, аға лейтенант, политрук С.Баншев	3985	841	153	275
101- атқыштар бригадасы, Ақтөбе	Полковник С.Я.Яковленко, аға лейтенант, политрук Н.Л.Алиев	3815	683	166	27
96-кав. дивизия сы, Өскемен	Полковник В.Г.Баумштейн, батальон комиссары Х.А.Ибрагимов	4100	2368	38	162
105-кав. дивизиясы, Жамбыл	Полковник Г.А.Белоусов, аға лейтенант, политрук К.Сүлейменов	4242	4409	37	298
106-кав. дивизия сы, Ақмола	Майор Б.Н.Панков, аға лейтенант, политрук Н.Сентов	4169	4300	39	287
Барлығы		20311	12601	433	1294

(Ескерту . Бұл кестеде Қазақстанда жасақталған Ұлттық әскери құрамалардың бір бөлігі ғана берілген. Белан П.С. На всех фронтах. Алматы, 1995).



Агрессия – бір немесе бірнеше мемлекеттің басқа мемлекеттердің жерін басып алуы немесе оның қоғамдық құрылысын күштеп өзгерту ниетімен шабуыл жасауы.

Отан соғысы – басқыншылардан азат ету жолында бүкілхалықтық, әділетті күрес жүргізу.

«Барбаросса» жоспары – фашистік Германияның КСРО-ға қарсы басқыншылық соғыс жоспарының құпия атауы (Қасиетті Рим империясының императоры және Германия королі I Фридрих Барбароссаның (1123–1190 жж.) құрметі үшін).

Фашизм – демократиялық бостандық пен прогрестік қоғамдық ұйымдардың әрекетін террорлық - диктаторлық әдіспен басып-жаншу саясаты.

Рейх – мемлекет, империя.

Мобилизация – әскери күшті бейбіт күйден толық жауынгерлік күйге ауыстыру; запастағы әскери міндеттілерді соғыс кезінде әскерге шақыру; елдің мемлекеттік институттары мен экономиканы соғыс жағдайына ауыстыру; жаппай мобилизация – елдің бүкіл ер адамдарын әскерге шақыру.

Оккупация – бір мемлекеттің бөтен аймақты қарулы күштерімен басып алуы.

Пакт – келісім, халықаралық шарт.

§ 51. Қазақстандықтардың соғыстың алғашқы кезеңіндегі шайқастарға қатысуы. Ленинградты қорғау

Бүгін сабақта:

- қазақстандықтардың соғыстың алғашқы кезеңіндегі шайқастарға қатысуы жайлы;
- соғыстың алғашқы кезеңіндегі Қызыл әскердің жеңіліс табу себептері мен Ленинградты қорғаудағы қазақстандық әскерлердің жауынгерлік ерліктері туралы білеміз.

Тірек сөздер:

- флот
- дот
- дзот
- крейсер
- блокада

Алғашқы шайқастардағы қазақстандықтар ерлігі. Жаумен ұрысқа шегарашылар, Кеңес әскерінің батыс шегаралары маңындағы құрамалардың офицерлері мен солдаттары бірінші болып кірісті. Олардың қатарында мыңдаған қазақстандықтар болды. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ қазақстандықтар нағыз ерлік пен батырлықтың небір үлгілерін көрсетті.

Брест шегаралық жауынгерлерінің құрамында жаудың алғашқы соққысына А.Мүсірепов, В.Лобанов, Г.Абдрахманов, атқыштар В.Горянов, К.Иманқұлов, артиллерияшы Г.Жұматов, минометші В.Фурсов төтеп беріп, айрықша ерлікпен көзге түсті.

Владимир-Волынский түбінде Кеңес Одағының Батыры С.Гуденко өзінің соңғы ерлігін жасады. Ол ақтық демі таусылғанша қоршауда қалған дот гарнизонын басқарды. Мурманск іргесіндегі алыс шептерде пулеметшілер Қ.Қайдаров, Г.Оқасов және К.Теміржанов дұшпанды өткізбей, жандарын құрбан етті.

Білгенің абзал! Фашистік Германияға қарсы соғыс жеңісінің 20 жылдығына байланысты 1965 жылы 8 мамырда Брест қамалына «Батыр қамал» атағы берілді.

Ойлан! Соғыс неге «Отан соғысы» деп аталды?

1941 жылы 26 маусымда Н.Ф.Гастелло мен А.Масловтың (оның экипажының құрамында Б.Бейсекбаев болды) екі экипажы Минск облысы Радошковичи кентінің маңында дұшпандарды бомбалап, әуеден соққы жасады. Осы кезде зақымдалған ұшақтардың бірі неміс танкілері шоғырланған жерге әдейі барып соқтығады. Ұшақ экипаждары өз өмірлерін қып, дұшпанға едәуір шығын келтірді. Осы ерлікті жасады деп есептеген Н.Ф.Гастеллоға қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Алайда 1951 жылы ол жерленген жерден басқа экипаждың сүйектері табылған. Тек 90-жылдардың соңында ғана тарихи шындық ашылып, ерлікті жасаған А.Масловтың экипажы екені айтылды. 1998 жылы экипаж құрамындағы *Б.Бейсекбаевқа* Ресейдің Батыры және Қазақстанның «Халық Қаһарманы» атағы берілді.



Б.Бейсекбаев



Ж.Жабаев

Ленинград үшін болған шайқастардағы қазақстандықтардың ерлігі. Ленинград үшін шайқас Ұлы Отан соғысы жылдарында 1941 жылдың 10 шілдесінен 1944 жылдың 10 тамызына дейін созылды. Кеңес қарулы күшінің негізгі мақсаты Ленинградқа (қазіргі Санкт-Петербург) неміс-фашист және фин әскери күштерін өткізбей, оларға соққы беру болатын. Үш жылға жуық (900 күн) уақытқа созылған Ленинград үшін шайқас елдің бүкіл Солтүстік-Батыс бөлігін қамтыды.

Қазақстандықтар да Ленинградты ерекше ерлікпен қорғады. 1941 жылдың қыркүйегіндегі ауыр күндерде қазақтың халық ақыны Жамбыл ленинградтықтарға «Ленинградтық өренім!» жырын арнады. Онда көпұлтты еліміздің бүкіл еңбекшілерінің ой-пікірін, сезімі мен алаңдаушылығын білдірді. Ақын жыры достықтың шынайы әнұранына айналды.

1941 жылдың 9 қыркүйегінен бастап ақмолалық 310-атқыштар дивизиясы, ақтөбелік 312-атқыштар дивизиясы, кейінірек петропавлдық 314-атқыштар дивизиясы Ленинград қорғанысында қоршауды бұзуға белсене қатысты.

Білгенің абзал! Фашистік Германияға қарсы соғыс жеңісінің 20 жылдығына байланысты 1965 жылы 8 мамырда Ленинградқа «қаһарман қала» атағы берілді.

Қазақстандық жауынгерлер Ленинград облысын азат етуге, қоршаудағы қаланың «Үлкен жермен» байланысын қамтамасыз етуге және оны байланыстырып тұрған «Өмір жолын» салуға қатысты. Жау әскерлерімен үздіксіз соғыса отырып, қазақ жауынгерлері олардың жауынгерлерін және техникасын ауыр шығынға ұшыратты. Ленинград үшін шайқастардың ауыр күндерінде **Сұлтан Баймағамбетов** дзот амбразурасын кеудесімен жауып, шабуылдаушы әскерге жол ашты. Осы өшпес ерлігі үшін қаза тапқаннан кейін, оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Орында! Әскери құрылыстар – дот пен дзот макеттерін жасаңдар.

Балтық флотындағы қазақстандық кировші-теңізшілер жауға қарсы шебер де батыл шайқасты. Балтық әскери-теңіз флотының қолбасшысы адмирал В.Ф.Трибуц 1943 жылғы сәуір айында қазақ халқына жазған хатында былай деп көрсетті: *«Қазақ халқының ұлдары Отан үшін шайқасушы жауынгерлердің алдында келеді. Барлық Балтық бойы шебіндегі құрметті вахтаны қырағылықпен атқарып, теңіздің жанындағы Ленинградты ерлікпен қорғауда»*. Бір ғана Қызыл тулы «Киров» крейсерінің өзінде 156 қазақстандық болды. Зеңбіректердің және зеніттік қондырғының оқтарымен кировшылар Ленинградтың оңтүстігі мен солтүстігіндегі доттар мен дзоттарды жойып, батыр-қаланың аспанын жау авиациясынан қорғады. Олардың көпшілігі батылдығы мен ерлігі үшін жоғары мемлекеттік марапаттаулар ретінде КСРО-ның ордендері мен медальдарын алды.

Ойлан! Ленинград қорғанысында флот неліктен белсенді қатысты?

Невадағы қала төңірегіндегі қоршауды бұзу жолындағы шайқастарда жауынгерлердің ұрыс қимылдарына атқыштар ротасының бөлімше командирі Ж.Қойбағаров басшылық етті. «Оның бөлімшесі ілгері қарай тез жылжып, дұшпанның сымтемір қоршауларынан бірінші болып өтіп, дзотты қоршап алып жойып жіберді», – делінген Волхов майданының 2-екпінді армиясы комсомол ұйымдарының жұмысы туралы баяндамада.

Ізден! Қоршауда қалған Ленинград қаласының жағдайы туралы шағын эссе жазыңдар.

Бұл қызықты! Қазақстандық әскери құрамалардың үштен бірі Ленинград түбінде соғысты. Свирьдегі ұрыс кезінде дивизия полктерінде мергендер көбейді. Оның бастамашысы Солтүстік Қазақстан облысы Степан Разин атындағы ұжымшардың темірші-ұстасы Г.П.Зубков еді. 1942 жылдың 19 қаңтарына қарай құрамада 167 мерген атқыш болды. Олар жаудың 1266 солдаты мен офицерлерін жойды. Свирьде шайқасқан құрамаларда, Ленинград әскерлері мен басқа да майдандарда мергендер бір мезгілде жасақтала бастады. Қазақстандық мергендердің арасынан 172 фашисті жойған қатардағы жауынгер Дүйсенбай Шыныбековтың есімі ерекше аталады.

Ленинградты қоршаудан босату және басқыншылардан РКФСР-дың солтүстік-батыс аймақтарын тазарту ұрыстарында қазақстандық жауынгерлер нағыз қаһармандық ерліктер жасады. Олардың қатарында 1943 жылы қазанда Невельдің солтүстігін азат етуде жау оғынан мерт болған пулеметші М.Мәметова болды. Сондай-ақ Новосокольники ауданы Казачиха деревнясының түбінде 1944 жылы 14 қаңтардағы айқаста қаза тапқан мерген Ә.Молдағұлова да ерекше көзге түсті.

Мәншүк Мәметова (1922–1943). Ұлы Отан соғысы басталған кезде Алматы медицина институтында оқып жүрген Мәншүк 1942 жылы тамызда өз еркімен майданға аттанады.

Пулеметші Мәншүк ұрыстарда өзінің мергендігімен және батылдығымен көзге түседі. Туысқандарына жазған хатында ол: «Білемін, мен әлі әскери өнердің білгірі емеспін. Алайда адам Отанға деген сүйіспеншілігін дәлелдейтін жерде екеніме ризамын. Мен мұны дәлелдеймін», – деп жазды. Невель қаласы үшін болған кескілескен шешуші ұрыста Мәншүк ақтық демі қалғанша пулеметтен оқ боратып, қаһармандықпен қаза тапты. 1944 жылы оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Әлия Молдағұлова (1925–1944) 1925 жылдың 25 қазанында дүниеге келген. Ата-анасынан ерте айырылған Әлия 8 жасынан бастап ағасы Әубәкір Молдағұловтың отбасымен Алматыда тұрады. 1935 жылы ағасы Әубәкір әскери-көлік



М.Мәметова



Ә.Молдағұлова

академиясына түседі. Молдағұловтар отбасы Әлиямен бірге Мәскеуге қоныс аударады. Бірнеше жылдан кейін академия ауысқандықтан, Ленинградқа көшеді. 1939 жылы күзде отбасы жағдайына байланысты нағашысы 14 жасар Әлияны №46 балалар үйіне тапсырады. Ол Ленинградтағы №9 мектепте (қазіргі №140 мектеп) оқып жүргенде соғыс басталады. 1942 жылы күзде өз еркімен соғысқа сұранып, атқыштар мектебіне жіберіледі. Ленинград майданына 1943 жылы тамызда түсіп, 54-атқыштар бригадасында болады. 1944 жылдың 14 қаңтарында қазақ халқының ержүрек қызы Казачиха деревнясының батысында ерлікпен қаза тапты. КСРО Жоғарғы Кеңесінің жарлығымен 1944 жылдың 4 маусымында көрсеткен ерлігі үшін ефрейтор Әлия Нұрмұхаммедқызы Молдағұловаға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Кеңес әскерінің соғыстың бас кезіндегі жеңістері мен сәтсіздіктерінің тағы қандай себептер болды деп ойлайсыңдар?
2. Брест шегаралық отряды құрамындағы қазақстандықтарды атаңдар.
3. Ленинград қоршауы неше күнге созылды?
4. Ленинград үшін болған шайқастардағы қазақстандық дивизияларды атаңдар.
5. Қалай ойлайсыңдар, Ленинградқа неліктен «Батыр қала» атағы берілді? Тағы қандай «батыр қалаларды» білесіңдер?
6. Қай қалалардың қорғанысы жедел соққы беру жоспарына кедергі келтірді?
7. Ленинградты қорғауға қатысқан қазақстандықтар туралы таныстырылым дайындаңдар?
8. Ә.Молдағұлова майданда кім болып соғысты?

Кестемен жұмыс.

«Ұлы Отан соғысы жылдарындағы негізгі соғыс операциялары» атты кестені дәптерлеріне толтырыңдар.

Жылы	Шайқастар	Шайқастардың нәтижелері мен маңызы



Дот – ұзақ мерзімге арнап жасалған ату нүктесі.

Дзот – жерді қазып, ағашпен жапқан арнайы ұзақ уақытқа дайындалған ату нүктесі.

Таран – душпанның ұшағына не танкісіне өзінің ұшағын не танкісін соғып қирату.

Блокада – сыртқы байланыстарды күшпен ұзу және қоршап алып өзінің талаптарын орындауға ұмтылушылық.

«**Өмір жолы**» – Ленинград қоршауы кезінде Ладога көлінің үстінен қажетті қару-жарақ пен азық-түлік т.б. тасымалданған жол.

§ 52–53. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысындағы ерліктері

Бүгін сабақта:

- Фашистік басқыншылардың Мәскеу қаласын жаулап алуға бағытталған «Тайфун» операциясының барысы мен нәтижесін қарастырамыз;
- Қазақстандықтардың Сталинградты қорғаудағы ерліктері туралы білеміз.

Қазақстандықтардың Мәскеуді қорғаудағы ерліктері (1941 жылы қыркүйектің 30-ы – 1942 жылғы сәуірдің 20-сы). Отан соғысының алғашқы күндерінен-ақ қатарында мыңдаған қазақстандық шайқасқан кеңес жауынгерлері барлық майданда фашистік басқыншыларға қарсы кескілескен ұрыс жүргізді. 1941 жылдың күзеуіне қарай басқыншылар Балтық жағалауын, Беларусь, Молдавия, Украина мен Ресейдің еуропалық бөлігін жаулап алып, Ленинград пен Қырымды қоршады. Мәскеуді алу және соғысты қысқа қарай жеңіспен аяқтау мақсатымен «Тайфун» операциясына дайындық тездетіп аяқталды.

Мәскеу түбінде генерал-майор П.В.Панфилов қолбасшылық еткен даңқты алматылық 316-атқыштар дивизиясы ерлікпен шайқасты. Дивизия жауынгерлері жаудың танк бөлімдерінің тегеурініне қаһармандықпен тойтарыс берді. Дубосеково разъезі түбінде жаудың 18 жауынгерлік машинасын жойып, оны шығысқа жібермеген 1075 атқыштар полкінің, «28 панфиловшылар» атанған танк жоюшылар тобының өшпес ерлігі барлығымызға аян. 18 қарашада дивизия командирі, ержүрек генерал Панфилов ерлікпен қаза тауып, оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Мәскеу түбіндегі шайқаста көрсеткен ерліктері үшін *316-атқыштар дивизиясы* 8-гвардиялық дивизия болып қайта құрылып, Қызыл Ту орденімен марапатталды. Жауынгерлердің өтініші бойынша дивизияға даңқты командирдің есімі берілді.

Тірек сөздер:

- «Тайфун» операциясы
- атқыштар дивизиясы
- гвардиялық дивизия
- Сталинград майданы
- Гурьев қорғаныс комитеті

Ойлан! Мәскеу түбіндегі шайқастардың тарихи маңызы қандай? Неліктен әскери бөліктерге гвардиялық атаулар берілді?

Бородино селосында неміс бөлімінің штабына басып кіріп, 5 неміс офицерінің көзін жойған **Төлеген Тоқтаровтың** ерлігі жауынгерлердің есінде мәңгі сақталады. Оған қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



И.Панфилов майдан даласында

Ротаның саяси жетекшісі **Мәлік Ғабдуллин** басқарған автоматшылар тобы жау танкісін жойып, өз бөлімшелерін қоршаудан алып шықты. Неміс фашистеріне қарсы ұрыстарда көрсеткен жауынгерлік ерлігі үшін М.Ғабдуллинге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Серпухов түбіндегі Воронино селосы үшін болған ұрыста 843-атқыштар полкінің жауынгері, қазақ батыры Амангелді Имановтың ұлы, автоматшы **Рамазан Амангелдиев** қаза тапты.

Қазақстандықтардың Сталинградты қорғаудағы ерліктері. Сталинград шайқасы – Екінші дүниежүзілік соғыстағы басты шайқастардың бірі. Ол 1942 жылдың 17 шілдесінен 1943 жылдың 2 ақпанына дейін жалғасты. Қазақстан Сталинград (қазіргі Волгоград) облысымен Каспий теңізінен Александр Гайга дейінгі (1943 жылғы желтоқсанда берілген шегара) 500 километр бойында шектесіп жатқан еді. Сондықтан да Сталинград майданында жүріп жатқан соғыс қимылдарына Батыс Қазақстан стансылары мен елді мекендерінің бірқатар аумағы да енді. 1942 жылдың күзінде КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Каспий бассейнінде соғыс жағдайы енгізілді. **1942 жылғы 3 қыркүйекте Гурьев қорғаныс комитеті** құрылды. Сол аудандарға жаудың барлаушылары мен диверсиялық топтар түсірілген. Оларды залалсыздандыру үшін барлық аудандарда жоюшы батальондар және әрбір елді мекенде осындай батальондарға жәрдемдесетін топтар құрылды. Олардың көмегімен әскерилер мен жергілікті чекистер соғыстан жалтарғысы келген жүздеген қашқынды ұстады.



Сталинград көшелеріндегі неміс тұтқындары

1942 жылы күзде неміс-фашист командованнесі төменгі Волгада шайқасып жатқан кеңес әскерлерінің тылдарына үздіксіз әуе шабуылдарын ұйымдастырды. Әсіресе Сталинградқа тартылған Урбах–Астрахань теміржол тармағы жиі бомбаланды. Соның ішінде Батыс Қазақстан аумағындағы Жәнібек, Сайхын, Шунгай стансыларына әуе шабуылдары жасалды. Нәтижесінде бейбіт тұрғындар мен санитарлық пойыздардағы жаралы жауынгерлер қаза тапты. Шығындар мен залалдар көлемі халықты эвакуациялау, жалған нысандар салу арқылы азайтылды. Бұлардың барлығы, әсіресе теміржолшылардың эшелондар кептелістерінің алдын алуы және майдан авиациясы мен зенит артиллериясының қимылдарының арқасында іске асты.

Ойлан! Сталинград шайқасындағы жеңістің тарихи маңызы неде? Сталинград түбінде қандай жағдай неміс әскерлерінің Гитлердің жарлығын орындауына мүмкіндік бермеді?

1942 жылғы 15 қыркүйекте облыстың мемлекеттік қорғаныс комитеті соғыс жағдайын енгізді. Сталинград майданы Әскери Кеңесінің нұсқауы бойынша 1942 жылғы 16 қазанда Орал майдан өңіріне, ал 10 күннен кейін КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің арнаулы қаулысымен әуе шабуылынан қорғану пункттерінің қатарына енгізілді.

Орында! «Ұлы Отан соғысының менің отбасымдағы орны» атты эссе жазыңдар.



Қазақстандық жауынгерлер тобы (1943 ж.)

Сталинград шайқасында жаяу әскерлер қатарынан Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданындағы Ворошилов атындағы ауылшаруашылық артелінің бұрынғы колхозшысы **Әбдібай Құрмантаев** көзге түсті. Ол дивизиядағы мергендер қозғалысының бастаушысы болды. Ұрыстардың бірінде Ә.Құрмантаев қызмет еткен взводты румындар қоршап алды. Құрмантаев жауынгерлерді қарсы шабуылға көтеріп, қоршауды бұзып өтті. Қаһарман жауынгер Қызыл Ту орденімен марапатталды және оған кіші лейтенант атағы берілді.

Әскердегі, оның ішінде қазақстандық әскери құрамалар мен бөлімшелерде саяси және тәрбие жұмысы Қорғаныс Халық Комиссариатының 1942 жылғы 28 шілдедегі №227 бұйрығында тұжырымдалған бұлжымас талапты түсіндіруге баса назар аударды. Оның мәнін «Бір қадам да шегінбеу!» деген үш сөз жеткізді.

Білгенің абзал! 1961 жылы 10 қарашада Сталинград қаласының атауы Волгоград деп өзгертілді.

Майдандағы әскер командованнесінің саяси органдарының, партия және комсомол ұйымдарының орыстан өзге ұлттардың жауынгерлері мен кіші командирлерінің арасында жұмыс жүргізуі идеялық-саяси қызметінің дербес саласына айналды. Оның қажеттілігі осы халықтардың Қарулы Күштердегі үлес салмағының ұлғаюына байланысты туындады. Оған жас кезінде білім алмаған, орыс тілін нашар білетін немесе мүлде білмейтін, сондықтан командирлердің бұйрықтары мен талаптарын жете түсінбейтін

жасы ұлғайған адамдар себеп болды. Өкінішке орай, осы жағдайды ескермейтін командирлер де бар еді. Осы кемшіліктерді жою үшін әскерге орыстан өзге ұлттардың мыңдаған коммунистері қосымша жіберілді. Бөлімдер мен бөлімшелерде орыс тілін үйрету жолға қойылды, бірнеше тілдерде газеттер шығару ұйымдастырылды. Кеңес Армиясының Бас саяси басқармасында редакциялық-баспа тобы құрылды. Олар орыс тіліндегі ресми материалдарды, кітаптарды, брошюраларды, плакаттар мен үндеухаттарды басқа тілдерге аударумен айналысты. Кейінірек осы топты басқаруға Кеңес Одағының Батыры, панфиловшы, майор Мәлік Ғабдуллин тағайындалды. Бұл шаралардың барлығы өз жемісін берді.

Орында! Соғыс жылдарындағы плакаттар мазмұнына зерттеу жұмысын жазыңдар.

Ақын Жамбылдың ұлы **Алғадай** 7-гвардиялық атты әскер дивизиясының 19-гвардиялық атты әскер полкінде пулеметшілер тобын басқарып, Синельниково қаласы маңында ерлікпен қаза тапты. «Павлов үйі» гарнизонының ерлігі мызғымас халықтар достығының айғағы болды. Батырлардың осы интернационалдық тобының бір мүшесі Оңтүстік Қазақстаннан барған жауынгер **Толыбай Мырзаев** еді. 116 -атқыштар дивизиясы 565 -атқыштар полкінің 7-ротасы жауынгерлік құрамының көпшілігі казактар болды. Олар көшелерде ерлікпен шайқас жүргізді. Олардың ерлігі құрметіне Сталинградтың бір көшесі «Қазак» деп аталды.

Ойлан! Сталиннің № 227 ерекше бұйрығы соғыс барысында қандай рөл атқарды? Неге Қазақстанды Сталинград майданының ең жақын тылы деп айтады?

Сталинград шайқасында 29- және Алматының 38 -атқыштар дивизияларының даңқы шықты. Олардың екеуі де бір күнде, 1943 жылғы 1 наурызда 72- және 73- гвардиялық дивизияларға айналды. 73-дивизия жауынгерлері жауды Сталинградтың Киров ауданына жібермей, танкілер мен өздігінен жүретін зеңбіректерді жөндейтін зауыттың толассыз жұмыс істеуін қамтамасыз етті. Шайқаста көрсеткен табандылығы мен ерлігі үшін оларға «Сталинградтық дивизия» құрметті атағы берілді.

Тапсырманы орында! «Ұлы Отан соғысындағы қазақстандықтардың ерлігі» атты таныстырылым жасаңдар.

Сталинградтағы жау құрамаларын қоршауға алғаны және жойғаны үшін төрт қазақстандыққа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 61-атты әскер дивизиясы атты әскер-артиллерия дивизионының минометшісі **Қ.Сыпатаев** 1942 жылы 26 қарашада Шарнутовский хуторының маңында (Сталинградтан оңтүстікке қарай) болған шайқаста минометшілер тобынан жалғыз өзі қалса да жаумен айқасын тоқтатпады. Ту сыртынан шыға келген неміс танкісін көріп қалып, қолына ұстаған минаны танкінің шынжыр табанына соғып жарады. Сөйтіп танкіні істен шығарып, өзі қаза табады. 17-гвардиялық танк полкінің командирі подполковник **Т.С.Позолотин** 1942 жылы 19–22 желтоқсанда «Красная Заря» колхозының Нижнеяблоневский және Хлебинский хуторының аумағында жау тылына тұтқиылдан соққы жасады. Бірнеше мың басқыншыны өлтіріп, 500-ін тұтқынға алды. Лейтенант **Г.Г.Рамаев** 29-атқыштар дивизиясы 128-атқыштар полкінің барлаушылар взводуын басқарды. 1943 жылы 16 қаңтарда ол Песчанка селосында жауынгерлерімен бірге ондаған фашистерді жойып, 60-ын тұтқынға алды. Он күннен кейін Верхняя Ельшанка селосында 4 зеңбіректі қолға түсіріп, осы шайқаста қаза тапты.

Білгенің абзал! Сталинград шайқасы батырларының ерлігін мәңгі есте сақтау үшін 1963–1967 жылдары Мамай қорғанында мемориалды кешен салынып, 1982 жылы «Сталинград шайқасы» музей-панорамасы ашылды.

Жауынгерлердің жаппай ерліктері, барлық дәрежедегі командирлердің шұғыл және стратегиялық соғыс өнері әлемдік соғыс тарихындағы аса ірі шайқаста кеңес әскерлерін жеңіске жеткізді. Сталинград шайқасындағы Жеңіс Ұлы Отан соғысы барысындағы түбірлі өзгерісті білдірді.

Қосымша ақпарат.

Мәскеу қорғаныс аймағы әскерлерінің құрамында қазақстандық басқа да құрамалар болды. Олар – полковник Д.А.Коваленконың 391-атқыштар дивизиясы, полковник В.Г.Позняктың 39-курстанттық атқыштар бригадасы (Алматыда жасақталған), 1-ранг капитаны К.Д.Сушиашвилидің қазалылық 75-теңіз әскері атқыштар бригадасы және полковник С.В.Лишенковтың ақтөбелік 74-теңіз әскері атқыштар бригадасы. Тула облысының Белев қаласы маңындағы қарсы шабуылға Брянск майданы 61-армиясының қатарында полковник М.А.Сущенконың 387-атқыштар дивизиясы ұрыс жүргізді.

Білгенің абзал! ...Қазақстан Сталинград майданына көп көмек көрсетті. Қорғаныс зауыттары, түсті металлургия, көмір және мұнай өнеркәсібі кәсіпорындары толық қуатымен жұмыс істеді. Батыс Қазақстанның жеңіл өнеркәсіп орындары Сталинград

майданының тапсырысы бойынша жылы киім тігуді, шаналар, ат әбзелдерін шығаруды жолға қойды. Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің көмегімен Пешной-Гурьев-Орск мұнай құбыры мен теңіз портын салу міндеті шешілді. Теңіз флотының қызметкерлері мұнай өнімдерін тасуды 6 есе көбейтті.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мәскеу түбіндегі шайқас қанша уақытқа созылды?
2. Алматылық 316-дивизияны кім басқарды? Мәскеу үшін шайқаста бұл дивизияның рөлі қандай болды?
3. Сталинградты басып алу Гитлер үшін неге маңызды болды?
4. «Ерліктің өнегелілік мәні неде?» тақырыбына пікірталас өткізіңдер.
5. «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы негізгі соғыс операциялары» атты кестені жалғастырыңдар.

§ 54. Қазақстандықтар – Кеңес Одағының Батырлары. Б.Момышұлы – аңызға айналған тұлға

Бүгін сабақта:

- Кеңес Одағының Батырлары мен олардың ерліктері туралы білеміз;
- аты аңызға айналған батыр Бауыржан Момышұлының әскери өнері мен тағдыры жайлы қарастырамыз.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Ленин ордені мен Кеңес Одағының Батыры атағын майданда 500-ге жуық қазақстандық алды. 142 жауынгер «Даңқ» орденінің толық иегері атанды. Фашистік Германияға қарсы соғыста жүз мыңға жуық қазақстандық ерліктері үшін орден, медальдармен марапатталды. Екі мыңнан астам қазақстандыққа Жапониямен соғысқа қатысқаны, сондай-ақ Квантун армиясын жеңіп, жапондық милитаристердің құлдығында болған халықтарды азат еткендері үшін медальдар және ордендер тапсырылды. Т.Бигелдинов, С.Луганский, Л.Беда және И.Павлов Кеңес Одағының Батыры атағын екі мәрте алды.

Кеңес Одағының Батыры атағына 97 қазақ ие болды. Партизан қозғалысының батыры Қ.Қайсенов, шабуылдаушы дивизияның туын Рейхстагқа тіккен аға лейтенант Р.Қошқарбаев, ұшқыш Х.Доспанова Ұлы Отан соғысының жарты ғасырлық Жеңіс мерейтойына байланысты «Халық Қаһарманы» жоғары атағына ие болды.

Талғат Бигелдинов (1922–2014) Ақмола ауданының Майбалық ауылында дүниеге келген. Саратов және Орынбор авиаучилищелеріндегі

Тірек сөздер:

- авиация
- экипаж
- штурмовик
- «Волоколамск тасжолы»



Т.Бигелдинов

оқудан кейін, 1943 жылы қаңтарда Калинин майданына түседі. 1943 жылы Харьков түбінде жау аэродромына бомбалық шабуыл жасау кезінде, немістердің үш жойғыш ұшағымен ұрыста Талғат Бигелдиновтің ұшағы істен шығады. Ұшақ атқышы Г.Яковенкомен бірге жерге түскеннен кейін, түнделетіп екі апта бойы майдан шебіне қарай жүреді. Майдан шебіне жақын қалған кезде Яковенко минаға түсіп қаза болды. Аштықтан әлсіреген, жаралы аяғы қинаған Талғат кеңестік жаяу әскерлерге зорға жетеді. Жауынгерлік тапсырмамен ұшқан сайын ұшқыш-шабуылшы, кейін анағұрлым жауапты тапсырмалар берілетін барлаушы-ұшқыш шеберлігі шындала түседі. 1944 жылдың маусымына қарай эскадрилья командирі Т.Бигелдинов 155 рет жауынгерлік тапсырмамен барлауға шығып, дұшпанның жердегі бекіністеріне, аэродромдарына, теміржол тораптары мен өткелдеріне шабуыл жасады. **1944 жылы 26 қазанда оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.** Соғыстың соңында оның есебінде 305 жауынгерлік тапсырмамен ұшу, әуе ұрыстарында құлатылған немістің 7 ұшағы, жойылған ондаған танкілер мен автомашиналар, жүздеген солдаттар мен офицерлер болды.

1945 жылы 27 маусымда Т.Бигелдинов екінші мәрте Кеңес Одағы Батыры атағын алды. Оның есімі Ақтөбенің жоғары әскери авиациялық училищесіне берілді.

Орында! Майдан жауынгері атынан елге хат жазыңдар.

Алматылық **Сергей Луганский** (1918–1977) мектептегі және аэроклубтағы оқудан кейін Орынбор әскери ұшқыштар мектебін бітірді. Кеңес-фин соғысында 59 жауынгерлік тапсырма орындаған.



С.Луганский

1941 жылдың қазан айынан Южный, Степной, Воронежский майдандарына қатысқан. 1943 жылы шілдеге қарай капитан, эскадрилья командирі ондаған жау ұшақтарын жойды. Бір жолы, атакты Курск доғасындағы шайқас күндерінде, ол «мессершмиттердің» шабуылынан штурмовик экипажын құтқарды. Ал оның командирі Т.Бигелдинов болып шықты. Жаудың үш жойғыш ұшағын атып түсірген 3 тамыз күні Луганский үшін

ұмытылмайды. Ол шайқас күндерінде дұшпанның 18 ұшағын жойды. 1943 жылы 2 қыркүйекте оған Кенес Одағының Батыры атағы берілді. Қысқамерзімді демалыс кезінде үйіне, Қазақстанға келгенде, елдің өзіне арналған ұшаққа қаражат жинап жатқанын білді. Ал жылдың соңына қарай командирі С.Луганский полкіне Қазақстан жастарының қаражатына жасалған 12 жаңа ЯК-1 ұшағы жеткізілді. 1944 жылы 1 шілдеде ұшқышқа жаңа ерліктері үшін екінші «Алтын жұлдыз» берілді. 1945 жылдың наурызына дейін С.Луганский 417 рет жауынгерлік тапсырмамен ұшты, 200 әуе ұрысын жүргізіп, жаудың 37 ұшағын жеке (2-еуі ұшағымен соғу арқылы), алтауын топтың ішінде атып түсірді.

Орында! «Батырлар өлмейді...» тақырыбына эссе жазыңдар.

Бауыржан Момышұлы (1910–1982) 24 желтоқсанда Сырдария облысы Әулиеата уезі, Күйік болысының №3 ауылында дүниеге келді (қазіргі Жамбыл облысының Жуалы ауданы). 1928 жылы 7 жылдық мектепті бітірген ол мұғалім, ауаткомның хатшысы және оның төрағасының орынбасары, республиканың мемжоспарлау комитетінің әкімшілік-қаржы басқармасының бастығы болып жұмыс істеді. 1932–1934 жылдары қатардағы жауынгер бір жылды қ курсты бітіргеннен кейін Термезде атты әскер полкінде взвод командирі болып қызмет етті. Әскер қатарынан кайтқаннан кейін Мемлекеттік банктің республикалық кеңсесінің аға кеңесшісі болды. 1936 жылдың наурыз айынан әскерге қайта алынып, алдымен Қиыр Шығыста, кейін Украинада әскери міндетін өтеді. Танкіге қарсы батарея взводының командирі, толық емес ротаның командирі, полк штабы бастығының орынбасары болды. 1941 жылы қаңтарда оны өз өтініші бойынша Қазақстанға ауыстырып, республикалық әскери комиссариаттың әскерден тыс дайындық жөніндегі аға нұсқаушысы етіп тағайындайды.



Б.Момышұлы

Ойлан! Атақты қолбасшы Бауыржан Момышұлының «Ұрыс идеалы дегеніміз – ұрысты шығынсыз жеңіп шығу. Ұрыс өнері дегеніміз – ұрысты аз шығындармен жеңіп шығу» деген қанатты сөзін қалай түсінесіңдер?

Соғыс басталғанда аға лейтенант Момышұлы Алматы маңында жаңадан жасақталған 316-дивизияға 1073-атқыштар полкінің 1-атқыштар батальонының командирі болып қабылданды. Момышұлы



Майдан даласындағы жауынгерлер

сарбаздарымен бірнеше рет жау қоршауын бұзып шығып, генерал Панфиловтың алғысын алды. Соғыстың аяғына қарай полковник шеніне және 9-гвардиялық атқыштар дивизиясының командиріне дейін көтерілді.

Білгенің абзал! Бауыржан Момышұлы Эрнесто Че Гевараның кумирі болды. «Волоколамск тасжолы» Че мен Фидель Кастроның сүйікті кітаптарының бірі болған. 1963 жылы Фидель Кастромен сұхбат жарияланды. «Екінші Дүниежүзілік соғыстың батыры деп кімді атар едіңіз?» – деген сұраққа Кастро: «Александр Бектің «Волоколамск тасжолы» кітабының кейіпкері – қазақ Момышұлы», – деп жауап берген. Көп кешікпей Бауыржан Момышұлы Кубаның Қорғаныс министрі Рауль Кастроның шақыруымен Куба еліне барады.

Аға лейтенант Бауыржан Момышұлы басқарған батальон Мәскеу үшін шайқаста 27 рет ұрысқа кіріп, соғыс тарихында болмаған тактикалық маневрлер жасап, әскери өнерге жаңалық енгізген.

Тапсырманы орында! Бауыржан Момышұлы еңбектерінің негізінде «Әскери өнер» тақырыбына баяндама жазыңдар.

1941 жылы дивизия командирі И.Панфилов көзі тірісінде Бауыржан Момышұлын Ленин орденімен марапаттауға, корпус командирі полковник И.Серебряков 1942 жылы тамыз айында Кеңес Одағының Батыры атағын беруді ұсынған. Өкінішке орай, бұл екі атақ та Б.Момышұлына бұйырмады. Көзі тірісінде бағасын ала алмаған абзал ағамыздың ашылмаған қыры мен сыры әлі де болса көп. Б.Момышұлын тек елі үшін туған ер ғана емес, сондай-ақ әскери

педагог, білгір соғыс психологі, адам жанын терең түсінген жазушы, дүниежүзіне танымал қолбасшы. Бауыржан Момышұлының қаламынан туған «Қанмен жазылған кітабы», әсіресе оның «Соғыс психологиясы» деп аталатын бөлімі Қазақстан елінің ұландарын тәрбиелеуде баға жетпес оқу құралы екендігін ерекше атаған жөн.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың және ҚазКСР-інің әскери комиссары генерал-майор Б.Жармұхамедовтың ұсынуы бойынша даңқты жауынгерге қайтыс болғаннан кейін, **1990 жылы 11 желтоқсанда Кеңес Одағының Батыры** атағы берілді. 2000 жылы Б.Момышұлы «Ғасыр адамы» деп танылды. Бауыржан Момышұлы басқарған батальонның ерлік жолы жайлы орыстың белгілі жазушысы А.Бек «Волоколамское шоссе» (қазақшасы «Арпалыс», 1943 ж.) повесін жазды.

Бұл қызық! Даңқты қолбасшы, әскери қайраткер, жазушы, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының мірдің оғындай нысанаға дәл тигізер сөздері бүгінде халық арасында кең тарап кетті. Тілге жүйрік, сөзге шешен хас батырдың қанатты сөздерін жаттап алыңдар.

Қуыс кеуде болғаннан артық қорқыныш та, қорлық та жоқ.

Әділдікті мойындау – адал кісінің ісі.

Опасыздық – ойсыздық.

Бақаның бағынан сұңқардың соры артық.

Намысты нанға сатпа.

Қарабет болып қашқанша – қайрат көрсетіп өлген артық.

Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындық.

Именіп жүріп көрген игіліктен – қарсыласып жүріп көрген бейнет артық.

Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше – шындықтың уын ішіп өлген артық.

Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті.

Қосымша мәлімет.

Нүркен Әбдіров (1919–1942) 1939 жылы Қарағанды аэроклубының ұшқыштар курсы бітіреді. Соғыс басталғанда Н.Әбдіров Орынбор авиация училищесінің курсанты еді. Ол соғыс майданына баруға асықты. Сондықтан әскери ұшқыш-шабуылшы бағдарламасы бойынша жедел оқу үшін Сібір қалаларының біріне барады. Оқуын аяқтаған соң 267-авиация дивизиясының 808-полкіне жіберіледі.

16 рет әуе шайқасына қатысып, фашистердің 12 танкісін, 46 жүк автомобилін, соның ішінде оқ-дәрі тиеген 18 машинасын, жанармай құйылған 3 цистернасын, 3 зенитті артиллериясын жойып, ондаған неміс солдаты мен офицерін жойған.

Соңғы 17 жауынгерлік тапсырмасына желтоқсанның 19 күні Александр Комиссаровпен бірге аттанады. Ростов



Н.Әбдіров



Н.Әбдіров ескерткіші.
Қарағанды қаласы

облысы Боковский-Пономаревка стансысы маңындағы дұшпан шебіне шабуыл жасау кезінде неміс зенитшілерінің снаряды тиген ұшағы өртенеді. Н.Әбдіров жанып жатқан ұшағын жау танкілерінің шоғырына құлатып, серігі Комиссаровпен бірге ерлікпен қаза табады.

Кеңес Одағы Батыры атағы қаза болған соң 1943 жылы 31 наурызда берілді.

Н.Әбдіров жерленген Коньки хуторында, Қарағанды қаласында, сондай-ақ өзінің есімі берілген ауылда (батырдың туған жерінде) Н.Әбдіровке ескерткіштер орнатылған. Қарағандыда Н.Әбдіров атындағы даңғыл бар. Жыл сайын Н.Әбдіров атындағы жүлде үшін еркін күрестен жарық өткізіледі. Н.Әбдіров туралы өлеңдер, Г.Якимов жазған «Мәңгілік өмір шыңына» атты повесть, спектакль қойылымдары бар.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қанша қазақстандық соғыс кезінде Кеңес Одағы Батыры атағын алды?
2. Жаудың 37 самолетін атып құлатқан қазақстандық ұшқыш кім?
3. Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын алған қай ұшқышқа «Құрметті теміржолшы» атағы берілген?
4. Жауынгерлердің қайсысы 2000 жылы «Ғасыр адамы» болып танылды? Неге оны аңыз тұлға деп есептейді?

§ 55. Соғыс жылдарындағы шабуылдаушы әскери қимылдарға және партизандық қозғалыстарға қазақстандықтардың қатысуы

Бүгін сабақта:

- 1943–1944 жылдардағы қазақстандықтардың шабуылдау операцияларына қатысуы туралы;
- партизандар мен жасырын ұйымдардың жеңіске жетуде қандай рөл атқарғандығын білеміз.

Тірек сөздер:

- «Цитадель» соғыс операциясы
- партизан қозғалысы
- қарсыласу

Қазақстандықтар 1943–1944 жылдардағы шабуылдаушы әскери қимылдарда. 1943 жылы Гитлер Курск түбінде кең ауқымды кезекті «Цитадель» шабуылға шығу операциясына қол қойды. Алдыңғы шайқастарда жеңіліске ұшыраған жау Мәскеуге Курск доғасы арқылы шабуыл жасауға тыңғылықты әзірленді.

Курск шайқасы Мәскеу және Сталинград шайқасы сияқты, біздің әскерлеріміздің бекініс шебін құруынан басталды. 1943 жылы тамызда Белгород пен Орел азат етілді. Осы жеңіске жеткізген Орталық және Батыс әскерлері құрметіне Ұлы Отан соғысында алғашқы салют атылды.

Қазақстанның мыңдаған өкілі Украинаны, Белоруссияны, Балтық жағалауы республикаларын, Молдавияны азат ету жолындағы ұрыстарға қатысты. Олар Днепрден, Деснадан, Припяттан, Батыс Двинадан өткенде ерліктің керемет үлгілерін көрсетті. 8-атқыштар дивизиясы 229 -атқыштар полкі 1-батальонының аға лейтенанты **Әбу Досмұхаметов** басқарған 1-рота жауынгерлері ерлігімен көзге түсті. 1943 жылғы 5 қазандағы ұрыста Әбу мен оның украин досы капитан И.К.Баюк дивизияның бір канатын қорғап, бірде-бір танкіні өткізбеді. Екеуі де жараланып, сын сағаты туғанда қолдарына граната алып, танк астына түсті. **Әбу Досмұхаметовке** қайтыс болғаннан кейін, 1943 жылғы 16 қазанда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Сталинград қорғанысының батыры, екі Данк орденінің иегері І.Айтықовқа жауынгерлік борышын үлгілі орындағаны үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. **Қойгелді Аухадиев** Кеңес Одағының Батыры атанды. Днепр үшін ұрыстарда 18 жасар **Жәнібек Елеусізов** қазақтар арасындағы ең жас Кеңес Одағының Батыры болды.

Кеңес Армиясының Еуропаны және Шығысты жаудан азат ету миссиясы. Ұлы азат ету жорығына қазақстандық жауынгерлер де белсенді қатысты. Кеңес әскерінің басқа құрамаларымен және поляк әскерлерімен бірге Шығыс Пруссияны және Польшаға берілген Померания аудандарын 88-, 310- және 150-атқыштар дивизиялары азат етті.

Берлиннің құлауы Кеңес Қарулы Күштерінің Мәскеу, Сталинград, Курск түбінде, Украинада, Белоруссияда және тікелей 1945 жылдың қысында қол жеткізген тарихи жеңістерінің нәтижесі болды.

1945 жылғы 16 сәуірде кеңес артиллериясының қуатты үні Екінші дүниежүзілік соғыстағы ең ірі операциялардың бірі Берлин операциясының басталғанын паш етті.

Сағадат Нұрмағамбетов те Берлин үшін ұрыстарға өз жауынгерлерін бастап кірді. Берлинге шабуыл жасауға Есжанов, Х.Қайдауылов, З.Тұрарбеков, Х.Көбеков және басқа да көптеген жерлестеріміз қатысты. Жас офицер **Р.Қошқарбаев** өзінің досы Г.Булатовпен бірге рейхстаг терезелерінің біріне алғашқылардың бірі болып алқызыл Жеңіс туын желбіретті. Ал Орал өңірінің жас офицерлері К.Мәденов пен Р.Қараманов 1008 -атқыштар полкінің туын Берлин ратушасының төбесіне тікті.



Р.Қошқарбаев



Рейхстагқа тігілген ту

Қаһарман партизандар Қ.Қайсенов, Ә.Шәріпов, Ж.Саин және т.б. Кеңес Одағының халқы фашист басқыншыларына қарсы ұлы соғысқа қатысты. Молдавия, Украина, Белоруссия, Прибалтика республикалары, РКФСР-дың бірқатар облыстары мен аудандары уақытша жау қолында қалды. Осы аумақтарда партизан қозғалысы басталды. Алғашында ол стихиялы, ұйымдаспаған түрде пайда болды.

Ойлан! Жаудың күшін жоюға бағытталған партизандар мен жасырын ұйымдардың қозғалысына қазақстандықтардың қосқан үлестері қандай болды? Партизандық қозғалыстың соғыс кезіндегі маңыздылығына баға беріңдер.

Соғыс жылдарында кеңес партизандарының жалпы саны шамамен 1 млн-ға жетті. Олардың қатарында қазақстандықтар да аз болған жоқ. Мәселен, Украинаның партизан құрамалары мен отрядтарында 60-тан аса ұлт өкілдері шайқасты. Толық емес деректер бойынша, Украина халқының кек алушыларының қатарында екі мыңнан аса казак болған. Жүздеген қазақстандық беларусь партизандарының қатарында ерлікпен шайқасқан.

Уақытша басып алынған РКФСР аумақтарындағы партизандардың арасында да бірқатар қазақстандық болды. Мәселен, Ленинград, Смоленск т.б. облыстардың аумағындағы партизан отрядтарында қазақстандықтар шайқасты.

1941 жылы қараша айының соңында Киев облысы Ржищев ауданының Македоны селосында коммунистердің бастамасымен астыртын партизан орталығы ұйымдастырылды. Павлодар облысының халық ағарту саласының бұрынғы инспекторы, 1941 жылы қарашада жау тылына десант болып түсірілген **Қасым Қайсенов** орталықты ұйымдастырушылардың бірі болды. Қ.Қайсенов жарғыштар

отряды командирлігіне тағайындалды. Ржищев, Миронов, Переяславль және Борисполь аудандарының аумағында ғана ол жаудың 30 солдатты мен офицерін бір өзі жер жастандырды. Қ.Қайсенов пен оның серіктері Кеңес Армиясының әскери бөлімдеріне Днепрден өтуге және өзеннің оң жақ жағалауындағы плацдармды (басып алынған жерді) ұстап тұруға жәрдемдесу кезінде ерекше көзге түсті. Кейінірек Қ.Қайсенов жана отряд ұйымдастырып, Батыс Украина, Молдавия және Закарпатье аумақтарында басқыншылармен ұрыс жүргізді. Жауынгерлік ерліктері үшін ол 1-дәрежелі Отан соғысы, 3-дәрежелі Богдан Хмельницкий ордендерімен және медальдармен марапатталды. Жеңістің 50 жылдық мерекесі қарсаңында ҚР Президентінің 1995 жылғы 23 сәуірдегі Жарлығымен Қ.Қайсеновке республиканың ең жоғарғы белгісі – «Халық Қаһарманы» атағы беріліп, «Алтын Жұлдыз» коса тапсырылды.



Қ.Қайсенов

Орында! Саяси картадан Кеңес әскері фашистерден азат еткен Еуропадағы мемлекеттерді көрсетіндер.

Басқыншылармен айқаста қызылордалық **Д.Байдәулетов** бірнеше рет ерлік көрсетті. Барлаушы, пулеметші болған ол Сума облысында басқыншыларға қарсы әскери операцияларға қатысты.

Партизан құрамасында қазақстандық **К.Әшірбеков**, **Н.Есен-теміров**, **С.Әбішев**, **Е.Сексенбаев**, **Н.Әлімжанов** және т.б. ерлікпен шайқасты.

Орында! «Қазақстандық партизандардың ерлігі» атты таныстырылым дайындаңдар.

Украина партизандарының қатарында белгілі қазақ ақыны **Жұмағали Саин** да болды. Ол капитан Хайрутдинов басқарған партизан отрядының саяси жетекшісі қызметін атқарды. Витебск облысында **Ғ.Ахмедияров** басшылығымен партизан отряды көптеген жауынгерлік операцияларды сәтті жүргізді. 1942 жылдың тамыз айынан 1943 жылдың желтоқсан айына дейін оның отряды немістің 800 солдатты мен офицерін жойып, жаудың 170 автомашинасын істен шығарды, әскерімен және техникасымен 25 эшелонды рельстен тайдырып, апатқа ұшыратты.

Взвод командірі, кіші лейтенант **Әди Шәріпов** жау тылында 2-Клетнянск бригадасының құрамында қиын да жауапты жауынгерлік тапсырмалар орындады. Халық кегін қайтарушылар қозғалысына тән белгілердің бірі оның құрамының көпұлтты болуы еді.

Жүздеген казахстандық шетелдердегі Қарсыласу қозғалысына қатысу арқылы данқын шығарды. Олар өздерінің жауынгерлік істерімен, қайтпас қайсарлығымен, әскери істі жақсы білетіндігімен, патриоттық сезімдерімен жауынгер жолдастарының құрметіне бөленді. Сөйтіп, казахстандық партизандар жау тылындағы қаһармандық күресі арқылы өздерінің Отан алдындағы қасиетті борышын орындады. Кеңес партизандарының жауынгерлік ерліктері жоғары үкімет наградаларымен, «Отан соғысының партизанына» медальдарымен атап өтілді.

Словакияда казахстандық П.А.Величконың тобы соғыс қимылын жүргізіп, осы топ ірі екі партизан бригадасын құруға арқау болды. Сондай-ақ партизан қозғалысын ұйымдастырушылардың қатарында қазақ С.Төлешевтің есімі кеңінен танылды. Поляк партизан қозғалысының штабында Супрунов пен Сәрсенғалиев, Акиминалар штаб жұмысын ұйымдастырды және радист болып жұмыс істеді.

Жүздеген кеңестің әскери тұтқындары (олардың қатарында казахстандықтар да бар) қамаудан қашып, Франция, Италия, Бельгия, Югославия, Грекия және Еуропаның өзге елдері халықтарының ұлт-азаттық күресіне белсенді қатысты.

Партизандар мен астыртын қимыл адамдары соғыс уақытында герман армиясына әскер және техника жағынан орасан зор шығын келтірді. КСРО-ның уақытша басып алынған аумағында олар вермахтың бір миллионнан асатын солдаттары мен офицерлерін жер құштырды, тұтқындады және жаралады.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Ұлы Отан соғысындағы алғашқы салют қашан атылды?
2. Шығыс Пруссияны, Польшаны, Шығыс Словакияны, Румынияны, Венгрияны және Чехияны азат етуге қатысқан қандай казахстандық дивизияларды білесіңдер?
3. «Ұлы Жеңіс» атты таныстырылым дайындаңдар.
4. Партизан қозғалыстарының құрылу себептерін анықтаңдар.
5. Қ.Қайсеновтің «Жау тылында» атты кітабынан үзінділер келтіріңдер.

Қосымша мәлімет.

1. ... Латвияның шығыстағы шегараларынан Елгава мен Ауцеге дейінгі 2-Прибалтика майданының 3-даңқты жеңімпаз армиясының жауынгерлік сапында полковник А.Д.Тимошенконың алматылық 391-атқыштар дивизиясы да ұрыстар жүргізді. Осы жорықтың бас кезінде Моцково деревнясында күтпеген кездесу болды. Азат етушілерді жаудан аман қалған тұрғын халықтан елу шақты 4-6 жасар кішкентай балалар мен бір кемпір ғана қуана қарсы алды. Олардың қуанышты кездесу сәтін

жинау пунктіне айдап бара жатқан тұтқындардың сапы бөліп жіберді. Кенеттен бір солдаттың қасында тұрған алты жасар Наташа тұтқындарды көріп, қалш-қалш етті де жылап жіберді. Оны жұбатқаннан кейін қыз тұтқындардың біреуін көрсетіп: «Кеше біздің үйімізді өртеген осы, әжем екеуімізге кіп-кішкентай моншаны ғана қалдырыңыз деп жалынғанда, ол моншаға бактағы барлық бензинді ақтара салды да, от қойды», – деді.

Зығырданы қайнаған жауынгерлер қаһарға мінді, мұның немен аяқталары белгісіз еді. Бірақ осы кезде машинамен дивизияның саяси бөлімінің бастығы подполковник Ф.И.Куцепин келді. Ашу-ызаның мән-жайын білген ол тұтқындарға балалардың алдында тізе бүгуге бұйырып: «Біздің жерімізде жасаған хайуандық істерің үшін сендерді атып тастаудың өзі аз. Бірақ біз тұтқындарды атпаймыз. Сендерді тек бір ғана нәрсеге – кісі өлтіру мен талқандауға үйреткен. Ал енді өздерің баспанасынан, ата-анасынан айырған жетімдердің бетіне қараңдар. Өздерің қиратқан қалалар мен селоларды қалпына келтіріңдер. Балкім сонда адам кейпіне келерсіңдер», – деді.

Белан П.С., Тимошенко А.Д., Барков Н.С. Фронтовые дороги. Алма-Ата, 1976.

II. Рақымжан Қошқарбаев (1924 – 1988 жж.) Ақмола облысы Тайтөбе ауылының маңында дүниеге келген. 4 жасында анасы дүниеден өтті, әкесі жалған саяси жаламен сотталып, ГУЛАГ лагерьлерінде болды. Жеті жылдық мектепті балалар үйінде бітіріп, Балқаш қаласындағы фабрика-зауыт училищесіне (ФЗУ) жіберіледі. Р.Қошқарбаев «Штурм» деген кітабында өзі жайлы жан-жақты баяндайды.

18 жасында әскерге алынып, 1943 жылы Фрунзе (Бішкек) қаласындағы офицерлік училищеге жіберіледі. 1944 жылы Фрунзедегі жаяу әскер училищесін кіші лейтенант шенінде бітіріп, қарашада Белорусь майданындағы 3-соғысушы әскерге түседі. Берлинге шабуыл кезінде өз взводоммен ең алдыңғы шептерде болды. Шпрееге, соңғы сулы бөгетке және Король алаңына, «Гимлердің үйіне» бірінші болып жетті. Барлау взводының командирі, лейтенант Р.Қошқарбаевқа Рейхстагқа Қызыл туды тігу туралы жауынгерлік бұйрық берілді. «Гимлер үйінен» Рейхстагқа дейінгі аралық 360 метр ғана. Бірақ жан-жағынан оқ жаудырылған ашық алаң арқылы қанды метрлерді 7 сағатта, жерге жабыса еңбектеумен өтті. 30 сәуір күні 18 сағат 30 минутта Рейхстагқа ту тігілді. Осы ерлік жайындағы хабар бүкіл әскери бөлімдерді шарлады, баспасөзде кеңінен хабарланды. Бұл ерлігі үшін «Жауынгерлік Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Сонымен бірге «1 дәрежелі Отан соғысы» орденін, «Берлинді алғаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» медальдарын алды. «Халық қаһарманы» атағы 2001 жылы берілді.

III. Партизандық қозғалыстар...

I. ... Алдымен Павел Кочуевский, кейін қазақстандық Николай Зебницкий басқарған Дзержинский атындағы ерекше міндеттегі партизан отряды неміс басқыншыларының үрейін ұшырды. Отряд Могилев, Гомель облыстарының аумағында, Черниговта және Орел облысының Клетнянский ормандарында соғыс қимылдарын жүргізді. Оның есебінде жүздеген жер құшқан гитлершілер, әскерімен және техникасымен апатқа ұшыраған ондаған жау эшелондары, Қызыл Армия үшін баға жетпес маңызды жүздеген барлау деректері бар. Зебницкий тыңшылар мен сатқындарды әшкерелеуде, дұшпанның гарнизонына іріткі салуда үлкен жұмыс жүргізді. Соның нәтижесінде бүкіл қару-жарақтарымен жүздеген солдаттар мен полицейлер партизандар жағына шықты. 1942 жылғы мамыр-маусым айларында ғана Зебницкий басқарған партизандар немістің бес әскери эшелонын құлатып, 20-дан аса автомашиналарын және 400-ден аса гитлершілерді жойды. 13 фашистер тағайындаған басқарманы тас-талқан етіп, 22 көпірді жарды. Ұрыстардағы ерлігі, жау тылында ерекше тапсырмаларды орындауда жедел қимыл топтарын шебер басқарғаны үшін Н.В.Зебницкийге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

... Гомель жеріндегі партизан қозғалысының тарихына қазақстандықтар, Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданының тұрғыны, Железняк атындағы партизан бригадасының командирі В.И.Шаруда, бригада комиссарының комсомол жөніндегі орынбасары Жүсіп Наметов, қатардағы партизандар А.Нұрманов, И.Х.Некрасов, В.В.Егоров, С.И.Щербининдер өшпес із қалдырды. Жау тылындағы қимылдар кезінде Шаруда бастаған партизандар 17 ірі ұрысқа қатысты. 15 полицай учаскесі талқандалып, жаудың 75 эшелоны әскерімен және техникасымен қоса жарылды және рельстен тайдырылды, 1779 рельс істен шығарылды. Жлобин депосында диверсия арқылы жаудың 52 паровозы қиратылды. 38 көпір, 42,4 км байланыс желісі, дүшпанның 138 автомашинасы мен 3 танкісі өртелді және зақымдалды.

Едыгенов Н. Участие казахстанцев в партизанском движении в Белоруссии в годы Великой Отечественной войны. – Алма-Ата: «Наука», 1972.

§ 56. Ұлы Отан соғысы және Қазақстан: қорытындысы және нәтижелері

Бүгін сабақта:

- 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы нәтижелері мен қорытындысын саралаймыз;
- соғыс кезінде фашистік Германия мен Жапонияны КСРО-ның жеңу себептерін білеміз;
- қазақстандық жауынгерлердің, тыл еңбеккерлерінің, ғалымдар мен мәдениет қайраткерлерінің үлесін бағалаймыз.

Тірек сөздер:

- «Түркістан легионы»
- Квантунь армиясы
- концлагерь
- антигитлерлік коалиция

Соғыс қорытындылары және сабақтары. Адамзат тарихында үлкенді-кішілі он бес мыңға жуық соғыс өткен. Бірақ солардың ішінде ауқымды, құрбандары мен алапаттығы жағынан ең жантүршігерлігі Екінші дүниежүзілік соғыс және оның құрамдас бөлігі – Ұлы Отан соғысы (1941–1945 жж.) болды.

Бүгінде соғыс кезіндегі қазақстандықтардың шығыны жайлы әртүрлі пікір қалыптасқан.

Соғыс қимылы біздің жерде өтпесе де, қазақстандықтар Кеңес Одағының бөлігі ретінде фашистермен жан аямай соғысып, жеңіске өз үлестерін қосты. Кейінгі деректерге сүйенсек, 1938–1945 жылдар арасында 18-ден 50 жасқа дейінгі ер адамдар, яғни Қазақстан халқының 70%-ы әскер қатарына шақырылыпты. Бұл көрсеткіш әлемдік тәжірибеде жоғарғы көрсеткіш болып табылады. Тіпті соғыстың негізгі ұйымдастырушысы болған фашистік Германия жаппай мобилизация кезінде әскери іске 12 пайыз ғана халқын тартқан екен. Қазақстан бойынша соғыста қаза болған, тұтқында аурудан немесе жарақаттан қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен адамдар саны шамамен 601 011 немесе 11,2%-дай.



Алматы қаласындағы Ұлы Отан соғысының құрбандарына арналған «Мәңгілік алау»

Соғыс кезінде қазақстандық бес әскери құрамаға «Гвардиялық» құрметті атағы беріліп, олардың жауынгерлік туларына бірнеше орден тағылды. Олардың арасында 8-гвардиялық Панфилов дивизиясының даңқы шартарапқа тарады. Бұл құраманың қатарында сан ерлік көрсеткен батальон, кейіннен дивизия командирі болған Бауыржан Момышұлы мен Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин есімдері соғыс шежіресіне мәңгілікке жазылды.

Майданға республикадан тыс жерлерден шақырылған немесе әскери құрамаларға қосылған қазақстандықтар да өшпес ерлік көрсетіп, қаһармандықпен шайқасты. Жаудың шебінде қоршауда қалған жерлестеріміздің көбі партизандық қозғалысқа белсене қатысты. Олардың арасында Нұрғаным Байсейітова, Тұрғаш Жұмабаева, Жамал Ақәділова сияқты әйел-партизандар да болды.

Фашизмге қарсы соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін Қазақстан өкілдері Квантунь армиясына қарсы шайқасты. Біздің әскерлердің Қиыр Шығыс ұрыстарындағы шығындары Германиямен соғыстардан анағұрлым төмен болды. Оның басты себептері – әскерлерді материалдық-техникалық толық қамтамасыз ету, ең бастысы, Бағыста жинақталған ұрыс және операциялар жүргізу тәжірибесі еді. Шығыстағы соғысқа да бірінші болып шегарашылар кірісті. Қазақстандық Қ.Асылбеков, А.Құрынбаев, Г.И.Сухоносенко және олардың жауынгерлік серіктері жапондардың шегарадағы қорғаныс құрылыстары мен бекеттерін жойды немесе істен шығарды. Сол арқылы олар Кеңес әскерінің бөлімдеріне Маньчжурияға кіруге жол ашып берді.

Кеңес Одағының Жапонияға қарсы 23 күндік соғысына қазақстандық екі әскери құрама да қатысты. Жапондарға қарсы шайқастарда Ақтөбеде құрылған 74 жеке теңіз атқыштар бригадасының негізінде ұйымдастырылған 292-атқыштар дивизиясының жауынгерлері Ке-

нес Карулы Күштері даңқын шығарды. Забайкалье, кейін І Қыыр Шығыс майдандары әскерлерінің құрамында қазақстандық 129-миномет полкі шайқас жүргізді. Қазақстан минометшілері ерлік көрсеткені үшін 2027 жауынгер ордендер мен медальдарға, соның ішінде 14 адам «Кореяны азат еткені үшін», 234 адам «Жапонияны жеңгені үшін» медальдарына ие болды.

Ойлан! Неге Кеңес Одағы Жапонияға соғыс жариялады? Неліктен Екінші Дүниежүзілік соғыс адамзат тарихында ең қорқынышты апат болды?

1945 жылы 2 қыркүйекте Жапонияны жеңгенде Екінші Дүниежүзілік соғыс жаудың тізе бұғуімен аяқталды. Кеңес Одағы халқы үшін бұл ең әділ соғыс болды. КСРО өз халқының өмір сүру құқығын, мемлекеттің тәуелсіздігін және күреспен қол жеткізген жетістіктерін қорғады.

Сонымен бірге қоршауда қалып, жараланған, жау қолына түскендердің тағдыры жайлы айтпауға болмайды. Соғыстың алғашқы кезеңінде мыңдаған адам ұрыс даласында қаза тапты, тірі қалғандары тұтқынға түсті, ал қалғаны партизан отрядтарының қатарына қосылды. Фашистік концлагерьлердегі тіршілікті суреттеу мүмкін емес еді. Гитлерлік командованиенің жетекшілері славян емес елдердің өкілдерінен түрлі құрамалар құрып, өз елдеріне қарсы соғыстыруға әрекет жасады. Олардың бірқатарын жаулап алынған аймақтардағы партизандарға қарсы пайдалану көзделді. Мәселен, өзбектер, қазақтар, қырғыздар, татарлар және Орта Азиядағы басқа да халықтар өкілдерінен құрылған «Түркістан легионы» (әскер) қиын да қасіретті жолдан өтті. Бірақ кейбір деректерге, әсіресе легионерлердің айтуына қарағанда, олар немістерге қызмет етуге өз еріктерімен бармаған. Оларды ұлттық және діни сенімі бойынша сапқа тұрғызып, легионның құрылғанын бір-ақ жариялаған. Әрине, осынау құбылыс бүгінде терең зерттеуді әрі әділ баға беруді қажет етеді.

Сондай-ақ осындай легиондардың қатарынан қашып шығып, Болгариядағы, Югославиядағы, Италиядағы, Франциядағы партизандық қозғалысқа қатысқан жауынгерлер жайлы мәліметтер өте аз. Олардың ішінде Кеңес Одағының Батыры Зиямат Құсанов, партизандар Бошай Қанапиянов, Юсупов және басқалар бар. Өкініштісі, олар соғыстан кейін легионерлер қатарында болғандары үшін, жауапқа тартылды.

Ізден! Неліктен Фашистік Германия «Түркістан легионы» құрамаларын жасақтады?

Ұлы Жеңіс адамдардың өмірімен, қанымен, маңдай терімен келді. Жеңісті жасаушы және шындаушы майдангерлердің, тыл еңбеккерлерінің ерліктері елге мұра, ұрпаққа ұран болып қала бермек. Олардың мәңгі ерліктерін ұрпақтар жадында сақтаудың аса үлкен тәрбиелік мәні мен маңызы дәлелдеуді қажет етпейді. Бүгінгі өскелең ұрпақ, біздер аға ұрпақтың соғыстағы қаһармандық жолын білуге тиіспіз.

Орында! Өз аталарың немесе ауылдастарың арасында соғысқа қатысқан майдангерлер бар ма? Бар болса, олар туралы мәліметтер жинақтап, зерттеу жазыңдар (қашан? қай майданда соғысқа қатысты? т.б.).

Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең ірі апат болғанын ұмытуға хақымыз жоқ. Осы соғысқа 72 мемлекет қатысты. Яғни, соғыс өрті жер шарының 80 пайызын немесе 1,7 млрд адамды қамтыды, 55 млн-нан аса адам мерт болып, 35 млн адам жараланды. Майдан даласында күніне 25 мың адам қаза болып отырған.

Бұл маңызды! Соғыс жылдарында республиканың әр төртінші тұрғыны немесе 1 млн 900 мың адам әскери және еңбек майданына жұмылдырылды.

Антигитлерлік күштер одағының әрекеті, ең алдымен, Кеңес Одағының Екінші Дүниежүзілік соғыстағы жеңісі нәтижесінде гитлерлік режим токтатылды. Германияның сөзсіз тізе бұғуі туралы актіге қол қойылды, жапон милитаризмі құлатылды. Фашизмді жеңу Кеңес халқының ортақ жеңісі болды. Кеңес Одағы бұл соғыста шешуші рөл атқарды. Қазақстан Ұлы Отан соғысы басталғаннан, барлық елдер сияқты, елді қорғауға белсене қатысты.

Ұлы Отан соғысындағы Кеңес Одағының жеңісі мен оның халықтарының табысының бірнеше факторы бар: 1) экономикалық; 30-жылдардың өзінде елдің әлеуеті нығайған еді. Кеңес елі шұғыл әскери-соғыс жағдайына тез бейімделді; 2) адами және рухани фактор. Кеңес солдаттары жаппай ерлік пен төзімділіктің үлгісін көрсетті. Адам рухы мен қайсарлығы, Отанына адалдығы соғыстағы жеңістің негізгі факторы болды; 3) Кеңес Одағы халықтарының бірлігі; 4) Ұлы Отан соғысының азаттық, әділеттік мазмұны мен болмысынан туындайтын халықтық сипатының болуы.

1418 күнге созылған сұрапыл соғыстағы жеңіс Кеңес азаматтарына онайға түскен жоқ. Сондықтан да біздің жарқын болшағымыз үшін өз өмірлерін қиған, бейбітшілік аспанын сыйлаған данқты батырларымызды, олардың тылдағы және майдандағы ерліктерін мақтан етіп, есте сақтауымыз керек.

Қосымша мәлімет.

I. Екінші Дүниежүзілік соғыс кезіндегі шығын (кесте)

Мемлекеттер	Мобилизацияға іліккендер (млн адам)	Соғыста құрбан болғандар	Соғыста жаралы болғандар	Бейбіт тұрғындар арасындағы шығындар	Қаржылық-экономикалық шығын (млрд долл.)
АҚШ	14,9	292 100	571 822	Шығын басқа елдерден аз	350
Ұлыбритания	6,2	397 762	475 000	65 000	150
Франция	6,0	210 671	400 000	108 000	100
КСРО	25,0	7 500 000	14 012 000	10 000 000— 15 000 000	200
Қытай	6—10	500 000	1 700 000	1 000 000	белгісіз
Германия	12,5	2 850 000	7 250 000	500 000	300
Италия	4,5	77 000	120 000	40 000— 100 000	50
Жапония	7,4	1 506 000	500 000	300 000	100
Басқа да қатысқан мемлекеттер	20	1 500 000	белгісіз	14 000 000— 17 000 000 ²	350
Барлығы	105	15 000 000	белгісіз	26 000 000— 34 000 000	1 600

Р.Эрнест Дююи, Тревер Н. Дююи. Всемирная история войн. Харперская энциклопедия военной истории с комментариями издательства «Полигон». Книга 4-ая, 1925–1997 гг. АСТ Санкт-Петербург – Москва, 2000.

II. Қазақстаннан майданға **5183 қыз-келіншек** қатысты. Солардың бірі – Хиуаз Доспанова.

Хиуаз Қайырқызы Доспанова (1922–2008 жж.) – жалғыз ұшқыш қазақ қызы, штурман-атқыш, Қазақстан Республикасының Халық Батыры. 1922 жылы 15 мамырда Гурьев (Атырау) облысының Ганюшкино ауданында дүниеге келген. 1940 жылы Орал қаласының №1 мектебін алтын медальмен бітіріп, аттестатпен бірге «Жергілікті аэроклубтың ұшқышы» деген куәлікті қоса алып шығады. Одан соң Мәскеуге барып, Жуковский атындағы әскери-әуе академиясына құжаттарын өткізеді. Қабылдамағаннан кейін Бірінші Мәскеу медициналық институтына өтініш беріп, оны институтқа емтихансыз қабылдайды. Бір жылға жетпей соғыс басталады. 1941 жылы Марина Раскованың бастамасымен әйелдер авиациялық полкі құрылады. Оған Х.Доспанова запастағы ұшқыш болып қабылданады. Сол уақытта Жуковский атындағы әскери-әуе академиясында штурман мамандығы бойынша оқытудан өтеді. 1942 жылдың көктемінде түлектерге бірінші жауынгерлік тапсырма беріледі. Осылайша әлемдік авиация тарихында алғашқы бомбалаушы әйелдер полкі пайда болды. Хиуаз Доспанова 588-ші түнгі бомбалаушылар авиаполкінің штурман-атқышы болып қабылданады. Полк Солтүстік Кавказ, Кубань, Қырымда, сондай-ақ Украина,

Белоруссия, Польша, Германия аспанында ұрыс жүргізді. ПО-2 аталатын бомбалаушылардың міндеті алдын ала барланған жау техникаларын түнде барып жою еді.

Хиуаз 300-ден аса әскери ұшулар жасады. Алғашқы тапсырманы звено командирі Екатерина Пискаревамен бірге орындады. Майндорф станицасының маңындағы жау шоғырын бомбалау тапсырылды. Штурманның міндеті – ұшақты нысанға дәлдеп, алдымен жарықтандыратын, сосын нысанды талқандайтын бомба тастау. Сондай-ақ штурман шабуылдаушы жау ұшағына дер кезінде пулеметтен оқ жаудыру үшін байқампаз болуы керек. Егер қажет болса, басқаруды өзіне алу үшін штурман кабинетінде штурвал болды...



Х.Доспанова

Ұлы Отан соғысындағы ерлігі мен батылдығы үшін Қызыл Жұлдыз, екінші дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, Қызыл ту орденімен, «Кавказды қорғағаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдары және басқа да жауынгерлік наградалармен марапатталған. Екі рет ауыр жараланса да, саптан шықпай, батыл ұшқыш қазақ қызы Ұлы Жеңісті Берлин түбінде қарсы алған.

Х.Доспанова соғыстан екі аяғынан бірдей жарақат алып, II топтағы мүгедек болып оралды. Соған қарамастан қоғамдық өмірге белсене араласты. Соғыстың соңғы айларында Хиуаз медициналық институтқа оралуды жоспарлап жүрді. Алайда қоғамдық қызмет жолына түсті. Батыс Қазақстанның обком партиясының бірінші хатшысы Минайдар Салин соғыстан енді ғана келген Х.Доспановаға партиялық-саяси жұмысқа келуді ұсынып, ол обком партиясының инструкторы болып бекітіледі. Бір жылдан соң Хиуаз Алматыдағы жоғарғы партия мектебіне барады.

Х.Доспанова Батыс Қазақстанда райком партиясының инструкторынан Қазақстанның ЦК ЛКСМ хатшысына дейінгі жолды жүріп өтті. 1951 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, бірінші сессияда Президиум хатшысы болып сайланады. Зейнетке шыққанға дейін Хиуаз Доспанова қаланың көркеюіне белсене араласып, Алматы горком партиясының хатшысы болды.

50-жылдардың соңында соғыста алған жарақаттары сыр берді. 40 жасқа жетпей, 1959 жылы зейнетке шығуға мәжбүр болды.

2004 жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаев қазақтан шыққан тұңғыш ұшқыш жауынгер қыз Хиуаз Доспановаға «Халық қаһарманы» атағын берді.

Хиуаз Доспанованың есімі қазақтың ержүрек қыздары – Кеңес Одағының Батырлары Мәншүк Мәметовамен, Әлия Молдағұловамен қатар аталады.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Екінші Дүниежүзілік соғыс қай жылы басталып, қай жылы аяқталды?
2. 1941–1945 жылдары соғысқа қатысқан қазақстандықтар туралы жаңа деректерден не білесіңдер? Солардың біреуі туралы айтып беріңдер.
3. Кеңес Одағының және Қазақстанның соғыстағы шығындары қанша?
4. Соғыс жылдары қоршауда қалып, жараланған, жау қолына түскендердің тағдыры жайлы не білесіңдер?
5. Неге біз данқты ата-бабаларымызды мақтан етіп, есте сақтауымыз керек?

ҚАЗАҚСТАН – МАЙДАН АРСЕНАЛЫ

§ 57–58. Соғыс жылдарындағы қазақстандықтардың қажырлы еңбегі

Бүгін сабақта:

- Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қазақстандықтардың ерлігі мен тағдыры, олардың жеңіске қосқан үлесі туралы білеміз;
- экономиканың соғыс жағдайына бейімделуін, соғыс болып жатқан өңірлерден өнеркәсіп орындары мен тұрғындарды эвакуациялау қалай жүргізілгенін анықтаймыз.

Тірек сөздер:

- эвакуация
- материалдық-техникалық база
- қорғаныс қоры
- рекорд
- арсенал
- реэвакуация

Қазақстан экономикасының соғыс жағдайына бейімделуі. Соғыс-шаруашылық жоспарына сәйкес республика экономикасын соғыс жағдайына көшіру жүзеге асырылды. Онсыз да әскери талаптарға сай мемлекеттік басқарудың әкімшіл-әміршіл жүйесі соғыс жағдайларына одан сайын бейімделе түсті. Кейбір мекемелер жаңа міндеттерді орындау үшін қайта ұйымдас-тырылса, басқалары жаңадан құрылды. Ең алдымен басқару органдарының ұйымдық құрылымына өзгерістер енгізілді. Жұмыспен қамтылмаған еңбекке жарамды адамдарды жұмылдыру, автомобиль-жегін көлік міндеттілігін енгізу туралы шешімдер қабылдау кеңінен пайдаланылды. Қала тұрғындары да аэродромдарды тазалау, өндірілген отынды тасу сияқты жұмыстарға тартылды.

Ойлан! Қазақстандық тылда әскери-жұмылдыру жұмысы қалай жүргізілді? «Экономиканы соғыс жағдайына бейімдеу» дегенді қалай түсінесіңдер?


Жаңа мұнай кәсіпшіліктерінің, Қарағанды шахталарының, Жезді, Шығыс Қоңырат, Мырғалымсай, Найзатас кеніштерінің, бірқатар байыту фабрикаларының, Ақтөбе феррокорытпа зауытының, Текелі және Өскемен қорғасын-мырыш комбинаттарының құрылысы жедел қарқынмен жүргізілді. Соғыс жағдайына бейімдеудің ең күрделі буыны өндіріс саласы болды.

Соғыс жағдайында орын алған қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарын түсті металлургиямен жабдықтауға қатысты негізгі ауыртпалық Балқаш пен Жезқазған мыс өнеркәсібі кәсіпорындарына түсті. 1941 жылы шілдеде Шығыс Қонырат молибден кеніші, Балқаш мыс қорыту зауытындағы тазарту цехы мен ұнтақтау цехы қорғаныстық маңыздағы жедел құрылыс болып жарияланды. Елде соғыс кезінде өндірілген 100 тонна молибденнің 60 тоннасын Балқаш датасының қаһармандары – Шығыс Қонырат кенішінің кеншілері берді.

Анықта! Қорғасын, цинк, марганец сияқты металдар соғыс кезінде не үшін пайдаланылды?

Аса қиын жағдайларда жұмыс істеген қазақстандық геологтер марганецтің бірнеше кен көздерін ашты. Солардың ішінде Жезқазған ауданының Жезді шатқалындағы кеніш ең сапалы болып шықты. Жезді марганец кенін ашуда **К.И.Сәтбаев** және Жезді геология-барлау партиясының ұжымы ерекше еңбек сіңірді. 1942 жылы өте қысқа мерзімнің ішінде (38 күн) даладағы шөлейт жерде Жезді марганец кеніші бой көтерді. 1942 жылы маусымда құрылыс жүргізумен қатар кеніш кен өндіріп, оны Магнитогорск комбинатына жөнелте бастады.

Ақшатау молибден-вольфрам комбинатын тұрғызу аса ірі екпінді құрылыс болды. Балқаш мыс қорыту зауыты елдегі ең басты мыс өндірушіге айналды. Ертіс және Қарсақбай мыс қорыту (балқыту) зауыттары мыс балқыту қарқындарын үдетті. Қарсақбай зауытында тұңғыш рет ауырсалмақты мысты балқыту игерілді.



Майданға оқ-дәрі дайындау. Алматы, 1942 ж.

Соғыс экономикасы тарихында Қарағанды кеншілері мен Ембі мұнайшыларының ерен еңбектері ерекше атауға тұрарлық.

Қазақстанның ұжымшар шаруалары аса күрделі жағдайларда еңбек етті. 1942 жылы республиканың егістік алқаптары жаңа тың жерлерді игеру есебінен ұлғайды. Қант қызылшасының, техникалық дақылдардың көлемі көбейді. Қазақ КСР-і елдегі қызылша егетін аудандардың біріне айналды. Соғыстың бірінші жылында-ақ 55 мың әйел механизатор мамандығын игерді. Соғыс жылдарында Батыс Қазақстан облысының Буденовка МТС-ында жұмыс істеген П.Ангелинаның әйелдерге «тракторға отырындар» деген үндеуі үлкен маңызға ие болды.

Эвакуацияланғандарды қабылдау және орналастыру. БК(б)П ОК мен КСРО ХКК 1941 жылы 27 маусымда «Адамдар мен құнды дүние-мүлікті әкету және орналастыру тәртібі туралы» Қаулы қабылдады. Қазақ КСР-інде 1941 жылы 20 шілдеде Қазақ КСР-і ХКК жанынан ХКК төрағасының орынбасары М.Әбдіқалықов басқаратын эвакуациялық бөлім құрылды (бөлім 1942 жылғы 15 наурызға дейін жұмыс істеді). Республика аумағында 12 эвапункт жұмыс істеді. Олардың жұмыс істейтін орындары теміржол стансылары немесе стансы жанындағы үй-жайлар болды. Республика жарты миллион эвакуацияланған адамдарды қабылдады.

Майданға жақын өңірлерден өнеркәсіп орындарын елдің шығыс аудандарына, оның ішінде Қазақстанға көшіріп орналастыру қайта құрудың құрамдас бөлігіне айналды.

Ойлан! КСРО-ның қандай өңірлерінен эвакуацияға ұшыраған өнеркәсіп кәсіпорындары Қазақстанға әкелінді және олар неге көшірілді?

Көшірілген кәсіпорындар негізінде Қазақстанда станок жасау, оқ-дәрі өндіру және т.б. салалар пайда болды. Украин КСР-інің өзінен ғана Қазақстанға 70-ке жуық зауыттың, фабриканың, электр стансысының, депоның, механикалық шеберхананың жабдықтарын көшірді.

1942 жылдың күзінде Қазақ КСР-і көшірілген кәсіпорындардың екінші легін қабылдады. 1942 жылдың тамыз бен қыркүйек айларында ғана Гурьев арқылы әртүрлі жабдықтардың 24 мың тоннасы тасып әкелінді. Республикаға жеңіл және тоқыма өнеркәсібінің 53 кәсіпорны көшірілді. Эвакуацияланған халық санының басым бөлігі оңтүстік облыстарға қоныстандырылды.

Анықта! Қазақстанға эвакуацияланған өнеркәсіп кәсіпорындарының орнын картадан анықтаңдар.



Кенші жұмысшылар

Қазақ КСР-інің ел мен әскерді металмен, шикізатпен, азық-түлікпен, ауылшаруашылық өнімдерімен қамтамасыз етудегі рөлі. Соғыстың алғашқы кезеңінде Қазақстанға орасан көп өнеркәсіп орындарының көшірілуі және күрделі құрылыс бағдарламасының кеңейтілуі, жұмысшыларды жұмылдыру елдегі аудандардың экономикалық қуатын күшейтті. Қазақстанның халықшаруашылығына, өнеркәсібіне, негізінен, ауыр индустрияның салалары – отын, металлургия, машина жасау, энергетика өндірістерін дамытуға соғыс кезеңінде көп қаржы жұмсалды.

Ойлан! «Бәрі майдан үшін, бәрі Жеңіс үшін!» ұранын қалай түсінесіңдер?

Доссор, Құлсары, Гурьев электрстансылары қуатының өсуі республикалық мұнай өнеркәсібінің материалдық-техникалық базасын айтарлықтай нығайтты. Соғыс жылдарында республиканың түсті металлургия кәсіпорындарының құрылысшылары 25 жаңа кеніш, шахта және байыту фабрикаларын іске қосып, металлургия шикізатының өндірісін едәуір ұлғайтты.

Ойлан! Неліктен Қазақстанды «майданның соғыс арсеналы» деп атады? Тыл еңбеккерлері қандай ерлік жасады? Олардың ерлігін неден байқауға болады?

Шымкент және Лениногор зауыттарының жұмысшылары 1941–1945 жылдары барлығы 563 036 тонна қорғасын қорытты. Алын өндіретін өнеркәсіп те дами бастады. Соғыстың аяғына қарай республикада 50-ге жуық алтын кеніші зерттелді. Соғыс жылдарында Қазақстанда өнеркәсіптің мүлде жаңа саласы – кара металлургия құрылды.

Кенес әскерінің жауынгерлерін әскери киіммен және азық-түлікпен жабдықтауда республиканың жеңіл, тамақ, жергілікті және кооператив өнеркәсіптерінің кәсіпорындары комақты үлес қосты. Өнімдердің жаңа түрлерін шығаруды игерген осы кәсіпорындардың жұмысшылары мен инженерлік-техникалық қызметкерлері соғыс жылдарында әскери киім-кешектің, майданға қажетті құрал-жабдықтың, ат-арба әбзелдерінің, әскер жүк керуеніне арналған арбалардың, атты әскер ер-тұрмандарының жеткілікті болуына атсалысты.

Ойлан! Эвакуацияға ұшыраған кәсіпорындар қалай іске қосылды? Соғыс жылдарында құрылған «жеңіс қорының» мақсаты мен міндеті туралы айтыңдар.

Қазақстандықтар – тыл қаһармандары. Ы.Жақаев, Ким Ман Сам, Ш.Берсиев және т.б. Қорғаныс қорының құрылуы. 1943 жыл республиканың ауылшаруашылығы үшін қиыншылықтарға толы жыл болды. Осы жылы шаруашылыққа 775 мың га жаңа жер алқаптары қосылды.

Ақтөбе облысы «Құрман» ұжымшарының звено жетекшісі Ш.Берсиев тары шығымдылығын арттыруда жоғары нәтижеге жетті. Қызылорда облысы «Авангард» ұжымшарының звено жетекшісі Ы.Жақаев пен Ким Ман Сам күріш өсіруде жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Қаскелең ауданы ІІІ Интернационал атындағы ауылшаруашылық артелінің звено жетекшісі М.Мұхамедиева кант кызылшасынан жоғары өнім жинады. Дикандар бидайдан да жақсы түсім алды.

Малшылар да өз күштері мен жігерлерін аяған жоқ. Ж.Қуанышбаев қаракөл қойларын өсіруде үлкен жетістіктерге жетті. Жезқазған ауданы Амангелді атындағы ұжымшардың шопаны Ж.Мұқашев жыл сайын әр жүз саулықтан 180 қозы алып, мал басын аман сақтады. Қазақстанның батыс аудандарында жау басып алған аймақтардан эвакуацияланған 370 мыңға жуық мал басы орналастырылды. 1943 жылы осы мал кері қайтарылды (резэвакуацияланды).

Орында! Тыл қаһармандарына берілген мадақтама үлгісін жасаңдар.

Қорғаныс қорын құру. Еңбеккерлер жаумен шайқасып жатқан Отанына көмек көрсетудің тарихтан белгілі және жаңа жағдайларда туындаған көптеген түрлері мен әдістерін қолданды. **Қорғаныс қорын құру** осындай көмектің алғашқы түрлерінің біріне жатады. Ол сенбіліктер мен жексенбіліктерден түсетін 1-2 күндік жалақыны аударудан, тапсырылған бағалы бұйымдар мен облигациялардың

акшасынан, тіпті ойыншық сатып алуға арналған балалардың жинақ қобдишаларындағы акшалардан құралды.

Ойлан! Майданға көмек көрсету неліктен маңызды болды? КСРО-ның қорғаныс саласына Қазақстанның қосқан үлесіне баға беріңдер.

1941 жылы күзде басталған қарулануға қаражат жинау арқылы қор құру қозғалысы 1942 жылы аяқталды. Жеке азаматтар, кәсіпорындардың ұжымдары мен экономиканың тұтас салаларының еңбеккерлері жиналған ерікті жарналарға ұшақ, танк, сүнгүір қайық немесе шағын кемелер жасатып, оларды даңқты жауынгерлер мен жерлестеріне арнады. Содан кейін «Түркісібшіл», «Қарағанды шахтері», «Ілгері ғылым үшін», «Қазақстан пионері», «Ақмолалық осоавнахші», «Қазақстан колхозшысы» және басқа атаулармен танкілер мен авиаэскадрильялар құрылды. Қазақстандықтардың арнайы әскери техникалар мен эскадрильялар құруға, әскер мен флотты қаруландыруға салған патриоттық жарналары миллиондаған соманы құрады.

Қазақтың белгілі балуаны, әлем чемпионы Қажымұқан Мұнайтпасов жеке қаражатынан қорға 100 мың сом өткізді. Нәтижесінде 1942 жылы армия қазақстандық комсомолдардан 45 жаңа танк алды. 1942–1943 жылдары халықтан жиналған қаржыға 10 танк колоннасы, бірнеше авиация эскадрильясы, торпедалық катерлер мен жеке ұшақтар жасалды.

Анықта! Жауды жеңуге қазақстандықтар қандай үлес қосты?

Әскер үшін жылы киімдер жинау науқанының да маңызы зор болды. Соғыс жылдарында республика халқы майданға жеке, топтық және ұжымдық сыйлықтар жөнелтті.

Майдан мен тылдың бірлігін нығайтуға мемлекеттің тұрақты қамқорлығы мен қоғамның майдангерлер отбасыларына көрсететін көмектері жәрдемдесті. Республикада әскери қызметкерлердің отбасына жәрдемақылар мен зейнетақылар төленді. Соғыс мүгедектері де ұмыт қалмады. Республикадағы соғыс мүгедектері жұмыспен қамтамасыз етілді.

Тылдың майданға көмегі жауынгерлердің тұрмыс жағдайларын жақсартумен бірге олардың әскери рухын көтеріп, жауды жеңуге деген жігерлерін арттыра түсті.

Қосымша мәлімет.

I. Алматы ауыр машина жасау зауытының ардагері С.М.Бутыриннің естелігінен.

Құрылыстың жағдайы өте ауыр болды. Материалдар, көлік, білікті құрылысшы кадрлар жетіспеді. Тақыр жерге құрылыс сала бастадық, станоктарды ашық аспанның астында орнатып, дереу бастырмамен қалқалап, уақыт өткізбестен майданға қажет өнім шығаруға кірісетінбіз.

II. 1941 жылы Шығысқа 2,5 мыңнан астам кәсіпорын мен орасан көп мал басы және басқа ұжымшар мүліктері, ғылыми және білім беру мекемелері қауіпсіз жерге көшірілді. 10 млн-нан астам адам майдан шебінен тез жағдайда көшірілді. Эвакуация кезінде 1,5 млн вагон пайдаланылды. Эвакуацияда сонымен бірге өзен және теңіз көліктері де қолданылды. Эвакуациялау адамдарды, керек жабдықтарды алып кету үшін ғана емес, сонымен бірге бір мезгілде майданға керек-жарақты (оқ-дәрі, азық-түлік т.б.) мүмкіндігінше кең түрде жеткізуге пайдаланылды. Тылға жөнелтілетін бөлшектер МҚК-ның және салалық комиссариаттың қатаң тапсырысы бойынша жүргізілді. Қауіпсіз жерге көшірілген кәсіпорындар Поволжье, Батыс Сібір, Қазақстан және Орталық Азияға жіберілді. Эвакуацияланғандардың ең көбі Орал өңіріне (44%) қоныстандырылды. Соғыс жылдарындағы жаңа орындарға өндірісті апару, тез өндірісті іске қосудағы ең қиын уақыт 1941–1942 жж. болды. Осы кезде өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлемі, соғысқа дейінгі деңгеймен салыстырғанда, тұтастай алғанда 52%-ға, оның ішінде қара металды игеру өндірісі 3,1 есеге төмендеді. Әскери өндіріс саласы да айтарлықтай құлдырады.

Известия АН КазССР. Серия обществ. наук. А-А., 1965, №3.

Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Республика экономикасын соғыс жағдайына көшіру қалай іске асты?
2. Кеңес басшылары басқыншыларға соққы беру үшін қандай іс-шаралар жасады?
3. Каспий алабына соғыс жағдайы қашан енгізілді?
4. Эвакуация деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?
5. 1941–1942 жылдары Қазақстанға көшірілген зауыт пен фабрикалар саны қанша?
6. Қазақстандағы өнеркәсіп еңбекшілері тылда қандай ерлік көрсетті?
7. Қазақстандағы ауыл еңбекшілерінің жеңіске қосқан үлесі қандай?
8. Қазақстандық тыл қаһармандарының еңбек жолы туралы хабарлама жазындар.



Арсенал – қару-жарақ пен әскери өнімдерді дайындап шығаратын өндіріс орындары.

Патриотизм – Отанға деген терең махаббат сезімі, оған қызмет етуге, нығайтуға және оны қорғауға дайын болу.

Резэвакуация – жау жаулап алған аймақтардан эвакуацияланған мал-мүліктердің сол жерлерге қайтарылуы.

Эвакуация (лат. *evacuatio, evacuare* – тысқары жіберу) – қандай да бір қауіп төнген орындардан, шаруашылық аудандарынан адамдарды, кәсіпорындар мен мекемелерді, әскерді, әскери дүние-мүлікті алып кету.

Экономиканы милитаризациялау (лат. *militaris* – әскери) – ұлттық шаруашылықтың жалпы жүйесінде әскери сектордың басым болуы.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚазКСР МӘДЕНИЕТІ

§ 59. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан ғылымы, әдебиеті мен өнерінің дамуы

Бүгін сабақта:

- ғылымның, мәдениет пен өнердің дамуы туралы материалдарды зерделеп, көшіп келген ғылым мен өнер қайраткерлерінің өмірі, тұрмыс-тіршілігімен танысамыз;
- соғыс жылдарындағы әдебиет пен өнер адамдарының еңбектері, шығармашылығы және Қазақстандағы кино саласының қалыптасуы жайлы білеміз.

Халық ағарту ісі. Соғыс жылдарында республикадағы мектептердің желісі ұлғайды, бірақ мұғалімдердің және оқушылардың саны азайды. Сондай-ақ арнаулы орта оқу орындарының саны да кеміді.

Соғыс басталысымен мектеп ғимараттарының құрылысы тоқтатылды, ғимараттардың көп бөлігі ауруханалар мен әскери мекемелерге берілді. Көптеген мектептерде бірнеше ауысымды (үш немесе төрт ауысым) сабақтарға көшуге тура келді. Барлық оқу орындарының оқу жоспарлары мен бағдарламалары аздаған өзгеріске ұшырады. Мектептердің 5–7-сыныптарына ауылшаруашылығы және ең қарапайым ауылшаруашылық машиналарын, 8–10-сыныптарға тракторларды, комбайндар мен автомобильдерді оқытып -үйрету енгізілді. 1941–1942 оқу жылында барлық мектепте, еңбек резервтері оқу орындары мен техникумдарда 1939 жылы жалпыға бірдей әскери міндеттілік туралы заңда жарияланған әскери істің негіздерін оқып -үйрену қалыптасты. Ұлттық құрамды ескеру арқылы орыс, орыс-қазақ, қазақ-украин, украин мектептері, мектептер мен балалар үйлерінде украин және поляк балаларына арналған сыныптар, майдангерлердің балаларына арналған интернаттар ашылды.

Көпшілік кітапханалар, оқу үйлері, клубтар мен мәдениет сарайлары ізгілік, қайырымдылық туралы насихат таратты. Дегенмен соғыс кезінде кітапханалардың желісі 2 есе, ал клуб мекемелерінің саны шамамен 4 есе азайды.

Тірек сөздер:

- халық ағарту ісі
- госпиталь
- мемлекеттік сыйлық
- киностудия
- трилогия

Ойлан! Соғыс жылдарындағы Қазақстанның мәдени жетістіктері қандай болды? Қазақстандық мәдениет және өнер қайраткерлері жауды жеңуде қандай үлес қосты?

ЖОО мен ғылыми мекемелердің Қазақстанға эвакуациялануы. Техникумдар мен жоғары оқу орындарының студенттері бар ықыластарымен қорғаныс кәсіпорындарына соғыстың керек-жарактарын жасауға, кейбір техникалық және технологиялық мәселелерді шешуге көмектесті. Білікті мамандар даярлауда эвакуацияланған жоғары және орта оқу орындары үлкен жұмыс жүргізді.

Республика астанасына 20-дан аса ғылыми-зерттеу институттары орналасты. Соның ішінде КСРО ҒА философия, география, физиология институттары, УКСР ҒА физика-механика институты, КСРО архитектура (сәулет) академиясы бар. Ғалымдардың басым көпшілігі эвакуацияланған ЖОО-ларда еңбек етті. КСРО ҒА Қазақ филиалында астрономиялық обсерватория, тіл, әдебиет және өнер, химия-металлургия, топырақ зерттеу мен ботаника, зоология және өлкелік патология институттары ұйымдастырылды.

Қазақстанға келген тарихшылардан А.М.Панкратовадан басқа КСРО тарихының бес маманы және жалпы тарихтың бес маманы болды. Олар қалалық партия комитетінің штаттан тыс лекторлары болып тағайындалды. Сонымен бірге олар соғыс жағдайларында тарихты оқыту туралы қазақ мұғалімдеріне арналған әдістемелік оқу құралын дайындады. Кітаптың бірінші бөлімі КСРО тарихына арналса, екінші бөлімі Ұлы Отан соғысымен аяқталып, жаңа тарихтың аса маңызды оқиғаларына түсініктеме берді.

Есте сақта! Филиал – ірі кәсіпорындардың немесе мекемелердің бөлімшелері.

Қ.Сәтбаев бастаған Қазақстан ғалымдары қорғаныс қажеттіліктеріне кара, түсті және сирек металдарды, жанармай пайдалы қазбаларын, су және гидроэнергетикалық ресурстарын майдан қажетіне жұмылдыру бойынша орасан үлкен жұмыс жүргізді. Ғалымның Жезқазған мыс кеніштері жөніндегі көпжылдық еңбегіне 1942 жылы Мемлекеттік сыйлық берілді.

Қазақтан шыққан тұңғыш академик Қ.Сәтбаевтың жетекшілігімен геолог-ғалымдар Р.А.Борукаев, Н.Г.Кассин, М.П.Русанов және олардың ізбасарлары мен шәкірттері ерекше құнды нәтижелерге жетті. Соғыстың соңғы кезеңінде олар вольфрам, марганец, молибден, мыс, мұнай, көмір және т.б. пайдалы қазбалардың жаңа кен орындарын ашты.

Анықта! Қ.Сәтбаевтың Қазақстан дамуына қосқан үлесі қандай?

Әдебиет. М.Әуезов, Ж.Жабаев, Д.Снегин, И.Шухов және т.б. Қазақстандық 90-ға жуық жазушы майданға барды. Олардың 25-і Отан үшін қаза тапты. Ұлы Отан соғысы кезінде қазақстандық жазушылардың көптеген шығармалары майдан, әскер және республикалық газеттерге жарияланды.

Жазушылар Одағы құрамындағы 90-нан аса эвакуацияланған жазушылар негізінде украин және еврей әдебиетшілерінің секциясы құрылды. Жазушылар одағының қатарына эвакуацияланған жазушылар (А.Толстой, С.Михалков, С.Маршак, К.Паустовский т.б.) қосылды. Соғыс жылдарында партизан Ж.Саинның өлендері, Қ.Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы жарыққа шықты. М.Әуезовтің көп томды «Абай» эпопеясының бірінші кітабы, С.Мұқановтың «Өмір мектебі» өмірбаяндық повесі, Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы, Ғ.Мұстафиннің «Шығанақ», Ә.Әбішевтің «Жас түлектер» туындылары бүкілодақтық оқырманға қазақ прозасының идеялық және көркемдік кемелдігін танытты.

Есте сақта! Мемуар – өткен оқиғалар естелік түрінде жазылған әдеби шығарма.

Ж.Жабаевтың «Ленинградтық өренім» жыры соғыс жылдарындағы Ленинградты қорғаушыларға арналды. Бұл жыр М.Тарловскийдің аудармасымен орыс тілінде радиодан жиі беріліп, плакаттарға басылып, халықтың рухын көтерді. Нұрпейіс, Нартай, Шашубай, Кенен, Естай, Орынбай ақындар халық алдына шығып, жалынды сөз сөйлеп, жырларын сыйлады. Олардың өлендері халықты жеңіске үндеді, майданға кеткен жауынгерлерге жігер берді, газет беттерінде кеңінен жарияланды. 1942–1943 жылдары Қарағанды, Алматы қалаларында өткен ақындар айтысының жаңа өмірі басталды. Ақындар шығармашылығымен қатар майдангер-ақындар шығармашылығы халық поэзиясының тарих беттеріне жазылды.

А.Толстой Қазақстанда «Иван Грозный» трилогиясын жаза бастады. С.Я.Маршак, С.В.Михалков «Окна ТАСС» үгіт плакаттарын жасауға белсенділікпен қатысты. Қазақ әдебиеті С.Мәуленов, Ж.Молдағалиев, Б.Момышұлы, М.Ғабдуллин сынды жаңа есімдермен толықты. Майдангер-офицер Б.Бұлқышевтың публицистикалық мақалалары елге белгілі бола бастады.

Жатжерлік басқыншыларға қарсы күресте өнер мен әдебиет аса қуатты рухани қаруға айналды. Осы туындыларда еліміздің барлық халықтарының ақыл-ойы мен ар-ұжданын паш ететін өзара

ықпалдастық пен ынтымақтастық дәріптелді. Әдебиеттанушы, академик А.С.Орлов қазақтың батырлық эпостарын зерттеп, кітап жазды. Ол 1945 жылы басылып шықты. Фольклорлық-түркологиялық тақырып – «Алпамыс», «Орақ және Мамай» сияқты эпостық жырларды профессор В.М.Жирмунский өзінің зерттеу нысаны ретінде алды.

Офицер майдангер Д.Снегиннің «Шығыс желі» атты өлеңдер жинағы мен «Іргеде» (1949) деген деректі материалдар негізінде жазылған повесі жарық көрді. 1970–1980 жылдары Д.Снегин 50-жылдары бастаған тарихи-революциялық тақырыпта жазған романдарын жалғастырды. Олар: «Біз Жетісуданбыз», «Біздің жүрегіміз арқылы», «Әлемнің шегінде» және «Айырылусыз кездесулер» (1986 ж.) атты әдеби естелігі. Естелікте ол И.Эренбург, А.Твардовский, Вс.Иванов пен болған кездесулері жайлы сыр шертеді.

Ойлан! Соғыс кезінде әдебиетшілер мен өнер адамдары қандай міндеттер атқарды? Көркем фильмдердің бірлескен орталық киностудиясы құрылуының маңызы қандай?

Өнер, театр, кино. Соғыс жылдары Қазақстанға Мәскеуден, Ленинградтан, Киевтен, Харьковтан және басқа қалалардан көркемөнер ұжымдары көшірілді. Аса көрнекті сахна шеберлері В.П.Марецкая, К.А.Мордвинов, Г.С.Уланова, Ю.Э.Завадский, композиторлар С.С.Прокофьев, С.Туликов, суретшілер Кукрыниктер және басқалар дарынды қазақ жастарын оқытуға атсалысты.

Есте сақта! Кинематография – көркем фильмдерді түсіріп, көрермендерге көрсетуді жолға қоятын мәдениет саласы.

1941 жылы 15 қарашада эвакуацияланған Мәскеудің Ленин орденді «Мосфильм» киностудиясының, Ленинградтың Ленин орденді «Ленфильм» киностудиясының және Алматы кинохроника студиясының негізінде Бірлескен Орталық көркем фильмдер киностудиясы (БОКС) құрылды. Соғыс жылдары Қазақстанда 500-ге тарта кино қызметкерлері мен әртістер еңбектенді. Киностудияда кеңес киносының С.Эйзенштейн, Л.Трауберг, С.Юткевич сияқты аса көрнекті майталман шеберлері жұмыс істеді.

Кеңес халқының фашизмге қарсы қаһармандық күресі көркем фильмдердің бас тақырыбына айналды. «Екі жауынгер», «Партизандар», «Аудком хатшысы», «Украина даласында», «Ленинградтықтар», «Георгий Саакадзе» фильмдерінде киноөнер қайраткерлері



Қазақстандық әншілер жауынгерлер арасында. 1942 ж.

кеңес халқының жатжерлік басқыншылармен күрестегі ержүректілігі мен табандылығын көрсетті.

Бұл қызық! Орталық Біріккен киностудияда (ОБКС) актер шеберлігі бойынша сабақтар жүргізілді. Төрт жылдық қазақ киноактерлер мектебі ұйымдастырылды. Сол кезде Қазақ КСР-інің астанасында жұмыс істеген Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография институты ұлттық мамандарды даярлады. «Кеңестік қазақ өнерінің көптеген майталман шеберлері – Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев, Елубай Өмірзақов, Шәкен Айманов ерекше тұлғалар еді, – деп есіне алады кейіннен еңбек сіңірген өнер қайраткері Г.Рошаль. – Олар Эйзенштейнді өзгеше жарқын дарын иелері және оған жақын шығыс мектебінің суреткерлері ретінде қызықтырды». Орталық киностудиялар шеберлерімен бірге М.Әуезовтің, Ғ.Мүсіреповтің, Ә.Тәжібаевтің қатысуымен «8-гвардиялық», «Абай әндері», «Жауынгер ұлы», «Қазақ киноконцерті – майданға», «Майдан, саған» ленталары түсірілді.

1941 жылы қазанда Мемлекеттік академиялық опера және балет театрының жаңа ғимараты ашылды. Оның сахнасында соғыс кезеңіне сарындас классикалық репертуардағы спектакльдер мен шығармалар қойылды.

1942 жылы маусымда «Бакшасарай фонтаны» балеті қойылымында Мария рөлін орындаған Г.С.Уланова Алматыда алғаш рет театр сахнасына шықты. 1944 жылы бірінші рет қазақ тілінде Д.Пуччинидің «Чио-Чио-Сан» классикалық операсы және А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» опералары қойылды.

Анықта! Соғыс кезіндегі театр репертуары мазмұнын анықтаңдар.

Калинин, Солтүстік-Батыс, Сталинград, Оңтүстік-Батыс, Беларусь майдандарының, Ерекше Қыыр Шығыс әскери округі мен Тынық мұхиты флотының әскери бөлімдерінде Қазақстанның өнер ұжымынан тұратын бригадалар үлкен жұмыс жүргізді. Осының барлығы майдан мен тылдың бірлігін нығайтуға септігін тигізіп, Кеңес халқының жеңіске деген сенімін арттыра түсті.

Осылайша Кеңес Одағының Германиямен соғыстағы жеңісі бірнеше себептермен байланысты болды. Ең алдымен, 30-жылдары жасалған күшті индустриалдық дамудың нәтижесі ретіндегі экономикалық факторды айту керек. Соғыс кезіндегі төтенше жағдайда кеңес өнеркәсібі қысқа мерзімде қарудың жаңа түрін шығаруға көшті.

Жеңістің экономикалық факторынан маңыздылығы кем емес фактор – кеңес қоғамының моральдық-саяси бірлігі. Соғыста кеңес жауынгерлерінің жаппай ерлігі де айтарлықтай рөл атқарды. Көпұлтты елдің майдандағы және тылдағы бірлігі, ең алдымен, патриоттық сезімге сүйенді.

Қосымша мәлімет.

1941 жылы соғыс басталған кезде Қ.Сәтбаев КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалы Геологиялық институтының директоры болып тағайындалды. Ал бір жылдан кейін осы болашақ республика ғылым академиясының бөлімше жетекшісі болды. Соғыс жағдайындағы оның бүкіл еңбегі жауды жеңу үшін, барлық мүмкіндікті пайдалануға бағытталды. Осы жылдар ішінде ол Қазақстанның Магниткасын, Балқаш және Атасу тау-кен комбинатын жобалау мен құрылысын салуға ерекше назар аударды. Қысқа мерзімде Жезді марганец кенін барлап, іске қосты.

1947 жылы Англияға сапар жасаған кеңес парламентарийінің ішіндегі қазақ ғалымына Ұлыбританияның экс премьер-министрі У.Черчилль қалжыңдап «Барлық қазақтар сіз сияқты сұңғақ, батыр тұлғалы ма?» деп сұрапты. Сонда академик Қ.Сәтбаев «О, жоқ, Черчилль мырза, қазақтардың ішіндегі ең аласасы мен, менің халқым менен де биік» деп жауап беріпті. Осы бірауыз сөзден ғалымның дене бітімі ғана емес, жан-дүниесінің, халқын сүйген жүрегінің де ірі екенін байқауға болады.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Соғыс жылдары халық ағарту ісінде қандай өзгерістер болды?
2. Соғыс жағдайында тарихты оқытудың ерекшелігі неде?
3. Қ.Сәтбаевқа қашан және не үшін Мемлекеттік сыйлық берілді?
4. Соғыс жылдарында жазылған көркем шығармалардың ерекшелігі неде?
5. Соғыс туралы жазған атакты қазақ жазушылары мен акындарын атаңдар.
6. Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстанда қандай көркем фильмдер түсірілді?
7. Қазақстандықтардың бойында патриотизмнің қалыптасуына шығармашылық ұжымдардың рөлі қандай болды? Таныстырылым дайындаңдар.

ҚАЗАҚСТАНҒА КСРО ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДЕПОРТАЦИЯСЫ

§ 60. Қазақстан – халықтарды жер аударатын өлке

Бүгін сабақта:

- КСРО-ның кейбір халықтарын туған жерлерінен Қазақстанға күштеп көшіру тарихымен;
- депортациялаудың кезеңдері және көшірілген халықтардың тұрмыс-тіршілігімен танысамыз.

1937–1938 жылдары Қиыр Шығыстан кәрістерді, 1940 жылы поляктар мен Балтық бойы елдерінің халықтарын депортациялау. КСРО-да мемлекет депортацияны кеңінен қолданып, тұтас халықтарды туған жерлерінен күштеп көшірді. Соғыс қарсаңында Кеңес үкіметіне сенімсіз деп танылған халықтарды аумақтық және автономиялық тұтастықтарынан айырып, шегараға жақын аймақтардан алыс түкпірдегі аудандарға көшіруге ұмтылды. Оларға «сенімсіздер», «халықаралық империализмге», «жапон милитаризміне» немесе «гитлерлік фашизмге» жақтастар деген жала жабылды.

Жаппай депортациялаудың тағы бір себебі репрессияға ұшыраған еріксіз адамдардың еңбегін жаңа аймақтарды игеру үшін пайдалану болатын. 1930–1932 жылдардағы ашаршылықтан демографиялық жағдайы нашарлап кеткен Қазақстанда адам ресурсының жеткіліксіздігіне, әрі КСРО-ның батыс пен шығыс шегараларынан шалғайлығына байланысты депортацияланғандарды орналастыруға қолайлы өлке деп таңдалды.

Депортацияланған халық орталықтан алыс Сібір, Қазақстан, Орта Азия жерлеріне ығыстырылды. Олардың құқықтары аяқасты болып, тән азабын ғана емес, жан азабын да бірге шекті. Осындай тарихи қиын сын сағатта тек қазақ халқының моральдық және материалдық көмегі жер аударылған халық өкілдерінің бой көтеріп, аман қалуына көмектесті.

Тірек сөздер:

- депортация
- террор
- ГУЛАГ
- құқық
- репрессия



Халықтар депортациясы. Туған жерінен күштеп куу

Күштеп қоныс аударуды үш кезеңге бөлуге болады:

- бірінші кезең – 1941 жылғы соғысқа дейінгі;
- екінші кезең – 1941 жылы соғыс басында ;
- үшінші кезең – 1943–1944 соғыс жылдары .

Ойлан! КСРО-да тұтастай халықтарды қандай мақсатпен депортациялады? КСРО азаматтарының қандай құқықтары бұзылды?

Халықтарды туған жерінен күштеп көшіру 30-жылдардың екінші жартысында этностық белгісі бойынша жүзеге асырыла бастады. КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитеті, Сталин және Молотов қол қойған «Корей халқын Қыыр Шығыс өлкесінің шегаралық аудандарынан көшіру туралы» қаулысы негізінде 172 мың кәріс Қыыр Шығыс аудандарынан қоныс аударды. Оңтүстік Қазақстан облысына, Арал теңізі мен Балқаш ауданына және Өзбек КСР-іне қоныстандыруға бұйрық берілді. Қазақстанның 8 облысына – Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Ақтөбе, Қостанай, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарына 95 мың кәріс көшірілді.

Орында! Қазақстанға депортацияланған халықтар туралы таныстырылым жасаңдар.

Депортацияланғандардың естелігі сол кезенді көз алдымызға былай елестетеді: *«Депортацияланғандардың барлығын тек тауар таситын вагон эшелондарына отырғызды. Бір эшелон орта есеппен*

адамдар мен заттар артылған 50–60 вагоннан тұрды. Тек жолсерік болып отырған ІХК мен милиция қызметкерлері ғана жолаушылар вагондарына жайғасты. Тауар таситын вагондарда бірде-бір терезе жоқ, тек бір ғана есік бар. Есік жабылғанда, қара түнек қараңғы орнайды. Сырттан көргендер бұл вагондарда не әкеле жатқанын білмейді: адам ба, мал ма? Сондықтан бұл вагондарды «қара жәшік» деп атап кеткен ».

Кәрістерді қоныс аударғанға дейін 1936 жылғы 28 сәуірдегі КСРО ХКК-нің қаулысы бойынша Украина КСР-і аумағынан Солтүстік Қазақстанға 35 мыңнан астам поляк қоныс аударды. Ал КСРО құрамына Батыс Украина, Батыс Белоруссия мен Прибалтика қосылғаннан кейін, 1940 жылғы 10 сәуірдегі қаулысы бойынша КСРО-ның шығыс аудандарына украиндар, белорустар, Балтық бойы халықтары (литвалықтар, финдер және т.б.) жер аударылды. Бұл аудандардан көшірілгендердің ең үлкен тобын поляктар құрады.

Соғысқа дейінгі кезеңде КСРО-дағы тұтқындар саны 2,3 млн-ға жуық болды. Соғыс басталысымен олардың 1 млн-нан астамы мерзімінен бұрын босатылып, майданға алынды. Сонымен қатар оларды қорғаныс нысандарын салуға да пайдаланды.

Екінші кезең – 1941 жылы немістерді депортациялау . Ұлы Отан соғысы басталысымен КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1941 жылғы 28 тамыздағы «Еділ бойында тұратын немістерді көшіру» туралы бұйрығы бойынша неміс халқын депортациялау басталды. Автономиялы неміс облысы жойылып , оның аумағына ІХК әскері енгізілді. Кеңестік немістерге қоныс аударуға жиналуға 24 сағат қана беріліп, аз-маз заттарымен белгіленген жерге келу талап етілді. Немістер Сібірдің шеткері аудандарына, Қазақстан мен Орта Азияға жіберілді. Қазақстанға 361 мың неміс көшірілді.

1941 жылдың қыркүйегінде немістерді майданнан тылға кері қайтару туралы бұйрық шықты. 1942 жылдың басынан олар еңбек әскері аталып, зауыттар салды, кеніштерде, орман ағаштарын дайындау салаларында еңбек етті. Аман қалған немістерге жер аударылған жерлеріне, Орал, Сібір, Қазақстанға оралуға рұқсат етілді. 1956 жылға дейін немістердің көпшілігі арнайы қоныстарда тұрып, ай сайын комендатураға келіп, белгіленіп тұруға тиіс болды.

Үшінші кезең – 1943–1944 жылдары қарашайлар, ингуштер, шешендер, қырым татарлары және т.б. күштеп қоныс аудару. Бұл кезеңнің ерекшелігі тұтас халықтарды аз уақыт ішінде жаппай депортациялау болды. Репрессиялау механизмін жекелеген

халықтармен «сынақтан» өткізген Кеңес мемлекеті енді «тірі қалу тәжірибесін» ондаған халықтарға қолдана бастады.

Қазақстанға 1943–1944 жылдары Солтүстік Кавказдан шешендер мен ингуштер, қырым татарлары, месхеттік түріктермен бірге гректер, балқарлар, курдтар т.б. депортацияланды. Бұл халықтар фашистік басқыншылармен жақындасты деген желеумен негізсіз қуғын-сүргінге ұшырады. 1944 жылдың 31 қаңтарында Кеңес басшылығы Шешен-Ингуш АКСР-ін тарату және халқын «фашистік басқыншыларға көмегі үшін» Орта Азия мен Қазақстанға депортациялау туралы шешім қабылдады.

Ойлан! Неліктен Қазақстан халықтарды депортациялау өлкесі ретінде таңдап алынды?

Депортацияланған адамдардың көпшілігі, әсіресе балалар, қарттар мен әйелдер азапты жолдың ауыртпашылығынан, аштық пен аурудан қаза болды. Тірі қалғандары еңбек армиясына жіберілді. Қоныс аударған жерінен кетуге қатаң тыйым салынып, ережені бұзғандар 20 жылға каторгалық жұмыстарға жегілді. 1936–1945 жылдары Қазақстанға 1 млн 200 мыңнан астам адам депортацияланды. Республиканың әрбір бесінші тұрғыны арнайы қоныстандырылған болды.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстан «ГУЛАГ-тар тобының» бір бөлімі еді. Мұнда бұрынғыдай бірнеше тұтқын лагері : Қарлаг, Степлаг, АЛЖИР т.б. орналасты.

1956–1957 жылдары соғыс кезінде депортацияланған ингуш, шешен, балқар тағы басқа халықтар тарихи Отанына орала бастады. Бірақ кеңес үкіметінің бұл бағыттағы саясаты жартыкеш сипат алып, корей, неміс, қырым татарлары мен месхет түріктерінің мемлекет құру құқығын қайтармады.

Тапсырманы орында! КСРО халқын депортациялаудың әр кезеңіне қосымша әдебиет материалдарын пайдаланып, сипаттама беріңдер.

Депортациялау кезеңінде талай халықтың тағдыры талқыға түсті. Тіршілік ауыртпалығы мен күшті моральдық қысым жағдайында жүрек жылуын сыйлаған жергілікті қазақ халқының тілектестігі мен қолдаусыз өмір сүру қоныс аударушылар үшін қиын еді. Кеңпейілді халқымыз баспанасынан орын, тамақ, киім беріп, тағдыр тәлкегіне ұшырағандарға қиындықта қол ұшын берді.

Қосымша мәлімет.

И.Гадиевтің шешендер мен ингуштарды жер аудару туралы естеліктерінен.

Біз Итум-Калин ауданының Тазбиги селосында тұрдық. Сегіз ағайынды болатынбыз, үлкені мен едім.

1944 жылғы 21 және 22 ақпанда селоны қарулы солдаттар қоршап алды: ешкімді шығармады, ешкімді кіргізбеді. Тіпті село шетіндегі өзеннен су алуға барушыларға да солдаттар еріп барды.

23 ақпан күні таңертең үйге солдаттар келді де, біздің бір жаққа жөнелтілетінімізді хабарлады.

Біз шанаға өгіздерді жегіп, пішен салдық, балаларды мінгізіп, бір пұт жүгері ұны мен талқан алдық. Селоның басқа тұрғындарымен бірге аудан орталығына әкелді. Бізді ауданның барлық тұрғындары жиналып болғанша тағы бір тәулік ұстады.

Екінші күні таңертең брезент жабылған жүк машиналары келді. Бізді соларға сықап тиіп алды да, Грозныйға жеткізді. Одан әрі Алды стансысында, көп күзет қойып, эшелондарға тиеді. Біздің вагонда он шақты отбасы болды. Балалар төменде, ал үлкендер құс сияқты жоғарғы ағаш сөрелерде отырды. Вагонға сабан, пішен, жүгері жапырақтары төселген, ол бізге төсек болды. Вагонның іші өңменіңнен өтетін суық, азынап тұрды...

Біз өзімізді дүниенің қиыр шетіне апара жатқан шығар деп ойладық, бақсақ, Ақтөбе облысына әкеліпті. Жұрын стансысында бізді Көкбұлақ селосының қазақтары күтіп алып, шанаға мінгізіп әкетті. Бізбен бірге тағы да он отбасы болды. Селоға дейін төрт күн жүрдік, келген соң бізді мектепке орналастырды. Сабан үстінде ұйықтап жүрдік.

Алтыншы тәулікте бізге азық-түлік: жан басына 200 грамнан ұн және 100 грамнан тары берді. Мен ата-анаммен бірге малшы болып жұмысқа тұрдым. Еңбеккүнге егін шықса астық беруге уәде етті. Елден алып шыққан бір пұт ұн мен талқан жол бойында-ақ бітіп қалған еді. Егер бізге жергілікті қазақтар азық-түлік беріп көмектеспегенде, сірә, біз жарты жыл да өмір сүре алмас едік.

Күн жылынғаннан кейін кішкене балалар үй-үйді аралап қайыр сұрап жүрді, кейбірі шөптерді теріп жеді, ащы, кермек су ішті. Бұдан ауру пайда болып, беті, көзі домбығып, іші кеуіп кететін. Ауру мен аштық әлсіреткен ата-анам қайтыс болды. Осыдан кейін үйдің үлкені мен болғандықтан, бұрынғыдан да бетер қиындықтарға душар болдым. Қарындасым Кока, інілерім Кюра мен Леча ауырды. Олардың үшеуін де екі күн ішінде ажал алып тынды. Осыдан кейін бір аптаға жетпей тағы да екі қарындасым Баянат пен Чегат қайтыс болды. Сөйтіп, бір ай ішінде біздің отбасымыздан 7 адам аштықтан көз жұмды. Басқа отбасыларында да жағдай осындай еді. Біздің қайтыс болғандарды дұрыстап жерлеуге шамамыз да болмады.

Марқұмдарға өлгенде киіп жатқан киімдері кебін болды. Қабір орнына тайыз шұңқыр қазып, мәйітті топырақпен өйтіп-бүйтіп көме салатынбыз.

Тірі қалған қарындасым мен інімді ажалдан алып қалу үшін мен не істемедім десеңізші?! Егер бізге колхоз төрағасы Жүкиев Өтеби мен оның әйелі Бәтима көмек көрсетпесе, сірә, біз де тірі қалмас едік. Олармен біз соңғы жылдарға дейін байланысымызды үзген жоқпыз.

Ақ кітап. Шешендер мен ингуштарды жер аудару тарихынан (1944–1957 жж.) Естеліктер, архив материалдары, фотоқұжаттар. Грозный – Алматы, 1991.

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. КСРО халықтарын Қазақстанға депортациялау қалай жүзеге асырылды?
2. Неліктен депортациялаудың бірнеше кезеңдері болды?
3. Неліктен депортация кезеңінде тұтас халықтың тағдыры талқыға түсті?
4. Неліктен 1950 жылдары депортацияға ұшыраған халықтарға отандарына қайтуға рұқсат берілді?



Депортация – еркінен тыс мемлекеттен қуу, көшіру, жер аудару.

Миграция – бір жерден екінші жерге көшу, қоныс аудару.

Диверсия – қасақана (басқа құралдар көмегімен де болуы мүмкін), белсенді, жасырын қастандық.

Геноцид – халықтың жекелеген топтарын нәсілдік, ұлттық және діни белгілеріне қарай жою.

Маңызды оқиғалардың хронологиялық көрсеткіші

1904–1909 жж. – Қазақстан аумағында Торғай–Орал, Ақмола, Семей, Сырдария және Жетісу қоныс аудару аудандарының құрылуы.

1905–1906 жж. – Бірінші орыс революциясы.

1905 ж., 17 қазан – Ресей империясындағы азаматтық бостандықтар жайлы Манифест.

1906 ж., сәуір–маусым – I мемлекеттік Дума.

1907 ж., ақпан–маусым – II мемлекеттік Дума.

1907–1912 жж. – III мемлекеттік Дума.

1909 ж. – «Ақмола, Семей, Торғай және Орал облыстарындағы қоныстандыруға, сондай-ақ басқа да мемлекеттік қажеттерге керек Мемлекеттік жер қорын анықтау тәртібі туралы нұсқау».

1911–1915 жж. – «Айқап» журналы жарыққа шықты.

1912–1917 жж. – IV мемлекеттік Дума.

1913–1918 жж. – «Қазақ» газеті жарық көрді.

1914–1918 жж. – Бірінші дүниежүзілік соғыс өтті.

1916 ж., 25 маусым – бұратаналарды тыл жұмыстарына алу туралы патша жарлығы шықты.

1916 ж. — Қазақстан және Орта Азиядағы ұлт-азаттық қозғалыс.

1917 ж. — Бүкілресейлік мұсылмандар съезі.

1917 ж. ақпан – Ақпан төңкерісі, патша тақтан құлатылып, Уақытша үкімет құрылды.

1917 ж., наурыз–сәуір – Жұмысшы және солдат депутаттарының кеңестері құрылды.

1917 ж., наурыз–қазан – Қос үкімет кезені (Уақытша үкімет және Кеңестер)

1917 ж., шілде – Орынборда I Бүкілқазақ құрылтай съезі өтті, Алаш партиясы құрылды, бағдарламасы жарияланды.

1917 ж., 25 қазан – Петроградта Ресейдің уақытша үкіметі құлады. Өкімет басына большевиктер келді.

1917 ж., қазанның соңы – 1918 ж., наурыз – Қазақстанда Кеңес үкіметі орнады.

1917 ж., 25 қазан — Ресейдегі Қазан төңкерісі.

1917 ж., қараша — Қокан автономиясының құрылуы (М. Тынышбаев, М. Шоқай).

1917 ж., 27 қараша – IV Бүкілтүркістандық төтенше съезі өтті. Түркістан (Қокан) автономиясы жарияланды.

1917 ж., қараша-желтоқсан — Орынбордағы, Жетісудағы контрреволюциялық төңкерістер.

1917 ж., 5–13 желтоқсан – Орынборда Алаш автономиясы мен Алашорданың Уақытша халық кеңесін (үкіметін) жария еткен ІІ Бүкіл-қазақ Құрылтайы өтті.

1918 ж., қаңтар – М.Айтпенев пен К.Тоғысовтың басшылығымен «Үш жүз» партиясы жарияланды.

1918 ж., 3 наурыз – Верный (Алматы) қаласында Кеңес үкіметі орнады.

1918 ж. 20 наурыз – Х.А.Ғаббасов Алашорданың орталық үкіметі атынан Семейден телеграф арқылы ІІ.Сталинмен келіссөз жүргізді.

1918 ж., наурыз-сәуір – Алашорда өкілдері Х.Досмұхамедов пен Ж.Досмұхамедов В.ІІ.Ленинмен Кеңес үкіметі мен Қазақ автономиясының болашағы туралы келіссөз жүргізді.

1918 ж., 20 сәуір–1 мамыр – РКФСР құрамында Сырдария және Жетісу облыстары енген Түркістан Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының құрылғанын жариялаған Түркістан Кеңестерінің төтенше V өлкелік съезі өтті.

1918 ж., мамыр – Чехословак корпусы бүлік жасады, Азамат соғысы басталды.

1918 ж., 14 мамыр – РСФСР Совнаркомының Дала өлкесіндегі төтенше комиссиясы болып Ә.Жангелдин тағайындалды.

1918 ж., тамыз — 1919 ж., шілде — Черкасск қорғанысы.

1918 ж., қыркүйек-қазан – Қызыл әскердің Шығыс майдандағы қарсы шабуылы.

1918—1920 жж. — Шетелдік интервенция және Азамат соғысы.

1919 ж. — Оралда, Петропавлда, Ақтөбеде, Ақмолада, Орынборда Кеңес өкіметінің қайта орнатылуы.

1919 ж. 11 қаңтар – азық-түлік салғырты енгізілді.

1919 ж., наурыз – Адмирал Колчак өкімет басына келді.

1919 ж., 10 шілде – РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің (РКФСР ХКК) «Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі революциялық Комитет туралы» Жарғы шықты.

1919 ж., қазан-қараша – Колчак пен Деникиннің әскері талқандалды, Орал майданы жойылды.

1919–1920 жж. – Орынбор, Орда, Семей қалаларында халыққа білім беру институттары ашылды.

1920 ж., ақпан — Колчак әскерінің талқандалуы.

1920 ж., сәуір – Алаш қозғалысы мен Алашордаға қатысушыларға кешірім берілді.

1920 ж., 26 тамыз – БОАК және РКФСР ХКК-нің «Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» Жарғысы (Қазақ АКСР-і) жарияланды .

1920 ж., 4–12 қазан – Қазақ АКСР-і Кеңестерінің Құрылтай жиналысы өтті .

1920—1924 жж. — Республика астанасы — Орынбор.

1921 ж. — Жер-су реформасы. “Қосшы одағының” құрылуы.

1921 ж., ақпан – Жетісу және Сырдария облыстарында жер-су реформалары басталды.

1921 ж., 14 наурыз – Верный қаласына Алматы атауы қайтарылды.

1921 ж., 21 наурыз – БОАК-тың азық-түлік салғыртын азық-түлік салығымен ауыстыру туралы қаулысы шықты . Жаңа экономикалық саясатқа көшті.

1921 ж., 19 сәуір – Қазақ АКСР ОАК-нің Орал (Жайық өзенінің сол жағалауы) және Сібір (Ертіс өзені бойындағы он екі шақырымдық алқап) казак әскерінің меншігіне қаратқан жерлерді қайтару туралы Жарғы шықты .

1921 ж. – Қазақстанда тұңғыш жұмысшы факультеті ашылды (Орынбор).

1921–1922 жж. – Қазақстанның солтүстік және солтүстік-батыс облыстарында жаппай ашаршылық басталды .

1922 ж., 30 желтоқсан – КСРО құрылды.

1923 ж. – шала сауаттыларға арналған мектептер ашылды .

1924 ж. ақпан – «Сауатсыздық жойылсын!» қоғамының қазақстандық бөлімі ашылды.

1924 ж. – Орта Азия республикалары мен Қазақстанда ұлттық-аумақтық межелеу жүргізілді.

1924 ж. – Қазақ АКСР астанасын Орынбордан Қызылордаға көшіру туралы шешім қабылданды.

1925 ж. — Республика астанасының Қызылордаға көшірілуі.

1925 ж. 15–19 сәуір – Қазақстан Кеңестерінің V Құрылтайы өтіп, қазақ халқының тарихи атауы қалпына келтірілді.

1925 ж., желтоқсан – БК(б)П-нің XIV съезі өтіп, Кеңес Одағында индустрияландыру бағыты басталды .

1925 ж. – әнші Ә.Қашаубаев Парижде өткен Дүниежүзілік көрмедегі этнографиялық концертте ән шырқады.

1925 ж. – Ф.Голошекин БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалды.

1926 ж. – Қазақ АКСР-де халық санағы өтті.

1926 ж., 13 қаңтар – Қазақтың алғашқы кәсіби театры ашылды.

1927 ж., сәуір – Түркістан – Сібір магистралі құрылысы басталды.

1928 ж., қыркүйек – Қазақстанның тұңғыш жоғары оқу орны – Қазақ педагогикалық университеті (қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті) ашылды.

1928–1932 жж. – Халықшаруашылығын дамытудың бірінші бесжылдық жоспары жүзеге асырылды.

1928 ж., 27 тамыз – Қазақ ОАК-нің «Аса ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару туралы» Жарғысы жарияланды .

1928 ж., 20 желтоқсан – ҚазОАК-нің қазақ жазуын араб әрпінен латын әрпіне көшіру туралы қаулысы шықты .

1928 ж., желтоқсан – 1930 ж. сәуір – Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлері (А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Х.Ғаббасов т.б.) тұтқындалды және сотталды.

1929 ж., мамыр – Қазақ АКСР-і астанасы Қызылордадан Алматыға көшірілді.

1930 ж. — Жалпыға бірдей бастауыш білім беруді енгізу.

1930 ж., қаңтар – Қазақ АКСР ХКК-і жанынан көшпелі және жартылай көшпелі тұрғындарды отырықшылыққа көшіру жөнінде Комитет құрылды.

1930 ж., ақпан-наурыз – шаруалар жаппай ұжымдастыруға қарсы шықты .

1930 ж. 1 мамыр – Түрксіб ашылды.

1930 ж., 27 тамыз – Қазақ АКСР ОАК-і мен ХКК-нің жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беру жүйесін енгізу туралы қаулысы қабылданды .

1931–1933 жж. – Қазақстанда жаппай ашаршылық орын алды.

1932 ж. – КСРО ҒА-ның қазақстандық базасы ұйымдастырылды.

1933 ж., ақпан – Қазақ Өлкелік Комитетінің бірінші хатшысы болып Л.Мирзоян тағайындалды.

1934 ж., 19 қаңтар – Қазақ мемлекеттік университеті (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) ашылды.

1936 ж., мамыр – қазақ өнері мен әдебиетінің Мәскеудегі онкүндігі өтті.

1936 ж., 5 желтоқсан – КСРО Конституциясы қабылданды. Қазақ Автономиялық КСР-і одақтас республика болып қайта құрылды.

1937 ж. — Қазақ КСР Конституциясының қабылдануы.

1937 ж. – Корейлер Қыыр Шығыс өлкесінен Қазақстанға жер аударылды.

1937 ж. – Қорытындының күші жойылған Бүкілодақтық халық санағы өтті.

1937–1938 жж. – КСРО-да, оның ішінде Қазақстанда жаппай қуғын-сүргін орын алды.

1939 ж. – тұңғыш қазақстандық «Амангелді» көркем фильмі экранға шықты.

1939 ж. – Бүкілодақтық халық санағы қайта жүргізілді .

1939 ж., тамыз – Кеңес-герман пактісі жасалды.

1939 ж., 1 қыркүйек – Екінші дүниежүзілік соғыс басталды.

1940 ж., 10 қараша – Орыс жазу таңбасы негізіндегі жаңа қазақ әліпбиі енгізілді.

1941 ж., 22 маусым – Кеңес Одағында Ұлы Отан соғысы басталды.

1941 ж., маусым-тамыз – Қазақстан аумағында, кейіннен соғыс майдандарында даңққа бөленген ірі әскери құрамалар жасақталды.

1942 ж., 3 қыркүйек — Орал және Гурьев облыстарында әскери жағдайдың енгізілуі.

1942–1944 жж. – Кавказ, неміс, поляк, т.б. халықтарды депортациялау кезеңі.

1943 ж. – «Қазақ КСР тарихының» бірінші басылымы жарық көрді.

1945 ж., 2 қыркүйек — Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы.

1945 ж., 8 мамыр – Фашистік Германия тізе бүкті .

1945 ж., 9 мамыр – КСРО-ның Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. *Асфендияров С.* Қазақстан тарихы. Алматы, 1993.
2. *Аяган Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А.* Қазіргі Қазақстан тарихы. Жоғары оқу орындарының тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арналған оқулық. Алматы: Раритет, 2010.
3. *Аманжолова Д.А.* Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. М., 1994.
4. *Әбжанов Х.* Қазақстан: Тарих. Тіл. Ұлт. Астана, 2007.
5. Голод в Казахской степи. Сб. документов. Алма-Ата, 1991.
6. Гражданская война в Казахстане: летопись событий (сб. документов). Алма-Ата, 1974.
7. Қазақстан тарихы ежелгі дүниеден бүгінгі күнге дейін: Бес томдық. 3-том. Алматы: Атамұра, 2002.
8. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 4-том. Алматы: Атамұра, 2010.
9. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін: Оқу құралы. Алматы: Дәуір, 1994.
10. Қазақстан тарихы: Лекциялар курсы. Редакциясын басқарған тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.С.Қаражан. Алматы: Заң әдебиеті, 2009.
11. Қазақстан тарихы: Оқулық /Жұмакаева Б.Д. Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2010.
12. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. «Тар жол, тайғақ кешу...» (1917–1937 жж.) Құжатты көрменің проспекті-жоспары. Алматы, 2008 ж.
13. Қазақстан. Фотошежіре. Казахстан. Фотолетопись. Том 1. Алматы: RUAN, 2005.
14. Қазақтар, казахи. Тоғыз томдық анықтама. Алматы, 1998.
15. Казахстан сегодня. Алматы: КІСН при Президенте РК, 2009.
16. *Койгелдиев М.К.* Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920–1940-х годов. Алматы, 2009.
17. *Койгелдиев М.К.* Казахстан в российских революциях 1917 года. Алматы: Алаш, 2011.
18. *Козыбаев М.К.* Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. Алматы, 2000.
19. *Козыбаев М.К., Козыбаев І.М.* Қазақстан тарихы (қазақ мектептерінің 10-класс оқушыларына арналған оқулық). Алматы: «Атамұра-Қазақстан», 1993 ж.
20. *Мұхамедов М.Б., Сырымбетұлы Б.* Қазақстан тарихы. Оқу құралы. Алматы: Қарасай, 2009.
21. *Назарбаев Н.А.* На пороге XXI в. Алматы, 1996.
22. *Назарбаев Н.А.* В потоке истории. Алматы, 1999.
23. Новейшая история Казахстана. Сб. документов и материалов. Т.1 (1917–1939 гг.). Алматы: Санат, 1998.

24. *Нұрпейісов К.* Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек, 1995.
25. *Омарбеков Талас*. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. Алматы: Өнер, 2003.
26. *Тәтімов М.* Қазақ әлемі. Алматы: Атамұра, 1993.
27. *Төлентаева К.* Қазақстан тарихы. Оқу құралы. Алматы: Зият Пресс, 2006.
28. *Төлеубаев Ә.Т., Қойгелдиев М.Қ., Қасымбаев Ж.Қ., Қалиева Е.Т., Далаева Т.Т.* Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған байқау оқулығы. Алматы: Мектеп, 2003.
29. *Махат Д.А.* Қазақ зиялыларының қасіреті. Алматы: Сөздік-Словарь, 2001.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ	
§ 1–2. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер	5
§ 3. XX ғасырдың басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы ...	13
§ 4. Столыпиннің аграрлық реформасы және шаруалардың Қазақстанға жаппай қоныс аударуы	18
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС	
§ 5–6. Қазақ ұлттық зиялылар қауымы және оның XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси үдерістерге әсері	22
§ 7. Ұлттық саяси баспасөздің дамуы («Қазақ» газеті, «Айқап» журналы)	28
§ 8–9. Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс	32
1917 ЖЫЛҒЫ АҚПАН БУРЖУАЗИЯЛЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ӘСЕРІ	
§ 10–11. Қазақстан 1917 жылғы революция кезеңінде	40
«АЛАШ» ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ	
§ 12. «Алаш» партиясының құрылуы	49
XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛДЕРІ	
§ 13–14. Қазақ халқының саяси көшбасшылары (Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Б.Қаратаев, М.Тынышбаев, М.Шоқай)	55
ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТЫҚ ҚАРСЫЛЫҚ ЖЫЛДАРЫНДА (1917–1920 жж.)	
§ 15. Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнығуы	63
§ 16. «Үш жүз» қазақ социалистік партиясы	66
§ 17–18. Азамат соғысы және шетелдік интервенция кезеңіндегі Қазақстандағы әскери қимылдар (1918–1920 жж.)	69
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ АВТОНОМИЯЛАР	
§ 19. Қазақстандағы ұлттық автономиялар қызметі	75
§ 20. Кеңестік билік органдарының Алашорда үкіметімен қарым-қатынасы	79
§ 21. «Әскери коммунизм» саясаты. 1921 жылғы жұт пен ашаршылық	83
ҚЫРҒЫЗ (ҚАЗАҚ) АКСР-НЫҢ ҚҰРЫЛУЫ	
§ 22–23. Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы	88

§ 24. Қазақ АКСР аумағының қалыптасуы. Қазақ жерлерінің біртұтастығын қалпына келтірудегі қазақ зиялы қауымының рөлі	93
--	----

ӘСКЕРИ КОММУНИЗМ САЯСАТЫНАН ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТҚА КӨШУ

§ 25–26. Қазақстандағы Жаңа экономикалық саясат (1921–1925 жж.)	98
§ 27. XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы әміршіл-әкімшіл жүйенің саясаты	104
§ 28. Кеңес мемлекетінің дін жөніндегі саясаты	107

XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ

§ 29–30. Қазақстандағы социалистік индустрияландыру (мәні мен ерекшеліктері)	111
§ 31. Қазақстандағы «Кіші Қазан»	118

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ

§ 32–33. Қазақстанда ауылшаруашылығын күштеп ұжымдастыру саясаты	123
§ 34–35. 1931–1933 жылдардағы ашаршылық. Қазақстандағы ауылшаруашылығын ұжымдастырудың демографиялық салдары	127

XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ САЯСИ РЕПРЕССИЯЛАР

§ 36. 20–30-жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер. Сталиндік репрессия	133
§ 37–38. Қазақстан аумағындағы кеңестік еңбекпен түзеу лагерьлері	137

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТ ҰСТАЗЫ

§ 39–40. А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің дамуына қосқан үлесі	143
---	-----

XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ МЕН ҒЫЛЫМ

§ 41–42. Қазақстандағы халық ағарту ісі	148
---	-----

Қ.СӘТБАЕВ – ЖАН-ЖАҚТЫ ҒАЛЫМ

§ 43–44. Қазақстанда ЖОО-ның ашылуы. КСРО Ғылым Академиясы қазақ филиалының құрылуы және Қ.Сәтбаевтың Қазақстан ғылымын дамытудағы рөлі	156
§ 45–46. Қазақстандық ғалымдар мен олардың ғылыми жетістіктері	162

XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУЫ

§ 47–48. 20–30-жылдардағы қазақ әдебиетінің дамуы	167
---	-----

XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӨНЕРІНІҢ ДАМУЫ

§ 49. XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы кеңестік Қазақстандағы өнер	174
--	-----

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ
ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ҚАТЫСУЫ**

§ 50. Ұлы Отан соғысының басталуы. Қазақстандағы әскери құрамалардың мобилизациясы	178
§ 51. Қазақстандықтардың соғыстың алғашқы кезеңіндегі шайқастарға қатысуы. Ленинградты қорғау	182
§ 52–53. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысындағы ерліктері	187
§ 54. Қазақстандықтар – Кеңес Одағының Батырлары. Б.Момышұлы – аңызға айналған тұлға	193
§ 55. Соғыс жылдарындағы шабуылдаушы әскери қимылдарға және партизандық қозғалыстарға қазақстандықтардың қатысуы	198
§ 56. Ұлы Отан соғысы және Қазақстан: қорытындысы және нәтижелері	204

ҚАЗАҚСТАН – МАЙДАН АРСЕНАЛЫ

§ 57–58. Соғыс жылдарындағы қазақстандықтардың қажырлы еңбегі	210
---	-----

**ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ
ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ**

§ 59. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан ғылымы, әдебиеті мен өнерінің дамуы	217
--	-----

**ҚАЗАҚСТАНҒА КСРО
ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДЕПОРТАЦИЯСЫ**

§ 60. Қазақстан – халықтарды жер аударатын өлке	223
Маңызды оқиғалардың хронологиялық көрсеткіші	229
Пайдаланған әдебиеттер тізімі	234

Учебное издание

**Ускембаев Канат Садвакасович
Сактаганова Зауреш Галымжановна
Зуева Людмила Ивановна
Мухтарулы Габит**

**ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА
(1900–1945 гг.)**

Часть 1

**Учебник для 8–9 классов общеобразовательных школ
(на казахском языке)**

**Редакторы *Е.Жайнақов*
Көркемдеуші редакторы *Ж.Болатаев*
Техникалық редакторы *Л.Садықова*
Компьютерде беттеген *Д.Шарипова***

**Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген**



ИБ № 5933

Басуға 28.06.19 қол қойылды. Пішімі $70 \times 100^{1/16}$. Офсеттік қағаз.
Қарп түрі "SchoolBook Kza". Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 19,35.
Шартты бояулы беттаңбасы 78,05. Есептік баспа табағы 12,98.
Таралымы 70000 дана. Тапсырыс №

"Мектеп" баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй

Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30

Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34

E-mail: mektep@mail.ru

Web-site: www.mektep.kz

